

ДУМАН РАМАЗАН



ПЕШЕНЕ

ДУМАН РАМАЗАН

ПЕШЕНЕ

АЛМАТЫ
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің
Тіл саясаты комитеті «Мәдениет және өнер саласындағы
бәсекелестіктің жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны
сақтау, зерделеу мен насыхаттау және мұрагат ісінің
іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу,
басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы
бойынша жарық көрді*

563264

Рамазан Д.

P19 **Пешене:** пьесалар / Думан Рамазан. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір»,
2020. – 248 б.

ISBN 978-601-217-690-2

Талантты жазушы, дарынды драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Думан Рамазанның жаңа жинағына «Керей – Жәнібек», «Пешене», «Бейуак», «Қанатталды», «Кек» атты драматургиялық төл туындылары мен шетел каламгерлерінен аударған пьесалары топтастырылған.


Автор тарихи һәм қазіргі тақырыптарға қатар қалам тербейді. Қоркем шығармаларда тарихи тұлғалардың ақыл-парасаты, келешекке көз тастар көрегендігі, тереңнен ой-лап, кеңінен байлам жасар кеменгерлігі, ел бастар көсемдігі, сөз бастар шешендігі мен қол бастар батырлықтары айрықша айшықталса, езімізге етene таныс бүтінгі күн қаһармандарының тыныс-тірлігі мен іс-әрекеттері ерекше суреткерлік шабытпен кестеленген. Шығармалардың тілі шүрәйлы, ойы орамды, қоркемдік қуаты жоғары.

Кітап жалпы кепшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5Қаз.)


© ЖШС РПБК «Дәуір», 2020





КЕРЕЙ – ЖӘНІБЕК

Тарихи драма



ҚАТЫСУШЫЛАР:

Керей – қазақ хандығының негізін қалаган ұлы хан

Жәнібек – хан тұқымы, сұлтан

Әбілқайыр – Дешті Қыпшақ ханы

Шаң Будақ ханзада – Әбілқайыр ханның ұлken ұлы, тақ мұрагері

Рабия Сұлтан бегім – Әбілқайыр ханның сүйіктісі, Ақсақ Темірдің ұлы – атақты Ұлықбек һәкімнің қызы

Садыр – Әбілқайыр ханның уәзірі

Қайырқожа Хамит – Әбілқайыр ханның тыңшысы

Асан Қайғы – үйсін руының көсемі, би, жырау, абыз

Қазтуған – қыпшақ руының көсемі, жырау

Қотан тайшы – аргын руының көсемі, жырау

Ақжол – аргын руының биі, Қотан тайшының баласы

Қобыланды – қыпшақ руының батыры, қолбасы

Қаптағай – найман руының батыры

Қарақожа – керей руының батыры

Бөрібай – жалайыр руының батыры

Сақ – жас батыр

Үмітхан – жас келіншек

Халық, салық жинаушы, қарауылдар, т. б.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Кең жазық. Шарбақ шошала. Жас келіншек есік алдында отқа тамызық салып, ас қамымен жур. Кенет сонадайдан адамның қаруытқан сұлбасы көрінеді. Келіншек оны байқап қалып, көзін сол жақ-қа тігіп тұрып қалады. Бір кезде аяғын әзер басып келе жатқан өзінің қалмақтармен соғысқа аттанған қүйеуі екенін танып, қолындағы көсөуді тастай салып, тұра жүгіреді. Жігіттің сақал-шаши өсіп кеткен, үсті-басы алба-жұлба. Жүгіріп келіп, құшақтаса кетеді.

ҮМІТХАН (жүзі бал-бұл жайнап): О.. о-о-о... Сақ... жолыңа қарайлаумен көзім талып, көнілге алаң кірсе де, аман-есен келеріңе сеніп ем!.. Разымын, Тәнірім!

САҚ: Тәнір бізді қолдамады!

ҮМІТХАН: Олай деме, батырым! Аман-есен оралғаның – Жаратқанның жар болғаны емес пе?

САҚ: Бүйткен амандығы құрысын! Азат елдің ұланы бол аттанып ем, бодандыққа бас ұрған құл бол қайта оралдым!

(Осы кезде шошаладан ақ жаулықты ана шығып, бұларға қарай беттейді).

ҮМІТХАН (журегі алып-ұшып): Апа, Сақ келді!

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: Құлымын-ау, аман-есен жеттің бе? Жаратқаннан жалбарынып сұрап алған жалғызын ең, күндіз-түні тілеуінді тілеп ем! Көз жасымды көрген екен ғой, жарылқағыш Жаратушым! Келші, қарғам, құшағыма басайын! Мандайыннан іскейінші, жарығым! (Ұлын құшақтап, маңдайынан іскейді).

САҚ: Жай-күйіңіз қалай, Апа? Жүдегенсіз бе, қалай?

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: Құдайға шүкір, қарғам! Сені ойлап, аздал жүдеп-жадағаным да рас. Бізді қойшы, сендер аман болындаршы! (түріне қарап) Өзің не бол кеткенсін, қарағым-ау?

САҚ: Ой, несін айтасыз, апа! Қалмақтардан жеңіліп, қанды қырғынға ұшырадык!

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: Құдай атқыр қантөгіс қашан тоқтар екен?! Хандарда да қанағат жоқ, шеттерінен тойымсыз-тоғышарлар. Олардың несі кетеді, мінгендері жорға, жегендері марқа, кигендері торқа. Соғыстың аңы зардабын тартып, жарық жалғанның қындығын көрер қарапайым

халық. Не көрсек те, елмен бірге көрерміз, ұлым! Жасыма, еңсенді еш түсірме, балам! Сәтсіздіктің өзі кейде адамға сарқылмас қуат сыйлайды, алға жетелейді, шынықтырып-шындаиды. Жаратқан берерін тауыспасын, бергенін алмасын, жалғыз қайғысынан сактасын! Ой, Үмітхан шырағым, ерін арып-ашып жетті ғой, тездетіп ас қамдап жібер!

ҮМІТХАН: Қазір, апа, қазір!

(*Жас келіншек ас қамына кірісіп кетеді, ақ жаулықты ана шошалага кіріп, тостаганмен айран алып шыгады*).

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: Қарағым, өзегің талған шығар, мә, мынаны ішіп алыш!

САҚ: Ой, апа, айраныңызды әбден сағындық қой!

(*Жас батыр тостаганды қолына алып, бірден аузына апарып, сыйдықтатып жұта бастайды*).

САҚ: Ту-у, шіркін, апамның айранына ештеңе жетпейді-ау, осы! Дәмі аузыннан кетпейді ғой!

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: Іш, жаным, іше ғой! Қазір, тағы бір тостаған қүйіп әкелейін... қазір... қазір... жаным!..

САҚ: Апа, қатты ашығып келіп ем, ас өзегіме түсіп кетіп жүрер. Азырақ демімді басып алайын!

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: Ой, айналайын, оның да жөн! Арып-ашып жеттің ғой, демала ғой, құлыншағым!

(*Ақжасаулықты ана шошалага қайтадан кіріп кетеді, енесінен имемін сәл шегін-шектеп кеткен келіншек сол сәтті күтіп тұргандай күйеуінің қасына қайтадан жетеп келеді*).

ҮМІТХАН: Саған айтар сүйіншіті жаңалығым бар!

САҚ: Иә, не ол? (*тагатсызданып*) Айтшы, Үмітжан, айтшы!

ҮМІТХАН (*еркелеп*): Алдымен сүйіншінді ата!

САҚ: Сенен немді аямын, сәүлем! Қалағаныңды ал!

(*Келіншек сұқ саусағымен ішиң көрсетеді. Жас батыр оның ымын бірден түсініп, дұлыгасын аспанга атып жібереді*).

ҮМІТХАН: Тәндір жазса, сәбилі боламыз!

САҚ (*куанып*): О, Жасаған, жазықсыз жазғырыппын-ау, көрсетер кызық-куанышың алда екен ғой!

ҮМІТХАН: Тас құрсағымды жылытып, қыбырлап-жыбырлап жатқанын қарашы! Тіпті, кейде теуіп-теуіп кояды...

САҚ: Тобығымнан қан кешіп, дүниеден түніліп-ақ келіп ем, кеудеме өмір гүлін қайта еккендей болдың-ау, қалқам! Бойым балқып, анадан қайта тұғандай шалықтап тұрганымды қарашы!.. Бір күйіндіріп, бір сүйіндірдің-ау, Жасаған!

(*Жас батыр әйелін көтеріп алып, ішиңен сүйіп, одан құлагын тосып, мәз-мейрам болады*).

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Дешті Қыпшақ ордасы. Әбілқайыр хан алтын тақта отыр. Қабагы қатулы, сұзы басым. Алдыңғы жағында Шаң Будақ ханзада, Керей мен Жәнібек сұлтандар, Ақжол би, Қобыланды батыр, Садыр уәзір және өзге де бектер мен билер тұр. Бәрі де демдерін іштеріне тартып, ханың қас-қабагын багып қалған.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*оң қолын алға созып, жұдырығын түйе*): Хандық тізгінді қолыма ұстағаннан бері женілістің кермек дәмін татып көрмелеп ем. Қаншама рет атойладап айқасқа кірсек, соншама мәрте женіс тойын тойлап ек. Алғаш Еділ бойындағы жерлер мен Хорезмді басып алып, Үргеніш қаласын талап-тонадым. Махмұд Қожа хан мен Мұстафа ханның әскерлерін талқандап, Созак, Сығанақ, Ақкорған, Үзкент қалаларын басып алып, Сығанақты өз хандығымның астанасына айналдырыдым. Мәуеренахрағы Темір ұрпақтарының ішкі тартысына араласып, Самарқанд пен Бұхарага жазалау жорықтарын жүргіздім. Осының барлығында да мерейіміз үстем бол, қасарысқан қас-дүшпанды тас-талқанын шығарғанымызды әлі ұмыта қоймаган шығарсындар. Енді міне, қайдағы бір қалмақтардан женіліп, жүргегімізге жүк артар масқара келісім жасауға мәжбүр болдық. Бұл қалай болды өзі, біз осы неге женіліп қалдық? Бұған кім кінәлі? Осыған ой жүгіртіп көрдіндер ме?

ҚОBYЛАНДЫ БАТЫР: Қармағымыздағы елдің басын біріктіріп, бәрін бірдей майдан даласына алып шыға алмадық!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Міне... міне... Тап үстінен түстің! Түбімізге жеткен – алтыбақан алауыздық!

ҚОBYЛАНДЫ БАТЫР: Хан ием, қалмақтың жасанып келген қырық мың қолына біздің жиырма мыңдық жасағымыз төтеп бере алмасын әу баста-ақ ескертіп едік қой.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*қаңарына мініп*): Енді сен де мені табалайын дедің бе?

ҚОBYЛАНДЫ БАТЫР: Жоқ, хан ием, ондай ойым жоқ.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Ендеши, не көкіп тұрсың?

ҚОBYЛАНДЫ БАТЫР (*басын иіп*): Артық айтсам, айыпқа бүйірмассыз, хан ием!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН. (*Керейге бұрылып қарап*): Ей, Керей, сендерге де ат шаптырып ек, неге тым-тырыс бұғынып жатып алдындар?

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Бізге хабар кеш жетті, алдияр! Жасақ жинап үлгере алмадық. Әйтпесе, өзіңіз айтыңызшы, біз қашан қалып ек?! Темірліктермен де, моғолдармен де, қызылбастармен де қоян-қолтық шайқастық. Аянып қалған жеріміз жоқ.

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Өткенді айтып ақталма. Бүгінгіңе жауап бер!

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Бүгінгінің айтсақ, қырғын соғыстан көз ашпай қалдық кой, алдияр. Халық тұра алмластай тұралап, әбден титықтады. Елім деген ерлердің көбі майдан даласында опат болды, атқа мінер азамат та сиреп қалды. Қолдарына қару ұстап көрмеген ұландарды ажал өтіне қалай айдаймыз, құр босқа қырылып қалады ғой! Жана жетіліп келе жатқан жас өрендерді қанды қырғынға бастағаннан не опа табамыз?! Елдің басын жинайық, әліптің артын бағып, азырақ күте тұрайық деп сәлем жолдан ек.

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Әй, сенің өзі есің дұрыс па, не тантып тұрсын, а? Біз жиналыш алсын деп, қалмақтар күтіп отыратын ба еді? Күтті ме олар? Олай ақтала алмайсындар!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Ақталаңып тұргамыз жок, ақиқатын айттып тұрмыз.

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Олай сөз бүйдага салмандар! Тұрасын айтқанда, сендер секілді сатқындардың кесірінен жеңілдік. Қызыл сөзді қымыздай көпірткенше, корыққаннан қатындарының етегінің астынан шыға алмай қалдық деп шындарынды айтпайсындар ма!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Әй, Шаң Будақ, абайлап сөйле, әр сөздің өз жауапкершілігі бар екенін ұмытпа! Айтқанынды дәлелдей аласың ба? Сен қашан бізді қатынның етегінің астынан суырып алып едің? Біз сатқын емеспіз, ордада тұрмын деп орынсыз соқтықпа!

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Сендердің көкейлерінді тескен не нәрсе екенін біз білмейді дейсіндер ме?! Арсыз қатындар өп-өтірік қылымсымандар!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Білсөң, несіне жұмбақтап тұрсын, ашығын айтпайсың ба?

ӘБІЛХАЙЫР ХАН: Жә, жетер! Сөзді көбейтпендер! Одан да кінәларынды мойындандар!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Біздің қандай кінәміз бар? Бар кінәмыз – шакыртуынызға құлақ асып келгеніміз бе?

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Жау кеткен соң келгендерінді қайтейін!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Олай болса несіне шақырттындар? Келген ізіміз-бен көрі қайтайык!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (қатуланып): Ешкім де сендерді шідерлеп ұстап тұрған жок! Бәрібір сөзіміздің жараспайтын тұрі бар.

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Солай ма?! Ұлынызға тоқтау айта ма десем, көрісінше бар кәріңізді бізге төгіп тұрсыз ғой! Үңын білгендігіңіз деп айта алмаймын! Кет дегенде – ит те кетеді. Ендеше біз де кеттік!

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Шаң Будақ, әке билігін арқаланып асылық қылма! Кімнің сатқын екенін әлі уақыт көрсетер!

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА (*ашуға бұлығып*): Жәнібек...

(*Әбілқайыр хан қолын көтеріп, Шаң Будакты сөйлемтепей қояды. Осы кезде Ақжол би бір-екі аттап алдыға шығады.*)

АҚЖОЛ БИ: Тұқырта бермей, бір уақ қарашаныздың да сөзіне құлақ түрініз, алдияр.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*жынысқыланып*): Иә, құлағым сенде, айта бер.

АҚЖОЛ БИ: Ордаңызға Самарқандтан тұтқын бол әкелінген Ұлықбек һакімнің қызы туралы бұдан бұрын да бір-екі рет құлақ қағыс қылып ем. Байласқан сөзіміз бар еді, соны өзіме беріңіз!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Ааа... білемін. Көркіне көз сүрінер сұлу екен. Бетінің жылтырына бола қызығып жүрсің-ау, тегі! Ел тағдыры қақпа-қылға түсіп жатқанда, акыл қоса ма десем, қайдағы бір желетекті желпілдеткенің қалай, би?

АҚЖОЛ БИ: Елдің тағдыры сол бір қызға қарап түрған жоқ шығар!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*қаңарына мініп*): Қазір қатын жайын сөз етер уақыт емес.

АҚЖОЛ БИ (*қырсығып*): Уақытпен санаспай-ақ осы кезге дейін сізге адал қызмет етіп келіп ем. Аянып қалған ештеңем жоқ. Өткелден етіп алғаннан кейін, енді керегін жоқ демексіз ғой! Егер олай болса, не тұрыс, уақыты келгенде келерміз! Бұйырса қалыңдығымызды сол кезде алыш кетерміз!

(Ақжол би Керей мен Жәнібек сұлтандарға ілесін шығып кетеді).

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Орайы келіп тұр, үшеуінің де көмейіне қан құяйық! Мен білсем, бұлар бізге опа талтырмас!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Қаупің орынды, бірақ, ордаға қарап елеңдеп, құлақтарын түріп отырған ел-жұрт бар, олай шалыс қадам жасауға болмайды!

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Сонда сатқындарды да тайрандатып қоя береміз бе?! Бұлардан да басқа көптеген рубасылар шақыртуымыздың құлақ аспады, жасақ бермеді. Кінәлі солар, бәрін жазалау керек! Әйтпесе, күні ертең елдің бәрі сатқын болып шықпасына кім кепіл! Бұл – жақсылықтың нышаны емес.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Шаң Будак, сен дұрыс айтып тұрсың. Кінәлілер жазалануы керек. Қатаң тәртіп орнатпай, етек-женімізді жинау қыын. Бірақ, бірден бәрін құртып жібере алмаймыз. Біртіндеп, бір-бірлеп қапысын табу керек. Кезегімен бәрінен құтылармыз.

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Түсіндім, әміршім!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Шаң Будак, сен онан да аргын-найманға ба-рып, соларды жөнге салып кел. Мыналардан түк шықпасын білдің ғой! Елдің иесі кім екенін ұмытпастай естеріне салып қой! Шайқасқа шықпай қалғандарының есебін салықпен толтыратын болсын!

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Құп, әміршім!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Садыр, сен тұра ногай ордасына тарт. Ханы Айшама құда түсіп жүргенін өзің де білесің, көмек беріп, осындай қысылтаяң шакта қолтығымнан демеп жіберсе, қызыымды беремін. Осыны қаперіне тезірек жеткіз. «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартыпты» дегендей, өз ішіміздегі безбүйректердің бас көтере бастағанын көріп отырың! Қалмақтан женілді, шипасы бітті деп жүрген шығар. Жок, олай ойласа онбай қателеседі. Әлі де тарпып кетер, қарпып қалар құшім бар екенін көрсін. Тап соларды құрықтауға әлім жетеді!

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Жасыл жазық. Шарбақ шошалалар. Әркім өз тірлігімен айналысып жатыр. Бірі – отын тасып, бірі – агаши жарып, енді бірі – қазаношақтың маңында қыбырлап-жыбырлап жүр. Бір кездे Шаң Будақ ханзада нөктерлерімен келеді. Сөздері тым өктем.

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Салық жинап жүрміз, қазынаға берер нелерің бар, қане өздерің тез әкеліңдер! Бұл – хан жарлығы!

САҚ: Хан жарлығын орындау қарашага парыз екенін білеміз. Бірақ, түгіміз жок болса, немізді береміз?

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Олай жалтара алмайсындар! Соғысқа бармағандарың үшін салықты еселең төлейсіңдер!

САҚ: Әй, мен сол соғысқа барып та келді! Жалғыз атым да майданда мерт болды, өзім үйге жаяу-жалпылап жеттім! Сенбесен, сұра мына қауымнан!

ДАУЫСТАР: Иә, ол соғысқа барып келді!.. Ол – нағыз батыр!.. Ешкім бар деп қыстамаса да, біздің атымыздан жалғыз өзі барып келді!.. Оны жайына қалдырындар!

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Ондай өтіріктерінді бізге емес, өзгеге айтындар! Ал қазір салықты жинандар! Қане, қане... не қарал тұрсындар! Әй, не айтып тұрмын, шеттеріңнен сөз ұқпайтың кеше болып кеткенсіңдер ме? Тілдерің бар ма өзі, әлде жұтып койдындар ма?

САҚ: Халықта қазір бере қоятын да артық-ауыз ештеңе жок. Өздері құндерін әрен көріп отыр. Эзірше, қысастық жасамай қоя тұруға болмай ма? Сәл ес жиып алсын!

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Әй, тіл мен жағына сүйенген сен кімсін, атаңа нәлет? Берсендер – қолдарынан, бермесендер – жолдарынан! Сендерден сұрамаймыз да! Күшпен-ак тартып аламыз! Қане, жандарың барында орындаңдар бұйрықты, әйтпесе қатаң жазаланастындар! Соңғы рет ескертемін, жинайсындар ма, жок па! Әлде сендерге керегі таяқ па? Қамшыны сағынып қалғансындар ғой, тегі!

САҚ: Жазықсыз жандарды жазалауды қашан қоясындар осы?

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Атаңа нәлет, сен кімсің бізге ақыл айтатын?! Көрсетейін мен саған!..

(Көріне мінген Шаң Будақ ханзада жас батырдың басынан қамышымен тартып кеп жібереді. Нәкерлері де қарап қалмай, қаз-қатар тізіліп тұра қалған қалың қауымды әй-шайга қаратпай қамышымен сықтыртып сабай бастайды. Біреудің басы жарылады, біреулердің бет-аузы қан болады, енді біреудің арқасы тілім-тілім бол қалады. Бұдан әрі шыдай алмаган Сақ Шаң Будаққа тап беріп, қолындағы қамышысын тартып алады. Саққа ханзаданың нәкерлері қамышы ала жүргіреді. Дәл осы кезде әрең шыдан тұрган ашулы көпшілік сарбаздардың алдын бөгеп, кесекөлденең тұра қалысады. Бұндайды күтпеген Шаң Будақ сасып қалып, қандай шешім қабылдарын білмей, абдырып тұрып қалады).

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Сендерге де жал бітейін деген екен, ә... Нәгерміз әлі, хан жарлығына қарсы шыққан қалай боларын! Әзірше масайрай тұрындар! Шаңырактарыңды ортасына түсірмесем, Шаң Будақ атым өшсін!

(Ашуға мінген айғайшы жүртттың қаңарынан қаймығып, нақты шешім қабылдауга батылы бармай, нәкерлерін ертіп, атының басын кери бұрады).

АҚСАҚАЛ: Бекер істедіндер-ау, айналайындар! Құқай мен қорлықтың көкесін енді көрерміз!

САҚ: Өз көзіңзен көріп тұрсыз ғой, олардың қалай қоқаңдап, қоқанлоққы жасағанын?! Сонда, қорласа да қынқ етпей отыра беруіміз керек пе?!

АҚСАҚАЛ: Есесіне, жанымыз да, құлағымыз да тыныш болар еді. Бір-екі қамшы сілтегеннен ешкім де өлмес еді-ау! Енді бізде мүлде тыныштық болмас. Жазықсыз жандардың обалына қалатын болдык!.. Хан енді бізді жазасыз қалдырmas.

САҚ: Тек жүрсөн де, тыныш жатқызар түрлері жоқ. Олардың қорлығы мен мазағына көне алмаймыз! Халыққа не істейді дейсіз?! Қолынан келгенін істесін, көріп алармыз! Ешкімді де басқа шығарып, басындырып қоя алмаймыз!

ТӨРТИНШІ КӨРИНІС

Әбілқайыр мен айдай сұлу Рәбия бегім оңаша қалған. Рәбия бегім ханга наздана еркелеп, әртүрлі қылышқи шығарып, қылымсып отыр.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Кеше ғана кәрін тәккен табигаттың бүтін ерекше мейірлене қалғанын қарашы!..

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Бірақ, жарықтықтың ертең қайтадан қанарына мінүі әбден мүмкін гой.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Иә, ғажайыпқа толы тылсым дүние. Бел баласы болғандықтан, табиғатқа табиғатымыз тым жақын-ау. Қараши, ана бір жасыл желек жамылған көрі емен маған ұқсайды, ал қауыз ашқан қызғалдақтар сен секілді құлпырып тұр. Ызғар кетті, жан жадыратар шұғылалы шуақ келді... Жарықтық-ай, күн де бүтін ерекше нұрланып тұр-ау!..

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Сырттағы сыз кетер-ау!..

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (секем алып): Іштегісі қыын-ау демексің гой!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ (сасып қалып): Иә, дөп бастыңыз!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Сонымен не айтпақсың?

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ (сасқалақтан): Асыл текті әміршім, елжүртімды сағындым!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (қабагы кіржсін): Қыз – жат жұрт үшін жаратылған.

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ (сайқалданып): Оныңыз рас, әміршім!.. Егер қыз өз еркімен, сән-салтанатымен ұзатылып келсе... ал менің жайым...

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Жағдайым жаман дей алмассың. Атақты Ұлықбек һакімнің қызын бағалай алмасам, кім болғаным?! Қорықпа, қарашаға қорқыла қоймаспын.

(Осы кезде Қобыланды есік алдындағы қарауылдарды *күп-жарып ордаға ентелей басып кіреді*. Артынан Шаң Будаң ханзада көрінеді. Әбілқайыр келеңсіз жайттың орын алғанын бірден білтіп, әрі бас сардарының рұқсатсыз кіргеніне кейіген сыңай танытып, сұстана қарайды. Әбілқайыр Рәбия бегімге: «Боссың!» – дегендегі иек қағады, ол асыга басып шығып кетеді).

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Хан ием! Шаң Будақ бір жайсыз хабар алыш келді.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (Шаң Будаққа): Не бол қалды тағы?

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Арғынның телі-тентектері сіздің бүй-рығыңызды орындаудан бас тартып, салықты жинаатпай қойды...

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Осы сөзді ұялмай қалай айтып тұрсың? (Ұлына карленіп). Бұлай абырайсыз оралғаннан, ак өліммен өлгенің артық емес пе еді!

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Айыптымын, әміршім!.. Шынымды айтсам, қандай шешім қабылдарымды білмедім! Оның үстіне бұлай болар деп еш ойламаппын. Ерткен нөкерлерім де аз еді, өміріме қауіп төнді.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Өлімнен ұят күшті екенін білмейсің бе, ынжық неме! Қаралардан қорқып, тұра қашқаның қалай? Хан тұқымына бұдан артық қорлық бола ма?

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Мен олардан емес, бірденені бұлдіріп алып, қаһарыңызға ұшыраймын ба деп сізден корықтым. Не істей керектігін өзіңізбен ақылдастып алғым келді.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*ашуланып*): Ақылдастын несі бар, құдай-ау?!

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Өлі де бүлінген ештеңе жоқ қой! Келісіміңді берсөніз, қателігімді өзім түзейін!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Сен бұндай қателік жіберуге тиісті емес едің! Саған ол маңға қайыра баруға болмайды. Айналайын-ау, қайдағы бір қараларға басындырып қойғаның не?! Өңкей құл-құтандар, құтырайын деген екен, ә! Көрсетейін көксокқандарға, хан ашуы қалай боларын?!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Жөні солай, хан ием, қараашасы ханының тындаламаса, не болғаны?!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Ау, он жеті жасымда жетпіс тайпаның көсемі ақ киізге көтеріп, өздерінің хан сайлағанын ұмытқан екен!.. Қырын қарап, артымыздан ермей қалғандары аздай, енді алым-салықтан бас тартайын деді ме? Бұдан еткен сатқындық болмас!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Әмір етсеңіз, хан ием!.. Көк тіреген көңілдерін су сепкендей басайын!.. (*қолындағы шоқпарын құтырына иреді*).

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*жүзі жылып, сәл қулана*): Бас сардарымсын, бұл елдің иесі кім екенін есірген есерлердің есіне салып қойғаның жөн боладар еді. Ана жақта Ахмет пен Махмұт сұлтандардың көтеріліп жатқанын көріп-біліп отырсың, мыналарды төзірек тыныштандырмаса болмас.

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Әміріңзге құлдық, алдияр, тайрандаған тасыларды тәубесіне түсіріп келейін.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Байқа, батырым, дауды басам деп жүріп, өршітіп алмағайсың. Алды-артынды ойлап, ақылмен қимылдағаның жөн. Мейлінше сақ бол!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Сақтанса, ана сатқындар сақтансын. Қорқарым жоқ!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Батырым-ай, бас бермес асауды да жуасытартыңа ешқандай күмәнім жоқ. Егер қарсылық білдірсе, кім болса да аяма! Қатаң тәртіп орнатпай, ел іргесін бекемдей алмаймыз!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Ұқтым, хан ием! Орданың намысы – мениң намысым!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Әй, батырым-ай!..

(*Әбілқайыр хан Қобыландыга разы болып, арқасынан қагады*).

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Сен секілді сенімді сардарым барда көңіл еш алаң бола қоймас! Айтпақшы, саған бір керемет сый дайындал жүрмін. Самарқандты шауып, Рәбия begimdi ордамызға олжалап әкелген өзің едің. Сол жолғы ерлігіне тәнті болып, қалай риза қылсам деп журуши едім. Сонын реті енді келген сияқты. Сол айдай сұлу Рәбия begimdi өзіңе қоспақ ойым бар!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР (*қуанып*): О, разымын, хан ием! Онымен Ақжол сөз байласыпты ғой!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Оның сөз байласқаны не керек?! Соңғы сөзді айттар біз ғой!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Ордаңызға адал қызмет етуге қашанда дай-ынмын!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Жортқанда жолың болсын, батырым!

(*Кобыланды батыр шығып кетеді. Әбілқайыр хан Шаң Будақ екеудің аяша қалады.*)

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*сабасына түсін*): Ұлым, алдында тағы бір сынақ күтіп тұр. Ешкім де мәңгілік емес, жұмыр басты пендеге бір өлім келері хақ. Бұл елдің болашақ иесі өзіңсін! Билік тізгінің қолында берік ұстағың келсе, қарсыластарыңа еш рахымшылық жасама! Осының бәрін көріп-біліп, әлден-ақ үйрене бер. Алдымен, ана ашықтан-ашық қарсы шығып жүрген Ахмет пен Махмұт сұлтандардың сазайын беру керек. Жасак алып, солардың жазасын беріп кел. Қызылға түсер қыран сияқты бұл сенің билік жолындағы алғашқы жорығың болмақ. Ешкімді де аяма, аясан өзің жаралы боласың! Түсіндің бе, балам?

ШАҚ БУДАҚ ХАНЗАДА: Түсіндім, әміршім! Айтқаныңызды бұлжытпай орындаимын!

(*Әбілқайыр келіп ұлын құшақтап, маңдайынан иіскейді.*)

ӘБІЛХАЙЫР ХАН: Билік жолың басталды, жорығынды сөтті аяқта, қыраным! Қайралмаған қылыштай қайрылғаныңды емес, алып түсер ал-даспандай жарқылдағаныңды көрейін әрдайым!

ШАҢ БУДАҚ ХАНЗАДА: Алаң болмаңыз, әміршім! Енді жаза баса қоймаспynn!

(*Шаң Будақ шығып кетеді. Әбілқайыр жалғыз қалады.*)

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*ойланып*): Иә, бұл жақсылықтың нышаны емес. Өз жүртім осылай бүлініп жатса, езгереге не жорық?! Халықтың ой-пифылы бұзылып, жота-жондарын күдірете бастағаны бекер емес. Артында кімдер тұрғанын анықтап, күш алып қетпей тұрғанда, тұп-тұқиянымен құртып жіберу керек.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*қарауылға*): Әй, ұмытып барады екенмін ғой. Қайырқожаны кіргіз!

(*Үсті-басын қара жамылғымен тұмшалаган біреу кіреді.*)

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Кейінгі кездері бір жамандық шыр айналып қетпей жүр. Енді міне, кейбір тайпалардың бізге деген ниет-пифылы бузыла бастаған сынайлы. Тіпті, аргындар салық жинаушыларға күш көрсетіп, қорлап жіберіпті. Тобыр өздігінен көтерілмейді. Яғни, отқа май құйып жүрген біреулер бар ғой. Тездетіп осының анық-қанығына жет. Айтакшылары кім, от көсөушілері кім? Бәрін анықта! Жауабын кешіктірмей жеткіз!

ҚАЙЫРҚОЖА ХАМИТ: Үқтүм, хан ием!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Байқа, сыр алдырып алма.

ҚАЙЫРҚОЖА ХАМИТ: Мен олардың өз адамымын. Ешкім де менен күдіктене коймас. Айтқаныңызды бұлжыгтпай орындаимын!

(Тыңшы шығып кетеді. Әбілқайыр жалғыз қалады).

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Шарбақ шошалалар. Жас келіншек алаңсыз ас қамымен жүр. Ақжасулықты ана ұршиқ ііріп, қаннен-қаперсіз байпақ тоқып отыр. Бір кезде иығына ілген қабы бар Сақ келеді. Келіншек істеп жүрген шаруасын қоя салып, күйеуіне жақындайды.

ҮМІТХАН (көзі күлімден): О-о-о, бүтін олжалысын-ау, батырым!

САҚ: Иә, жолым болды. Уш тұзақ та бос қалмапты. Екі қоян, бір қырғауыл түсіпті.

ҮМІТХАН: Жасағанның бұнысына да шүкір! Енді жақын арада ішіміз шүркірай қоймас!

САҚ: Тағы да тұзақ құрып қайттым. Жаратушым аштан қатыра қоймас!

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: Үмітжан, шырағым, екі-ұш күннен бері тұзакқа ештеңе түспей, көзіміз қарада бастап еді, бүтін бір ыстық сорпа ішнейікші.

ҮМІТХАН: Айтқаныңыз болсын, апа!

(Кенет аттың дүбірі естіліп, Қобыланды батырдың сарбаздары сау етеп түседі. Келе сала халқыңты аяусыз ұрып-согып, жазалай бастайды. Айгай-шудан құлақ тұнады. Жанұшыра айгайлап, тырагайлап қашқан жергілікті тұрғындар, оларды тырқыратма құган сарбаздар. Қарсы келгендерді шоқпармен ұрып құлатып, қамишымен сабап жүр).

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: Әй, бұларың не, мынау не сұмдық? Бұл қай басынғандарын?

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Бұл – хан жарлығы.

САҚ: Ей, жауыздар, өз халқыңа шоқпар сілтеп не көрінді? Бұл не-ғылған бассыздық? Бұлай басындырып қоя алмаспыш! (Қылышын қынынан суырып алып). Кәне, келіндерші бермен, жағаласып жастығымды ала кетейін!..

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Не деп оттап тұрсың-еї, бокмұрын, саған не жок! Көресінді тап қазір көрсетейін...

(Қобыланды оны бастан дырау қамишымен тартып-тартып жібереді. Шалқасынан құлаган жас батырдың бетін қан жуып кетеді. Осы кезде Ақжол би Қобыландының қарсы алдынан шығып, қолындағы қамишысына жармасады).

АҚЖОЛ БИ: Қобыланды, өз жұртыңа жауша тиіп, аш қасқырша талағаның қалай?

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Ақжол, айтарынды маған емес, ханға айтарсын.

АҚЖОЛ БИ: Айтакқа еріп, енді азуынды өз ағайыныңа батырайын дедін бе?!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Хан жарлығына құлақ аспай, жіберген сарбазын соққыға жығатындей кім еді бұларың?!

АҚЖОЛ БИ: Күштерің асып-тасып бара жатса, жазықсыз жандарды жазалағанша, қалмаққа қарсы шауып, неге кек қайтармайсындар?

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР (*ашуга бұлығын*): Эй, Ақжол, тілім ұзын екен дәп сумандата берме, түбірімен суырып аламын! Қалмаққа кегіміз кетсе, хан әміріне құлақ аспай, тасбақаша тас бүркеніп жатып алған сендер кінәлісіндер.

АҚЖОЛ БИ: Е, бәсе, жатта кеткен есені жақыннан қайтарайын деген екенсіндер ғой!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Ей, Ақжол, сені сөзбен жене алмаспын, бір жолға жаңынды аманатқа қалдырамын, тағы бір мәрте дәл осылай алдымды кес-кестесен, өз обалың өзіне, найзамның ұшынан табыларсың!

АҚЖОЛ БИ: Көрерміз.

(*Қобыланды кетіп қалады. Жоқтау айтып, жылат-сықтап, зар илеп ел-жүргіт қалады. Хан сарбаздары вәздерімен бірге жергілікті халықтың малдарын да алдарына салып айдан кетеді. Олардың жолын ешкім бөгей алмайды.*)

АҚЖОЛ БИ: Еңселерің түспесін, бастанынды көтеріндер! Болашақ мына қайсар жас жеткіншектердің қолында. Осылардың амандығын, тілеуін тілендер! Өседі әлі, шығады әлі халқына қорған болар хас батырлар. Мен оған кәміл сенемін!

ҰМІТХАН (*жығылып жатқан жас батырдың басын сүйеп*): Би-аға, ерімнің басы жарылып, ес-түссіз жатыр. Жаман айтпай жақсы жоқ, олайбылай болып кетсе, мен не істеймін, қайда барамын мына түріммен? Шімде тышырлап жатқан нәрестем мынау!..

(*Осы кезде тасырлатып Керей мен Жәнібек сұлтандар келіп қалады. Жаңында Қаптағай, Бөрібай, Қарақожса батырлар бар. Ауыл адамдары ұлардай шулап алдарынан шыгады. Бойларын ашу-ызының кегі кернеген*).

АҚСАҚАЛ: Сұлтандар-ау, бұл қалай болғаны? Әркім бір басынатын болды ғой? Көрінгенге итше талатып койсандар, несіне ел басқарып жүрсіндер?! Сендер қорғамасандар, мына елді кім қорғамақ? Елге ие бола алмасандар, қалмақтардың қолтығына барып кірейік, қанаттарының астына тығылайық. Мына қам-қарекетсіз жүрістерің не?

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: Бұндай қорлықты көргенше, баяғыда өліп қалғаным жақсы еді ғой! Жалғыз баламнан айырылып, сорым қайнап қа-

лар ма екен?! Қарға қарғаның көзін шұқи ма, сендердің де көмекейлерің-нің бүлкілі белгілі. Ым-жымдарың бір екенін біз білмейді дейсіндер ме, әйтпесе халықты осылай басынар ма? Сендерге біздің не керегіміз бар дейсің, сеніп жүрген біз де ақымақпыш?! Өтірік дым білмегенсімей, аулақ жүріндер!

ЖІГІТ АҒАСЫ: Әбілқайыр кәрін бізге төгетіні – қалмақтардан жеңілгенін бізден көреді. Иә, сол үшін арқамызға ауыр ауыртпалық артып отыр. Атасына нәлет, өзіміз әрен құн көріп отырсақ, алым-салықты есіріп жібергенін көрмейсің бе?! Қалай төлейтінімді де білмейміз! Енді міне, қотыр тайыма дейін айдал әкетті.

ҮМІТХАН: Бүгін қамкор болар ханымыз ашуын өзімізден алып, қорған болар батырымыз жон терімізді тірідей сыйырып жатса, ертенгі құніміз не болмақ?! Құдай-ау, біз сендерге сеніп, қара тұтып жүрміз ғой, бұларың қалай? Басқа басқа, ішімдегі тыным таппай тыптырладап жатқан нәрестемін болашақ тағдыры не болмақ?

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Бәрің бірдей шуламай, алдымен не болғанын біреуің айтып түсіндіріндерші!

АҚ ЖАУАЛЫҚТЫ АНА: Иә, білмей қалғандарың сол!..

АҚЖОЛ БИ (халыққа): Кәне, шуды қойындар, орынсыз кінәлай бермендер! Әр нәрсенің қисыны, жөн-жобасы болатынын ұмытпандар, ағайын! Алдымен не болғанын айтып түсіндірейікте. (*Керейге*) Хан ордасынан келген салық жинаушылар халықты қатты қыспакқа алса керек, біздің намысшыл жігіттер оған көнсін бе, сыбағаларын беріп қоя беріпті. Соған ашуланған Әбілқайыр оларды жазалау үшін Қобыландыны жіберіпті. Ал оның не бұлдіріп кеткенін өз көзіңізben көріп тұрсыз ғой!

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН (Керейге): Ойпырмау, бұл не қылған бассыздық?

ҚАПТАҒАЙ БАТЫР: «Жаңбыр бір жауса, терек екі жауадының» кебін кигізгендей, қалмақтардан көрген құқаймыз аздай, мыналардың істеп отырғанын қарашы! Барып, шауып алу керек!

ҚАРАҚОЖА БАТЫР: Бұлар ата кегін әлі ұмыта алмай жүр-ау, шамасы! Қалтағай дұрыс айтады, өзгеге істегенін алдарына келтіру керек!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Ашу-ызага бой алдырып, онсыз да басы қосылмай жүрген ағайынның арасын одан сайын ушықтырып алмайық. Әрине, бұндай бассыздыққа кез жұма қарасты болмас. Сөзіміз жеткенше айтартымыз, қолымыз жеткенше сермерміз. Әйтеуір, аяқсыз қалдыра қоймаспыш. Қобыландыға тіреліп түрган ештеңе жоқ, ол бар болғаны бүйрекші орындаушы ғана. Қамшының сабы Әбілқайырдың қолында. Қобыланды оны өздігінен сілтей алмайды. Ендеше, аттын басын алдымен соған бұрып, жазалаушылардың өзін жазаға тартуын талап етеміз.

ДАУЫСТАР: Жөн сөз! Иә, бұндай бассыздықты аяқсыз қалдыруға болмайды! Ханның өзіне барып, талап етуіміз керек! Қобыландыны жазалау керек!

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Әбілқайыр ханның ордасы. Хан алтын тақта ойланып-толғанын отыр. Көңілі аласұрып, көзі қыдырыстыайды. Қайырқожа бек кіреді.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Иә, айта бер!..

ҚАЙЫРҚОЖА ХАМИТ: Айтсам, ел ішінде толқу бар. Сіздің хандық билігіңізге қарсылардың қатары күн өткен сайын көбейіп келеді. Алданын алмасаңыз болмас. Күш алыш кетіп, ие бола алмай, қапыда қалыш жүрменіз! Көптеген рулар Керей мен Жәнібекті Ақ Орданы құрган Орыс ханның ұрпактары деп, хан көтермек ойлары бар, солардың төңірегіне тоptаса бастаған сыңайлы.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: А, солай ма?! Өзім де қателеспеппін! Айтқаның жөн болды, дер кезінде ескертіп отырсын! Көп кешікпей Ноғай орда-сынан қосымша күш те келіп қалар. Керей мен Жәнібекті көзіңнен таса қылмай, басқан ізін андып отыр. Ебін тауып, ел арасына іріткі салып қоюды да ұмытпағайсың! Ал мынау ақадал енбегіңнің ақысы (*қолына бір қалта құміс ақша ұстатауды*).

ҚАЙЫРҚОЖА ХАМИТ (*жузі жадырап*): Ел бүтіндігі жолында аянып қалар ештеңем жоқ, хан ием!

(*Тыңши шығып кетеді. Іле-шала Садыр уәзір кіреді*).

САДЫР ШАҒЫР: Хан ием, Керей мен Жәнібек сұлтан және Ақжол би келіп тұр!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*мысқылмен*): Жеткен екен гой!.. Кіргіз!

(*Уәзір шығып кетеді де, іле-шала Жәнібек пен Ақжол би кіреді*).

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Армысыз, алдияр!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Бармысың, сұлтан! Ел аман, жұрт тыныш па?

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Тыныштығымыз бұзылып тұр, алдияр!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Кірмей жатып жаналқымнан алатындаі не бол қалды?

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Қобыландының арғындарды шауып кеткенінен хабардар боларсыз.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Сөзді дұрыс қолдан. Шауып кеткен жоқ, мениң жарлығыма құлақ аспаған басбұзарларды жөнге салып келді. Қалмақтармен соғысқанда шақыртуыма құлақ аспай, тас бүркеніп жатып алыш едіңдер, қашаннан бері халықтың қамын ойлай қалдыңдар?! Егер сол жолы қолтығымнан демеп жібергендерінде жеңілмес едік. Амалсыздан душпанның айтқанына көніл, ауыр келісім-шарт жасастық. Енді соларға төленетін алым-салықтан жалтарғысы келеді. Кінә өздерінен!..

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Елдің жайын көріп-біліп отырсыз, өздері битін сыйып, ханың жалап отырған жоқ па?!. Жығылғаннаң үстіне жұдырық жүмсаған отырсыздар!

Северо-Казахстанская областная библиотека

2-454

к. с. МУКАНОВА

г. Петропавловск

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Не айтып тұрсың өзі, ханзадаға қарсылық көрсеткен кім? Бұл не сонда, құл-құттанның басқа шығып, басынуы ма, жоқ әлде, кесірдің кесірлігі ме? Қорінгеннің мазағына төзе берсек, хандық қасиетімізден не қалады? Қолымен істегендерін мойнымен көтеріп, лайықты жазасын алуы керек!

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Жіберген адамдарыңыз бара сала жаналғыштай жалаңдап, қара халықтың жай-күйін түсіндіргендеріне қарамай, камшының астына алыпты. Бауырының басын жарып, жонынан таспа тіліп жатқанда кім қарап тұра алар?! Әйтпесе, хан адамына кімнің дәті барып қол көтерер дейсіз?!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (жынысқылана): Солай ма?..

АҚЖОЛ БИ: Иә, солай. Қобыланды сарбаздарымен барып, бірнеше ауылды шауып, отыздан аса адамды соққыға жығып, үшеуін өлтіріп, бес үйір жылқыны айдал екетіпті.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (ежіреін): Не? Мен ешкімге халықты қанға батыр, адамдарын өлтір дегенім жоқ. Атана нәлет, батыр деген – осы, асыра сілтеп жіберген ғой! Бұл – бізге абырой әпермес. Барлығы да өз қарашым емес пе, маған бәрі бірдей, ешкімді алаламаймын! Тек, тек жүріп, айтқанымды қалтқысыз орында болды.

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Қобыландыны жазаға тартып, малдарын түтел қайтартып беріңіз!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Болған оқиганың анық-қанығын білейін. Жауабын содан соң айтармын. Егер шынымен сендер айтқандай болса, жандарының құнын төллеттіреміз, малдары шып-шырғасы шыгарылмай, иелеріне қайтарылады.

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Ел үмітін арқалап келіп едік, айтармызыды айттық. Ендігісі өзіңізге аманат. Аманатқа қиянат жасамассыз! Хан сайлап, басына көтерген халқыңыздың сөзін жерге тастамассыз, алдияр!

(Ақжол би тамагын кенегендей болады).

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Иә, сөйле, би. Көмекейінде айттылмай қалған бір сыр бар-ау?

АҚЖОЛ БИ: Откенде Рәбия begimge қатысты құлақ қағыс қылып ем. Уәденіз бар еді.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Иә, есіме түсті. Уәде болғанда... Жағдайға қарай көрерміз дегенмін. Қоріп тұрсың ғой, қисыны келер емес.

АҚЖОЛ БИ: Қөнілімді қалдырғыңыз келмесе, қисынын келтіру өз қолыңызда тұрган жоқ па?

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Олай асылық айтпа, би, біз де жұмыр басты пандеміз, дүниені уысында ұстап тұрган ешкім жоқ. Бәрі де бір Құдайдың қолында...

АҚЖОЛ БИ: Құдайды аузыңызға алып тұрып, айтқаныңыздан қайткан жараспас!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Қайталап айтамын, мен ешкімге ешқандай уәде берген жоқпын!

АҚЖОЛ БИ: Сонда ақымақ мен екенмін ғой! Иә, сіздің сөзіңізге сеніп жүрген мен ақымақпын, ақымақпын!

(*Керей мен Жәнібек сұлтан және Ақжол қоштаспастан өздерінше қыр көрсетіп шығып кетеді. Әбілқайыр тағы жалғыз қалаады.*)

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Мына бидің кердендеуін-ай, ә! Сенгені – Керей мен Жәнібек екен кой. Кезінде оң жағымнан орын беріп ем, тойынган соң жалт бергенін қарашы! Тұра тұр бәлем, әл-әзір Керей мен Жәнібекті құрықтай алмасам да, дәл сенің сазайынды беруге шамам келер. Саған сілтер сойылымды да сайлап қойдым. Әбілқайыр екенім рас болса, қексегеніңе жеткізе қоймаспын! Қобыландыдай алдаспаным аман болсын!

ЖЕТИНШІ КӨРІНІС

Орданың өсегін аңдып жүрген Рәбия бегім тұқ білмегенсіп сонада-йдан кербездене басып келе жсатады. Керей мен Жәнібек сұлтандар мен Ақжол би оны көріп тұра қалысады.

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Биеке, жолың болады-ау, білем! Аңсаған аруың сыландарап алдыңнан шықты ғой!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Елінде қатын құрып қалғандай, не болды сонша өкпен өрекпіп? Жүр, ордадан тезірек шығып кетейік!

АҚЖОЛ БИ: Қатынды қойшы, қайдан да болса табылар, еркектік на-мысым кетіп барады ғой! Бүндай мазаққа қалай шыдарсың? Айтындаршы, адамды осыншалықты алдап, ақымақ қылуға бола ма?

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Өзің білесін ғой, шаруанды тезірек шеш. Біз аттардың жанында күте тұрармыз!

(*Керей мен Жәнібек сұлтандар қалады.*)

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ (тұқ білмеген тұр танытып): Арысым, сүйенішім менің! Сағыныштан сарғайдық қой!

АҚЖОЛ БИ: Айым, күнім, асылым! Мені өзіңде ынтық қылған сазды үнің мен балдай тәтті қылығың ғой, аяулым!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Жолыңызға қарайлаумен көзім талды! Алдан күткен армандарға қашан жетер екенбіз? Айтыңызшы, хан не дейді?

АҚЖОЛ БИ: Тағдырынды жалғыз өзі шешіп қойған сыңайлы.

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Қалайша?

АҚЖОЛ БИ: Хан басымен уәдесінен тайқып кетті. Басқа бір ойы бар-ау, шамасы.

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: О, Құдайым-ай! Не дейді?! Ақ тәнімді басқаға сипатқанша, ажал құшқаным артық! Жолыңызға жаным құрбан!

АҚЖОЛ БИ (көңілденіп): Рәбия бегім, мен де өзінді ешкімге бере алмаспын, дәл қазір алып кетемін. Ұста етегімнен, ер соңымнан. Әбілқайырдан келген құқайды көріп алармын!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Ере алмаймын.

АҚЖОЛ БИ: Неге?

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Әбілқайырдың құрығы ұзын, жер астына кіріп кетсек де құтқармас! Өзімді қойшы, сізге кесірім тиіп кете ме деп корқам. Одан да қарсыласызыздың кім екенін анықтап, амалын тауып жолыңыздан аластаныз!

АҚЖОЛ БИ (секем алып): Қалай?

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Ашы да болса ашығын айтайын, маган жетудің жалғыз жолы – сол!

АҚЖОЛ БИ: Қан аттаған онбас!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Сіз мені дұрыс түсінбеген сияқтысыз!

АҚЖОЛ БИ: Рәбия бегім...

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Жүргегіме жол тапқанда, өзіме жетудің амалын таба алмайсыз ба?

АҚЖОЛ БИ (нық сеніммен): Табам!..

(Осы кезде Қобыланды келеді).

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Па, шіркін, көнілдерің жараса қалыпты ғой?

АҚЖОЛ БИ: Жарасса несі бар?

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Мм-мм... дәмен зор екен! Көктегі жүлдэзға кол созам деп мертігіп қалып журме, биеке!

АҚЖОЛ БИ: Әбілқайырдың ойын енді түсіндім... Бір қаншықтың артына қос төбетті салпаңдатып қойғысы келген екен ғой!

(Рәбия сұлтан бегім демін ішіне тартқан күйі қаздаңдай басып кете барады).

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Эй, не оттап тұрсың, тіліңе ие бол!

АҚЖОЛ БИ: Құдіреті күшті иеңнің тыныштығын күзететін қарғыбаулы төбет екенің өтірік пе?! Кімге айтактаса азуынды ақситып соны қабасың!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Атана нәлет, жап аузынды! Әйтпесе, дәл осы жерде арам қатырамын!

АҚЖОЛ БИ: Ох, батыр екенсін, ә!.. Мықты болсан, ойраттарды неге арам қатырмадың! Момын елді қанқақсатқанға жота-жонынды құдіретесін.

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Ақжол, сенің қызыл тілдің батыры екенін-ді білемін! Бұлбұлдай сайрап қоймадың ғой, тегі! Мен қатындарша салғыласқанды ұнатпаймын, екеуміздің текетіресімізді қылыштың жүзі шешсін! Ер екенің рас болса, жекпе-жекке шық!

АҚЖОЛ БИ: Қашып кететін қатын деймісің, келсөң кел! Құдайдың мандағы жазғаны осы болса, оны да көрейік!

(Екейі бір-біріне шоктар ала жүгіреді. Қобыланды батыр Ақжол биді бастан ұрып сұлатып түсіреді).

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Рәбия begim... Рәбия begim... Айтарынды емеурініңнен-ақ ұқтым! Аяғыма оралғы болған қарсыласымды қан қаптырдым! Енді менен қашсан да құтыла алмассың! Сен – мендіксің! Енді сені менен ешкім де тартып ала алмас!..

(Осы кезде Керей мен Жәнібек сұлтан жетіп келеді. Жәнібек сұлтан шалқалай құлаган Ақжолдың сұлық жатқанын көріп, жүресінен отыра қалып, жүзіне үңіледі. Бет-аузын қан жусып кеткен би ақырын көзін сыйғрайтады).

АҚЖОЛ БИ: Ел-жұртый... бала-шагам... өздер... іңе... аман... ат.

(Бір-егі ауыз сөзді қиналып әрең айтқан Ақжол бидің басы оң жағына қарай ақырын қисая береді. Бидің демі таусылганын сезген Жәнібек сұлтан басын көтеріп алып, Қобыландыга қарай тұра ұмтылады).

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Қобыланды, көзіңе қан толған екен! Ағызайын қызыл қаныңды...

(Жәнібек сұлтан қылышын қынабынан жарқ еткізіп суырып алады. Қобыланды да қылышын жасалаңдатып, қылыштаса кетеді. Дәл осы кезде ордадағы айғай-шуды естіп, Әбілқайыр хан нөкерлерімен жетіп келеді).

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Токтатындар! Бір-біріңмен қылыш сілтесіп, не жетпейді осы сендерге?

(Жәнібек сұлтан мен Қобыланды батыр қалт тұра қалысады. Кенет Әбілқайырдың көзі жерде қан жоса бол серейіп жатқан Ақжол бидің мүрдесіне түседі).

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН (Қобыландыны қылышымен нұсқап): Мына дүлей Ақжол биді мерт қылды...

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Ол өлімді өзі тілеп алды.

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Енді өз елінді бүліншілікке бастайын дедің бе?

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Бұған елдің қандай қатысы бар, жамандыққа бастаған өз арамыздағы өшпендейділік. Шама-шарқын біле тұра, қызылкөзденіп киліккен өзі.

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Адам қанын мойныңа жүктесең де, кінәнды мойындағың келмейді, ә! Тым астамсып барасың-ау, Қобыланды! «Көп асканға – бір тоқсан» бар екенін ұмытпағайсың!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Әй, Жәнібек, маған сөз айтатын сен кім едін сонша?! Сұлтан болсаң, өзіңе сұлтансың! Төбенде шоктар ойнамай тұрғанда табаныңды жалтыратқаның жөн болар!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Құтырган екенсің, Қобыланды! Асықпа, бұл жауыздығың үшін жауап берер күн де келер. Әуселенді сонда көрерміз!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Қөрсек, көрерміз!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Жә, жетер! Өлім үстінде шарпысып тұрғанда-

рың қалай?! Ақжол марқұм жаны таза жан еді. Амал не, татар дәмі та-усылды. Қашан да жүргі ел деп соғатын. Бүгін де сол қара халықтың мұңын айта келіп еді. Соңғы аманатын орындармыз. Ең алдымен мәйтін ауылына тезірек жеткізейік!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Бидің мүрдесін өзіміз алып кетеміз. Ақтық са-парға арулап шығарып саламыз! (*Қобыландағы*) Қобыланды, ендігі ісім сенімен болсын! Бұл жолы қайда қашсан да жазадан құтыла алмассың!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Қолыңдан келсе, шауып ал!

КЕРЕЙ СҰЛТАН (*кіжінің*): Өз істегенінді алдына келтірмей тынба-спыз!

(Жәнібек сұлтанның нөкерлері Ақжол бидің денесін зембілге салып алып кетеді. Сұлтанның өзі де қабагынан қар жауган күйі солардың соңын ала шығып кетеді. Әбілқайыр хан мен Қобыланды батыр оңаша қалады).

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Батыр, биді орданың как төрінде өлтіргенің қа-лай? Әлде менде ала алмай жүрген өшің бар ма, қастығың ба? Дүшпандарым мені табалайтын болды ғой! Әй, анғал батырым-ай! Не істеп қойғаныңды білемісің өзі! Арғындардың көсемін, бүкіл елге сый-лы адамды тапа-тал түсте қан қаптырғаның қалай?! Өзіңе де, елге де еш зияның тимейтіндей, алды-артыңды ойлап барып кімбылдамайсың ба, былай... Енді не болды? Бәріміз де жаманатқа ілігіп, басымыз дауға қала-тын болды ғой. Әй, әй, батырым-ай, өзің ойлаши, осындаі ақымақтыққа жол беруге бола ма?! Қашан қояды екенсің осындаі ожарлығыңды?!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Мен оны өлтірейін деп өлтірді дейсіз бе?!

Қанымды басыма шаптырған өзі!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Мен сені түсінем. Басыңдан сөз асырғың келмейтін ер екенінді де білем. Бірақ, әр нэрсенің өз орны болатынын білмеуші ме ең! Қара да тұр, енді оны мен өлтіртті дейді. Ал дәлелдеп көр, осы маған керек пе? Ойланбайсың ба, батырым-ая! Елдің дүрлігіп жатқаны анау!.. Шет жағасын өзің де байқадың ғой, енді бұны Керей мен Жәнібек елеусіз қалдырmas. Оларға керегі де осы емес пе?! Қара да тұр, қалың арғын кек күшпелі келеді енді. Біз оларды қалай қарсы аламыз? Соған дайындалуымыз керек! Біле-білсөң, бұдан ың-шыңсыз құтылуудың бір-ак жолы бар.

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Қандай?

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Сенің қол-аяғыңды байлап-матап, қолдарына беру!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР (*урейленің*): Олар мені қолдарына түссем, куырып жеуге дайын отыр ғой! Құн төлеп құтылуға болмай ма?

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Олар оған көне қоймас! Сенің басынды алушы талап етері айдан анық! Бұған ешқандай күмәнің болмасын!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Сонда шынымен де басқа жолы жоқ па?

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Бар, бірақ ол өте қын жол. Оған өзің де келіспеуің мүмкін!

ҚОBYЛАНДЫ БАТЫР (*жұзіне қан жүгіріп*): Айтыңыз, келіспейтін несі бар? Тек ың-шыңсыз құтқарып алсаныз болды!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Ендеше, тында! Біз оларды сән-салтанатпен қарсы аламыз. Асты-үстеріне түсе сыйлап, алақанға салып күтеміз. Ақырында аңға алып шығамыз. Міне, сол жерде қапысын тауып екеуінің де жанын жаһаннаммға жібереміз! Сонда бәрінен де ың-шыңсыз құтыла-мыз!

ҚОBYЛАНДЫ БАТЫР: Қалай?

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Сарбаздарыңмен тасада тығылып тұрып, тосын-нан тап бересіндер!

ҚОBYЛАНДЫ БАТЫР (*тіксініп қалып*): Кешіріңіз, хан ием! Мен сұлтандарды қараулықпен қапыда баса алмаймын! Қобыландының тасада тұрып тас атқанын қашан көріп едіңіз?! Бұны өзіме еш лайық көрмеймін. Керейдің де, Жәнібектің де әкелерімен сыйлас, дәмдес болдым, жақсылықтарын көп көрдім. Тіпті, Барақ хан мені екі рет ажал құрығынан аман алып қалғанын өзіңіз де білесіз. Сондықтан оның баласын өкпеге қисам да, өлімге қия алмаймын! Ақжолдың қанын мойныма жүктегенім де жетер.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Эй, аңғал батырым-ай, біле-білсең, мен сенің қамынды ойлад тұрған жоқпын ба?! Керей мен Жәнібек тубіңе жетпей қоймас. Ал, сен оларды қорғаштап әлексің. Байқа, батырым, жауынды аяймын деп, жаралы болып қалып жүрмे.

ҚОBYЛАНДЫ БАТЫР: Арамызда түсініспеушілік, қарама-қайшылық, келіспеушілік бар шығар. Бірақ, мен оларды қас-дұшпаным деп ойламаймын! Ақжолды өлтіргеніме де өкініп тұрмын. Егер басқадай шешімі болмаса, кінәмді мойныммен көтеріп алуға да дайынмын!

(*Қобыланды шығып кетеді. Әбілқайыр тағы жалғыз қалады*).

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Өзің біл, ақымақ! Саған күнім қарап қалған жоқ! Әбілқайыр екенім рас болса, сенсіз де есебін табармын! Иә, қанша жерден тегіміз бен қанымыз бір десек те, Жошы мен Шағатайдан басталған салқындық әлі күнге дейін сейілмей, ыдырамай, жылымай келеді... Кеуделерін кек кернеген Керей мен Жәнібектің көздерін құртпай, ойымдағым бола қоймас. Олардың тұпкі ойы – халықты маған қарсы қойып, сол арқылы тағымды тартып алып, Қек орданы жекедара билеп-төстемек қой. Бұл арам ойлары іске аса қояр ма екен!.. Бірақ, иә, бірақ, оларды арғын, найман, керей, қоңырат, уақ, қият, маңыт, қарлук, қанлы рулары қолдап отыр. Бұлар өзі бір Жаратушы Жаппар иемізден басқаға бас ие қоймайтын өр мінезді, ержүрек, жауынгер тайпалар. Бәрібір көздегендеріне жете алмас, өзім тірі тұрғанда билік тізгінін басқаға ұстата қоймаспын!

(Рәбия сұлтан бегім келеді).

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ (еркелей): Құдіреті күшті әміршім, мені кімге ұзатқалы жатырысыз?

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (құшақтан): Сен – мендіксің, сүйіктім! Ешкімге де бермеймін, бегім! Дәмеленбей-ақ қойсын!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Ел арасында өрмекшідей өсек өріп жүр ғой!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Өсекке емес, өзіме сен, періштем! Сенің ыстық құшағың-ды аңсайтындар Ақжол секілді ажал құшады. Қобыланды да қолқа салып жүр. Самарқандты алғандағы ерлігіне риза болып, сөз беріп ем. Бірақ, ай жүзінді көрген соң ол ойымнан айныдым. Сен менің жанымның жасыл жапырағысың, жүргегімнің қызыл гүлісің, сүйіктім! Сенің от құшағында қорғасынданай балқығым, шайқалып шалқығым келеді!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Құзырыңызыңа құлдық, әміршім!.. Қызығымды көріп, шыжығымды басқаға қалдырайын деді ме екен, бұнысы несі деп ойлап ем?! Құр босқа құдікке бой алдырыппын ғой! Қобыландының аласұрған көнілін қалай басасыз? Ол бір тоқтау білмес дүлей күштің иесі емес пе?

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (оіланып): Оған басың ауырмасын, періштем! Әзірше, сол құрғак уәдеге сеніп жүре берсін. Әбілқайыр екенім рас болса, оның да есебін табармын!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Мен бәрібір Қобыландыдан қатты қауіптенемін. Өзім үшін емес, сіз үшін, әміршім! Сырттай сенімді сөрігіңіз секілді сыңай танытқанымен, іштей бір қарсылық бар екенін сеземін. Тым жақын тарта берменіз, қастық жасап жүрмесін!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Оны қайдан білесің?

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Біз де тегін адам емеспіз, текті атаның ұрпағымыз, байқаймыз ғой, байқаймыз!..

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Ә, солай ма? Өзімнің де бір күдігім бар еді! Бәсе, бекер секемденбеген екенмін!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Жарық жалғанда жұмыр басты пендеге сенуге болмайды, әміршім!

(Рәбия сұлтан бегім шығып кетеді).

СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС

Қотан тайши қайғылы, әжімді жүзін мұғ төрлаган. Жалғыз ұлы – Ақжол биден айырылып, зарланып-ақ отыр. Керей, Жәнібек сұлтандар мен Қаптағай, Қарақожса батырлар көңіл айта келеді.

ҚОТАН ТАЙШЫ: Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!

Сексен асып, таянғанда тоқсанға,
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным!
Адасқаның жолға салдық бұл ногайлы ұлының!
Аққан бұлақ, жанған шырақ жалғыз күнде құрыдын,
Қара Қыпшак Қобыландыда нең бар еді, құлыным!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Ақжол жалғыз сіздің ғана емес, бүкіл елдің баласы еді. Мына жұрттың бәрі қайғы жұтып, қапаланып отыр. Өтпейтін өмір, өлмейтін жан жоқ. Ажал құрығынан ешкім де қашып құтылмаған. Белінізде бүктіріп, қабырғаңызды қайыстырган қайғыңызға ортақтыз. Сізге бұл қазаның оңай соқпасын білсек те, көніл айтамыз, жұбатқымыз келеді. Басыңызды көтеріңіз, еңсенізді түсірменең! Ақжол марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жанатта болсын!

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Сабыр, би, сабыр. Ешкім де мәңгі жасамайды, әркімнің өлшеулі өмірі бар. Сабыр етіңіз, Жаратушы жаппар иеміздің жазғанына көнеміз де бәріміз, одан асып ешкім ешқайда бара алмайды. Жер басып жүрген жұмыр басты пенденің қайсысының төрт құбыласы түтел дейсіз, қайыспас қара нарсыз, берік болыңыз!

ҚОТАН ТАЙШЫ: Ақжолымның ажалы жаттан емес, жақыннан болғаны көнілімді құлазытып, өзегімді өртеп отырғаны. Қобыландыны өлтіріп, елін шабамыз деп өре түрегелгендерді өзім токтаттым. Баламның артын жамандыққа ұластырмасын, ағайынның арасына сына қақпасын!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Айтып отырғаныңыз көнілге қонады, би. Елдің береке-бірлігін ойлайық, ағайын арасын араздастырып алмайық.

ҚАПТАҒАЙ БАТЫР: Эй, Керей, неменеге мәймәнкелеп отырсың! Елдің береке-бірлігін Қобыланды неге ойламайды екен? Жоқ әлде, береке-бірлік бізге ғана керек пе? Неге осы біз әркімнің бір ығына жығыла береміз! Эй, ағайын, еріміздің құнын жоқтай алмасақ, несіне жер басып, күпіп жүрміз! Арыстай азаматымыздың алтын басын ажалға байлан жатса да, тырс етпей қарал отыра беру керек пе??

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Ер Қаптағайым-ай, сен ойлағанды біз ойламайды дейсің бе? Бүгінгін ғана емес, ертенгі күнді де ойлайық. Бидің өлімі – жауыздық пен жамандықтың емес, жақсылық пен берекенің бастауы болсын! Асығыстыққа жол бермей, кеңінен кенесіп іс қылалық!

ҚАПТАҒАЙ БАТЫР: Ел тыныштығы жауыздыққа тиым салып, кінәлілерді қатаң жазалағанда ғана сақталады. Онсыз іштегі сыздың жіби қоюы қыын. Сендер жалтақтық танытып, бұғынып отыра беріндер! Арғын-найманнан шоқпар ұстар мың жігіт табылар, өзім-ақ Ақжол бидің кегін алып, Қобыландының жазасын беріп келемін!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Аптықпа, батыр, сабаңа тұс! Алдымен сөзге қонақ бер, мен ойымды аяқтаган жоқпын, айтартымды айтып алайын! Истің

байыбына бармай киліге кететінің-ай, осы сенің! Ақжолды жоқтамай, құнын дауламай қалай қарап отырамыз. Қобыланды қолымен істегенің, мойнымен көтеруі керек.

ҚОТАН ТАЙШЫ: Әбілқайырды менен артық билетіндерің жоқ шығар, ол ете қекшіл, ешкімге опа таптыра қоймас. Зымияндығы сол, ешкімге азу тісін анық көрсетпейді, майдалап отырып-ак ойындағысын іске асыра береді. Ақжол қарағымның жоғын жоқтаймын деп, өздеріңің бастарың айықбас дауға ілініп қалып жүрмесін. Байқап қымылдамасаңдар, аса сақ болмасандар болмайды! Әбілқайыр оңай алдыра қоймас! Ол бәрібір Қобыландыны жазаламайды. Тым талап ете берсендер, алдан-сулап қақпанға түсіріп, өздерінді жазым етуі мүмкін. Сондықтан, мениң тілімді алсандар, өрекпімей қоя тұрындар. Кек құған пәле-жалаға жолығады. Кек қумандар. Қобыландыны бір Құдайға тапсырдым. Жаратушы аппар иемізден әділ ешкім жоқ, жазасыз қалмас. Маған бәрінен де бұрын сендердің амандықтарын керек. Әйтпесе, Әбілқайыр бәріннің түбіне жетеді. Ендеше, ашуға емес, ақылға салындар, ағайындар!

ҚАПТАҒАЙ БАТЫР: Қорқатын несі бар? Қорқа-қорқа жеткен жеріміз осы ғой! Енді үнсіз қалсақ, қорсынғаның көкесін көрерміз! Ақжол биден жанымыз артық емес. Егер осы жолы Қобыландыны жазаламаса, Әбілқайырмен ат құйрығын кесісеміз. Алдынан өтіп, қалайда айтқанымызды өткізуіміз керек! Қобыланды қолбасы болса қайтейін! Жарғы – бәрімізге ортақ, оның алдында бәріміз бірдейміз! Егер ел боламыз десек, тәртіпті қүйшектіп, қылымыс істеген адамдарды дер кезінде жазалап отыру керек. Онсыз тірлігіміз түзеледі дей алмаймын!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Айтқаныңың еш қатесі жоқ, батыр. Аянып қалар ештеңеміз қалған жоқ! Ақжол бидің құнын дауламасақ, кім болғанымыз! Әбілқайырға өзім барамын.

ҚОТАН ТАЙШЫ: Мен қауіп еткеннен, көнілде алаң болғаннан кейін айтамын да. Сендер солай шешсендер, қойындар деп тағы қытай алмаймын! Ендігісін бара көрерсіндер! Жортқанда жолың болсын, Жаратушы Жаппар ием жар болсын ерлерім!

ТОҒЫЗЫНШЫ КӨРІНІС

Әбілқайыр хан сарайында жалғыз отыр. Көңілді. Қолын ысқылап қояды. Садыр уәзір кіреді.

САДЫР ШАҒЫР: Керей мен Жәнібек сұлтан келіп тұр, хан ием!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (сұстана): Кірсін!

(Уәзір шығып кетеді де, артынша Керей мен Жәнібек сұлтандар кіреді).

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Армысыз, алдияр?

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*ашулы*): Бармысындар сұлтандарым! Хош келдіңдер! Айттарларыңды қымсынбай айта беріңдер! Апақ-сапақ мезгілде жай жүрмеген боларсындар?

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Ел аманатын арқалай келген елшіні өлтіру ата салтымында жоқ еді. Орданызда дәл осында жауыздыққа жол бергенінізді қалай түсінсек екен, алдияр?

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Мен ешкімді өлтір дегенім жоқ! Маған олай орынсыз кінә артпандар!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Қобыланды арғындарды шапқанымен қоймай, Ақжол бидің қанын мойнына жүктеді. Ақжол би ел ардақтысы еді, құнын күштің келіп отырмыз. Қылмыскерді қорғаштамай, қолымызға беріңіз! Жазасын өзіміз береміз!

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Иә, қанға – қан, жанға – жан. Ол – дала заңы бойынша өлім жазасына кесілсін!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Қобыландыны өлтіргеннен қандай барқадам табам деп ойлайсындар? Одан да өтеуіне бір емес, үш кісінің құнын алындар, бір бидің дауы сонымен бітсін!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Жоқ, Қобыланды лайықты жазасын алуы керек!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Ашуныңды тізгіндеп, ақылға салындар, ерлер шекіспей тұра ала ма?! Әрі Ақжол би қапияда емес, ашық айқаста опат болды. Егер Ақжол бидің күші басым болса, Қобыландыны өлтірер еді. Олай болса, өнбес дауды несіне қуасындар. Жекпе-жекте жан тапсырған ердің құнын ешкім де дауламас! Ондай адамның арманы, артындағылардың арызы болмауы керек!

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН (*ашуга бұлығын*): Сонда қалай, әлі жеткен әлсізге әлімжеттік жасай беру керек пе?

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Мен олай дегенім жоқ.

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Қобыландыны жазаға тартқызбасаңыз, ел іші бұлінгелі тұр. Арнасынан асып-тасқан асаяу өзендей бұырқанған халыққа тоқтау сала алмаймын! Ел – ақымақ емес, бәрін көріп-біліп отыр.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Иә, мен сендерді түсінемін. Айтқандарың-ак болсын! Бірақ мен оған үкімді жалғыз өзім кесе алмаймын. Билермен ақылдастып-кеңесіп көрейін. Жауап өзімнен болады.

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Откен жолы да талап-тілегіміз ескерілмей, аяқсыз қалды. Қобыландыны жазалағанның орнына, қолтығына су бүркіп, тілтеп тайрандатып қойдыңыз! Міне, соның кесірінен бүгін арыстай азаматымыздан айырылып, қан жылап отырмыз. Сол жолғы Қобыландының қолынан қаза тапқан бейбактарға құн төленбеді, бес үйір жылқыны да иелеріне қайтармай, сіңіріп кетті. Осыдан кейін Қобыланды есірмегенде, кім есіреді?! Бұған қалай төзуге болады? Шыдамның да шегі бар емес пе?

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*маңғаздана*): Мен сендерді толық түсіндім. Кешірімнің, табысуымыздың, береке-бірлігіміздің басы болсын, ертең Жәнібек сұлтан екеуінді аңға шақырамын! Таза ауда серуендең, аңқұс атып, бой сергітіп қайтайық. Сонда бәрін ақылдастып, бір бәтуаға келерміз! Қобыландының тағдырын сол жерде шешерміз!

КЕРЕЙ СҰЛТАН (*жүзі жылын*): Айтқаныңыз болсын, алдияр!

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Ел ішінің тыныштығын ойласаңыз, сөзімізді жерге тастамассыз деп сенеміз, алдияр!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (*жынысқылана*): Әлбетте, сұлтан, әлбетте! Еш алаң болмаңдар! Бәрі де рет-ретімен өз шешімін табады! Ал енді дастарханға жүріңдер! Бүгін сіздер үшін арнайы ас әзірлетіп, әншижыршыларды шақырып қойып ек.

(*Сән-салтанат басталып, қызық-думанның көрігі қызады. Әншілер ән айтып, жырышылар жыр жырлап, күйшілер күй тартады. Жартылай жалаңаш қыздар мың бұрага би билейді.*)

ОНЫНШЫ КӨРІНІС

Tau-mastы даға. Керей мен Жәнібек сұлтандар аң қарап келе жатыр. Алдыңғы жағынан шыққан аңың ұдебіріне елеңдең, бойын құмарлық билей бастаган Жәнібек сұлтан алдыға оза береді. Сол сәтті құтіп тұргандай, устіне қара жамылған бір жендет масадан атып шығып, Жәнібек сұлтанға тап береді. Жендет енді пышагын жарқұ еткізіп сала бергенде көңіліне сезік алып, аса бір сақтықпен аяғын аңдып басып келе жатқан Керей сұлтан жүгіріп келіп, оның арқасына өз қанжарын қадайды. Жендет құлап түседі. Сол кезде қайдан шыға келгені белгісіз, қара күмді қарақышылар екі сұлтанды қоршап алады. Керей мен Жәнібек қылыштарын оңтайлап, бір-біріне арқаларын сүйей тұра қалысады. Жүгіріп келген бір-екеуін қылышпен шауып өлтірген сұлтандардың сұсты кейітерін көрген қарақышылар бірден тарна бас салуга батылдары жеттей, аз-маз кідіріп қалады. Бірақ, бұл кідіріс ұзаққа созылмайды. Іштеріндегі біреу: «Негіз тұрсыңдар? Өлтіріңдер екеуін де!» – деп айғай салады да, өзі қолындағы қылышын оңтайлай сұлтандарға тап береді. Керей сұлтан оны да қылыштан құлатады. Қарақышылар жабылып кетеді, қос сұлтан аман қалудың жайын ойлат, жандәрмен қылыштаса береді. Талай жендетті сұлатып салады. Кенет Жәнібек қолынан жараланып, қылышы жерге түсіп кетеді: «Сұлтан мені қалдырыңыз, тым құрмаса өзіңіз аман құтылыңыз!» – деп қинала дауыстайды. Дәл осы кезде аттың ұдебірі естіліп, Қобыланды батыр сарбаздарымен жеттіп келеді де, қандықол қарақышылардың бір-екеуін қылышымен шауып өлтіреді. Оны көрген жамылғы жабылған жендеттер тым-тырақай тұра қашады.

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Рахмет, батыр! Бір ажалдан құтқардың!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Әлі де татар дәм-тұздарың бар екен. Жанай етіп бара жатқанбыз, тасыр-тұсыр дыбысты естіп бұрылдық. Жалғыз жарым жүргендерін қалай?

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Нөкерлерінді тастап кетіндер деген Әбілқайыр еді. Бұлай болар деп кім ойлаған?

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Ханның өзі қайда? Бірге барамын деп еді гой!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Сендер жүре беріндер, арттарыңнан қуып жете-міз деп еді. Әлі қарасы көрінбейді гой!

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Мыналар кім болды екен?

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Бұл маңда жол торыған қаракышылар көп жүреді. Байқамаса болмайды.

(Кобыланды батыр бұдан әрі ләм-мим демей, сарбаздарын ертіп, жөнені береді. Керей мен Жәнібек сұлтан оңаша қалады).

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Әбілқайырдың анға неге шақырганы белгілі болды.

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Иә, жанымызды жаһаннамға жібермек екен! Қобыландының арқасында аман қалдық! Ал, біз оны жазалауды талап етіп жүрміз.

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Иә, айтпадым ба, бұның барлығы Әбілқайырдың ісі. Ол ешкімді аямайды және өте кекшіл, енді бәрібір бізді тірі қоймас. Ағайын-туыс пен бала-шагамыздың басына да қауіп төніп тұр. Амалын тауып, аман қалудың қамын жасайық. Өзімізге қарайтын ру басыларының бәріне ат шаптырып, кеңеске жинау керек. Ақылдасып-кеңесіп, шұғыл шешім қабылдамасақ болмайды. Ыргалып-жырғалып жүргуге уақыт жоқ. Енді кешіксең, бәріміз де қойша қырыламыз!

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Тура келген ажалдан құтқарып қалғаныңыз бір бұл емес. Айттар алғысым шексіз, сұлтан!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Есінде болсын, бауырым, мен сені әлдебір бақай есеппен құтқарып қалған жоқпын. Екеуміздің тегіміз де, қанымыз да бір, бір атанаң баласымыз. Мен де – сенің ағанмын. Атамыз Орыс ханның Жошы ұлысының барлық жерін біріктіруді армандағанын білесің. Ал, тақты заңсыз иеленген Әбілқайыр сенің әкен – Барак ханның иелігінде болған елді емін-еркін билеп-төстеп отырғаны аздай, барлығымыздың жерімізге көз алартып, өмірімізге қол салып жатыр. Енді аялдайтын дәнене қалған жоқ. Тезірек атқа қон, Әбілқайыр келмей кетіп қалайық!

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Иә, оның енді бізді тірі көргісі келе қоймас!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Әлбетте, бауырым! Сондықтан, тездетіп бұл маңнан қарамызды батырайық!

(Екеуі кеміп қалады).

ОН БІРІНШІ КӨРІНІС

Керей сұлтанның он алты қанат ақ ордасы. Ортада Керей мен Жәнібек сұлтандар отыр. Оларды жағалай Асан Қайғы, Қазтуған жысырау, Қотан тайшы, Қарақожса, Қаптағай, Бөрібай сынды батырлар мен Қайырқожса бек және басқа да жақсы-жайсаңдар жайгасқан. Керей сұлтан жиналғандарды бір шолып өтті де, сабырмен сөз бастады.

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Ардақты би-батырларым, көптен бері көкейімде жүрген ойды ортаға салмақпын. Қазір қыын кезенді бастан кешіп жа-тырмыз. Ежелден-ақ бостандықты аңсаған, еркіндікке ұмтылған ел едік. Болашағымызды айқындал, жүрер жолымызды бағдарлап алмасақ, бол-майды. Өмірдің өзі соны талап етіп отыр, сіздерді сол үшін шақырттым.

ДАУЫСТАР: Иә, айта бер, сұлтан! Иркілме! Құлағымыз сенде! Сөйле, сұлтан! Сөйле, Керей сұлтан!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Әбілқайыр кейінгі кездері кәрі мен зәрін аямай-ақ төгіп, халықты қанап, талап-тонап, берекесін әбден қашырып жіберді. Ешкімді аятын түрі жоқ, бәріміздің басымызға қауіп-қатер төніп тұр. Ендеше, жүртімымыздың амандағын ойласақ, тез арада Әбілқайырдан ірге ажыратып кетудің қамын жасауымыз керек! Біз осыған белді бекем буынып отырмыз! Сіздер бұған не дейсіздер? Ойларыңызды ашық айты-ныздар, ағайын! Қызыл қарын, жас баланың қамын ойлайтын кез келді!

ҚАРАҚОЖА БАТЫР: Не дейтіні бар?! Айтқаныңың бәрі рас. Әбілқайыр білгенін, ойына келгенін істеп отыр, өрісіміз де, тынысы-мыз да тарылып барады. Бірақ, катын сияқты қашып кетпей, күш жинал, қарсы көтерілейік. Несіне қорқамыз? Қазір оның бұрынғыдай күш-қуаты жоқ.

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Ахмет пен Махмұт сұлтандар қарсы көтеріліп көрген жоқ па? Не шықты? Қол астарындағы қара халықты қанды қырғанға ұшыратқаннан басқа ешқандай пайда тапқан жоқ. Бізге қарағанда, олардың күші де басым еді. Әрі қол жинауға уақыттары да жеткілікті болды, ал бізде ол кеңшіліктің бірі де жоқ. Енді ондай мүмкіндікті Әбілқайыр да бере қоймас. Елдің жай-жапсары өздеріне жақсы мәлім, қалай болған күнде де хан жасақтарымен күш теңестіре алмаймыз. Егер біз дәл қазір Әбілқайырға қарсы көтерілсек, өзіміздің ғана емес, бізге сенім артып отырған ел-жүртімымызды да қанды қырғынға ұшыратамыз!

ҚАЙЫРҚОЖА БЕК: Көшеміз дейді? Көшкені қалай? Сонда қайда көшпекпіз?

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Әбілқайырдың дүшпаны көп. Қайда барсақ та бізді құшақ жая қарсы алар. Дегенмен, ең дұрысы – Моғолстан. Себебі дәл қазір Есен Бұқаның жағдайы мәз емес. Тұған ағасы Жұніспен жау-

ласып, әзірше бірін-бірі ала алмай жүр. Есен Бұқаның Жұніске жалғызы шамасы жетпейді. Ол соны біліп, осыдан сәл бұрын «Қармағындағы тайпалармен көшіп келіп, Моғолстан мен Әмір Темір ұрпақтары билік жүргізетін аймактың аралығына қоныстанар болсан, жер беремін!» – деп елші жіберген. Әрине, Есен Бұқа бізден Әбілқайыр мен Ақсақ Темір хандықтарының шабуылынан қорғайтын қорған жасамақ. Қытай мен қалмакқа да қарсы салмақ. Әрі хандықтың өз ішіндегі алауыздық пен талас-тартысты тиуға пайдаланбақ. Бізде қазір тандау жоқ, бірақ өз есебіміз бар. Біз будан үтпасақ, ұтыла қоймаспаз. Сондықтан, Асан биді Моғол ханы Есен Бұқага жібердім. Ел көріп, жер шолып қайтты, қайда барғанын, қалай болғанын өз аузынан естіңдер. Алдымен Асан биді тыңдайық! (Асан қайыға қарап) Көрген-білгенінізді айта отырыңыз,abyzым!

АСАН ҚАЙФЫ: Иә, Керей, Желмаяма мініп, жиһан кезіп, «Жерүйық» дейтін ну орманды, көгорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс ізdedім. Бармаған жерім, баспаған тауым жоқ. Алдымен Түркістанның маңайындағы ескі қала Сауранды көрдім: «Әттеген-ай, корғанды ай тақырдың бетіне, Шөлістанның өтіне салған екен. Сарқырап аққан сұзы жоқ, жайқалып тұрған нұзы жоқ – тұбі тұрақты қала бола алмас». Батысқа үш барып, үш қайттым. Тұбінде мал баққан шаруага Батыстан артық жер болмас. Еділ менен Жайықтың, бірін – жазға жайласаң, бірін – қысқа қыстасаң, алтын мен күміске қолынды маларсын. Шу өлкесін де шолдым, Шу деп атын теріс қойыпты. Тегінде бір шулағаны болмаса, ну қамысы елді жұтқа бермес. Шудың аяғында Сарысу елі шөп жимай, Шудың қамысын – қыстап, жаз – Арқаны жайлайды екен. Әулие-Атаның шығысынан аққан Талас, батысынан аққан Келес өзендерін де көрдім, малға жайлы екен. Талас пен Келессіз, малсыз күнің кенелмес. Жері де жайылған малға жұт болмас. Екі Келес, бір Талас, бал татыған жер екен, сиыр тұқымы үзілмейтін жер екен. Жетісүдың ағашының басы – сайын жеміс екен, шаруага жақсы қоныс екен!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Алдымен сол Жетісу өнірін тұрақ етсек. Содан соң сіз айтқан жерлердің бәрін өзіміздің иелігімізге айналдырсақ деген ой-жосығымыз да бар.

АСАН ҚАЙФЫ: Шынында да, бұл жалғаннның жерүйығы – Жетісу екен! Алтын ордаларынды сол Жетісуға тіксендер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалар заман орнайды.

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Әп, бәрекелді,abyzым! Ендеше, аялдайтын да, артқа қарайлайтын да ештеңе қалған жоқ. Уақыт оздырмай, көш қамына кірісу керек.

ҚОТАН ТАЙШЫ: Иә, бір жерге тұрақтанар кез келді. Әбілқайыр билікке келгелі хандығымызда береке қашты, бірлік кетті. Тыныштығымыз бұзылды. Елді алалауын қоймады, әзелден бауырына тартқан тайпалар-

ды жарылқап, бізге тізе батырып отыр. Береке-бірлікті ойлайтын хан халқына тең қарамаушы ма еді?! Шыдамның да шегі бар, бұдан былай оның езгісіне төзге алмаймыз. Сұлтандарым, бізге біреуің хан болып, жол бастаңдар! Біздің тілегіміз сол – Әбілқайырдың тепкісінен құткарындар! Мен де бөлініп кетуден басқа жолды көріп түрганым жок. Ел боламыз десек, әркім әр жаққа тартпай, бір тоқтамға келейік, ағайын! Менің айтады, аттың басын ата қонысқа тірегеніміз дұрыс па деймін!

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ: Ниеттерін – тұзу, ойларың – асыл, бағыттарың – оң. Елдегі жағдайды да толық көріп-бліп отырмыз. Халық аса наразы, бір өзгеріс керек-ақ. Тек жаза басып, Әбілқайырдың құрған тұзағына тұсіп қалмайық! Асығыстыққа жол бермей, алдымен артымызды байқастап, алдымызды бағдарлап алайык!

ЖӘНІБЕК СҮЛТАН: Иә, жырауым, қаупің орынды. Бәріміздің де кеудемізде үміт пен үрей алмакезек алмасып, тайталасып өмір сүріп жатыр. Ешкім де болашағын болжап біле алмас. Дейтүрганмен, жаңа іске қадам жасарда үрейді үмітке жендеріп, нартәуекелге бел буласан, ойындағының жүзеге асуы қын. Оның үстіне бізде басқа таңдау да жок. Омалып отыра берсек, Әбілқайырдың езгісі мен тепкісіне төзіп, мазақ боламыз, ал өз хандығымыздың шанырағын тіктеп, іргесін бекемдей алсак, қолымыз тенденкке жетіп, азат боламыз!

БӨРІБАЙ БАТЫР: Оу, Керей, менің көнілімде бір күдік бар. Адам яғы баспаған ку медиен, құла тұзге барамыз деп, аштан қырылып қалып жүрмейік. Оның үстіне бір жерден екінші жерге көшіп-қону да оңай емес, аман-есен жетеміз бе, жетпейміз бе, бір Құдай біледі. Жеткен күннің езінде жат өлкеде судағы балықтай еркін жүзіп кете алсақ жақсы. Мынандай аумалы-төкпелі заманда біреуге сенім арту да қын. Сол сенім артқан адамдарының алдап соғып, орға жықпасына кім кепіл?! Дос бар, дүшпан бар, осы жағын ойладындар ма, ағайын?

ДАУЫСТАР: Е-е, ол жағын ойламаппыш-ау, шынымен де жат жүрт, бөтен өлкө. Шынында да қалай болар екен?

КЕРЕЙ СҮЛТАН: Ойладық, батыр, кеңінен ойладық! Ол ку медиен, құла тұз емес, кезінде Орыс ханның, яғни біздің ата-бабаларымыздың иелігінде болған жер, ежелгі атақонысымыз. Ол жақта да жанашыр ағайын-тұыс, ниеті мен тілегі бір ел-жүрт бар, бізді жатсына қоймас. Жақында олардан Бақтияр би мен Қылышбай батырлар бастаған елшілер келіп кетті, бізге: «хан болыңыз», – дейді. Елдіктің туын қосыла тіктегілері келеді. Ел елге қосылса – құт емес пе?! Оны олар жақсы біліп отыр. Біз жат жүртқа жел айдаған қаңбақтай қаңғып бара жатқан жоқпыш, алтын бесік атамекенімізге аяқ басқалы отырмыз! Қорқынышқа бой алдырып, үрей шақырмандар, қайта жігерлерінізді жанып, күш-қайрат көрсетініздер. Сонда ғана алдымыздан ақ таң атып, арайлап күн шығады.

ҚАПТАҒАЙ БАТЫР: Әбілқайыр билік тізгінін ұстаганнан бері қан төгіс соғыстар мен ішкі тай-талас қырқыстар жиілеп, езгі мен қанау күшейіп, халық ауыр күйзеліске ұшырап отыр. Мал жайылымын пайдаланудың ежелгі тәртіппері мүлде бұзылды, мезгілінде жайлау-қыстауымызға бара алмайтын болдық. Құның ащы зардаптарын қарапайым қалың бұқара тартып отыр. Осындай ауыр тауқымет тартқан халық озбыр ханың ұstemдігінен құтылып, жайлы өмір сүруді қалайды. Бірақ, кімге сенім артып, кімнің артынан ерерін де білмей екіүдай күй кешіп отыр. Өзімізден де бар, басымыз бірікпейді. Соның кесірінен талай мәрте жауларымызға жем болдық. Міне, бүгін де бет-бетімізben бытырап, тәрт хандыққа тен телім бол, әркімнің бір илеуінде журміз. Жұлдырықтай жұмылып, өз хандығымызды, өз ордамызды тіктеуге әл-қуатымыз жетеді ғой. Дәл қазір орайы келіп-ақ тұр, ал бұл мүмкіншілікті пайдалана алмасақ, ел болудан қаламыз. Алпыс күн атан болғанша, бір күн бура бол деген. Әбілқайырды тәубесіне түсірер кез келді.

ДАУЫСТАР: Жөн! Жөн сөз! Дұрыс-ақ!

БӨРІБАЙ БАТЫР: Иә, Әбілқайырдың ордасын ойрандап, қамал бұзар күш-куатымыздың бар екенін есіне салып қояйық!

ДАУЫСТАР: Ендеше, не тұрыс? Аттанайық! Сәті түсіп тұр! Оның қазір бұрынғыдай көк тіреген күші жоқ!

АСАН ҚАЙФЫ: Ау, агайын, ашуға емес, ақылға ерік беріндер! Әбілқайырдың самсаған сары қолына қарсы тұrap халықта не қауhaar бар?! Құр босқа қанға бөгіп жүрмесін, қалың қауым!

ҚАЙЫРҚОЖА БЕК: Әй, көште бастарың қалғыр, несіне: «көш, кеш», – деп өрекпи бересіндер! Елден бөлініп қайда бармақсындар? Жылы орындарынды сүйтқаннан қандай пайда таппақсындар? Әбілқайырдың хандығынан кетсендер, күндерің не болатынын білесіндер ме? Тұп-тұқияндарынмен құрып кетесіндер! Әлде сол керек пе сендерге?! Құдай-ау, Әбілқайырдан қандай жамандық көріп отырсындар? Өздерің емес пе, алым-салықты уақытында төлемей, қытығына тиіп отырған. Елде тәртіп болмаса, әркім өз білгенін істегісі келсе, не болғаны?! Құр босқа шуылдай бермей, алды-арттарынды ойландар бір уақ?! Сендерді ешкім де куып жатқан жоқ. Жылы орындарынды сүйтқаннан қандай пайда таппақсындар? Көшеміз деп, осы күндеріне зар болып қалып жүрмендер!.. Моголстанға барамыз дейсіндер, ол жақта сендерді зарығып күтіп отырған біреу бар ма, өзі? Тілі де, діні де, тегі де бөлек жүрттан қандай барқадам табам деп ойлайсындар? Ойланындар, агайын!

БӨРІБАЙ БАТЫР (атып тұрып): Тұра тұр... тұра тұр... Мен мына-ны бір-екі рет хан сарайынан көргем. Енді есіме түсті, бұл Әбілқайырдың құйыршығы, тыңшысы. Иә, соның дәл өзі! Тыңшылық жасағаның аздай, енді арамызға іріткі салайын дедің бе, арамза ит!

ҚАЙЫРҚОЖА БЕК: Мен өз елімді сүйемін, оның іштен ірігенін қаламаймын! Бөлініп-жарылу жаман ырым, оны қайдан шығарып алдыңдар. «Елден ел бөлінсе – жұт» болатынын білмеуіші міндеттес. Тыныш жатқан халықты олай дүрліктірмендер, ел ішін дүрбеленгे салмандар. Елден бөлініп, қайбір опа табам дейсіндер? Сендерді Әблілқайыр өлсе де тірі жібере қоймас. Байқаңдар, көшеміз деп, көктей қырылып жүрмендер! Айтпады демендер, менікі – ескерту! Естерің болса, елден кетпендер!

БӨРІБАЙ БАТЫР: Атаңа нәлет, жап аузынды, тап қазір жарып елтірем! Міне, осында қаша ру-тайпаның адамдары келіп отырмыз. Бәріміз де бір тілде сөйлесіп отырған жоқпыз ба?! Тіліміз де, діліміз де, шыққан тегіміз де – бір, дәстүр-салтымыз да – ортақ. Неге бәріміз жиылып, бір ел бола алмаймыз? Бола аламыз! Тарихи жағдайдың өзі осыған әкелип отыр.

(*Бөрібай батыр Қайырқожа бекке тұра ұмтылады. Қаптағай батыр оның жолын кес-кестей береді.*)

ҚАПТАҒАЙ БАТЫР: Батыр, сабыр. Қайдағы бір тексіздің арам қанын мойныңа жүктеп қайтесің! Бұл адамдық қасиеті жоқ ит қой! Оның бары не, жоғы не?! Сүмен қағып, ит тірлігін жалғастыра берсін! (*тыңғышыға*) Табанынды жалтырат бұл жерден, жоғал!

(*Тыңғыш зып беріп зытып ала жөнеледі.*)

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Ұстандар ана сатқынды! Аяқ-қолын керіп, кер ағашқа байлап қойындар!

(*Карауылдар жүргіре шығып, оны тұмқындалап, жескелеп алып кетеді.*)

ДАУЫСТАР: Бастандар, сұлтандарым! Бұдан ары шыдай алмаймыз! Ел-жүртімізды алып, сондарынан еруге дайынбыз!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Қадірлі жамағат, шынында да, жеке шаңырақ көтермей, жүртіміздың көсегесі көгерे қоймас. Біз ата-бабаларымыз арман еткен, ұлы мақсат жолына қадам басқалы отырмыз, үлкен міндегі арқалап барамыз! Бұрынғы Орыс хан бабамыз негізін қалаған Ақ Орданның қайта тірілтіп, жеке елдіктің туын қадап, шаңырағын тіктеу ойымызда бар. Алғашқы түяқ тіктер мекеніміз – Шу, Сарысу, Талас, Бадам, Қаратал өзендерінің бойы мен Қозыбас пен Қаратай өнірі болмақ. Ар жағында арқа сүйер үйсін, дулат, жалайыр, қоңырат, найман, керей, уақтың біраз елі жатыр. Ол жақтағы ағайындарды да қосып алып, бір тудың астына біріктіріп, жеке қазақ хандығын құрмакпыз! Біздің муратымыз – айқын, жолымыз – сара, бағыттың – он! Бірігуіміздің басы, елдігіміздің бастауы осы болсын, ағайын! Уақыт тым тығыз, көп аялдасақ, кеш қалуымыз мүмкін! Жиналуға үш-ақ күн мұрсағат береміз! Құдай бұйыртса, үшінші күні таң сәріде көштің басын Жетісуға қарай бұрамыз! Алдымен жөн мен жол білетін Асан абызды алдыға саламыз. Могол ханы Есен Құқага барып, алдын-ала келісімге келіп, қонысымызды жайлай берсін! Әненің

дегенше өзіміз де жетіп қалармыз! Ал іске сәт, ағайындар! Бүгіннен ба-
стап көш қамына кірісіндер!

ДАУЫСТАР: Бәрекелді! Жарайсың, сұлтан! Дұрыс-ақ! Ел болып,
енсе тіктеудің мезгілі жетті! Қолдаймыз! Қуаттаймыз! Қосыламыз! Иә,
ақсарбас! Құдай өзің қолдай гөр! Жаратқан жолымызды онгарсын!

АСАН ҚАЙФЫ: Халқым үшін сай сүйегімді саудыратып қайда бол-
са да баруға дайынмын. Ұлы көшіміз ұлан-асыр тойға ұлассын, ағайын!
(*Алақаның жайын*) Ал, ақ батамды берейін!

Жолдасымыз Қыдыр болсын,
Үйімізге ырыс толсын!
Орындарымыз төр болсын,
Дастарханымыз мол болсын.
Бес қаруың сайлы болсын,
Жайлар қоныс жайлы болсын.
Күндерің шығып, жарқырап,
Түндерің тыныш, айлы болсын,
Жолымызды Құдай онгарсын,
Тосқауылдар болмасын.
Серті мен сөзде тұратын,
Сенімді болсын жолдасың.
Жолынды кесем дегендер,
Ешқашан да оңбасын.
Жортып бір шаршап жеткенде,
Жомарт болып тәсегің,
Жұғымды болсын ішкенің.
Айдарыннан жел ессін,
Желіп жүріп, жет, желпін.
Бак қосылып басыңа,
Дак тұспей абырой-арыңа,
Бас қосайық, ағайын,
Ту тіккен барып ордана.
Бір Құдай өзі жебесін,
Аруактар демесін.
Гайып Ерен, қырық Шілтен,
Тигізсін дәйім себесін.
Алтын күнде алты айлық,
Арымай-талмай жол алғын,
Аман-есен жеткен соң,
Қазіргідей қол алғын!
Әумин.

(Бәрі шығып кетеді).

ОН ЕКІНШІ КӨРІНІС

Шарбақ шошала. Ақжайлы ана мен жас келіншек есік алдында құрт жайып отыр. Келіншектің іши үлкейіт қалған, ыңқылдан әрең отыр. Екеуде елеңдеп отыр, алма-кезек жолға қарайлат қояды. Бір кездे келіншек анадайдан өздеріне қарай аяғын асыға басып келе жатқан күйеуін көріп қалады.

ҮМІТХАН: Апа, Сақ келе жатыр.

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА (*көтеріліп*): Тәңірім-ау, тағатымызды тауысып жетті-ау, ақыры! Неге осыншалықты кешікті екен, әйтеуір тыныштық болса жарар!

(*Сақ жүгіре басып келеді, қас-қабагы салбырап түсіп кеткен. Қос ана үрпісіп, оның аузына қарай қалысады.*)

САҚ (*аптығып*): Апа, көшетін болдық!

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: Тәңірім-ау, қайда?

САҚ: Қайда екенін өзім де нақты білмеймін! Бірақ, көшетініміз айдан анық. Елдің бәрі көшуге дайындалып жатыр. Ел ағалары осындай шешім қабылдапты.

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: Осы көш қашан тоқтар екен?! Тұғаннан бері көшіп-қонып келе жатқан жоқпыз ба?! Қашан осы біз бір мекенді тұракты қоныстанар екенбіз!

САҚ: Соның қамы дейді ғой, апа!

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: Егер шынымен солай болса, амал жоқ, көтерілеміз де! Құтты қоныс тауып, сол жерде алансыз үрпақ өсіріп-өрбітсек болmas па еді. Әйтпесе, әрі-бері көшіп, аяғымыздан тоздық қой аبدен! Маза да жоқ!

САҚ: Апа, уақыт өте тығыз екен! «Тез жиналсын!» деген шұғыл хабар келіпті. Ертең тәңертең Керей сұлтанның ауылына жол тартамыз дейді. Халықтың бәрі сол жерге жиналғалы жатыр екен! (*Әйеліне*). Үмітжан, тездетіп ас қамдап жібер, аздап тынығып алып, көш қамына кірісейік!

ҮМІТЖАН (*абдырып*): Енді... қайда? Не?.. Жарайды... қазір!...

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНА: О, Тәңірім бір өзің жар бола гәр, жолымызды онғара гәр, Жаратқан! Жасағанға жалбарынып, сыйынғаннан басқа не келеді біздің қолдан?

(*Бәрі шошаланың ішіне кіріп кетеді.*)

ОН ҮШІНШІ КӨРІНІС

Қобыланды батыр мен Рәбия сұлтан бегімнің қарасы көрінеді.

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Рәбия бегім, не дейсің? Алдыңа ағайынның қарғысын арқалап, қан аттап келіп тұрмын, жан азабын тартқыза бермей, шешімді сезінді айт!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ (*сайқалдана мұңайып*): Батырым, білесің бе?..

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Нені?..

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Әбілқайыр...

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Иә, не істеді, Әбілқайыр? Ашығын айт!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Әбілқайыр тірі тұрғанда мен сендік бола алмаймын!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Неге?

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Айтуға оңай болмаса да, айтпасыма амалым жоқ. Хан мені өзіне жар етпек.

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Не? Не дейді? Үәдесі қайда қалды, ал мен оған сеніп жүрсем...

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Сенім де кейде алдайды.

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Алдамшы бәрі, алдамшы! Тек өзің адап болсаншы! Мен сені Әбілқайырдың құрығы жетпес жаққа алып кете-мін. Тек өзінің келісімің ғана керек!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Ол енді мүмкін емес! Мені ұмыт мәңгіге!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Не боп қалды тағы да?

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ (*күмілжіп*): Енді бәрі кеш. Әбілқайыр еркімнен тыс етегімді көтерді...

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР (*ауыр құрсініп*): Білем... білем... Әбілқайырмен ауызжаласып, мені алдаң жүргенінді сезсем де, осы бір сөзді өз аузынан естігім кеп келіп ем... Естідім, көңілімді күпті еткен күдік-күмәнға қөзім жетті-ау, ақыры! Бет-перден сыптырылды, шын бейненді таныдым. Сендей зәлім қар үшін мойныма қан жүктедім, ағайынның та-басына қалдым. Басым жаманатқа байланды. Сондағы айтпағың осы ма, айланды асырдың, сайқал!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ (*қатуланып*): Иә, ел шапқан қалай болады екен?! Самарқандың байлығын тонағандарың аздай, халқын қынадай қырып, қан қақсатып кетіп едіндер. Сендей жауызға қатын болғанша, кара жерді құшқаным артық!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Ойыңды енді түсіндім, бірімізді-бірімізге айдал салып, ортасынан өз есебінді түгендемек екенсің гой, опасыз! Ай, ақымақ басым-ай, қозімнің байланып қалғанын қарашы! Өкініші көп емір-ай!

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Иә, оны өзің де біліп тұрсың. Әйтпесе, Әбілқайыр хан түрганда құшағымды ашар сен кімсін? Бар болғаны қарғыс атқан қарғыбаулы қабаган итсің!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Жап аузыңды, қаншық! Қара қаныңды сүдай шашпасам, Қобыланды атым өшсін!

(*Қобыланды ашуга бұлығып, қанжарын суырып алып, Рәбия сұлтан begімге тұра ұмтылады. Рәбия begім айғайлап, орданы басына көтереді*).

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ (аттандап): Әміршім... әміршім... Құтқарындар!.. Әміршім... әміршім!..

(*Рәбия begімнің дауысын естіп, Әбілқайыр хан нөкерлерімен жетіп келеді*).

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Не боп қалды тағы?

(*Рәбия begім жүгіріп келіп, Әбілқайырдың құшагына тығылады*).

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ (шошынған кейіп танытып): Асыл текті әміршім, айттым гой сізге, мынаның ойы неткен жаман. Екеумізді де өмірем қаптырмақ!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Не деп сандырактап тұрсың?

РӘБИЯ СҰЛТАН БЕГІМ: Рас айтам, әміршім. Жаңа ғана өзі айтты.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (Қобыландыға): Не? Ақжолды өлтіріп басымды дауға қалдырғаның аздай, енді біздің қанымызды судай шашқың келе ме? Қанға тоймайтын неғылған тойымсыз немесін?

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Алдияр, сіз сайқалдың өтірігіне емес, менің шын сөзіме сеніңіз! Сізге қастандық істеу ойымда жоқ, қайта ол сіз бен біздің арамызға от жағып, түбімізге жетпек. Ара түспегенізді қалаймын!

(*Дәл осы кезде жанғышырып Әбілқайырдың тыңшысы Қайырқожа бек ордага аттандап кіріп келеді. Бәрі оған жалт қарасады*).

ҚАЙЫРҚОЖА БЕК: Хан ием... хан ием...

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Не боп қалды тағы?

ҚАЙЫРҚОЖА БЕК: Керей мен Жәнібек сұлтандар өз қарауындағы елді бастап, Морғолстанға қарай көшіп кетті.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (қабагын кіржүтіп): Не дейді? Не айтып тұрсың, өзі? Рас па?

ҚАЙЫРҚОЖА БЕК: Рас, хан ием, рас! Мен сізге қашан жалған ақпар әкеліп ем!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Ертегек неге келмедің?

ҚАЙЫРҚОЖА БЕК: Керейдің сарбаздары ұстап алып, мама ағашқа керіп байлап кетті. Содан әупірімдеп босап шыққан бетім – осы.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Өй, сені де...

(*Әбілқайыр хан Рәбия begім мен Қайырқожа бекке «боссыңдар» дегендегі иегін ымдалашарал жасайды. Екеуді тіл қатпастан шығып кетеді*).

Естіп тұрсын, ғой батыр!

КОБЫЛАНДЫ БАТЫР (қырсығып): Иә, керен емеспін!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН. Керен болмасаң, олар не үшін кетті, білесің бе?

(сөл үзіліс жасап барып) Сенің кесірін.

КОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Менің?

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Иә, сенің! Кінәнді мойында. Ақжолды ажалға байлап нең бар еді?!

КОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Мені олай кінәлай алмассың! «Қарсы шығып жатса, кім болса да аяма», – деген өзіңіз емес пе едіңіз!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Мен саған «Ақжолды өлтір» дегенім жоқ. Тек бетімен кеткен бассыздарды жөнге салып кел дегем. Ал, сен – бәрін булдірдің!

КОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Сонда бәріне кінәлі мен екенмін ғой!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Қасарыса бермей, кінәнді мойында. Қателігінді өзің тузе. Жасағынды ал да, тезірек аттан. Қашқындарды қуып жетіп, кеткен іздерімен кері қайтар.

КОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Енді олар кері қайта қоймас.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (ашуланып): Неге? Кері қайту туралы менің бүйрығымды жеткіз, егер қарсылық көрсетсе, бірін қалдырмай қырып сал. Тым болмаса, кейінгілеріне сабақ болсын. Көрсін қашқындық мен сатқындықтың қалай боларын?!

КОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Айтқанынды істесем, тағы да бар кінәні маган артып, өзің сүттен ақ боп шыға келесің ғой. («сіз»-ден «сен»-ге көшті)

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (булығып): Сөз тәмәм, бүйрықты орында, батыр!

КОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Орындаі алмаймын!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (бажырағ қарап): Не?.. Не дейсің?..

КОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Иә, иә... Мен бұл бүйрығынызды орындаі алмаймын!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Неге? Не үшін?.. (құлыққа көшип) Батыр... батыр... егер қашқындарды алдыңа салып айдал келсөн, Рәбия begimdi сол заматында-ақ саған қосамын!..

КОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Осы емексіткенің де жетер. Енді мені ештеңемен алдарқата алмайсың! Сенің мұз құшағынды жылытқан сайқалға енді біздің жүргегімізден орын жоқ!

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (сасқалақтап): Не?.. Не?..

(Қабагынан қар жауган Қобыланды қайыра тіл қатпастан шығып кетеді. Әблқайыр айғайлап, жынданып, «аң» ұрып қала береді).

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Ah... A-a-a-a... Мынаған кім айта қойды екен, э! Аузы жеңіл Рәбия begimniң өзінен келді-ау! Өз иттерімнің балағымнан қапқаны-ай! Енді кімге сенемін?! (бармагын тістеп) Ай, сендерді ме,

Керей мен Жәнібек, бұл жолы жолдарына тосқауыл қоя алмаспсы! Сен, ген Қобыландының түрі мынау! Соны біліп, онтайлы сәтті орайымек пайдаланып кеттіңдер ғой, ә!.. Жарайды, әзірше масайрай тұрындар!. Ку дүние бұлай қусырыла бермес, Әбілқайыр екенім рас болса, ертең ақ қайта құш жиярмын! Көп кешікпей, қолтығына барып тығылға! Моголстанмен қоса шауып, бұл сатқындықтарың үшін сазайларынды тартқызыармын!.. Осы жолы қашып құтылсандар да, асықпандар, қојастыма қайта қайырып алармын! Менен ұзап ешқайда кете алмассындар қайда қашсандар да құтқармаспсын, бәлем! Осы сертім – серт, осы уәдем – уәде... Осы айтқанымды орынданамай тынбаспсын!

(Осы кезде алқын-жұлқын Садыр уәзір кіріп келеді).

САДЫР ШАФЫР (күмілжіп): Хан ием, хан ием!..

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Иә, не бол қалды?

САДЫР ШАФЫР: Ұлыңыз...

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (тагатсызданып): Айтсаңшы енді?.. Не болды?

САДЫР ШАФЫР (дауысы дірілден): Шаһ Будақ Ахмет мен Махмұт сұлтандардың қолынан қаза тапты.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН: Не дейсін? Не дедің? А-а-а.. Ұлым... Құлымым.. Жарығым... (айгай салып, аңілеп-үніледі). Құтырған екенсіңдер, өнкей құл-құтандар, көрсетермін сендерге, ұлымды өлтірген қалай боларын.. Бірінді қалдырмай, өз қолыммен бауыздармын! Онсыз қарайған көnlіл ағармас, жабықкан жаным жұбанбас! Жүрттарынды жермен жексен етіп құлдерінді көкке ұшырмасам Әбілқайыр атым өшсін! Атым өшсін! Атым өшсін!

ОН ТӨРТИНШІ КӨРІНІС

Көш көрінісі. Керей мен Жәнібек көрінеді. Бір хабаршы да拉қташауып келеді.

БАРЛАУШЫ (еңтігіп): Артымыздан қою қара шаң көрінді, сұлтан Шаңдатып келе жатқан салт аттылар секілді. Мен бірдене білсем, бұлаң ізімізге түскен хан жасағы.

КЕРЕЙ СҰЛТАН (қабабы түйіліп): Иә, Әбілқайырдан айла артылға! ба, жетер жерімізге жеткізбей, желкемізді үзгісі келген екен ғой.

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН (қаңарланып): Ол ойы бола қоймас. Келсін, көрі алармыз. Өліспей берісе қоймаспыш!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Иә, қарап қалуға болмас. Тезірек қамданындар Әбілқайырдың жасағы жеткенше, бекінетін қолайлы жер тауып алайық Ашиқ айқасқа шықсақ, босқа қырылып қаламыз. Сондықтан, тұтқылдаң түре тиіп, қаша жүріп ұрыс салу керек. Мойнымызда үлкен жүк, ауыл

міндет тұр. Не осы жерде мәңгіге жер жастанамыз, не жауды жеңіп, ұлы максат-мұраттарға қол артамыз. Ендеше, қапы қалмандар, қамданындар!

(Осы кезде Қаптағай батыр жестік келеді).

ҚАПТАҒАЙ БАТЫР: Сұлтан, Әбілқайырдың қалың қолы Қаратөбенің бауырына келіп тоқтады. Тек жалғыз салт атты ғана қүйгітып келеді.

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Әбілқайырдың сәлемін әкеle жатқан елшісі болар. Орындалмайтын құргак үәделер берер. Қалай болған күnde де, бізге накты жауап қайыруға болмайды. Ел ұзап кеткенше, алдағ-суларап уақыт өткізе тұру керек. Жан-жақты жіті бақыландар. Мейлінше сақ болындар!

ҚАПТАҒАЙ БАТЫР: Басқа жақтан төніп тұрган ешқандай қауіп жоқ. Барлаушылар бәрін жіті бақылап тұр. Тек мыналардың жүрістері сұйық, көнілге құдік тудырады. Бізді көре тұра аттарынан түсіп жатыр. Әл-әзір шабуылға шығатын түрлері жоқ.

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Байқа, батырым! Бұл бекер емес, алдағ соғып, айлаларын асырып кетіп жүрмесін. Шайқасқа тас-түйін дайын тұрындар. Құрган қақпандарына түсіп қалып, өкініштің азабын тартып жүрмейік.

(*Карәкегер атты жақындағы түсті. Бәрі одан көздерін айырмай қарап түр*).

ҚАПТАҒАЙ БАТЫР: Өй, мынау Қобыланды ғой!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Ішіне жасырған қандай құлығы бар екен?

ҚОТАН ТАЙШЫ: Жексүрін, жеткен екен ғой! Ажал айдаң келген шығар!

ҚАПТАҒАЙ БАТЫР: Не айтар екен?

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Айтары белгілі ғой оның!..

(*Қобыланды тақап келіп, атынан түсіп, қылышын қынынан суырып алады да, Керей сұлтанның жасында тұрган Қотан тайшының қолына береді. Бәрі демдерін іштерінен тартысып тұра қалады*).

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР (*сәл шіліл*): Би, көзімді шел басыпты. Айыбымды енді түсініп, алдына келіп тұрмын, ұлыңың кегін ал, басымды шап.

ҚОТАН ТАЙШЫ: «Алдыңа келсе, атаңың құнын кеш» деген. Иілген басты қылыш кеспес болар.

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР (*Керей сұлтана*): Қателесіп жүргенімді кеш ұқтым, сұлтан! Әбілқайырдың кім екенін енді білдім. Ат қүйрығын кесістім. Ел-жүрттан бөлініп қалмайық, ендігі өмірім ағайынның арасында өтсін! Бір тудың астына бірігіп, жеке ел болайық деген ойларынды колдап, қыпшақ елін ертіп келіп тұрмын! Айыбымды қанмен жууға дайынмын, сұлтан!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Бәрекелді, батырым! Адасқанның айыбы жоқ, кайта үйрін тапқан соң. Ортамызға оралғаныңа біз де бек қуаныштымыз.

Бір қыпшақ екіге бөлініп қалды-ау деп аландаумен артымызға қарайлап бара жатыр ек, ортамыз толып, көніліміз тоғайып сала берді гой, батыр!

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Алғысым шексіз, сұлтан! Көппен көрген – ұлы той, не көрсек те елмен бірге көрейік.

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Құдай алдыңан жарылқасын, батырым! Енді бізді ешқандай жау ала алмас, жолымызға ешкім де бөгет бола алмас.

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР: Лайым, солай болсын! Мен де соны тілеймін!

(Қазақты қырғыннан сақтап, кешірімдесіп табысқан Қобыланды өз қандастары жағына өтеді).

ОН БЕСІНШІ КӨРІНІС

Әбілқайырдан бөлінген елдіктің алғашқы қөші Шу-Қордай өңірінде, (болашақта Ертістен Еділге, Сібірден Қызылқұмға дейінгі алқапты алып жатқан өңірде) Қазақ хандығының туын тігіп, Қазақ елінің іргетасын қалайды.

АСАН ҚАЙФЫ: Қадірлі жамағат, ардақты ағайын! Жаратушы жаппар иеміздің желеп-жебеуімен көзделген жерімізге аман-есен жетіп, арман-мақсатымызға қол арттық. Елдіктің туын тігіп, уығын қадап, шаңырағын көтердік. Бостандықтың саф ауасын жұтып, еркіндіктің ерке самалымен тыныстаудың өзі басымызға қонған үлкен бақ екеніне көзіміз жетіп, көніліміз сеніп отыр. Өз қотырымызды өзіміз қасып, өз тағдырымызды өзіміз шешетін күнге жеттік. Әрине, оңай болған жоқ. Ұзақ жолды артқа тастан, киындықты жеңіп шықтық. Тер төктік, қан кештік.

Жаңа хандыққа үлкен үміт артамын, халқымыздың келешегі кемел боларына сенемін. Ол үшін ең алдымен хандық билікті күштейтіп, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажет! Сонда ғана мақсатымызға жетеміз, ойымыздың асыл арманды жүзеге асыра аламыз! Бұл болашақтың ісі, ал бүтін қауым болып хандығымызды қалай атайдынымызды ақылдасып-шешіп атайдық. Кәне, кімде қандай ұсыныс бар?

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ: Ежелден-ақ бәріміздің де ортақ атымыз қыпшақ емес пе еді?! Сонау қадым замандардан-ақ Алтай мен Ертістен бастап, Карпат пен Дунайға дейін созылып жатқан кең сахараны жайлаған халықтардың бәрі қыпшактар деп аталған жоқ па! Ал, Алтын Орда халықтары «Қыпشاқ ұлысы», «Қыпшақ тілдес халықтар» деген жалпылама атаумен аталып келгенін өздерің де білесіндер. Жат жүрттықтар әлі күнге дейін бізді осы атаумен атайды. Мениң ұсынысым, елдің атын «Қыпшақ хандығы» деп атайды!

ҚАПТАҒАЙ БАТЫР: Өткенге көз салсак, Ертістен Орхонға дейінгі Алтай мен Хинган таулы өлкесін жайлаған найман хандығының бір

кездері дүрілдеп-дүркіреп тұрганын өздерініз де білесіздер. Орхоннан Алтай, Іле, Жетісу, Ұлытауға дейінгі кең өлкеде Ақбалақ, Шамбалық, Қойлық, Бесбалық, Найман Сум қатарлы қалалар салған, саны көп, күш-куаты тасыған қабырғалы жүрт, іргелі ел едік. Ендеше, сол тарихи әділетсіздікті қалпына келтіріп, жаңа шаңырағын көтеріп жатқан еліміздің атын «Найман хандығы» деп атағанымыз жөн болар!

ҚОТАН ТАЙШЫ: Ау, ағайын! Олай өнбес дауды өршіте бермендер. Арғындардың ғұндардан тарайтынын ескерсек, біздің де бір кездері әлемге аты шыққан ел болғанымызды барлықтарын білесіндер. Біздің аз деп ешкайсыларың айта алмайсындар! Керек болса, ғұндар бүкіл түркі тайпаларының тұп атасы екені белгілі. Ендеше әркім әр жаққа тартпай, жалпыға ортак ат тауып қояйық! Себебі, мұнда жалғыз найман, болмаса бірыңғай қыпшақ жиналып отырған жоқ қой. Бәріміз де бір атаның баласымыз, шыққан тегіміз, тіліміз бен тілегіміз бір, арман-мақсаты ортак бір халықтың. «Бөлінгенді бөрі жейді», ертенгі күнді ойласақ, бөлініп-жарылмайық, ағайын!

ДАУЫСТАР: Дұрыс-ақ! Тұрасын айтты! Жөн сөз! Бөлінуді емес, бірігуді ойлайық, халайық!

(Дәл осы кезде ақ ордаға Сақ батыр кіріп келеді. Жұзі қуаныштан бал-бұл жсанады. Қолында құндақтаулы жасас сәби. Төрде отырған Асанabyздың қарсы алдына барып қасқайып тұра қалады. Елдің бәрі аңтарылып соган қарай қалысады).

САҚ: Асан ата, құтты қонысқа келіп, жаңа өмірдің табалдырығын аттап жатқан тұста ақ түйенің қарны жарылып, әйелім торсықтай ұл тапты. Жұмыр басты пендеге перзент сүйіп, әке атанудан артық қызық-куаныш бар ма, ғұмырымның жалғасы дүниеге келді! Аскан ақыл-парасатынызben мұқым елді аузыңызға қаратқан ел ағасысыз. Жаратушы жаппар иеміз сіздің атақ-абыройынызды берсін, аузына түкіріп, атын қойып беріңіз!

АСАН ҚАЙФЫ: Бәрекелді, ат ұстарының бауы берік, ырыс оған се-рік болсын! Ғұмыр-жасы ұзақ, несібесі зор болсын! Ата-ананың үмітін ақтайтын, елге жұғымды, халыққа қадірлі дара тұлға болсын! Еркіндікті қалайтын, ештенеден қаймықпайтын, ел қорғайтын ержүрек ұлан болсын! Сәбидің аты – Қазақ болсын, есіміне лайық ер бол өссін!

(Асан ата жасас нәрестені қолына алып, қулагына аузын тақап: «Сенің атың – Қазақ» деп уш рет қайталаіды. Сол сәт Керей сұлтан орнынан көтеріліп ортага шыгады).

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Ау, ағайын, Құдай тағаланың өзі Асанabyздың аузына салып тұрган шығар, еліміз бен халқымызды ерлік пен еркіндік-тің жаршысындей – Қазақ – деп атайды! Халқымыздың да аты – Қазақ болсын! Елімізді «Қазақ хандығы» деп атайды!

ДАУЫСТАР: Әп, бәрекелді! Жүйелі сөз! Жөн-ақ! Қазақ болсын!
Қазақ болсын! Қазақ болсын!

АСАН ҚАЙҒЫ: Беу, сұлтан, көшелігінді таныттың, кесемдігінді
байқаттың, сенің сезінді жерге тастай алмаймыз, айтқаның болсын!
Міннегандығымыздың атын да алғаш атап отырың, алғашқы ханы өзің
бол! Біз саған үлкен үміт артып, зор сенім білдіреміз! Беу, ағайын, сезіме
кутақ салындар, ханымыз – Керей болсын!

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ: Асан абыз, сізден асып қайда барамыз?! Өзіңіз
айтпақшы, жана дәуір басталды, қызығы мен қындығы қат-қабат келер
шешіпші кезеңге аяқ басып отырмыз. Осында жауапты шақта халықты
жарқын болашаққа бастап апарар көреген кесем керек. Қалың елді мұнда
Керей мен Жәнібек бастап келді. Екеуі де Орыс ханның тұқымы, бірі-
нен-бірін кем санамаймын, қайсысы да хан болуға лайық. Бірақ, тақ –
жалғыз. Жасы да, жолы да үлкен – Керей, ендеше – тақ та сонікі, алғаш-
қы жанымыз Керей болсын! Мен де осыны қолдан-куаттаймын!

ҚОТАН ТАЙШЫ: Максатымызға қол артқанымызben, асыл ойымыз
жүзеге асып, арманымыз орындалуы үшін әлі талай уақыт, күш-жігер ке-
рек. Тоқмейілсуге әлі erte. Заман сағымдай құбылып тұр. Қауіп-қатер де
сей ғарнада қойған жоқ, айналамыздың бәрі анталған жау. Талмауыт тұсынды
аңдып, аш қасқырдай жаланып отыр. Сондықтан, ханымызды сайлап
алғанымыз жөн! Мен де Керейдің хан болғанын қалаймын!

ҚАПТАҒАЙ БАТЫР: Шынында да бұл таққа Керей сұлтан лайық!
Асан абыз көңілге қонағын сез айтты, жасы да үлкен, жолы да бөлек
Керей сұлтанды хан көтерейік!

ДАУЫСТАР: Керей сұлтан – хан болсын! Ханымыз жасасын!
Ханымызға ұзақ ғұмыр тілейік!

КЕРЕЙ СҰЛТАН: Абыздарым, ақылмандарым, батырларым, билерім,
маған сенім артқандарың үшін алғысым шексіз! Кеудемде жаным, бой-
ында күш-куатым барда сенімдеріңді ақтармын-ақ! Алдымызда үлкен
міндет, ұлы істер күтіп тұр. Ел болып еңе тіктегіміз келсе, ең алды-
мен бірлік керек. Береке басы – бірлікте, береке-бірлігіміз берік болса,
ешқандай жау ала алмас. Ру-руға бөлініп, бет-бетімізben бытырамай, бір
байрақтың астына жиылып, ұлт болып үйисуды ойласайық! Күш-куаты
мықты, іргесі бекем іргелі ел болудың қамын жасайық! Хандығымыздың
шанырағын шайқалтпай, елдіктің туын жоғары көтерейік! Менің ба-
сты арманым – хандықты аяғынан тік тұрғызып, халқымның басын
бостандыққа, қолын теңдікке, аузын аққа жеткізу. Ұлы мақсат жолында
аянбай тер төгемін! Жаратушы жаппар ием жар болса, мұратымызға да
жетерміз!

(Ел-жұрт Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлады. Асан Қайғы жыр-
дан шашу шашады).

Есті көрсөң кем деме

Есті көрсөң кем деме,
Бәрі түйғын табылмас,
Қарындасың жамандап,
Өзіңде туған табылмас.

Адам әзіз айтар деп,
Көңілінді салмағыл.
Нәпсі алдаушы дұспанның,
Насихатын алмағыл.

Бақыты оянған ерлердің,
Әрбір ісі оң болар,
Дәулеті қунге артылып,
Не қылса да, мол болар.

Тазылары тұлкі алып,
Қаршығасы қаз іліп,
Сөз сөйлесе жән болып,
Не десе де жарасар.
Бай, байсын деп ат қойып,
Ел аузына қарасар.

Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа,
Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа.
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа.

Ақылым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама,
Женемін деп біреуді,
Өтірік сөзбен қостама.

(Той қызығы тарқап, Керей мен Жәнібек оңаша қалады).

ЖӘНІБЕК СҰЛТАН: Керей аға, Құдайдың құдіретіне таң қалып, тандай қағып тұрмын, екеумізге арнайы дайындалғандай, бір-біріне іргелес жатқан екі ескі қала жұрттына тап болдық. Жаратушы жаппар иеміз сіз беріңдердің ажырамасын деп, осы екі ескі жұртты пешенемізге бұйыртқан шығар, қаласаңыз, біріне – сіз, ал екіншісіне – мен қоныстанып, қала салайық.

КЕРЕЙ СҰЛТАН. Айтқаның болсын, Жәнібек! Бірақ, біз бұл жерде ұзақ тұра алмаспыш. Жаратушы жаппар иеміз сәтін салған күні – Түркістанға жол тартармыз. Өйткені, алдымызда ұлы мұрат-міндеттер тұр. Ең алдымен бір тілде сөйлейтін қошпелі қазақ тайпаларының басын біріктіріп, ұлттық аймақты қалыптастырып, мал жайылымдарын пайдаланудың ертедегі дағдылы тәртібін қайта қалпына келтіруіміз керек. Шығыс пен Батыстың арасын жалғап жатқан сауда-керуен жолдарының бойына орналасқан Сырдария жағасындағы Сығанақ, Сауран, Созак, Отырадар, Яссы секілді қалаларды өз иелігімізге қаратып, осы өнірлерді берік бекініске айналдырып, хандығымыздың іргесін нығайтып, күш-куатын арттыруға күш салуымыз керек. Дешті Қыпшақ даласын билеудің басты шарты да осы деп білемін. Атамыз Орыс хан бүкіл Жошы ұлысын бір тудың астына біріктіруді армандағанын білесің. Міне, сондықтан Дешті Қыпшақ аумағынан Әбілқайыр ханды күшп шығып, шайбанилық әзүллеттен билікті тартып алуымыз керек. Сонда ғана еркін ел атанып, өз тағдырымызды өзіміз шеше аламыз! Жаратушы Жаппар ием, сол күнге жеткізсін деп тілейік!

Соңы.



ПЕШЕНЕ

Трагедия



КАТЫСУШЫЛАР:

ҚАЙЫРБЕК Хамитұлы – отағасы

ДӘМЕЖАН Сейілжанқызы – әйелі

Еркін

Ертай – ұлдары

Клара – Қайырбектің қарындасы

Ризабек – Клараның күйеуі

Тоқан

Жақан

Мақан – Дәмежанның ағалары

Жұман – Дәмежанның көңілдесі

Халим әпенде – куәгер

Судья, сот орындаушылары, милициялар

БІРІНШІ КӨРІНІС

Көктем. Сауір айы. Қас қарайған мезгіл. Қайырбек отбасымен ас бөлмеде кешкі ас ішіп отыр.

ҚАЙЫРБЕК (*терезеге қарап*): Күннің көзі бір ашылмай-ақ қойды-ау!

ДӘМЕЖАН: Айтпа, күнде жауын, әбден зықымызды шығарып жіберді.

ҚАЙЫРБЕК: Әке-шешем қайтқалы көңіл күйім дәл осылай құлазып жүр.

ДӘМЕЖАН: Өмір ғой, Қайрош, тумақ бар да, өлмек бар. Жасы жеткен кісілер...

ҚАЙЫРБЕК (*дауысын көтеріп*): Қайдағы жасы жеткен? Тым құрмаса жетпіске де жеткен жоқ. Қаланың әкемдей шалдары тоқал алғып, шешемдей кемпірлері қаздаң қағып қақшандап жүр.

ДӘМЕЖАН: Е, қала мен ауылдың адамын салыстырмасаныш. Ауыл адамдары күндіз-түні күннің бетінде, желдің өтінде жүреді. Ал, қаланың адамдарында ондай сүрліккен жүріс жоқ кой!

ҚАЙЫРБЕК: Қаланың адамдары жеңіл жүрісті дейсің ғой!

ДӘМЕЖАН: Оны сен білесің ғой!

ҚАЙЫРБЕК: Бәрін білгенде, соны неғып білмей қалдың?!

ДӘМЕЖАН: Қойшы-ей, енді. Адамның қолында тұрган не бар дейсін, тәйірі! Алланың жазуы.

ҚАЙЫРБЕК: Иә, Алланың ісі, оған дауым жоқ. Ажал адам тандамайды, қашан аларын өзі біледі. Тек бірінің артынан бірі дәл осылай тез кетіп қалар деп ойламаппрын. Өмірлерінің соңына дейін сезімдері еш суымай, көңілдері жарасып өтті ғой, марқұмдар. Бірінсіз-бірі тұра алмайтынын өлімдерімен-ақ дәлелдеп кетті. Не деген адалдық? Алдымен әкем, араға қырық күн салып шешем кетті. Иә, түп-тура қырық күн! Қазақтың қырық күнді ерекше қастерлейтіні тегін емес екен-ау!

ДӘМЕЖАН: Әрине, жұмыр басты пендеге ата-ананың орны бөлек, жоқтайсың, іздейсің, сағынасың. Бірақ, айтшы, күндіз-түні мұжіліп мұнға батқаннан қандай пайда бар, жүргегіне артық салмақ сала бермесенші! Сен әлі бізге, мына балаларға керексін. Екеуі де ержетіп қалды, оқытуың, аяқтандыруың керек.

ҚАЙЫРБЕК: Әй, қатын, оны өзім де білемін!

ДӘМЕЖАН: Білсөн, енді серпілсөнші бір уақ, сары уайымға салына бермей! Денсаулығынды құртып аласың гой!

ҚАЙЫРБЕК: Құдай мый мен жүрек берген соң қалай ойламай тұра аласың!

ДӘМЕЖАН (*қолын бір сілтеп*): Сен айтқанға көнуші ме едің!

ҚАЙЫРБЕК (*көзін алайтып*): Қойши, сен де басты қатыра бермей.

ЕРКІН (*жасақтырмай*): Ту, осы сіздердің-ак сөздеріңіз бітпейді екен!

ҚАЙЫРБЕК (*едіреіп*): Сөйлесек не болыпты?

ЕРТАЙ (*қабагын шытып*): Папа, атау-керемізді тыныш отырып іштейікші!

ҚАЙЫРБЕК: (*дауысын көтеріп*): Эй, сендерге не болған өзі?! Басқасы басқа, енді менің аузыма қақпақ қоймақсындар ма?

ДӘМЕЖАН: Қайрош, қойши сен осы, балалардың мазасын ала бермей. Осымен өмір тоқтап қалмайды ғой, соңынан ерген осы екі ұлың аман болсын, көрер қызық-куанышымыз әлі алда.

ҚАЙЫРБЕК: Мазаларын алатындей не істедім сонша?

ЕРКІН: Ту, папа, құлағымызды әбден сарсытып жібердіңіз ғой!

ЕРТАЙ (*орнынан көтеріп*): Қой десен, тіпті өршеленіп кететінін білмеуші ме едің?! Көзімізді ашқалы көріп келе жатқанымыз осы ғой! Үйден шығып кетпей, құлағымыз тынышталада қоймас, сірә!

ҚАЙЫРБЕК (*дауысын көтеріп*): Қайда барсандар, онда барындар, бірақ екіншілай маған ақыл айтқанды қойындар. Құдайға шукір, өз ақылым өзімे жетеді. Ақыл мына сендерге керек, ақымақтар.

(*Тап бір алдын ала келісіп алғандай, алдарындағы тамақты итепе салып, астарынан су шыққандай орындарынан қосанжарласа атып түрган Еркін мен Ертай есікті қатты жасаудын, шығып кетеді).*

ҚАЙЫРБЕК (*таңданып*): Эй, мыналарды жын сокқаннан сау ма?

ДӘМЕЖАН: Қойши, Қайрош, бала емес пе? Сонша күйіп-пісетіндей не болды? Өз балаларыңа неге сонша каталсың? Ақырындықпен айтсаң да болады ғой!

ҚАЙЫРБЕК (*ашуга бұлығып*): Бала емес, пәле? Бетімен кетіп барады, бәтшашарлар. Қарай гөр, мені өздері таптырғандай, дікен-дікен етеді-ей! Әкелерінді танымай жүр екенсіндер, танытамын!

(*Осы кезде үйге Қайырбектің қарындасты Клара мен күйеу баласы Ри-забек кіреді).*

ҚАЙЫРБЕК (*сабасына туғын*): О, хош келдіндер, төрлетіндер! Мақтап жүреді екенсіндер!

КЛАРА: Жалғыз ағамызды жамандап не көрініпті!

ҚАЙЫРБЕК: Көптен бері ат ізін салмай кеттіндер ғой, аманшылық па?

КЛАРА (*дастархан басына жайгасып жатып*): Аманшылық! Сол құнделікті күйбен тіршілікten қол тие бермейді. Күйлі-куаттысыздар ма?

ҚАЙЫРБЕК: Құдайға мың да бір шүкір, бәрі жақсы.

КЛАРА: Әманда жақсы болсын!

ҚАЙЫРБЕК: Айтқаның келсін. Кәне, айта отырындар, не өзгеріс, не жаңалық.

КЛАРА: Анау айтқандай өзгеріс те, жаңалық та жоқ. Бәрі де сол бәзбаяғыша.

ҚАЙЫРБЕК: Кештетіп жүрсіндер ғой өзі, жайшылық па, әйтеуір?

КЛАРА: Ертең ауылға барып, Айбек пен Ажардың хал-жағдайын біліп қайтайын деп едім, соган аздаған қаражат керек. Ажардың денсаулығы да жоқ қой. Дәрігерге қаратсам деп едім. Сырқаты жанына батып жүр-ау деймін, телефон шалсам, қыстығып жылай береді.

ДӘМЕЖАН (*kiližin*): Бізде қазір көк тыны жоқ. Өзің де білесің ғой, ағаң екеуміздің жұмыссыз отырғанымызға алты айдан асып кетті. Шықпа жаным шықпамен әрең отырмыз.

КЛАРА: Женгетай, жылай бермеші! Сініріп кетпейміз, қайтарып береміз. Қарызға сұрап тұрмын.

ҚАЙЫРБЕК: Бар болса аямаймыз ғой. «Жоққа жүйрік жетпейді» ғой!

КЛАРА: Қалайша? Әке-шешеміздің банкідегі бар жиган-тергенін қалталарыңызға басып кеткен жоқсыздар ма?

ҚАЙЫРБЕК: Одан бері де бір жылдан аса уақыт өтті ғой, қазіргідей тапшылық қос өкпеден қысқан заманда қолда ақша тұрушы ма еді! Қалай келсе, солай кетті. Оның үстіне жаңа женген айтты ғой, екеуміз де жұмыссызыбыз.

КЛАРА: Жиырма мың сомды түгел ұстап қоймаған шығарсыздар енді? Дәл қазір жиырма мың сомға қаланың өзінен сіздікіндей төрт-бес, ал біздікіндей алты-жеті үй сатып алуға болады ғой. Соншама ақшаны қайда жібердіңіздер?

ҚАЙЫРБЕК: Ақшаны ұстаган адам ғана біледі. Женгенің қолына ақша түссе, құртпай тынушы ма еді?! Жиырма мыңнан жиырма тының қалды ма екен?!

КЛАРА: Әке-шешеміздің артында қалған малдарын тігерге түяқ қалдырмай түгел сатып кеттіңіз, олардың ақшасы қайда? Тым құрмаса қарашаңыраққа ие болып қалған Айбек пен Ажардың қолына аздаған тиын-тебен ұстасып кетпедіңіздер ме?! Тұрақты жұмыстары да жоқ, олар құндерін қалай көреді деп ойлайсыз. Обал емес пе?

ҚАЙЫРБЕК: Сен өйтіп беталды кінә арта берме. Ол ақшалар өз орнымен жұмсалды. Әй, екі өлімді жөнелту оңай дейсін бе? Қыруар қаржы кетті. Өзің айтшы, қалтаннан соқыр тыны шықты ма? Басқа шығынын айтпағанның өзінде, конакасын, жетісін, қыркын, жылын кім берді, бастанын кім көтерді, тастанын кім жаздырыды? Айналайын, бұлар пұлсыз бітуші ме еді? Бар ақшаны қалтасына басып кетті деп ойлайды екенсін

ғой! Олай біреуді жазықсыз жазғырғанша, өзің неге бермейсін? Бірі – туған бауырың, бірі – туған сіңілің ғой!

КЛАРА: Мен беретінімді беремін. Бауырым мен сіңілімнен айтын ештеңем жок. Тек менің жағдайымды өзіңіз жақсы білесіз ғой, балала-рым жас. Қоріп отырсыз, ішімнің тағы шартишп отырғаны мынау.

ҚАЙЫРБЕК: Қойши осы, соншалықты жерге қарап отырған жоқсындар ғой. Қүйеу бала ақшаны күреп табады ғой!

КЛАРА: Аға-ау, бұл қай мазағының, күреп тапса, біз өстіп журер ме едік?! Бір енбек неге жетеді?! Қүйеу балаңыздың айлық табысын сіз әкем алып берген жигулимен-ақ тауып жүрген жоқсыз ба?! Құрығанда мың сом берініз, сізден басқа жанаңыр кімі бар олардың?

ҚАЙЫРБЕК (*көзі қызып*): Мың сом? Не деген сөз ұқпайтын адамсың, айтып тұрмын ғой, әке-шешеміздің ақшасы өздеріне кетті. Сенсен де, сенбесен де сол, қазір бізде көк тыын жоқ.

КЛАРА: Аға!..

ҚАЙЫРБЕК (*аузын аштырмай*): Осы сендер ағаларыңа алақан жая бергенше, бір уақ неге бермейсіндер? Ауыздарыңнан «бар» деген сөз қашан шығады? Жоқпен бірге туғандай, жоқтан басқа ештеңе айтпай-сындар. Әлде, үнемі мен бере беруге міндettімін бе?

КЛАРА: Аға, «жоқ – жомарттың қолын байлайтынын» өзіңіз де біле-сіз ғой. Бар болса, сізден ештеңе аяmas едік қой.

ҚАЙЫРБЕК: Ай, білмеймін! Әбден көңілім қалып барады. Сен-дерге аға емес, ақша керек.

КЛАРА: Аға, неге олай дейсіз?

ҚАЙЫРБЕК: Барды бар, жоқты жоқ демегенде, енді не дейін?!

РИЗАБЕК (*орнынан көтеріліп*): Клара, кой, үйге қайтайық, қас қарайып кетті, балалар қорқып жүрер!

КЛАРА (*Ризабекке*): Қазір... (*Қайырбекке*) Аға, бізді қойши, ауылда-ғы тарығып отырған Айбек бен Ажарды аямайсыз ба? Сіздің жаныңыз ашымаса, енді кімнің жаны ашиды ол байғұстарға?!

ҚАЙЫРБЕК: Жаным ашығанда не істеймін, тап қазір бес-он сомнан артық бере қоятын ақшам да жоқ. Өздері де жалқау. Адам деген – біреуге масыл болмай, өз күнін өзі көруі керек қой!

КЛАРА: Не айтып тұрсыз, ауылда істейтін жұмыс бар ма? Жарайды, бермесеніз бермей-ақ қойыңыз, бес-он сомды өзім-ақ тауып берермін, бірақ жазықсыз жазғырманызышы! (*Ризабекке*) Жүр, кеттік!

(*Қабагы салықы тартқан Клара астан ауыз да тиместен қүйеуіне ілесе шығып кетеді*).

ДӘМЕЖАН (*Қайырбекке*): Осы сенің туыстарың қызық, қашан бол-сын қайыр сұрап жүреді. Біреудің үйінде тегін тұрып жатқандары аздай, беттері бұлк етпей ақша талап етеді. Тырқыратып қуып шықса, көрер еді

көресін! Жақсылықты білмейтін неғылған кешелер екенін түсінбей-ақ қойдым.

ҚАЙЫРБЕК: Бәрінен де бұрын жазықсыз кінәлағаны жаныма қатты батып тұр.

ДӘМЕЖАН: Иә, соны айтам. Эркіннің өз отбасы, өз ошағы бар емес пе?! Балалар да өсіп қалды, ертең екеуін де аяқтандыру керек, жағдай жасау керек, үй-жай керек.

ҚАЙЫРБЕК: Оны қойши, тірі жүрсек, бір мәнісі болар.

ДӘМЕЖАН: Үлкен деп сыйламаса, бірге туғаныңнан не пайдада? Жақсылық жасаған адам сендей-ақ болсын! Бәрінің көңіліне қарап, қамқор болып жүресің, сонда да алар алғысың жоқ, сені ойлай ма екен солар. Эй, күмәнім бар!

ҚАЙЫРБЕК (*түсін суытып*): Жә, жетер!

ДӘМЕЖАН: Эне, мен бірдеңе айтсам, шамданып шыға келесің! Аңы да болса, шындықты айтып тұрмын, екі туып бір қалғаның болса да, қолында болмаса ешкімге керегің жоқ. Біліп қой, сен бізге ғана керексін. Әсіреле, маған...

(*Енді бірдеңе десе сөз естіп қаларын түсіне қойған Дәмежсан күйеудің жақындаған келіп, аймалап сүйе бастайды. Қолын денесіне жүгіртпін, өліп-өшіп барады.*)

ДӘМЕЖАН (*қылымсыып*): Жүрші, жатайық!

ҚАЙЫРБЕК (*масайран*): Жүр, жаным!..

(*Екеуінің құшақтары жазылмастан аймаласа жатын бөлмеге кіріп кетеді.*

Клара мен Ризабек көрінеді).

КЛАРА: Ой, Алла-ай, өз ағамды өзім танымай қалдым ғой! Не болған езі?

РИЗАБЕК: Меніңше, әлденеге кейіп отырган секілді. Ашуның тап үстінен түскен сияқтымыз. Кінәлау да қын, қайғы-мұң да еңсесін көтертпей жүр-ау! Әке мен шешеден бір мезгілде айырылу оңай дейсің бе?..

КЛАРА: Жоқ, ағам біртүрлі өзгеріп барады. Бұрын бұндай емес еди.

РИЗАБЕК: Иә, кейінгі кездері мен де байқап журмін.

КЛАРА: Жалғыз ағамды жамандап қайтем, бір жаманы сөзге еріп кетеді. Тым қатыншыл, қайыншыл! Жи келіп түрмайсындар ма дейді. Барған сайын ана сайқал зәрін шашып отырса, қалай барасың?! Эй, қайран ағам-ай, қатыннан жолың болмады ғой!

РИЗАБЕК (*жынысып*): Мені де қатыншыл, қайыншыл дейтін шыгар, ә!

КЛАРА: Кетші-ей, қайдағыны айтпай!..

РИЗАБЕК: «Күшік күйеу» дейді ғой.

(*Клара еріксіз езу тартты. Ризабек оған мейірлене қарайды.*)

РИЗАБЕК: Ел не десе, о десін! Мен сені жанымдай жақсы көремін. Дүниенің қай бұрышына болсын бірге еріп журе беремін. Оған еш арланбаймын.

КЛАРА: Арқа сүйер ардактым менің!.. Сені жолықтырған тағдырға бек ризамын!

РИЗАБЕК (*құшагын айқара ашып*): Жаным, айым, күнім! Кеудемде жаным барда басыңнан бақыт құсын ұшырмаймын!

КЛАРА (*жузі бал-бұл жсанып*): Шынымен бақыттымын!

(*Екеуі құшақтаса кетеді*).

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Көрер көзге қораштау көрінер уш бөлмелі тоқал там. Клара есік алдында кір жусып жатыр. Әлтек-тәлтек басқан кішкене екі баласы жасында асыр салып ойнап жсүр. Бір кездे кекиіп Қайырбек келеді. Үстібасы жып-жинақы, мұнтаздай тап-таза, тойға баратындаи сыйынп күніп алған. Агасының ізден келгенін жақсылыққа жорыған Клара қуанып қалады.

КЛАРА (*көзі күлімдеп*): Хош келдіңіз, аға! Қал-жағдайыңыз қалай? Женгеміз, бауырларымыз аман ба? Біздің үйге де келетін күніңіз болады екен-ау, ә!

ҚАЙЫРБЕК: Неге келмеске, өз үйім емес пе!

КЛАРА: Әрине, өз үйіңіз, ішке кіріңіз. Шай демдеп жіберейін!

ҚАЙЫРБЕК (*күмілжіңікіреп*): Жоқ, әуре болмай-ақ қой, асығыспын.

КЛАРА: Соңшама қайда асығып баراسыз? Бір келгенде азырақ тізе бүгіп, бір-екі кесе шай ішіп кетпедіңіз бе енді.

ҚАЙЫРБЕК: Ыргалып-жыргалып жүретін уақыт емес, жұмыс бастан асады. Тек сенімен ашық сөйлесейін деп едім.

КЛАРА: Не жайында? (*шошынып*) Аманшылық па, әйтеуір?

ҚАЙЫРБЕК (*міңгірлеп*): Үйді босатындар!

КЛАРА (*үрпініп*): Қайсы үйді?

ҚАЙЫРБЕК: Неше үйің бар еді? (*сұқ саусағымен көрсетіп*) Мына үйді!

КЛАРА: Не?.. Не деп тұрсыз?..

ҚАЙЫРБЕК: Не, түк ұқпайтын кеше болып қалғансың ба?

КЛАРА: Бұл үйді бізге әкем алып берген жоқ па?!

ҚАЙЫРБЕК: О заманда бұ заман, қызға үй алып бергенді қайдан көріп едің?! Таласпа, үй – менікі.

КЛАРА: Өз үйіңіз бар емес пе?

ҚАЙЫРБЕК (*кеқірепін*): Онда шаруаң болмасын!

КЛАРА: Біз оған таласып жатқан жоқпыз гой!

ҚАЙЫРБЕК: Менің үйіме таласатында сен кім едің сонша?

КЛАРА: Сізге ол үйді де әкем алып бермен пе еді?!

ҚАЙЫРБЕК: Кім айтты саған? Көп сөзді қой да, үйді босат!

КЛАРА: Неге босатады екенмін?! Үй – менікі, кеудемде жаным барда ешкімге бере қоймаспын.

ҚАЙЫРБЕК: Өз ерікінмен босат, әйтпесе, сотпен қызып шығарамын.

КЛАРА: Аға, не деп тұрсыз?.. Бұл үйді менің өлігімді аттап қана ала аласыз. Сотпен мені қорқытпай-ақ қойыңыз.

ҚАЙЫРБЕК: Ендеше, өз обалың өзіңе. Қалағаның сол болса, сотта кездесерміз!

(*Қайырбек артына айбар тастап, сес көрсетіп кетіп қалады. Клара сенерін де, сенбесін де білмей, аң-таң күйде аңтарылып тұрып қалады.*)

КЛАРА (кейін): Құдай-ау, ағама не көрінген, дәті барып, қалай келді екен, ә?! Не болып кетті мына дүние?.. (*кемсеңдеп*) Айдан салып отырған ана сайқал ғой, оқытып-дуалап тастағаннан сау ма, өзі! (*Ойга батып*) Шынында да бұл қалай болды, а?! Тұқ түсінсем бұйырмасын?! Ағамның бізге сұықтау екенін бұрыннан білетінмін, сезетінмін, бірақ дәл осындаи қатығез деп ойламаппыш! Эй, бірақ, бір әке-шешеден туған ағам емес пе, қорқытып-үркітсе де, сотқа сүйрей қоймас. Ойланар... Жүргегі тас емес қой, жібір! Бәрібір бұл үйден бізді қызып шыға алмайтынын өзі-ақ түсінер. Сот та адамның баласы ғой, шындықты айтсақ, қараулық таныта қоймас.

УШІНШІ КӨРІНІС

Сот залы. Қайырбек талап арыз беруші, Клара жауапкер ретінде сотқа шақырылған. Хатшы қызы судьяның келе жатқанын ескертіп, оны тік тұрып қарсы алуға шақырады. Екеуі жаймен көтеріліп, хатшы қызы нұсқаган орындарға барып тұрады. Судья кіріп, орнына жайгасады да, қолына ағаш балғаны алып, үстелге ұрып қалады да, сот отырысының басталғанын ескертеді.

СУДЬЯ: Исті тыңдауды ашық деп жариялаймын. (*Қайырбекке*) Талап арыз беруші сөйлеңіз!

ҚАЙЫРБЕК: Мен жекеменшік үйімнен Клара Хамитқызын шығарылуын талап етемін.

КЛАРА: Жекеменшік үйім дейді ғой. Қайдағы жекеменшік үйін? Айдың-күннің аманында жалған сөйлеп тұрғаныңа ұялмайсың ба!

ҚАЙЫРБЕК: Мен емес, сен ұялуың керек!

КЛАРА: Мен несіне ұялам?

ҚАЙЫРБЕК: Тұған ағаның үйіне таласқаның үшін!

СУДЬЯ: Артық-ауыз сөзді доғарып, тыныштық сактаңыздар. (*Қайырбекке*) Алдымен өзіңізді таныстырып өтіңіз.

ҚАЙЫРБЕК: Қайырбек Хамитұлы. Абай ауданының тумасымын. Қазір Семей қаласында тұрамын.

СУДЬЯ: Қайырбек Хамитұлы, сіз Клара Хамитқызын үйден неге шығарғыңыз келеді? Қандай негізге сүйенесіз? Ашық айтыңыз!

ҚАЙЫРБЕК: Өйткені, ол менің мәндай теріммен тапқан ақадал еңбегіме сатып алған жеке меншік үйім. Қалада баспана таптай қаңғып жүргендіктен, қарындасыма уақытша тұра тұруға бергенмін. Ал, бұлар сол үйді енді басы-бүтін иемденгісі келеді. Бұл барып тұрған ұтсыздық қой!

КЛАРА (куйінін): Өтірік айтуға қалай аузың барады, ол әке-шешеміздің ақшасына алынған үй. Бізге әке-шешеміздің өзі берген. Әрақта-рынан қорықпайсың ба?

СУДЬЯ: Қайырбек Хамитұлы, өзіңіз тұра тұруға беріпсіз, әрі бірге туған қарындасыңыз екен, енді неге қуып шыққалы отырсыз? Олар басқа үй алды ма? Соны түсіндіріп беріңіш!

КЛАРА: Құнімізді әрен көріп отырсақ, қайдағы үй алған?!

ҚАЙЫРБЕК: Міне, жылға жуық уақыт болды, әйелім екеуміз жұмыссыз отырмыз, шынын айтқанда, акша керек болып тұр. Осылай қарап отыра берсек, бір үйлі жан түгел аштап түріміз бар.

КЛАРА (айғайлап): Өтірік айтпа, таксист болып, акша тауып жүрсің ғой!

ҚАЙЫРБЕК (сөзін жалғастырып): Жағдайым бар кезде көмектес-тім, енді оны сатып жеке кесіп ашқым келеді.

СУДЬЯ: Жақсы, түсінікті! Сіз үйдің жеке меншігіңіз екенін қалай дәлелдейсіз, куәландыратын құжаттарыңыз бар ма?

ҚАЙЫРБЕК: Болғанда қандай! (қолындағы құжаттарды қобы-ратып) Міне, мынау жердің мемлекеттік актісі, ал мынау үйдің құжатта-ры. Бәрі өз атыма тіркелген. Бұнда ешкімнің экесінің құны жоқ.

СУДЬЯ: Кәне, құжаттың бәрін маган беріңіз!

ҚАЙЫРБЕК: Мінеки, өтірік болса, өзіңіз көріңіз!

(Хатиши қызы орнынан тұрып келіп, Қайырбектің қолындағы қағаздарды алып, судьяның алдына апарып қояды. Ол құжаттарды шетінен алып, біртінде көз жүргірте бастайды).

КЛАРА: Біздің аңғалдығымызды пайдаланып, өз атына тіркетіп алғансың ғой. Бәрібір менен онайлықпен ала алмассың. Өйткені, үйдің зан-ды иесі менмін. Оны қалайда дәлелдемеймін.

ҚАЙЫРБЕК: Үйдің занды иесі мен болсам, қалай дәлелдемексің?

КЛАРА (кеудесін ұргылап): Үйдің занды иесі мына менмін. Сенікі қысастық.

СУДЬЯ (Кларага): Жауапкер, сіз олай киліге берменіз. Өзіңізге сөз берілгенде сөйлейсіз. (Қайырбекке) Үйді кімнен, қаншаға сатып алып едіңіз!

ҚАЙЫРБЕК: Халим әпендерден төрт мың сатып алғанмын.

СУДЬЯ: Куәгеріңіз бар ма?

ҚАЙЫРБЕК: Бар, үйдің бұрынғы иесі осында.

СУДЬЯ: Оны кейінірек шақырармыз. Басқа айтарыңыз жоқ па?

ҚАЙЫРБЕК: Әзірше, жоқ.

СУДЬЯ (*Кларага*): Ендеше, сөз сізде. Сөйленіз!

КЛАРА: Ол үйді бізге әкем сатып әперген. Үйдің ақшасын менің көзімше ағамызға санап берген. Ақымақ басым, үгіе кіргенге мәз болып жүре беріппін ғой! Туған ағам дәл осындаи опасыздық жасайды деп кім ойлаған!

ҚАЙЫРБЕК: Ол әкеме беріп қойған өз ақшам болатын.

КЛАРА: Ой, Алла-ай, не деген адамсың?! Әкеміз малдарын сатып әперді емес пе?

ҚАЙЫРБЕК: Әкем сактай тұруға берген ақшамды бір қажетіне жаратып қойыпты. Енді өмір ғой. Содан малдарын сатып, қайтарып берді. Сенің шатысып жүргенін – сол. Үйді саған алып беретін болса, ақшаны неге өз қолыңа санап бермейді?

КЛАРА: Өтірікті қысындырып айтуға әбден үйреніпсің ғой. Мен ол кезде жастау едім. Оның үстіне қызы баламын, әмбеба ауылдан қалаға жана келгем. Содан әкем маған сеніңкіремей, ақшаны ересектеу саған берген. Себебі сен сол кездің өзінде жөн-жосықты жақсы білетін қалалық едін. Өмір бойы біреудің ала жібін аттамаған әкем туған баласының дәл осындаи құлық-сұмдыққа баратынын ойлады дейсің бе?! Әруақтан корықпасаң да, Құдайдан қорықсаныш!

ҚАЙЫРБЕК: Құдайдан қорқатындаи не істеппін?! Өзің де айтып тұрсың ғой, әкеміз саған сенбей, маған сенді ғой. Ақшаны саған бермей, маған берді ғой. Енді не дейсің? Түсіне білген адамға осының өзі көп нәрсе айтып тұрған жоқ па!

КЛАРА: Сен әкеміздің сол сенімін ақтамай тұрсын ғой!

СУДЬЯ: Сіздер көшеде тұрған жоқсыздар. Бұл айтысып-тартысатын жер емес. (*Кларага*) Сіз ашумен емес, сабырмен сөйленіз! Алдымен өзіңізді таныстырыңыз.

КЛАРА (*ашу қысып*): Мен мына тұрған Қайырбек Хамитұлының туған қарындасымын. Әкем де, шешем де бір, бір жатырдан шыққанбыз. Аты-жөнім – Клара Хамитқызы. Абай ауданының тұмасымын. Он жылдан бері Семей қаласындағы осы үйде тұрып жатырмын. Бірақ, құжаттарын өз атыма тіркетуді еш ойламаппын. (*Жағасын ұстап*) О, тоба, әкем алып берген тоқал там үшін туған ағаммен сотта кездесеміз деп кім ойлаған?! Бұны да мына шыққыр көз көрді.

СУДЬЯ: Экеніз тірі ме?

КЛАРА: Әкем тірі болса, ағам бүндай қысастық жасай алмас еді ғой. Көзі кеткен соң ғой, ие бола қалғаны.

СУДЬЯ: Куәгерлерініз бар ма?

КЛАРА: Бар.

СУДЬЯ: Осында ма?

КЛАРА: Жоқ, ауылда.

СУДЬЯ: Ауылда болғанының бізге не керегі бар, өзіңізben бірге ешкім келген жоқ па?

КЛАРА: Күйеуім бар.

СУДЬЯ: Күйеуініз күәгер бола алмайды. Үйдің сізге берілгенін қалай дәлелдейсіз? Сөзіңізді күәландыратын құжаттар бар ма?

КЛАРА: Жер және мүлік салығын, үйдің жарығы мен сұнының ақшасын он жылдан бері біз төлеп келеміз. Бірақ, үй ағамның атына жазылғандықтан, құжаттардың бәрі соның атына толтырылған. Қазақ бір жапырақ қағазға емес, адамға сенген той.

СУДЬЯ: Қарындасым, қай кезде де құжат сөйлеген. Құрғақ сөзге кім сенеді?

КЛАРА: Мен бар шындығымды айтып тұрмын. Неге сенбейсіздер? Отірік айтсам, Құдай тас төбемнен ұрсын, бала-шагамның қызығын көрмей кетейін!

СУДЬЯ: Сендіре алмай тұрсыз. Айтқан сөздеріңіз үйді меншіктеуге құқық бере алмайды. Басқа айтарыңыз бар ма?

КЛАРА: Мен үйді оған ешуақытта бермеймін.

СУДЬЯ: Тағы да қайталаймын, іске қатысты басқа айтарыңыз жоқ па?

КЛАРА: Егер істі мынаның пайдасына шешіп беретін болсаңыз, өзіме-өзім қол жұмсаймын!

СУДЬЯ: Сіз олай артық-ауыз әңгіме айтпаңыз. Қалай десеніз де, біз бәрібір заннан аса алмаймыз. (*милиционерге*) Талап арыз берушінің күәгерін кіргізіңіз.

(*Милиционер бүйірдегі есікті ашып, дауыстап күәгерди шақырады. Халим әпенде бүкшең қагып кіріп келеді де, өзі танитын ҚАЙЫРБЕК Хамитұлының жсанына барып, қатарласа тұра қалады.*)

СУДЬЯ: Кімсіз, қайdan келдіңіз? Айта беріңіз!

ХАЛИМ ЭПЕНДЕ: Мен – Халим Абитов, тегім татар, осы қалада туып-өстім. Енді қартайғанда қайда барамын, тіпті басқа жаққа кету ойында да жоқ, әлі күнге дейін осында тұрып жатырмын. Қиянат болмасын деп, бұрынғы үйімді сатып алған ҚАЙЫРБЕК Хамитұлының шақыруы бойынша келіп тұрмын. Ақшасын да осы кісі қолыма санап берген, басқа адамды білмеймін, көргемін де жоқ.

СУДЬЯ: Қаншаға саттыңыз?

ХАЛИМ ЭПЕНДЕ (*урпие қарап*): Төрт мың сомға.

СУДЬЯ: Сіз Қайырбек Хамитұлының әкесін білуші ме едіңіз? Ақшасол кісінікі дейді той.

ХАЛИМ ЭПЕНДЕ: Көріп-білген адамым емес, тек бірде Қайырбек-тің өзі «ақшаны әкем берді» дегені есімде. Бірақ, анық-канығын нақты білмеймін.

ҚАЙЫРБЕК (*жсаны шығып*): Иә, айттым ғой, ақшаны әкем берген. Бірақ, ол өз ақшам болатын.

КЛАРА: Қайдағы өз ақшаш!.. Өз ақшаш болса, «әкем берген» деп айтасың ба? Әруақ атады сені!

СУДЬЯ (*Қайырбек пен Кларага*): Сіздер тыныш тұрасыздар ма, жоқ па? (*Халим әпендерге. Клараны нұсқап*). Мына кісіні білесіз бе?

ХАЛИМ ӘПЕНДЕ: Жоқ, бірінші рет көріп тұрмын.

СУДЬЯ: Бәрі түсінікті. (*қолындағы балғасын бір ұрып*) Сот шешім шығару үшін кетеді. Сәл қүте тұрындыздар. Аз уақыттан соң шешімді өз құлактарыңызбен естисіздер.

(*Судья орнынан тұрып, шығып кетеді. Қалғандары сот залында қала береді. Аз-кем күттіріп судья қайтып оралады*).

СУДЬЯ: Укімді оқымас бұрын жауапкерге мынаны ескерткім келеді. Сот отырысына келерде кез-келген адам тыңғылықты дайындалу керек. Ал, сіз бұған журдім-бардым қарағансыз. Сіздердің айтқан сөздеріңіз бен ұсынған құжаттарыңызды сарапқа сала келе, үйдің заңды иесі Қайырбек Хамитұлы екені анықталды. Сондықтан, талап арыз берушінің талабы қанағаттандырылсын. Ал, жауапкер сіз бұл шешіммен келіспесеңіз, он бес күннің ішінде қалалық сотқа арыздануыңызға ҳұқығыңыз бар. Бәрі түсінікті ғой деп ойлаймын!

КЛАРА: Қандай шешім шықса да, үйді ешкімге бермеймін.

ҚАЙЫРБЕК: Әділ шешім шығарылды ғой деп ойлаймын!

КЛАРА: Әділетсіз шешім. Мен бұны аяқсыз қалдырмаймын. Үйді алып көріндер, не болатынын сонда көрерсіңдер.

ҚАЙЫРБЕК: Ту, қорқыттай-ақ қойышы енді!.. Көрерміз не болатынын!..

КЛАРА (*ызбар шашып*): Көресің!

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Клара есік алдында кір жайып жүр. Қаннен-қаперсіз ыңылдан әнде-тіп қояды. Екі баласы қасында шыбықты ат қын мініп, шапқылан жүр. Бір кезде анадайдан бір топ адам көрінеді. Оны бастап келе жатқан Қайырбек екенін көріп, жүргегі зу ете түседі. Бірақ, ештеңе білдіргісі келмей, балаларын құшақтап, қаққан қазықтай тұра береді.

ҚАЙЫРБЕК (*кеқірейіп*): Үйде екенсіндер ғой, есікті бұзып кіреміз бе деп ойлап ем.

КЛАРА (*түсі бұзылып*): Не бетінмен келіп тұрсың?

ҚАЙЫРБЕК: Көп сөзді қойып, үйді босатындар. Соттың қандай шешім шығарғанын өзің де білесін.

КЛАРА: Сатып алған сотың қандай шешім шығарса, ондай шешім шығарсын, үй менікі, ешкімге бермеймін.

ҚАЙЫРБЕК: Бермей, қайда барасың!

КЛАРА (шуга бұлығын): Ешқайда бармаймын. Өлсем де, осы жерде өлемін!

СОТ ОРЫНДАУШЫ (Қолындағы қағаздарды қобыратып): Біз сот орындаушылармыз. Айдан аса уақыт өтті, сот шешімі күшіне енді. Үйді өз еркінізбен босатыңыз, әйтпесе зорлықпен қуып шығамыз.

КЛАРА (айбаттанып): Бұл менің өз үйім. Оны неге босатуым керек. Шығарып көріндер!

СОТ ОРЫНДАУШЫ: Өз үйіңіз болса, неге сотта дәлелдеп шықпадыңыз?! Үкім кескен біз емеспіз, бар болғаны соттың шешімін орындаушымыз. Егер шынымен өз үйіңіз болса, неге қалалық сотқа шағымданбадыңыз?

КЛАРА: Соттан қайыр жоқ екенін түсіндім. Кім пара берсе, соның сезін сөйлейтін болдығой.

СОТ ОРЫНДАУШЫ: Сотта ұтылғандардың сөзі құрысын, бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, айтатыны – осы бір сез. Сіз олай пәле жаппаңыз, соттың паралғанын өз көзінізбен көрдіңіз бе?

КЛАРА: Олар маған көрсетіп алады дейсің бе?

СОТ ОРЫНДАУШЫ: Міне, сіз тек долбармен айтып тұрсыз. Есінізде болсын, соттар ешқашан сатылмайды. Ешкім де сатып ала алмайды. Ал, жеңіп шықсаңыздар, басқаша сайрап едініздер, ә!

КЛАРА: Сот паралғаса, мына пұшық мұрнымды кесіп берейін.

СОТ ОРЫНДАУШЫ: Байқаңыз, одан сайын пұшырайып қалып жүрменіз. (қатқылдау тіл қатып) Сіз өзі үйді босатасыз ба, жоқ па?

КЛАРА: Неге босатады екенмін, босатпаймын!

СОТ ОРЫНДАУШЫ: Ендеше біз сізді мәжбүрлеп шығарамыз! (қасындағы серіктеріне) Кәне, үйдің ішіндегі заттарды біртіндеп сыртқа шығарындар, сірінгенің қорабына дейін тізімдеп жазып алындар. Ертең пәле болып жүрмесін!

КЛАРА (дауысын көтеріп): Шығармайсыңдар!.. Шығартпаймын!..

(Төрт-бес қарулы жігіт қойсын ба, үйдің ішіндегі дүние-мұлікті біртіндеп сыртқа шығара бастайды. Клара бір сот орындаушының қолындағы қазанға жармаса беріп еді, әлгі оны шынтағымен қатты қагып жібереді. Қайыра ұмтылды, жігіт итеріп қалып, мұрттай ұшырды. Қос бүлдірішіні қоса шошынып, шырылдаган күйлері анасының етегіне тығыла тусты. Қарсыласып түк өндіре алмасын білген Клара енді аласын ала көзімен ата қарап, тістеніп тұрып қалады).

КЛАРА (Қайырбекке): Құдай-ау, бұның қалай? Аға деген атқа лайық па мына тірлігін?! Шиеттей балаларыммен енді қайда барамын, енді кімнің босағасын сағалаймын?! (екі баласын екі қолымен ұстап) Ең күрмаса еш жазығы жоқ мына періштегерге де жүргегінің жібімегені ме?! Жыртқыш екеш жыртқыш та үяласына дәл осындағы қастық қылмайды

той! «Бірге тұған бірге өледі» деуші еді, артынан ағалап ілескен қарындастың едім, бізді сорлатып тартып алған дүниенің қайыр-берекесі бола ма?! Обал-сауапты неге ойламайсың? Қарғайын десем, жалғыз ағамсың, қарғамайын десем, жалмаузым болдың той!

ҚАЙЫРБЕК: Клара, қайдағы қысастықты айттып тұрсын? Айтшы өзің, сенің бұл үйге бір тының шықты ма?! Шыққан жок. Ендеше, не-сіне көз жасынды көл қылып, зар қағасың?! Тепсе темір үзетін байың бар, қызды қатын қылып, бала таптырғанды білгенде, мал табуды білмей қалып па?! Тапсын сол, үйді де, ақшаны да, дайын асқа тік қасық болмай.

КЛАРА: Осы сен айтатын сөз бе? Жаттың жарылқамайтынын білсем де, дәл сенен мұндай жамандық күтпеп ем! Осының бәрін істетіп жүрген ана қойындағы сүр жылан той. Біздің туыстығымыздан соның құшағы қымбат болғаны той. Бойында татардың қаны бар емес пе, одан бәрін күтуге болады. Көр де тұр, сенің де тубіңе жетпей қоймас. Жарайды, айтқанды үгар адамға үқсамайсың, адамшылыктан кетіп қалған екенсін! Енді мені қарындастың бар деме, мен де ағам бар демеймін! Құдайдың басқа салғаны осы болса, бұны да көрейік! Өлмеспіз, Құдай өлтірмес. Садақа!.. Балаларым аман болсын!..

СОТ ОРЫНДАУШЫ: Үйді толық босаттық. Дүние-мұлікті түгел тізімдеп, хаттамага тіркеп қойдық. (Қайырбектің құлагына сыйыр-лан) Қайта кіріп алмасын десеніз, мыналар кеткенше ішке кіріп отыра тұрыңыз. Әйтпесе, тағы да әуре-сарсанға түсініз бек мүмкін. Біздің қайта-қайта келе берер уақытымыз жок.

ҚАЙЫРБЕК (міңгірлен): Азырақ аялдай тұрындар енді. Ақыларыңды жемеймін!

СОТ ОРЫНДАУШЫ (көзі күлімдеп): Жақсы. Алаң болмаңыз!

(Осы кезде Қайырбек анадайдан күйеу баласының жүгіре басып келе жатқанын көріп, зып беріп үйге кіріп кетеді де, есікті іштен жауып алады. Сот орындаушылар сыртта қалады. Ризабек алқын-жұлқын жетеді).

РИЗАБЕК: Атана нәлет, осылай боларын біліп ем.

КЛАРА: Ана антұрған сот орындаушылары үйді астан-кестен етіп, дүние-мұліктің бәрін сыртқа шығарып таставды.

РИЗАБЕК: Бұл олардың жұмысы той. Бәрін істеп жүрген – өз аған той. Айттым саған, тырқыратып қуып шықпай тұрғанда өзіміз көшіп кетейік деп. Не болды енді, масқара болдық қой. Өз айтқаның болмаса, сыңарезулеп бір көнбейсің. Жарайды, енді айтқанмен ештеңе өзгермес, Анарлардың үйіне барамыз. Ертендер басқа пәтер тауып алармыз.

КЛАРА: Ризабек, мына күйімізше Анарлардың үйіне қалай барамыз? Ұят емес пе? **ҚАЙЫРБЕК** үйдің ішінде, тым күрмаса, пәтер тауып алғанша тұра тұрайық деп айттып көрейік! Қалай дегенде де бірге тұған ағам той, келісер.

РИЗАБЕК (алая қарап): Есің дұрыс па, өзінің! Мынадан кейін алғанның алдына қалай басқып бармақсың?! Әй, осыған дейін жаны ашымағанды, енді жаны ашиды дейсің бе? Құдай үшін ешкімге жалынбашы, жамандықты амандық женеді, басымыз аман болса, баспана табылар.

Сен одан да женіл-желпі нәрселерді бір жаққа жинай бер. Құнделікті құнкеріске қажетті заттарды ғана ал, қалғанын осы жерге буып-түйіп кетеміз. Ескі-құсқы дүние ғой, кім алар дейсің?! Пәтер тапсак, алып кетерміз! Мен көлік ұстап әкелейін

КЛАРА: Қаңғыбастар-ақ дүниемізден түк қалдырmas!

РИЗАБЕК (жекіп): Алса, алып-ақ кетсін!

КЛАРА: Жарайды, қойдым!

(Ризабек машина алып келеді, көрпе-жастығы мен бірқабат киім-кешектерін тиеп алып, кетіп қалады. Сахнага етпен басып Қайырбек шыгады).

ҚАЙЫРБЕК (жсан-жасына жалтақтай): Кетті ме, әйтеуір! (Буып-түйілген заттарға қарап) Мыналарды неге тастап кетті екен, ә?! Әлде бір бақай есептері бар ма?! Айналайын, қарындастым-ау, мен сені жақсы түсінемін. Қандай жағдай болмасын әркім өзінше дұрыс қой. Сенікі де дұрыс. Бірақ, мені де түсінші! Қазақ қызға ешуақытта енші бермеген, бала санатына қоспаған. Қайта қатын алғанда үйірлетіп қалың мал төлеген. Ен-деше, әке-шешеміздің мәндай терлерімен тапқан ақшасынның қызығын неге басқа біреудің баласы көруі керек?! Неге ол жатжұрттың үрім-бұтағына қызмет етуі тиіс! Әке-шешеміздің өмірін мәңгіге жалғайтын біз, яғни біздің балалар ғой! Сондықтан, үйді сендер иемденіп кетсендер, әділетсіздік болар еді! Тепсе темір узетін жігіт, тапсын өзі, арқасы тер-леп еңбектенсін! Егер бала-шагасына жағдай жасай алмаса, несіне қатын алып, бала таптырады?! Шама-шарқына қарамай ма?! Тіпті, қалыңмал да төлеген жоқ. Жарайды, «төнін тапса тегін бер» деген. Бірақ, кешір, күйеу бала, қызға үйді қосақтап бере алмаймыз. Онда қандай қадір-қасиет қалмақ?!

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Қайырбектің үйі. Отагасы жастын бөлмеде аяғын көкке көтеріп, қалың ой құшагында, жастыр. Тіпті, әйелінің кіргенін де сезген жосқ.

ДӘМЕЖАН (кеңжсіп): Кімді ойлап жатырсың?

ҚАЙЫРБЕК (сөлк ете түсін): Кімді ойлаушы едім, ойланып жатырмын! Ойлануға да болмай ма, не?

ДӘМЕЖАН: Ақталмай-ақ қой енді, айтпасан да білеміз.

ҚАЙЫРБЕК (өрекпіп): Нені білесін, ә, нені білесін?

ДӘМЕЖАН (бұртыып): Әй, әзіл ғой, әзілдеуге де болмай ма?

ҚАЙЫРБЕК: Бұйткен әзілің құрысын! Сен өзі күні бойы қайда қан-ғып жүрсің? Кейінгі кездері ізім-гайым жоғалып кететінді жиілеттің ғой!

ДӘМЕЖАН: Қайда жүруші едім?! Ана мекемеге бір, мына мекемеге бір барып, аяғымнан таусылып жұмыс іздең журмін. Өзің ғой, ақша таппайсың, жұмыс тауып алмайсың ба деп күнде миымды жейтін.

ҚАЙЫРБЕК: Сонда сен жұмысты телефонынды өшіріп тастап іздейсін бе?

ДӘМЕЖАН: Әй, телефонымның қуаты таусылып қалды. (*телефонын сумқасынан сұрыпты алып*) Міне, сенбесен, өзің көр!

ҚАЙЫРБЕК: Қуатты неге толтырып алып шықпайсың?

ДӘМЕЖАН: Толтырып-ақ шығамын. Батареясы әбден ескірген. Тез таусылып қалады.

ҚАЙЫРБЕК: Жаңасын неге сатып алмайсың?

ДӘМЕЖАН (*жыламсырап*): Мен байғұс, соған да ақшамды қимаймын ғой! Ал, сен болсан...

ҚАЙЫРБЕК (*сабасына түсін*): Жә, жарайды енді...

ДӘМЕЖАН: Не жарайды, сен, сен бар ғой, кейінгі кездері тым ашушаң болып барасың, жүйкен жүқара бастаған-ау, сары уайымға салынғанща, денсаулығынды ойласаңшы! Жұмыстан қысқарап қалғаннан бері біресе басым, біресе белім, біресе аяғым деп аурудан көз ашпай қалдың ғой, түте. Біле білсен, соның бәрі ойдан, жүрекке артық салмақ салғандықтан.

ҚАЙЫРБЕК: Әй, менің денсаулығым кімге керек дейсін?!

ДӘМЕЖАН: Денсаулық өзіңе, ал сен бізге керексін! (*куйеуінің қолынан сипап*) Қайрош, ашуға берілмей, ұрыспай-керіспей, ақылдасайықшы.

ҚАЙЫРБЕК: Иә, айта бер, құлағым сенде.

ДӘМЕЖАН: Екеуміздің жұмыссыз отырғанымызға жылдан асып барады. Бармаған жерім, қаклаған есігім қалмады. Інғайлы жұмыс табылар емес. Елдің әйелдері сияқты базарға шығайын десем, сауда жасау да қолымнан келмейді. Оған да бейімің болуы керек қой. Ал еден жуып, аула сыпырғым келмейді.

ҚАЙЫРБЕК: Иә, оның рас, қазір бұрынғыдай жас та емеспіз, екі қолға бір күрек дейтін. Оның үстіне қазір ақша мен тамыр-тансыстың дәурені жүріп тұр ғой.

ДӘМЕЖАН: Қайрош, біздің ауылға көшсек қайтеді, а?!

ҚАЙЫРБЕК (*ежірепейін*): Не? Сен де ауылынды тықпалап қоймадың ғой!

ДӘМЕЖАН: Мен қайбір жетіскеннен осындаған ойға келді дейсін?! Эрине, отбасылық жағдайымызды ойлағандықтан. Екеумізге де жұмыс табылар еді. Өзің білесін, ана жолы да айтып едім ғой, мектеп директоры нағашы ағамыз ғой. Ауылға келсөн, мұғалімдікке орналастырам деген.

ҚАЙЫРБЕК: Құдай-ау, оған диплом керек емес пе?

ДӘМЕЖАН: Ауылда мұғалім жетіспейді ғой. Өзің айтпақшы, тансың мықты болса ала береді. Кейін сырттай оқып алармын. Папам мен

мамам да қарайласып тұрар еді. Ағаларымның да майды екенін білесің, саған да бір оңтайлы жұмыс тауып берер. Әрі, мына тас қаладан әбден жалықтым. Тілімді алсаң, ауылға көшейік. Ауыл деген аты болмаса, қалаға тиіп тұр ғой, өзің де білесің, женіл машинаға бір-ақ сағаттық жол.

ҚАЙЫРБЕК: Ал барайық дейік, сонда қайда тұрамыз? Бізге біреу үй-жай дайындал қойып па?

ДӘМЕЖАН: Мамаларым айтады, бұрынғы совхоз директорының үйі сатылады екен. Сырты темір қоршаумен қоршалған, хан сарайын-дай жеті бөлмелі үй. Барлық жағдай жасалған, ондай үйді тіпті қаладан таппайсың. Суық сұы да, ыстық сұы да, дәретханасы да, бәрі ішінде. Көшейік, ә!

ҚАЙЫРБЕК: Оған ақшаны қайдан табамыз?

ДӘМЕЖАН: Егер сен келіссен, екі үйді де сатамыз. Ең алдымен балаларға қаладан үш бөлмелі пәтер аламыз. Оны олар аяқтанғанша жалға беріп, ай сайын ақша сауып отырамыз. Сонда жұмыссыз үйде отыrsaқ та, аса бір қыындық көре қоймаймыз. Ал, ауылдағы мен айтқан үйге содан қалғаны да жетіп қалар. Сонда бар есебіміз түгенделеді. Қоресің, әлі аузымыздан ақ май ағады.

ҚАЙЫРБЕК: Сөйтсек те, болады екен-ау, ә! Егер сінісе алмай жатсақ, тиіп тұр ғой, қалаға қайтып келерміз. Дұрыс айтасың, бұлай үйде қол кусырып жата беруге тағы болмайды, нартәуекел!

ДӘМЕЖАН (*жузі бал-бұл жсанып*): Ақылдым сол, қалай атсам да, алшысынан түсетін алтын сақам сол. Сен тірі тұрганда ештенеден кемдік көре қоймаспзы.

(*Дамежсан қуанғаннан қолын шапалақтап, секең қагып, билей жөнеледі. Қайырбектің көзі әйелінің құлағындағы алтын сырғага түседі. Ақтасы жалтырап, ерекше көз тартып тұр*).

ҚАЙЫРБЕК: Әй, қатын, құлағындағы сырға кімдікі?

ДӘМЕЖАН (*сасқалақтап*): Кімдік болушы еді, өзімдікі.

ҚАЙЫРБЕК: Оны қайдан алдың?

ДӘМЕЖАН: Тұған күніме агаларымның сыйлаған сыйлығы ғой.

ҚАЙЫРБЕК: Оны неге көрсетпей тығып жүрсін?

ДӘМЕЖАН (*сырганы ұстап*): Не, көрінбей тұр ма?

ҚАЙЫРБЕК: Мен әперген сырғаң қайда?

ДӘМЕЖАН: Сумкамда.

ҚАЙЫРБЕК: Оны неге алып таstadtың?

ДӘМЕЖАН: Ой, ол – нашар. Ал, мынау – қымбат. Алтынының сапасы да ете жоғары. Қөрмейсің бе, көзі қандай улken?!

ҚАЙЫРБЕК: Ағаларың сонша неге жомарт болып кеткен? Ана жолы алтын сакина сыйлады деп едің.

ДӘМЕЖАН: Сыйласа несі бар?

ҚАЙЫРБЕК: Білмеймін, енді ағаларынды жақсы білемін ғой! Қанша майды болса да, ашылып-шашылып жатқанын көрмеппін.

ДӘМЕЖАН: Басқа-басқа, ағаларым менен ештеңе аямайды.

ҚАЙЫРБЕК: Ағаның қарындасына сый тартқаны қандай жарасымды. Ал, мен болсам...

ДӘМЕЖАН: Сенен ештеңе дәметпейтін болдық қой!

ҚАЙЫРБЕК (*қытымырланып*): Енді негыл дейсің?! Тіпті, қарындасының үйіне дейін тартып әпердім. Одан артық саған қандай сый кепек, а?

ДӘМЕЖАН: Қойшы енді, Қайрош? Еркелеуге де болмай ма, не?

ҚАЙЫРБЕК: Сені осы түсіне алмай-ақ өтетін шығармын!

ДӘМЕЖАН (*көзі алақтан*): Неге?

ҚАЙЫРБЕК: Біліп тұрып сұрайтының-ай осы.

ДӘМЕЖАН: Жұмбақтамай айтсаншы, нені біледі екенмін?

ҚАЙЫРБЕК: Сенің білмейтінің жеті қат жердің астында гой! Қайта менің білмейтінім көп сияқты. Байқа, қатын, бір күні болмаса, бір күні ойының осылып жүрмесін!

ДӘМЕЖАН: Не?..

ҚАЙЫРБЕК: Сәбіз же!

(Қайырбектің қас-қабагы лезде салыңқы тартып, ойлана орнынан тұрып кетеді. Дәмежсан жсалғыз қалады).

ДӘМЕЖАН: Құдайдың қара басқанын қарашы, не деген ұмытшақпын?! Құлағымнан шешіп алып, әзірше қөрсетпей тығып тастауым керек еді! Әй, бірақ қашанғы жасырам, бәрібір күндердің күнінде бір көреді гой! Сондықтан, өкінудің де қажеті шамалы. Тек ағаларым берді деп нем бар еді?! Мынау олардан сұыртпақтап сыр тартып жүрсе, не деймін?! Бұл есаланғаннан бәрі шығады. Бірақ енді басқаша не деймін? Егер сұрап біліп жатса, өзім сатып алғанмын, сен ұрсады екен деп өтірік айта салғанмын дермін. Ең бастысы, сырғаны кім сыйлағанын білмесе болды емес пе?! Мынау бірдене сезіп жүрген сияқты гой! Артыма адам салып қойды ма екен?! Әлде өзінің ішкі күдігі ме?! Қой, енді өз ойымды іске асырганша, кездесуді сирете тұру керек шығар! Иә, оған айтсам, түсінеді гой! Әйтпесе, шынында да құпиямыз ашылып қалып, аяғымыз аспаннан келіп жүрмесін! Азырақ шыдайын!

АЛТЫНШЫ ҚӨРІНІС

Жаңа қоныс. Даңғарадай үй. Қайырбек отбасымен енді көшіп келіп жатыр. Дәмежсанның үш ағасы қарсы алып, дүние-мұліктерін тасысып, жәрдемдесіп жүр. Бір кезде бәрі қонақ бөлмеге жиналды.

ТОҚАН: Әй, күйеу бала, неғып тымырайып тұрсың, қайынағала-рыңа иіліп қызмет қөрсетпейсің бе?

ЖАҚАН: Иә, соны айтам да...

ҚАЙЫРБЕК: Айтыңыздар, не істейін?

ТОҚАН: Неге біз айтуымыз керек, өзің біліп істеуге болмай ма?!

ЖАҚАН: Жаңа қонысқа кіргендерінді атап өтпейміз бе?!

ҚАЙЫРБЕК: Сөздеріңдің садақасы, қазір бәрін жасаймыз.

ЖАҚАН: Біз сениң тамағыңа емес, қуанышыңа ортақтасу үшін келген жокпаз ба?!

ҚАЙЫРБЕК: Айыпқа бұйыра көрменіздер, жаңа көшіп келіп жатқандықтан, аздал тосырқап қалғаным рас. Эйтпесе, сіздерден аятын ештеңем жоқ.

МАҚАН: Эй, күйеу бала, сен олай жакауратпа. Бізге көп нәрсенің керегі де жоқ.

ТОҚАН: Ырысындың ішіп кетпейміз.

ҚАЙЫРБЕК (елпілден): Қазір... қазір... Мен дүкенге барып келе қояйын!

(Елпің қаққан Қайырбек аяғын асыға басып шығып кетеді. Үш ағайынды бір-біріне қарап, көздерін қысысып қояды).

ТОҚАН (Дамежсанга): Қарындастым-ау, ескертіп қоймайсың ба, күйеу бала біздің алдымызда құрдай жорғалауы керек қой. Кекірейіп, кеселденіп тұрғой, жал бітейін деген бе, қалай?

ДӘМЕЖАН: Өздеріңіз де білесіздер ғой, баяғыдан сондай емес пе?!

Енді жер ортасына келгенде түзеледі дейсіздер мебе?!

Тұқ көрмеген сорлы ғой, қолы да, дәті де сондай қатты.

ТОҚАН: Бәсе, ушеуміз үш жактағаннан кейін ғана әрең қозғалды. Байқаймын, бізді адам құрлы көріп түрған жоқ.

ЖАҚАН: Қайда баар дейсің, қалыпқа келер! Үйренер, үйретерміз, қайнағаларын қалай сыйлау керектігін. Сыртта жүріп, әбден жабайы болып кеткен ғой!

(Осы кезде дәу қөк пакетті құшақтап Қайырбек кіреді. Оны көре сала бәрі мазақ қылғандай ішек сілесі қата қарқылдан күледі. Шамына шоқ түсken Қайырбек қандай қадам жасарын білмей, соғыстың тұрып қалады. Намыстанып, іши жиырыла қалады).

ТОҚАН (өктем): Алдында құбыжық түрған жоқ қой, неменеге баҗырая қарайсың? Кане, не әкелдің, қой үстелге, көрейік.

ҚАЙЫРБЕК: Өзімше әйтеуір... (ұзын мойын ақ арақты суырып алады) Қазір, күйіп жіберейін!

ЖАҚАН: Құй, құй!.. Біз алқаш емеспіз, бірақ тілек айтамыз! Асаба мен боламын. Алғашқы сөзді үлкеніміз Тоқана беремін, Сөйле, Тоқа! Қарындастың мен күйеу балаң қатарымызға қосылып, ортамызды толтырып жатыр, қызық-куаныштары ұзағынан сүйіндірсін!

ТОҚАН: Ал, жаңа қоныстарың құтты болсын! Иргетасы мықты, керегесі кен, шаңырағы биік болсын! Ішінде тек қана татулық пен береке, қуаныш пен бақыт, құт пен ырыс салттанат құрсын! Ең бастысы, бас аман, бауыр бүтін болсын! Сол үшін алып қойындар.

ДӘМЕЖАН: Рахмет, жан ағам! Айтқаныңыз келсін!

ЖАҚАН: Эй, күйеу бала, өзіңе неге құймағансың? Әлде бізді мен-жібей тұрсың ба?

ҚАЙЫРБЕК: Дәмежан біледі ғой, мен ішпеуші едім...

ЖАҚАН (*кекетін*): Не, молда болып кеттің бе?

ҚАЙЫРБЕК: Молдалық қайда бізге!

ЖАҚАН: Арақты кім ішпейтінін білесің бе?

ҚАЙЫРБЕК: Молда ішпейді.

ЖАҚАН: Жоқ, қателестің. Керек жерінде молда да қағып салады (бәрі тағы да ду күледі).

ҚАЙЫРБЕК: Қойыңыз, бұныңыз енді артықтау.

ЖАҚАН (*өрекпін*): Қоятын ештеңесі жоқ, арақты сараң мен ауруғана ішпейді.

ҚАЙЫРБЕК (*дауысын көтерін*): Сараңдықтан да, ауыргандықтан да емес, иманға бас ұргандықтан.

ЖАҚАН: Сонда біз имансыз екенбіз ғой!

ҚАЙЫРБЕК (*сасып қалып*): Жо-жоқ, о не дегеніңіз?!

ЖАҚАН: Күйеу бала, сен бізді сыйламайды екенсің?

ҚАЙЫРБЕК: Сый-күрмет араққа байланып тұрған жоқ қой, Жақа!

ЖАҚАН: Дәл қазір соған байланып тұр.

ҚАЙЫРБЕК: Қойыңызшы!

ТОҚАН: Эй, күйеу бала, бізді алқаш деп ойлама. Әр-берден соң бісениң куа-нышыңа көтергелі тұрмыз. Кәне, бәлсіне бермей, тартып жібер

ҚАЙЫРБЕК: Қырығып та, бәлсініп те тұрғам жоқ. Ішетін кездештік, ал қазір қойып жүрміз, Дәмежан біледі ғой!

ДӘМЕЖАН: Неменеге кісімсіп тұрсың, сыйластық үшін аздан алуға болады ғой!

ҚАЙЫРБЕК: Қойшы, дәмежан, не айтып тұрсың, өзі?!

ТОҚАН (*қабагы туйліт*): Күйеу бала, сен маған мұлде ұнап тұрғағ жоқсың. Бізді жақтырмай тұрғаның сөзіңнен-ақ сезіліп тұр. (*екі інісіне, Кеттік, жігіттер. Арақ пен тамақ біздің үйден де табылады.*)

ЖАҚАН: Күйеу бала, әбден кісікік болып кетіпті. Өзі біледі ғой!

ТОҚАН: Өзі білмейді, не үшін өзі біледі екен, біз білеміз! Қайнағаларың қалай сыйлауды үйрету керек!

ЖАҚАН: Қайда барап дейсің, өзі-ақ үйренер, үйренбесе үйретермі әлі-ақ!

(*Уш ағайынды Қайырбекті көздерімен атып, бірінің соңынан бір шығып кетеді.*)

ДӘМЕЖАН: Сен неменеге өзіңше бола қалдың? Ағаларымның алдында жер қылдың ғой!

ҚАЙЫРБЕК: Эй, арақ атамыздан қалған ас па еді, соған бола рен жуге бола ма, өзі?! Ағаларың да қызық-ең, сенің!

ДӘМЕЖАН: Айттым ғой, сен мен түгіл, тұған-тұысқандарымды да сыйламайсын!

ҚАЙЫРБЕК: Қашаннан бері сыйластық арақпен өлшенуші еді?

ДӘМЕЖАН: Саған айтты не, айтпады не, бәрібір өзіндікін езгілеп тұрып аласын!

ҚАЙЫРБЕК: Қойши өнді, қырта бермей!

ДӘМЕЖАН: Айттым ғой, эне...

(Дәмежсан жыламсырап шығып кетеді, Қайырбек жалғыз қалаады).

ҚАЙЫРБЕК: Қайда келдім, мен өзі?! Қате қадам жасаған жоқпын ба? Мына түрлери адам шошырлық қой. Келмей жатып, басынғысы келетіндерін байқатты. Әп дегеннен осындай қысастық танытса, ертең бұдан зорғысын жасамасына кім кепіл?! Қотарыла көшіп келмей-ақ, алдымен байқастап көру керек пе еді?! Жарайды, неде болса келіп қалдық қой, әліптің артын бағайық, тақа тұра алмасақ тағы көрерміз! Шектен шығып бара жатса, аттың басын кері бұру соншалықты қын шаруа емес қой!..

ЖЕТИНШІ КӨРІНІС

ҚАЙЫРБЕК үйде жападан жалғыз. Қабагы қатулы. Бір тұрады, бір отырады. Қайта-қайта темекі тұтатып, құшырланған тартады. Үйдің іші көк тұтін, елеңдеп қайта-қайта сағатына қарай береді. Тісін қайрап, кіжініп те қояды. Бір кезде сзылып әйелі кіреді.

ҚАЙЫРБЕК (дауысын көтеріп): Тұн жарымына дейін қайда қанғып жүрсін?

ДӘМЕЖАН (саспастан): Қайда жүргені несі, жұмыста болдым!

ҚАЙЫРБЕК: Қайдағы жұмыс? Мен мектепке үш қайтара барып-келдім. Таба алмасын деген шығарсың, телефоныңды да өшіріп тастапсын.

ДӘМЕЖАН: Қуаты бітіп қалды.

ҚАЙЫРБЕК: Эй, қуаты таусылса, өзің тірісің ғой! Аттай сабылып іздегеніме алты сағат болды, ізім-қайым хабарсыз қайда жүрсін?!

ДӘМЕЖАН: Жұмысттан кейін жолай папам мен мамама соқтым. Әңгімелесіп отырып уақыттың қалай өткенін білмей қалышпаз.

ҚАЙЫРБЕК: Өтірік айтпа, мен онда да бардым. Маман: «келген жок», – деді ғой. Одан да шыныңды айт, қайда және кіммен болдың?

ДӘМЕЖАН (түрі бұзылып): Ойың неткен арам еді.

ҚАЙЫРБЕК: Өзің арамсың! Ана Сайлау қырттың не айтып жүргегінін білесің бе? «Сенің қатыныңың қызығын Жұман бай көріп жүр», – деп қарқ-қарқ күледі. (ақырып) Иә, Жұман бай...

ДӘМЕЖАН: Ол беталды былжырамасын! Не жатқан жерімізде ұстап алып па, әлде шам жағып тұрып па?!

ҚАЙЫРБЕК: «Жел соқпаса шөптің басы қимылдаушы ма еді», – ондай қаңқу сөз жайдан-жай шықпайды. Одан да шындығынды мойында.

ДӘМЕЖАН: Нені мойындайын?

ҚАЙЫРБЕК: Жұман баймен болғанынды...

ДӘМЕЖАН: Мен онымен тек кафеге бардым... Бар болғаны сол...

ҚАЙЫРБЕК: Қайда барсаң да, сонымен болдың ғой!

ДӘМЕЖАН: Иә, бірақ арамызды ештеңе болған жок.

ҚАЙЫРБЕК: Одан да осылай шындығынды айтсаныш! Онымен неге кафеге барасың? Қатын тастаған еркекте нең бар? Байың бар ғой, әй, мен тірімін ғой! Басқа қыз-қырқын күрып қалғандай, біреудің некелі әйеліне кол салғаны несі оның? Ар жағын айтпай-ақ қояйын!.. Осы уақытқа дейін не істегенің белгілі ғой, жәлап... Астында күшік құсап қынсылап жаттың ғой!.. Мойында жүзін күйгір, жузіқара!

ДӘМЕЖАН: Не?.. Не дейсің?.. (*бетін шымшип*) Бетім-ай, масқара...

ҚАЙЫРБЕК: Бәрі белгілі болды, сайқал! Бәсе, өзім де бір пәлең бар екенін сезгенмін! Сен үшін не іstemедім? Керек болса, бірге туған бауыр-қарындастарымнан да безіндім! Ал, сенің істеп жүргенің мынау! Қөпекерінеу көзіме шөп салып, зина жасап жүрсің! Қазақтың «қойнындағы қатыныңа сенбे» дейтіні осы екен ғой! Мен саған бөтен еркекпен қызырғанды көрсетейін, жәләп!..

(Тақан келіп қатынының бетінен шапалақпен шарт еткізіп тартып кеп жібереді. Ол мұрттай үшады. Қайырбек онымен де қоймай, астына басып алып төмпештейді. Әйелі айғайлан, үйді басына көтереді. Әбден қаны қарайған күйеуі оны елең қылмай, жусан жұдырығымен бас-көз демей үргылай береді. Ойбайлаган әйелі әрәп дегендес сыйылып шығып, жатын бөлмеге қашып кіріп, есігін жасауды ала қояды. Қайырбек сонда да тоқтамай, аузына келген боқтық сөздерді айтып, есікті үргылайды).

ҚАЙЫРБЕК: Жәлап, көрсетейін мен саған көзге шөп салғанының қалай боларын?! Көзіңе көк шыбын үймелетпесем, Қайырбек атым өшсін! Үндемей, айтқанынды жерге тастамай жүргенге әбден құтырған екенсін, сайқал!

(Жатын бөлменің ішкі жағынан әйелінің қалта телефонымен құлышындағы дауысы шығып біреумен сыйлесіп жатқаны естіледі. Келіп көмектесуін, тезірек жетуін өтініп жатыр. Сәлден соң есік алдынан адам аяғы білінеді де, ішке әйелінің үш агасы бірінен кейін бірі алқын-жұлдыз кіріп келеді).

ТОҚАН: Эй, құтырған неме, қарындасымызға неге қол жұмсайсың? Біз саған оны ұру үшін берген жоқтыз. Соңша сабайтында, не жазығы бар?

ҚАЙЫРБЕК: Оны өзінен сұрандар. Тіпті, айтуга аузын барар емес.

(Агасының ғүрілдеген дауысын естіген Дамежан жатын бөлменің есігін теуіп ашип, долданып шыға келеді).

ДӘМЕЖАН: Құдай ақы, ешқандай жазығым жок. Пәле жауып, итше төпкіледі...

ТОҚАН: Біздің қарындастымыз сен ойлағандай қасиетсіз емес. Истемегенін істеді деп, пәле жапқаның аздай, істің ақ-қарасын айырмай жатып, үршіп-соғыпсың!

ҚАЙЫРБЕК: Сіз маған мынаны айттыңызшы, әйеліңіз басқа ерекпен қыдырыса, не істер едіңіз?

ТОҚАН: Сонда Дәмежанды шынымен басқа ерекпен көңіл қосып жүр деп ойлайсың ба?

ҚАЙЫРБЕК: Иә, дәл солай!

ТОҚАН (*dүрдүн*): Тақ әкеңнің аузын ұрайын. Пәле жапқан мен жа-зықсыз сабаганның қандай болатынын көрсетейін мен саған.

(*Тоқан күйеу баласын жуан жұдырығымен кеудесінен бір ұрады. Қайырбек қол көтермей тұрып қалады. Ол екінші қайтара жұдырығын сілтей бергенде қолынан қагып жібереді. Осы кезде Жақан мен Мақан жасбыла кетеді. Қайнагаларының жуан жұдырықтарын денесіне дарытқысы келмей, қорғаштанганы болмаса, Қайырбек оларга қол көтере қоймайды. Зіңгіттей-зіңгіттей уш еркек қойсын ба, жығып алып, бас-көз демей аяусыз төпкінің астына алады. Бір кезде әбден қалжыраган Қайырбектің қорғануга да шамасы келмей, қымыл-қозғалыссыз сұлық қалады.*)

ТОҚАН (*куйеу баласының шашынан ұстан*): Ақыры бұла қүшің бойыңа сыймай асып-тасып бара жатыр екен, қатын сабап құр босқа ысырап қылғанша, еңбек ет. Ертеңнен бастап жылқымызды бағасың! Түсіндің бе? (*teyin қалады*) Саған керегі сол шығар, бәлкім. Ендігі күнің бүралқы иттен де әрмен болады. Күйеу бала деп төбемізге көтеріп жүрсек, жаман сыйлағанды білмейді деген осы, тым астамсып кеттің. Біз саған қарындастымызды ұргызып қойып, қарап отыра алмаймыз. Керек болса, сені күйеу емес, құлғып жібереміз. Оған құдіретіміз жетеді. Енді бір рет қол көтерсөң, тірідей көрге көмеміз, ұқтың ба?! Ұқтың ба деймін, малғұн? (*тагы да teyin қалады*)

(*Bірақ, оны ұгар Қайырбек көрінбейді, ес-түссіз, қымыл-қозғалыссыз сұлық қалған. Бет-ауызы қан-қан. Анда-санда денесін ауырсынып, ақырын ыңғырсып қояды. Ендігі төпкінің артық екенін түсінген ағайынды үшін ұлken іс тындыргандай, көңілдері тоғайып шығып кетеді. Олар кетісімен Дәмежсан аяғын жылдамдата басып, жатын бөлмеге зып береді.*)

ҚАЙЫРБЕК (*салден соң басын көтеріп*): Сендердің қарындаста-рың болғанымен, ол менің некелі әйелім ғой. Ерлі-зайыптының ортасы-на есі кеткен түседі деуші еді, ақыл-естерің шамалы-ау! Осыдан кейін біз қалай бірге тұрып, бірге жүрмекпіз? Сендерге керегі сол болса, қарындастарыңды қайтарып-ақ берейін, өздерің-ақ қатын қылышындар.

Ай, сайқал-ай, енді анық түсіндім, мені есер ағаларына ауыздықтатып, өзің ойыңа келгенді іstemек екенсің ғой! Жоқ, оның бола қоймас. Мен сен ойлағандай ез емеспін! Кеудемде жаным барда ешкімге есемді жібере қоймаспын!

(Қайырбек өне-бойын ауырсынып, орнынан әрең көтеріліп, тәлті-ректей басып қонақ бөлмеге барады да, диванга етпептей құлай кетеді).

СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС

Қайырбектің үйі. Эйелі мен екі баласы рахаттанып ас ішіп отыр.

ДӘМЕЖАН: Экелерің нағыз арамтамақ. Не үйге қарамайды, не қек тыын таппайды. Ойсыз, қамсыз, мұңсыз мақұлық. Мен болмасам, бәріміз аштан қатар едік. Ер-азамат ертеңін, бала-шағасын ойламаушы ма еді, жоқ, ас ішіп, аяқ босатса болды. Рахат, бәрін менің мойныма артып қойған! Тіпті, бір жері қисайып қалатында, берген жұмысты да істегісі келмейді. Әй, мал бағып, мал тапқанның несі жаман? Әйтеуір, жан қинамастың амалы. Тамаққа қана ортақтасатын мұндей еркектің ба-рынан жоғы, бүйтіп масыл болып жүргенше, көзі біржола құрыса екен!

ЕРКІН: Мама, соган бола жүйкенізді жұқартып қайтесіз! Өзіне жақсы болса жүре берсін.

ДӘМЕЖАН: Сонда отбасының қамын кім ойлады? Менің тапқа-ным неге жетеді? Ер-азамат деген аты бар емес пе?! Қашанғы омалып үйде жата береді?!

ЕРТАЙ: Мама, бір сөзді мың қайталаганнан бәрі түзеліп кете ме, осы? Оның да білеміз ғой, әкеміздің қандай адам екенін! Несіне сөзді сарсы-тып қайта-қайта айта бересіз?

ДӘМЕЖАН: Сонда ештеңе айтпау, ештеңе демеу керек пе?!

ЕРКІН: Мама, біз сіздердің сөздерінізден әбден шаршадық, айтқаннан мүйіз шығатын болса, баяғыда-ақ шығар еді ғой! Одан да Ертай екеуміз клубқа барып, бой сергітіп келейік! (қолын ысқылан) Ауылда сұлу қыздар көп екен!

ДӘМЕЖАН: Қазір заман жаман, қағынған-соғынғандар көп, байқап жүріндер! Бұрынғыдай емес, қыздар да бұзылып барады.

ЕРКІН: Бізге сол бұзылған қыздар керек қой! Әзірше, әдепті қыздың түккө де керегі жоқ.

ДӘМЕЖАН: Әй, ұқсамасаң тумағырлар-ай, экелеріңе тартып, сендер де қатынқұмар болайын дегенсіндер ме? Байқандар, бір пәлеге ұрынып қалмаңдар!

ЕРКІН: Алаң болмаңыз, мама! (ыржысып) Кішкентай бала емеспіз ғой. Айтпақшы, мама, ертең Ертай екеуміз қалаға барамыз.

ДӘМЕЖАН: Не үшін? Кім рұқсат берді?

ЕРКІН: Мама, бізге ертеңнен қалмай бару керек.

ДӘМЕЖАН: Не, онда біреу күтіп отыр ма?

ЕРКІН: Эрине, күтіп отыр, мам! Тығыз шаруамыз бар.

ДӘМЕЖАН: Біз білмейтін қандай шаруа ол?

ЕРТАЙ: Ту, мам, енді бәрін айта беру міндетті емес шығар.

ДӘМЕЖАН (*жұні жығылып*): Жарайды, жарайды, көрерміз!

ЕРТАЙ: Көреміз емес, біз тәңертең жол жүріп кетуіміз керек!

ДӘМЕЖАН: (*қолын бір сілтеп*): Жарайды, жарайды, барындаршы!

«Ұқсамасаң тумағырлар», әкелерін Қайырбек болса, айтқанға көнуші ме едіндер!

(*Екі ұлы асығыс-ұсігіс күініп шығып кетеді. Артынша Қайырбек кіреді. Дәмежсан оны көріп жыландаи жиширыла қалады*).

ДӘМЕЖАН: Енді сен бұдан былай бізben бірге бір дастархан басына отырмайсың. Есік алдындағы сарайда жатасың, атау-кереңді сонда ішесің! Көрейік, әйел сабағанның қалай боларын!

ҚАЙЫРБЕК (*таңырқай*): Не? Не оттап тұрсың?

ДӘМЕЖАН: Не естісең, сол.

ҚАЙЫРБЕК: Енді өзім де көрінгеннің астында қыңылап жататын сендей бүралқы қанышықпен бірге тұра алмаспын.

ДӘМЕЖАН: Көк тыны таппайтын, белсіз еркек кімге керек? Кетсен, жолың әне, одан әрі кет!

ҚАЙЫРБЕК: Саған керегі ақша мен анау ғой, жәләп! Алдымен екі үйдің ақшасын қолыма сал.

ДӘМЕЖАН: Екі үйдің ақшасы күнделікті ырыс-құтқа ұсталып кетті. Ішіп-жегенінді есептемейсің бе, кеңкелес, өзің бір тамаққа тоймайтын аужорсың!

ҚАЙЫРБЕК: Он бес мың сомды санап-түйіп беріп едім ғой. Соның бәрі ұсталып кетті дегенге адам баласы сене ме?

ДӘМЕЖАН: Сенің қанша ақша бергенінді білмеймін, бір білерім, әйелдің қолында ақша тұрушы ма еді?!

ҚАЙЫРБЕК: Ойың енді белгілі болды, сайқал.

ДӘМЕЖАН: Менің ойым... енді білдің бе? Естігің келсе, өзім-ақ айтайын... Мен жас кезімде күйеуім сымбатты, сұлу жігіт болса еken деп арманнадым. Ол – сен болдың! Иә, ұннattyм, тіпті бір көргеннен өліппталып ғашық болдым. Тұрмысқа шықтым, от құшағында өртеніп күйіп-жандым, тән құмарын қандырдым, бала сүйдім. Албырт көнілдің қалауы орындалды. Бірақ, бәрібір жүрегім тыншу таппады. Есейгеннен кейінгі жан қалауы мұлде басқа болады еken. Қандай сұлу болса да, қолы қысқа еркектің бірте-бірте сүйкімі кетіп, ал қалталы азamat ұсқынсыз болса да сүйкімді көрінеді еken. Содан табысынның мол болғанын қаладым. Өкінішке орай, жоқпен бірге туғандай, қалтаң қампая қоймады, қайта үйде масыл болып жатып алдың. Айтшы, ондай еркектің кімге керегі бар? Адам мына жарық жалғанға бір-ақ рет келеді, ендеше сол қысқа ғана

ғұмырды итшілеп емес, адамша өткізгенге не жетсін! Ақша жоқ жерде өмір жоқ екенін түсіндім. Білесің бе, біз өмір сүргеніміз жоқ, күр күн өткіздік. Ал, қалған өмірімді олай мән-мағынасыз өткізгім келмейді.

ҚАЙЫРБЕК: Сондағы тапқаның жұдырықтай Жұман ба? Ол саған бай, сен оған қатын болып жарыта қоймассың. Ол талай жанның обалына қалған алаяқ емес пе?

ДӘМЕЖАН: Ол саған солай көрінер. Ал, маған одан артық еркек жоқ. Бойы қысқа болғанымен, қолы ұзын. Түсінесің бе, қолы ұзын. Сенің сорайған бойың жетпеген жерге, оның қып-қысқа қолы емін-еркін жетеді. Ұстаймын дегенін ұстайды, аламын дегенін алады, мінемін дегенін мінеді, ішемін дегенін іshedі, жеймін дегенін жейді. Бір сөзбен айтқанда, жаны нені қалайды, соны істейді.

ҚАЙЫРБЕК: Иә, нәпсікүмарлық пен арам ақша не істепейді. Сонда менің мінім – қолымның қысқалығы екен ғой!

ДӘМЕЖАН: Дәл солай!

ҚАЙЫРБЕК: Бұл сенің ғана ойың... Адамдықты, адамгершілікті ту етіп ұстайтындар да бар ғой. Оларға ақша емес, өзінің отбасы, ошақ қасы қымбат. Сен сияқты бақытты басқадан емес, өзінен іздейді. Адамның адамдығы да сонда емес пе?! Оны қалай жоққа шығармақсың!

ДӘМЕЖАН: Иә, өзгеше ойлайтындар да бар. Бірақ, олар өздерін-өздері алдап, құр киялмен күн өткізетіндер. Иә, білемін, саған да ынтығып, құшақынды аңсайтын қыз-келіншектер баршылық. Өмірлік жар болуды армандал, соны шексіз бақытқа балайтындар да жетерлік. Сондықтан, саған қатын табылар, жалғыз қалмассың!

ҚАЙЫРБЕК: Ай, арамза-ай! Ойың неткен һарам еді. Ку тіземді құшақтап өтсем де, енді тәмен етектіге жоламаспын. Құрысын, мен кетемін, қызығатындаидай да, қарайлайтындаидай да ештене қалған жоқ.

(Қайырбек есікті тарс жасауды шығып кетеді. Жалғыз қалған Дәмежсан жалма-жсан сумкесінен қалта телефонын алып, алдекімге қоңырау шалады).

ДӘМЕЖАН (көңілді): Жұмчик, ана есек кетті... Иә, өзі кетті... Бәрін айттым, ашық сейлестім... Иә, солай... Кейін айттармын. Сен келші! (Назданың) Иә, дәл қазір келші! Қөрім келіп тұр... Кеше ғана көрсем де, бүгін қайта сағынып отырмын. Өзің білесің ғой, мен сенсіз жалғыз сәтте тұра алмаймын!.. (еміренін) Қараңғылана бастаган өміріме шұғылалы сәулө шашқан жарық айым, мәңгілік махаббатым, менің!.. Ой, қорықпай-ак қой, ол енді келмейді! Қайтып келмейтіндей ит терісін басына қантап жібердім! Еркек болса, енді өзі де қарасын көрсетпес... Сөзді көбейтпей, тезірек келші енді!.. Тас қараңғыда жалғыз-жарым жүре алмаймын, түннен қатты қорқам! Ауылда ит те көп. Ал, сен еркек емессің бе, не болды сонша қорқаңтап?! Өзің алып кет! Иә, эрине, аңсап отырмын!.. Иә... иә... шыдай алар емеспін!..

(Дәмежан телефонын үстел үстіне қоя салып, жалма-жсан қарсы қабырғада ілулі тұрган дәу айнаның алдына барып, үсті-басын жөндең, шашын тарап, ернін бояп, сыланып-сипана бастайды. Анда-санда құйрығын бұлғаңдатып, төсін шалқақтатып қояды. Көп күттірмей жылмаң қазып Жұман кіріп келеді. Көптен көріспеген гашықтардай құшақтары айқаса кетеді).

ДӘМЕЖАН: Жеттің бе, мәнгілік сағынышым менің!

ЖҰМАН: Жарық күнім! Сен кел десен, қалай шыдап жатайын!

ДӘМЕЖАН: Енді бізге ешкім де, ештеңе де бөгет бола алмайды

ЖҰМАН: Жаным, мен бұл күнді тұп-тура жиырма жыл құттім ғой!

Иә, жиырма жыл...

ДӘМЕЖАН: Жан-журегіммен мен де сені қаладым!

ЖҰМАН: Енді жұбымыз жазылмас. Мен сені Астанаға алып кетемін.

ДӘМЕЖАН: Астанада тұру әр пенденің арманы ғой.

ЖҰМАН: Бас шаһарда хан сарайында үйім бар. Бұнда тек бір сен үшін келгенмін. Сенесің бе, бір сен үшін, жаным! Арада зулап қаншама жыл өтсе де, сол баяғы бала кездегідей мен саған әлі ғашықтын. Шын айтамын, сол әлі бала ғашықтын!

ДӘМЕЖАН: Қойши, жаным, ұялта бермей. Артымнан өлердей жүгірсөн де, қайрылмастан кетіп ем. Сол кезде селт етпеген сезімім, бүгін оттай лаулады деп кім ойлаган?! Бір күн көрмесем тұра алмайтын күйге түстім. Махабbat адамғана емес, уақыт та талғамайды екен ғой!

ЖҰМАН: Дәмежан, сен әлі он екі де бір ғұлі ашылмаған бұлдіршін қызы сияқтысың! Көзімді алмай жүзіне қарай бергім келеді. Құдай-ау, қалай сақталғансың?! Тұла бойың толықсып, бөксөң шығып, тіпті әдемі бол кетіпсің!

ДӘМЕЖАН: Қойши-еїй, жынды, қылжақ қылмай!..

ЖҰМАН: Қылжақ емес, өллахи-билахи, шын сезім!



ДӘМЕЖАН: Ал сен болсан, әлі жап-жас жігітсің! Кеш те болса, қайта тапқан бақыттың! Түрің де сол бәз-баяғы, қалай өзгермегенсің? Жалпы, сен өзгермейсің, из!

ЖҰМАН: Жарығым, айым, күнім, мен сені бақыттың бал шуағына бөлеймін! Өмір бойы аялап өтемін!

ДӘМЕЖАН: Мен сені құлай сүйіп қалдым, жаным! (көзіне жасас алып) Сезіміміз мәнгілік суымасыншы, бақыттыңыз баянды болсыншы! Бір Құдайдан тілерім – сол!

ЖҰМАН: Махаббатым менің, сен мен үшін жаратылғансың, мәнгі шырқар әнімсің! Енді ешкімге бермеймін! Ешкімге де айырбастамаймын!

(Екейі қайта құшақтаса кетеді, сүйісепе бастайды. Тан осы кезде Қайырбек кіріп келеді. Қолында улкен пышақ. Дәмежан шошына кері серпіледі. Жұман батырсынып тұрып қалады).

ҚАЙЫРБЕК: О, әндем жараса қалыпсындар ғой! Мен үн-тұнсіз ке-тіп қалады деп ойладыңдар ма? Жоқ, қателестіндер! Сен сайқал, ме-нен бәрін айырып, жекедара бақытқа бөлөнгің келді ғой, ә! Не деген өзімшілсін!

ЖҰМАН: Қайырбек, келісейік, саған не керек өзі?

ҚАЙЫРБЕК: Маған ба, маған сен керексін! Онашада қолыма бір түссе деп жүр едім, құрған торымға қорқау қасқырдай өзің келіп топ ете қалдың ғой. Көрсетейін мен саған біреудің шанырағын шайқалтқан қалай боларын!

ЖҰМАН (именін): Мен сенің бүкіл жағдайынды жасаймын. Тіпті, керек десен, жарты байлығымды бөліп берейін. Тек Дәмежан екеумізді жайымызға қалдыр.

ДӘМЕЖАН: Жарты байлығынды не үшін бересің?

ЖҰМАН (Дәмежсанға): Сен үшін!..

ҚАЙЫРБЕК: Эй, Жұман, сен менің бар бақытымды ұрлап бара жатырсың, оның жанында сенің жарты байлығың не тәйірі. Бәрін ақшамен сатып алғып үйреніп қалғансың ғой, мені де сатып алғың келеді еken ғой, ә! Көзінді ашып қара, мен саған ақшага сатылатын Дәмежан емеспін!

ДӘМЕЖАН (батылданып): Қайырбек... бәріне өзің кінәлі... Кінәні менен емес, өзіңден ізде...

ҚАЙЫРБЕК: Мен сонда саған не істедім, сайқал?

ДӘМЕЖАН: Мен сенен ешқандай жан жылуын сезіне алмадым. Маған өмірлік жарың ретінде емес, сатып алған құніңдей қарадың! Мен де ет пен сүйектен жаралған жұмыр басты пендемін. Өзің айтшы, үйленгеннен бері бір тал ғұл сыйлап көрдің бе? Қалтама ақша салып бердің бе? Демалыс орындарына жібердің бе? Тым құрмаса, жылы сез айтып, жанымды шуаққа бөледің бе? Жоқ, жоқ, жоқ. Тас қабырғадан басқа не көрдім, қайда бардым?! Менде саған деген бал сезімдер болған. Иә, болған, болған, болған... Соның бәрін өз қолыңмен өшірдің, тұншықтырып өлтірдің!

ҚАЙЫРБЕК: Сен олай акталма! Еркек емеспін бе, әрі менің жаратағысым солай, сезімімді сыртқа шығара бермеймін, бірақ ішімде саған деген сүйіспеншілік кешегі күнге дейін толқындај тулас жатты ғой.

ДӘМЕЖАН: Мен оны сезінген жоқпын.

ҚАЙЫРБЕК: Сен оны сезінуге тырыспадың, саған оның керегі де жоқ еді. Себебі, сен адамға емес, байлыққа қызықтың. (*Жұманды сұқсаусағымен көрсетіп*) Мынаны емес, ақшаны бай еткің келді. (*Жұманга*) Ал, сен сұмырай біреудің некелі әйелін азғырып алғанда, қандай мұратқа жетемін деп ойладың? Бақытсыздықтың үстінен бақ тұргызу мүмкін бе?

ЖҰМАН: ҚАЙЫРБЕК, бар пәлені маған жаба берме. Дәмежан дұрыс айтады, көп нәрсеге өзің кінәлісің! «Қолда барда алтынның қадірі жоқ», ең бастысы қолындағы баға жетпес асылынды бағалай алмадың!

ҚАЙЫРБЕК: Солай ма?

ЖҰМАН: Солай!

ҚАЙЫРБЕК (*мысқылмен*): Қолындағы алтынды бағалай білер сен ғана екенсің ғой, ақымак! Төбенді ойып, аузыңа қан құйсам, обалың жок қой!

ЖҰМАН: Сен мені өлтірсөн де, мендегі махаббатты өшіре алмассың!

ҚАЙЫРБЕК: Сорлы-ау, сенде махаббат қайдан болсын, құр нәпсі ғой! Нәпсікүмар, ақымак!

ЖҰМАН: Байқап сөйле!

ҚАЙЫРБЕК (*өрешеленіт*): Өшір үнінді, иттің баласы!

(*Қайырбек қатуланып, қаңарлана түседі. Тақап келеді де сол қолымен Жұманның жескетұсынан қапсыра ұстайды да, оң қолындағы пышақты бар қүшімен жүрек тұсына тығып алады. Ол тізерлей беріп, құлат түседі. Дәмежсан қорыққанынан күйеуінің аягына жығылады*).

ДӘМЕЖАН: Кешірші, Қайрош! Мен қателестім!

ҚАЙЫРБЕК (*әйелінің шашынан ұстап*): Екі үйдің ақшасы қайда?

ДӘМЕЖАН (*dіr-dіr етіп*): Ана құбырдың ішінде.

ҚАЙЫРБЕК: Қанша?

ДӘМЕЖАН: Он бес мың сом.

ҚАЙЫРБЕК: Әкел.

ДӘМЕЖАН: Қазір...

(*Дәмежсан астына орындық қойып, құбырдың ішінен жылтыр клепкемен оралған он бес мың сомды алып береді. Қайырбек ақшаны алады да, әйеліне жақындан келеді*).

ҚАЙЫРБЕК: Сені де өлтіріп кетуге болар еді. Алғашында соған тас бекінгем. Өйткені, енді сенімен бірге тұра алмаймын. Сені емес, бала-ларымды аяғандықтан ғана жанынды қалдырамын. Сайқал болса да, шешелері жанында болсын! Сен оларды да азғырып, маған қарсы қойып қойдың! Менен құтылу үшін не істемедің, сен сайқал! Бірақ, сен осы ісіңе өмірбақи өкінетін боласың! Асықпа, аптықпа, бұнымен іс бітпейді. Мен саған ешқашан тыныштық бермеймін! Опасыздығың аздай, бар ақшаны сіңіріп кетпек болдың! Мә, бес мың сом. Саған емес, балаларға... Қалған он мыңы керек...

ДӘМЕЖАН: Қайырбек, кешірші мені! Тіпті, мынаның өлімін саған арттаймын, өзін-өзі өлтірді дейміз. Екеумізден басқа куәгер жоқ қой. Әмбе, мені ақ жолдан тайдырган, көзімді байлап, көнілімді арбап тастаган да осы ғой. Құдай үшін, мені тастап кетпеші! Жалынамын Қайрош, кетпеші, маған сенің өмірің қымбат! Мен сені бәрібір сүйемін! Мәңгілік сүйіп өтемін!

(*Дәмежсан жүргіріп келіп күйеуін құшақтагысы келеді, бірақ Қайырбек оны кеудесінен итеріп жібереді*).

ҚАЙЫРБЕК: Жоқ, енді бұл аярлығынан түк шықпайды. Екеуміздің жолымыз мәңгіге айырылды. Бір мәрте опасыздық жасаған адамға қайыра

сенім артуға болмайды. Қателікті түсінерміз, ал – сатқындықты кешіруге болмайды!

(Қайырбек шығып кетеді. Дамежан жыламсырап қала береді).

ДӘМЕЖАН: Ана балгер қатын «енді не айтсан да көніп жүре береді» деп еді, ақшаны уыстап алып, дұғасын дұрыс оқымаган-ау, алаяқ. Әй, бірақ ол көмектесті. Әйтпесе, ана есек қарындасының үйін тартып алмас та, екі үйді сатпас та еді. Мінезін беске білем ғой! Кейінгі дұғасы қонбай қалды-ау деймін. Әлде, ақшамды азырқанды ма екен! Болмашы тиын-тебенді үнемдеймін деп, қаншама ақшадан қағылды, бар бақытымнан айырылдым. Әй, өзіме де обал жоқ... обал жоқ...

Әй, бірақ, адам өлтірген қанішер қайда қашып құтылады дейсін, сазайың тартар, жазасын алар, бәлем! Тек ақшаны қақышып кеткені болмаса... Жұманның басын айналдыру үшін де уыстап ақша беріп ем, соның бәрі желге үшты ғой. Әлде дұғаны дұрыс оқымадың деп, дау шығарып, ақшаларымды қайтып беруін талап етsem бе екен! Қой, онда өзімді дұғалап тастар. Пәледен машайық қашыпты деген, онда нем бар-ей, Құдай-ау! Өмір осымен токтап қалмайды ғой! Басқа да ой-жоспарыма жәрдемі тиер. Жер бетінде ерекк құрып қалған жоқ қой! Бетімнің жылтырлығын пайдаланып, тағы біреуін құрығыма ілермін! Ана біреу өзі қылмындал жүр ғой! Бірақ оның бала-шағасы бар. Әй, бәрібір емес пе?! Маған жағдай жасайтын ерекк болса болды емес пе?! (*Жұманга қарап*) Әй, мынаны не істеймін? Қалтасында қанша ақшасы бар екен, өзінін?

(Ол өліп жатқан Жұманның қалталарын тінте бастайды. Мың доллар мен елу мың теңге тауып алады да, сумкасына сала салып, айғайлап-аттандап үйден атып шығады).

ТОҒЫЗЫНШЫ КӨРІНІС

Ақшам. Апақ-сатақ. Қықтай гана бір бөлмелі тоқал там. Сырты сыланбаган, есігінен жел кеулеп тұр. Клара теледидардан концерт көріп отыр. Кенет көршиңің имі шешілдеп қоя берді де, іле-шала есік қагылды. Қүйеуі келген екен деп, есікті аша берген Клара өз көзіне өзі сенбей соғстып тұрып қалды. Қарсы алдында агасы – Қайырбек тұр. Сақал-шашы үрпіп өсіп кеткен, жүдеп-жадаған. Киген күмдері мыж-мыж, саталақ-саталақ. Үстінен жасағымсыз иіс мүңкіп тұр. Агасын бұндай кескін-кейіпте ешқашан көрмеген Клара шошып кетті. Танымай тұрған адамдай бас-аяғына тағы бір мәрте көз жүгіртпін шықты. Агасына деген өкпе-ренішин табанда ұмытқан Клара алгашиқы болып тіл қатты.

КЛАРА (таңдана): Қайдан жүрсіз, Құдай-ау?

ҚАЙЫРБЕК (жсан-жасына жсалтақтан): Әрең таптым ғой. Көп аялдай алмаймын.

Не боп қалды?

ҚАЙЫРБЕК: Болар іс болды. Айтқанмен ештене өзгермейді.

КЛАРА (*есікті айқара ашып*): Ішке кірсеңізші!

(*Қайырбек ішке жылп етіп кіріп, жалма-жсан есікті іліп алады да, бірден барын терезенің пердесін жасабады. Клара түкке түсіне алар емес. Қозі жасаурап, қол-аяғы дірілдей бастаган агасы қалтасынан ораулы ақшаны алып, қарындасына ұсынады.*)

ҚАЙЫРБЕК: Мә, мынау бес мын сом, өз үйінін ақшасы.

КЛАРА (*таңырқап*): Ой, аға...

ҚАЙЫРБЕК: Қайта басспана сатып аларсындар. Кешірерсің, кателескенімді кеш түсіндім. Айбек пен Ажар қалай?

КЛАРА (*көзіне жасас алып*): Айбек сол Мұбәрәктің малын бағып жүр.

ҚАЙЫРБЕК: Неге?

КЛАРА: Ауылда басқа жұмыс та жок.

ҚАЙЫРБЕК: Иә, оның рас. Оған да ақша беремін, қалаға келіп, үй сатып алсын. Қош тазаласа да, күнін көрер.

КЛАРА: Жақсы болар еді, әйтпесе тым азып-тозып кетті. Қалаға келсе аштан өліп, көштен қалмайды ғой!

ҚАЙЫРБЕК: Соны айтам. Ажарды да қалаға алып келу керек. Ауыл күннен күнге құрып барады ғой!

КЛАРА (*сылқ етіп отыра кетеді*): Естімеген екенсіз ғой, Ажардан айырылып қалдық! (*Қыстыға жылап жібереді*).

ҚАЙЫРБЕК (*дауысы дірілден*): Не дейді, Құдай-ау! Не болды?

КЛАРА: Ауырды...

ҚАЙЫРБЕК: Қалай?

КЛАРА: Айтудың өзі ауыр.

ҚАЙЫРБЕК: Не болды сонда?

КЛАРА: Ауылдағы Сәрсенбек деген майлыш ішектей жылпылдан тұратын бәкене бойлы шопырды білесіз ғой.

ҚАЙЫРБЕК: Иә. Нағыз сұжүқпастың өзі ғой!

КЛАРА: Жолың болмагыр сол сұмырай түнде баспалап терезеден түсіп, жападан жалғыз шырт ұйқыда жатқан Ажар байқұсқа тисіпті.

ҚАЙЫРБЕК (*қаны басына шапын*): Oh, сұмырай!

КЛАРА (*кемсендеп*): Содан қатты шошынған. Ар жағын айтпай-ак кояйын, ақыры ауруханада көз жұмды.

ҚАЙЫРБЕК (*тұтігіп*): Oh, иттің ғана баласы-ай! Истегенінді алдыңа келтірмесем, атым өшсін! Маган неге хабар бермединдер?

КЛАРА: Кінәлімін.

ҚАЙЫРБЕК (*күрсініп*): Кінә өзімде, кісі сүйер қылышым жоқ қой!

КЛАРА: Сізден мұлде күдер үзіп ек.

ҚАЙЫРБЕК (*мұқайып*): Жұзім – қара, қарабетпін!

(Осы кезде ұйықтап жатқан қос бүлдіршіннің біреуі оянып, көзін ашип, басын көтеріп алады. Қайырбек оның жасына жақында, бетінен сүйіп, басынан сипайды. Кенет ойына әлдене түскендей, жалма-жсан үйдің ішін тағы бір мәрте көзben шолып шығып, қарындастына сұраулы жүзбен көз тастайды).

ҚАЙЫРБЕК: Балапандарың үшеу ғой, иә!

КЛАРА (сепсөк): Екеу.

ҚАЙЫРБЕК (аңтарыла): Екеу?

КЛАРА (жузін мұн, торлан): Алла үшіншіміздің пешесіне жарық дүниені көруді жазбапты.

ҚАЙЫРБЕК (ауыр құрсініп): Ойбу, Құдай-ай! Әбден қиналышсың ғой!

КЛАРА (кемсөңдел): Өтірік айтып не қылам! Оңай болған жоқ!..

(Клара кемсөң қагып, сөзін толық аяқтай алмады. Қайырбектің түрі бұзылып, буын-буындары босап, еденге сылқ етіп отыра кетті).

ҚАЙЫРБЕК (дауысы дірілдеп): Кешірші, айналайын! Мені Құдай атты.

КЛАРА: Олай демеңізші, ага!

ҚАЙЫРБЕК (жаймен көтеріліп): Басынды ауыртып жібердім бе, кетейін!

КЛАРА: Жеті түнде қайда барасыз?

ҚАЙЫРБЕК: Түнделетіп жүрмесем, күндіз аттап баса алмаймын. Айбекке барамын. Қатты сағындым. Кіші болса да, алдына барып, кешірім сұраймын. Оны да тақырга отырғызып кеттім ғой!

КЛАРА: Қойыңызшы, аға, «адасқанның айбы жоқ, қайта үйрін тапқан соң» демей ме, несіне айта бересіз!

ҚАЙЫРБЕК: Мен бәріннің алдында кінәлімін. Қаршадай Ажарға да қамқор бола алмадым. (көзі жасаурап) Әруағыннан айналайын, ботақаным сол, сен де кешірші мені!.. (ауыр құрсініп) Қайда қойдындар оны?

КЛАРА: Эке-шешеміздің қасына.

ҚАЙЫРБЕК (көңілі сөңдей бұзылып): Мені де әке-шешемнің жаңына жерлендер. Бірак, әке-шешеммен, Ажармен о дүниеде де кездесе қоймаспыйн. Олардың жұмақта болатыны анық, ал мен тозаққа барамын. Тозаққа... Кейінгі кездері әкем мен шешем түсіме жиі кіріп жур. Бәрін сезіп-біліп жатыр ғой, ылғи да тоң-теріс томсырайып жүреді. Жиі шошып оянатын болдым.

КЛАРА: Аға, ол ойлағандікі ғой, осымен өмір тоқтап қалмайды. Кәртайып та түрган жоқсыз. Жамандық шақыра бермесенізші! Құдай бұйыртса, қалған ғұмырымызда бірге боламыз! Енді мен де сізді ренжітпеймін! Сіз де кешіріңізші!

ҚАЙЫРБЕК: Жоқ, жаным, сенін ешқандай кінәң жоқ. Бәріне кінәлі мына мен ғой! Жақсы, жаным, «қашпақ болсан, зымыра» деген, мен кетейін! Бәрібір енді мен сендермен бірге бола алмаймын.

КЛАРА: Аға, мен сізді ешқайда жібермеймін! Осында қалыңыз, сыйысамыз бірдене ғып.

ҚАЙЫРБЕК: Жоқ, маған көп аялдауға болмайды. Алаңсыз әкешеменін жанына барып жатқым келеді. Қарайлайтын да ештеңе қалған жоқ.

КЛАРА (*кемсеңдеп*): Неге олай дейсіз, аға? Желкілдеп өсіп келе жатқан екі ұлыңыз бар ғой! Солар үшін де өмір сұруге тиіссіз!

ҚАЙЫРБЕК: Эй, оларды қойши, шіріген жұмыртқалар. Оның үстіне қолым қан, адам өлтірдім!

КЛАРА (*таңырқап*): Құдай-ау, кімді?

ҚАЙЫРБЕК: Ана сайқалдың көнілдесін!

КЛАРА: Жұманды ма?

ҚАЙЫРБЕК: Оны сен қайдан білесің?

КЛАРА: Аға, оны мен ғана емес, бүкіл ауыл біледі.

ҚАЙЫРБЕК (*таңырқап*): Қойши, білсендер, неге айтпадындар?

КЛАРА: Сіз де қызықсыз, қалай айтамыз?

ҚАЙЫРБЕК: Елдің бәрі біледі дейсің бе?! А, Құдай-ай, әбден мазак болған екенмін ғой! Бес жыл жүрген Гүлжамалдай ақ-адал періштемді жылатып, бетінің жылтырлығына қызығып, сол сайқалдың соңынан еріп кетіп ем. Оңбай қателесіппін! Қыздың көз жасы жіберуші ме еді? Оған сендердікі косылды. Енді қайтіп оңайын! Менің өмірім қателіктен тұрады еken. Жарық дүниеге келгенім де үлкен қателік болған сияқты.

КЛАРА (*көзі жасаурап*): Аға, қателестейтін пенде бола ма?! Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді.

(Осы кезде тағы да ит үреді де, артынша сырт жақтан микрофонның саңқылдаган дауысы шығады. «Қайырбек Хамитұлы сіз полиция қоршауындастыз. Өз еркіңізben беріліңіз! Егер қарсылассаңыз, қару қолдануга мәжбүр боламыз!» – деген сөздер қайталана береді).

ҚАЙЫРБЕК: Атаңа нәллеттер, осында келетінімді білген еken ғой! (*Клараға*) Мә, мынаны ал! (жан-жасына жалтақтай оралған ақшаны береді) Бұл Айбекке тиесілі ақша. Өз қолына тапсыр. Аманат.

КЛАРА (*кемсең қагып*): Алаң болмаңыз, аға!

ҚАЙЫРБЕК (*кіжініп*): Атаңа нәлет, Сәрсенбектің сазайын беруім керек еді. Сол ғана өкініш! Жеткен жерім осы болды. Мыналардың қолына түсіп, өмірбақи абақтыда азап шеккенше, бір сәт қана қиналып, мәңгілік жаным жай тапсын! (*Кездігін суырып алады*) Хош, қарындасты! Хош, жарық дүние!

КЛАРА (*жсанұшырып*): Жо-жоқ, ағажан...

(Клара үмттылып үлгергеніе, Қайырбек өз жүргегіне кездікті қос ғолымен күштей сұңгітіп жібереді де, еңкейе беріп, етпетінен ғұрс етіп ғұлап түседі. Клара дауыстай келіп, оň жақ ызығынан жұлқа тартып шалқасынан аударады. Қинала ыңырсиды. Қозін тіке қадай ақырын аузын жыбырлатты).

ҚАЙЫРБЕК: Кешірші, жаным!.. Мен ит болдым... ит тірлік кештім... итшілеп...

(Қайырбек сөзін аяқтай алмады, қолы кездіктің сабынан босап, еденде сылқ етеп түседі. Қозі ашиқ, бірақ кірпік қақпай, қимыл-қозгалыссыз қатқан да қалған. Аузынан сыйзықтан қан ага бастады. Клара агасының дойынан жсан шығып бара жатқанын анық сезді).

КЛАРА (зарланып): Ағажан-ау, неге... неге бұлай істедің? Неге осынша ажалаңың асықтың, жан ағам-ау! Неге? Неге?..

(Осы кезде есіктің қатты жұлқи ашқан сақышылар қаруларын кезеңе баса көктеп кіріп келеді де, Қайырбектің еденде сұлап жатқанын көріп, не істерлерін білмей, состып тұрып қалады. Жүрек тұсына қадалған кездіктің маңайынан қан сыйзықтан ағып жатыр. Милиция иайоры еңкейіп тамырын ұстап көреді де, ләм-мим деп тіл қатпастан серіктерін ертіп шығып кетеді. Клара агасының өлі денесінің үстіне ақ жабады).

КЛАРА (жылап отырып): Қайран, ағам-ай, ажалаңызға асығып бара жатқандай көрінуші едіңіз. «Өкпеге қисақ та, өлімге қиямыз ба», секем алып, сезіктеніп жүруші ем. Шерлі жүрек бекер аласұрмаптызу! Сізге өкпелеп жүрген біз де ақымақ екенбіз фой! Босагама келіп дәл осылай ажал құшады деп кім ойлаған?! Қайтейін! Амалым не, амалым! Бұл дүниенің рахатын көре алмадыңыз, енді Жаратушы Жаппар иеміз о түниенің қызығын көруге жазсын!


Рухыныз пейіштің төрінде шалқысын, жан аға!

(Клара қыстыға жылап, еденге сылқ етіп отыра кетеді. Баганадан бері түкке түсінбей үрпіп қарап тұрган екі баласы жүсгіріп келіп, қос қанталдай жабысып, қосыла шырылдан жылайды).

Соңы.



БЕЙУАҚ



ҚАТЫСУШЫЛАР:

Дауылбай Боранбаев – ғалым, отагасы

Жазира Жарылқасын – үй шаруасындағы әйел, отанасы

Мендігүл – тұнғыш қыз, байшыкеш түріктің жанды қуыршагы

Жанат – үлкен ұл, рекет

Болат – ортаныш ұл, кришнайт

Қайрат – кіші ұл, кәсіпкер

Қайырбек Жасарбаев – милиция майоры

Тацат – жендердің басшысы

Сайрангүл – сайқал, жезөкше

Таныс келіншек, еркек, жендертер, дәрігерлер

БІРІНШІ КӨРІНІС

Шағын әрі жұпынылау ас бөлме. Қонелеу қоңыр үстелді жағалай жайлғасқан бір үйлі жсан сұйықтау қара шайға шым-шымдаң құмшекер қосып, наң шылап жеп отыр. Дастарханда одан басқа ештеңе жоқ.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Тым құрмаса май алуға да акша жоқ. Құдайдың бір жарытпай-ақ қойғаны-ай! (*күйеуіне қарап*) Айлықтарынды қашан береді екен, білмедің бе?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Білмеймін.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Өз еңбегің ғой, сұрамайсың ба?! Уш ай кешіктірген деген не сұмдық. Адамдар қалай өмір сүреді деп ойлайды екен?!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Зарлай бермеші, енді қалғаны тілемсек-теніп алақан жаю ма?!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Бізді қойшы, балаларды ойламайсың ба, тоя тамақ жеп, сорпа-су ішпегелі біраз болды. Обал емес пе?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ау, мен оны ойламайды дейсін бе?! Құдай бүйіртса, бәрі болады. Элі ұлы ғалым боламын! «Көп еңбек ет-кенге бақыт та басын иеді». Атағың шыққан сайын байлық та, басқасы да өз аяғымен келеді. Тек азырақ төзім, шыдам керек!..

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Құдай-ау, қашанғы шыдаймыз? Шыдам-ның да шегі бар емес пе?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Заман осылай қусырылып тұра берер деймісің, түзелер.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Сол заманың түзелгенше, амалдай тұрудың қам-қарекетін жасау керек қой енді.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*дауысын көтеріп*): Жетер! (*Үстелді қолымен бір үрады*) Үндемеген сайын үдетіп барасың ғой, түте.

(Осы кезде үлкен ұлдары Жанат орнынан атып тұрады).

ЖАНАТ: Сіздерге не жетпейді осы? Атау-көремізді де тыныш ішкізбейсіздер. Көзімізді ашқаннан бері көріп келе жатқанымыз ұрыс-кеңіс, айғай-шу... Құдай үшін қойсаңыздаршы, енді, қоятын уақыттарыңыз болды ғой!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Енді ақыл айтпаған сен қалып едің, сұмелек! Кімді кім таптырғанын білесің бе, өзі?!

ЖАНАТ: Білеміз.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Білсөн, тіл-жагына сүйенбей, жайына отыр.

ЖАНАТ: Қиналатыныңыз бар, несіне таптырдыңыз? Бұлай күнде кепісіп жатқанша, аш құлақ та, тыныш құлақ, белдеріңізде өлтіріп журе бермедініздер ме?!

ҚАЙРАТ: Жанат, қойсаншы, килікпейтін жерге килігіп...

ЖАНАТ: Аузыңды жапши, а! Саған ешкім сөз берген жоқ.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Эй, сен өзі не тантып тұрсың?! Енді сендерді өмірге әкелгеніміз үшін жазықты болдық па?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Болды, жетер. Ауыз өзімдікі еken деп көки бермей, сөзді доғарындар.

ЖАНАТ: Менің адамша өмір сүргім келеді!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Адамша дейсің бе? Сонда қалай, біз хайуанша өмір сүріп жатырмыз ба?

ЖАНАТ: Хайуандікіне ұқсап кететіні рас қой.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Сен осы бірдене бұлдірейін деп жүргеннен саумысың?

ЖАНАТ: Не бұлдіремін, тек қалта қампайтып, жалғанды жалпағынан баскым келеді.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Дипломың да жоқ, окуыңды да бітіріп алмадын.

ЖАНАТ: Қазір ақша табу үшін дипломның түкке де керегі жоқ. Ондай заман өткен. Қос-қостан дипломы барлар күндерін көре алмай, көшеде қанғып жүр. Ал, оқымай-ақ байып жатқандар қаншама?! Қайта оку соққандардың қолынан кітап оқып, қағаз кеміргеннен басқа ештеңе келмейді, ал бірдене шықса сол оқымайтындардан, тентектерден шығады. Әлемдегі байлардың көпшілігі сабакты нашар оқығандар, бала кезінде бұзық болғандар. Керсінше, олар өмірге бейім, жігерлі, қайратты, жүректі жандар. Менің де солардай болғым келеді.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Tipi болсақ көрерміз, байып кеткенінді. Ақша табу оңай деп пе едің!

ЖАНАТ: Оңай емес, әрине. Бірак, сіздер сияқты айлығы шайлыққа жетпейтін бір жұмысқа байланып, итшілеп құр күн өткізгім келмейді.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Не? Сонымен не айтпақсын! Енді табаламаған сен қалып едің, иттің баласы!

ЖАНАТ: Мен иттің баласы болсам, өзіңіз кім болдыңыз сонда?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Эй, кенкелес, жетер енді, кет көзіме көрінбей!

ЖАНАТ: Маған бұл үйде қызығатындаидай да ештеңе қалған жоқ. Боллат та кетті ғой. Мен өз күнімді өзім көремін, өмірге түк икемі жоқ сол байғұс далада қанғып қалып журмесін.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Қанғымаса, одан әрі.

ЖАНАТ: Соншалықты не бұлдіріпті ол? Бар кінәсі қришна дінің қабылдағаны ма?! Әр-берден соң әр адамның өзіндік қөзқарасы, өз жолы бар емес пе?! Кәмелеттік жасқа толған, он-солын таныған сокталдай азамат, не істесе де өзі біледі емес пе?! Несіне қапаланып, қан жұта берсіндер? Түк түсінбеймін!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Сен не түсінем дейсің?! Өз қағынан жерінген баланың барынан жоғы жақсы. Бұдан былай ол менің балам емес, бір Құдайға тапсырдым оны.

ЖАНАТ: Сізді түсінгім-ақ келеді, әке! Бірақ, қазір заман басқа, заң басқа дегендей, сіз де бізді түсінуің керек!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Сонымен не айтпақсың?

ЖАНАТ: Мен де кетемін!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*кемсең қагып*): Қайда, жарығым-ау?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*қабагын кіржітіп*): Жолы болсын!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ақыл айтып, тоқтата ма десем!.. Өй, сен де...

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ақылды тыңдайтын баланы көріп тұрғамын жоқ.

ЖАНАТ: Уайымдамаңыздар, мен өлмеймін. Көрерсіздер әлі, бір жерден тесіп шығамын!

(Жанат шалт құмылдан, есікті тарс жасаудың шығып кетеді. Шешесі ойбайлан қала береді. Әкесі қос қолымен басын ұстап отырып қалады. Қайрат пен Мендігүлдің де көздері жасаурап, орындарынан тұрып кетеді. Ерлі-зайытты екеуді оңаша қалады.)

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*әйелін ала көзімен атып*): Бәріне кінәлі – сен! Балаларды дұрыс тәрбиелей алмадың! Әкең үйқыдан өлгендей, түске дейін керіліп-созылып жатасың, одан қалды телебезерге телміріп, құні бойы сериал көресің! Бала бағусызы, үй қараусыз қалды. Мына үйді қарашы, үй емес, мал қора сияқты, қашан болсын астан-кестені шығып, шашылып жатады. Терезенің алды шаң-шаш, әйнек сатпак-сатпак. Қырынайын десен, сатала-сатала айнадан сақал-мұртың түгілі, жүзің әрең көрінеді, тым құрмаса соны жалтыратып қоюға болады ғой! Ана тоңазытқыш пен мұздатқыштың үстін қарашы, бес елі қара күйе. Дәретхананың іші бок пен сідік сасиды, тіпті кіру мүмкін емес. Кір жуылмағалы, кілем қағылмағалы қанша болғанын бір Құдай білсін! Не масқара – бұл. Қатын сыйқын жоқ, ар-ұяттан жүрдайсын!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*көзі жасаурап*): Ар-ұяттан жүрдай боп не істеппін сонда?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*кеудесін ұргыштап*): Үйге біреу келсе, сен емес, мен жерге кіріп кете жаздаймын. Қашан жиналады, өзін

қашан тірілесің! Сендей қамсыз қатынды көрсем, көзім шықсын! Әйел деген қайта еркектің бір жағына шығысып, септеспеуші ме еді! Жоқ, көгежен кейін тартып, ашуымды қоздырғаннан басқа түк білмейсің. Сенің кесірінен жүйке (*аузы көпіршіктеніп*) ауруға шалдықтым. Маган жасаған жақсылығың осы ма? Көздерін ашқалы көріп келе жатқаны сенің тәрбиен болса, балалар қайдан онсын!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Шіркін-ай, ә, жер бетінде өзіңнен өзге жақсы жоқ, өзің ғана ақылдысың, өзің ғана көреметсін. Бар пәлені маган үйіп-төге берсеңші, әйттеуір!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Айтшы, айтқанымның қайсысы өтірік? Айтпады деме, осыдан ана ұлың бірденеге ұшыраса, көресің!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Онсыз да көресіні көріп жүрміз ғой. Құдай-ау, бүйтіп көзге күйік бол тірі жүргенше, арам қатқанымыз жақсы еді. Тырайып тыныш қана жататын. Құдай да алмай қойды. Шын айтам, бүгін өлсем де, арманда кеттім демес ем.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (қолын бір сілтеп): Аузыңа келгенді оттай бермеші, мақұлық! Қеуденде жан болғанмен, құр қалқып жүрген тірі өліксің. Әй, саған айтты не, айтпады не, бәрібір миыңа ештеңе кіріп-шықпайды!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Иә, сенің бок аузыңа балағаттан басқа не түсүші еді? Құнде естіп келе жатқаным осы бір сөз.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (кекжсіп): Өзің қандай болсан, сөз де сондай болады да.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Сен мені қашан адам санатына қосып ең?! Жерге тыққылай бердің ғой, түге! Жарайды, мен-ақ жаман болайын, мен-ақ ақымак, топас, миғұла болайын, сен-ақ жақсы бола қойшы! Асықпа, қалағаның сол болса, менен де бір күні құтыларсың! Қашанғы сенің токтағыңа төзіп жүре берер дейсің?.. Офф... (*жүрек тұсын ұстан*) Ой, жүрегім-ай!.. Шаншы... қыс... ауыр... Тоқтап қалсан, жарылыш кетсен, тіптен жақсы... Қөзімді жоғалтатын...

(*Әйелі жүрек тұсын қолымен жайлап уқалаган күйі жыламсырап шығып кетеді. Дауылбай Боранбаев жалғыз өзі қалады*).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Қатындікі аздай, енді өзің таптырған балаға дейін табалайын деді ме? Бүйтіп сүйкімің кеткенше, табысы молдау жұмыс қарастыру керек пе?! Институттан болашақ көріп түрган жоқпын, он екі мың теңге деген не тәйірі?! Оның өзің уақытылы бермей, тарықтырып қояды. Жарайды, өліп-талып докторлығымды да қорғармын, бірақ оған бар-жогы үш-ақ мың теңге қосылады. Он бес мың теңге қай жыртығымызды жамайды?! Балалар да ержетті, ертең бірі қатын алам, бірі байға шығам десе не істеймін? Кім маган ақша тауып бере қояр дейсің! Қам-қарекет жасамасам болмас! Қатын мен баладан естігеніміз

де жетер, енді елдің табасына қалып, мазаққа айналып жүрмейік. Бірақ, не істей аламын, қолымнан не келеді? Аңсаған асыл арманымнан, өмірлік мақсат-мұратымнан, ғұмырымның мәніне айналған ғылымнан қалай бас тартпақтын?!

О, тоба, ми ашып, бас қатты ғой!..

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Жазира Жарылқасын диванда бүрісіп отыр, арагідік аңілең-уңілең қояды, көңілінде уайым, қабагында мұң бар. Жанында үлкен қызы – Мендігүл жсанаса отыр. Оның да көңілі пәс, көзінде жасас. Бір кезде Дауылбай Боранбаев кіреді. Екеуіне алма-кезек қарап, бір келеңсіздіктің болғанын іші сөзे қояды.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Тағы не боп қалды?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Не болушы еді?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Онда неге байы өлген қатынданай тұнжырап отырсың?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Қызың тұрмысқа шығам дейді.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ту, шайлыққан көңіл-ай, тағы біреу бірдене бүлдіріп қойған екен деп жүргегім аузыма тығыла қалғанын қарашы! Қыз баланың құтты орнына қонғаны да бір бақыт емес пе?! Қайта куанбайсың ба?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Сол, қуана алмай отырғаным...

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*дауысын көтеріп*): Не?.. Күлблітелемей айтсанышы, не боп қалды тағы, Құдай-ая!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Өзі айтсын!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*қызына*): Жаным-ая, түсіндірші, шешең не жұмбақтап кетті?

МЕНДІГҮЛ: Мамам, қарсы.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Тұрмысқа шығуына ма?

МЕНДІГҮЛ: Иә...

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Неге, Құдай-ая?

МЕНДІГҮЛ: Қыйеу жігіт Түркиядан келген.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Оралман ба? Онда тұрған не бар? Ол дә – казақ.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Қазақ болса, қуанасың ғой!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*tүрі бұзылып*): Сонда не?.. Қазақ емес пе?..

МЕНДІГҮЛ (*кібіртікten*): Тұр... рр... ік...

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*тіксініп*): Түрік?.. Тек, не дейді? Басқа ұлттың өкіліне тұрмысқа шығып, бақытты бола алмайсың, қызыым Бағыңды сырттан емес, іштен ізде, құлыным!

МЕНДІГУЛ: Түріктер қандас ағайындар ғой, тубі бір туыс емеспіз бе?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Жоқ, олай өзінді-өзің алдама, қызым. Біздегі түріктердің көбі ақша іздең келген алыпсатарлар, құлқынның қамын қутған қуаяктар. Білесің бе, қарағым, оларға әйел емес, жанды куыршақ керек! Жанды куыршақ!..

МЕНДІГУЛ: Эке, ол сіз ойлагандай жаман адам емес. Сондай мейірімді, қайырымды, текті азамат. Қазақшага судай.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: «Адам аласы – ішінде», қызым! Жасы нешеде өзі?

МЕНДІГУЛ: Қырықтарда.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Айттым ғой, мен бірдене білем ғой, қарағым-ау! Сенің теңің бе сол? Қайдағы қанғып келген түрікке күйеуге шығамын дегенің не сұмдық! Мен білсем, оның Түркияда отбасы, бала-шагасы бар. Ақшаның буымен мастанып жүрген біреу ғой. Есінде болсын, дені дұрыс адам сақалы сапсиып қырыққа келгенше сүрбойдақ жүрмейді.

МЕНДІГУЛ: Жоқ, әке, айттым ғой, ол – жігіттің төресі. Оның бойынан ер-азаматқа тән мінезділікті байқадым, табандылықты таныдым, адалдықты көрдім, өтірік айтуы тіптен мүмкін емес. Онымен кездесіп жүргеніме екі жылдай болды, бар сырын білемін ғой!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Қызым, ақылға кел. Мен саған ешуақытта жаманшылық ойламаймын. Өрімдей жассың, өмірің алдында, өз тағдырынды өзің тұйыққа тіреме, қарғам. Бұндай әнгімені енді қайтып естімейтін болайын!

МЕНДІГУЛ: Мен аузынан ана сүті кеппеген сәби емеспін, өз тағдырымды өзім шешетін жастамын. Қазір қазактың жігіттерінің бәрі бұзылған-қағынған, шетінен жалаңақ жарлы-жақыбайлар. Оларға тиіп, өмірімді өксіткім келмейді. Ал, Ахметтің жағдайы жақсы, ауқатты, өз кәсібі, бірнеше дүкені бар.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Дүние адамға жолдас бола алмайды, қызым!

МЕНДІГУЛ: Папа... папа, енді бәрі кеш. Болары болып, бояуы сіңіп койды.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*қабагы түйіліп*): Сұмдық-ай! Не дейді?! Енді естімегенім осы еді!

МЕНДІГУЛ (*жыламсырап*): Папа... Ол менің ішімдегі нәрестенің экесі. Оларды бір-бірінен ажыратса алмаймын. Өзімнің емес, тым құрмаса соның бақытты болғанын, баршылықта өмір сүргенін қалаймын.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*тұмізін*): Бақыттан басын айналса, бар... Біржола кет! Сендер бала емес, пәле болдындар ғой!

МЕНДІГУЛ: Қалауыңыз сол болса, кетейік!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*ақырын*): Кет, жоғал!.. Құдай қарғаган мына шаңырақтың есігін қайыра ашушы болма!

(Мендігүл доданып, есікті қатты жауып, шығып кетеді).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (әйелін ала көзімен атып): Әкенін аузын ұрайын, осынын бәрі сенің кесірін! Жар дегенде жалғыз қызына да ие бола алмадын ғой, тірі өлік-ау!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Әйтеуір, менен көре берсөнші!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (дауысын көтеріп): Енді кім кінәлі, ақымақ?!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Өзің қайда қарадын?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ой, әкенің тақ аузын ұрайын! Мен жұмыс істедім, ақша талтым, ғылыммен айналыстым. Ал сен үйде бос отырдың ғой, малғұн!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Сонда мен ішімді жарып шыққан балама теріс тәрбие беріпшін бе? Не деп тұрсын, езі?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (көзі ақыып): Әй, салдақы, сен сөз қайтарғаннан басқа не білесің! Тап қазір ұрып өлтірсем, обалың жоқ қой...

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (куйініп): Өлтір, өлтір! Сенің арман-аңсарың менен құтылу ғой!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (кіжініп): Бұлай көзге күйік болыш жүргенінен, не пайда?!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Мен өлсем, жерің кеніп, Құдайың берер еді, ә! Саған керегі сол ғой, білем ғой, көкейінді тескен не екенін!..

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Нені білесің, шешен!..

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Бәрін білемін!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Нені?.. Нені? Жұмбақтамай, айт кәне, ақымақ!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Е, айтты не, айпады не? Енді сен түзелем дейсің бе?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Әкенін аузын ұрайын, ескі әуеніңе тағы бастың ба? Көрсетейін мен саған жазықсыздан-жазықсыз күйдіргеннің қалай боларын!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (айғайлап): Ал, көрсет, көрмей жүрген құқайымыз ба? Аяма, үр, соқ, өлтір!..

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: А-а-а, менің жұдырығымды сағынып қалған екенсін ғой! Саған керегі сол ғой! Өз обалың өзіңе, сайқал!

(Дауылбай Боранбаев жуан жұдырығымен әйелін тұра беттен ұрып құлатып, бас-көз демей аяусыз ұрғылай бастайды. Әйелі жандайдауысымен айқай салып, жанушыра қарсы атылады. Бірақ, кеудеден тиген соққыдан қайтадан құлат, жұдырық пен тепкінің астында қалады. Бет-аузынан қан сорғалап, үсті-басы дал-дал болады).

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (зарланып): Бүйткенше, арам қатқаным жақсы еді-ау! Құдай да алмай қойды-ау!.. Тәнірім-ай, осынша зарлата-тындей не жазып едім? (басын шайқап) Өлсем, өлсем-ау!..

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Тілеп алған аурудың емі қайдан болсын?!
Өлмесен, өмірем қап, сайқал.

(Осы кезде кіші ұлдары Қайрат кіріп келіп, ата-анасының арасына түсіп, өзі таяқ жесе де, әкесінің қолына жармасып, шешесін соққыдан арашалап қалады. Бірақ, әкесіне ләм-мим деп тіл қаттайды. Тек көзінен жас мөлт-мөлт етіп сорғалап, тұла бойы қалышылдан, аяқ-қолы дірілден кетеді).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (ашу қысын): Арманым жетуге қолға-быстарын тигізіп, бір жағымнан шығыса ма десем, бірінен кейін бірі кері тартып, шақшадай басымды шарадай қылып жіберді ғой, түте. Әбден шаршадым, қажыдым. Менің де бұл үйде қалғым келмейді! Кеткім қеледі! Сонда қайда бармақпын, жаным қалай тыншу таппак. Менің талайыма бұл өмірдің қызығы мен қуанышы емес, азабы мен шыжығы бүйірган сияқты. Ұлы ғалым болам деген арманым адыра қалатын түрі бар. Пенделік бақытсыздыққа құрылған ғұмырымды атак-абыроймен алдаусырата алмаспыш!.. Ұлдарым – анау, қызыым – мынау... Бәрі де менің жарлылығымды бетіме басады... Айтындаршы, сонда менің не істеуім керек? Қап-қап ақша табуым керек қой, ә!.. Ақша табылар-ау, ал менің өмірлік мұратым ше, асыл арманым ше? Бірақ оның кімге керегі бар, кім түсінер дейсін!

(Ашуға булығын шығып кетеді. Анасы мен Қайрат жалғыз қалады).

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Құлыным-ау, бір жерін ауырсынып қалған жоқ па, өзі?

ҚАЙРАТ: Жоқ, мама, өзіңіз ше? Мә-ә-ә, қабағыңыз жарылып кеткен бе? (қалтасынан қол орамалын суырып алып) Қан сорғалап түр ғой. (жсанұшырып) Қазір... қазір... мама, иод алып келейін.

(Қайрат жүгіріп барып, иод әкеліп, анасының қабагына мақтамен жайлап жаға бастайды).

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Мына жарық жалғанда сенің барың қандай жақсы, құлыным! Сен алғаш жатырда пайда болған кезінде өмірге әкелеміз бе, жоқ әлде, сылып тастанымыз ба деген де құпір ойлар болып еді... (Оң қолын кеуде тұсына қойып) Астафыралла! Сен болмасаң, мына өмірден баяғыда-ақ безініп кетер едім! Сенің барыңа Құдайға мың да бір шүкірлік айтамын!

ҚАЙРАТ: Мама, неге ренжістіңіздер?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Әдегтегі айқай-үйгай ғой, айналайын. Мендігүл түрікке түрмисқа шығамын дейді. Әкеңнің соған талағы тарс айырылды.

ҚАЙРАТ: Ой, сол да бір. Қазақтың жігіттері құрып қалғандай, онысы несі? Әкем түгіл, мен де оны түсіне алар емеспін.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (курсініп): Мен де қолай көріп түрғам жоқ. Мендігүлдің мінезін білесін, өз айтқаны болмаса, көнбейді ғой. Соның

бәрін екен менен көреді. Мен тусам өзін тудым, мінезі мен қылышын туған жоқпыш ғой! Мүмкін, шынында да дұрыс тәрбиелей алмадым ба? Әйтеу, бір қателік кетті ғой!..

ҚАЙРАТ: Оның үстіне папама Болат пен Жанаттың үйден кетіп қалғандары ауыр соққы болды, қатты қүйініп жүр. Байқасызың ба, кейінгі кездері жүйкесі сыр бере бастады, мінезі мұлде өзгеріп кетті ғой! Не де-се де сөз қайтармай-ақ қойыңызышы, сонда ұрсып-ұрсып, жыны ба-сылғанда өзі-ақ қояды. Ашуланғанда адам не істеп, не қойғанын өзі де білмей калады емес пе!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Әйелдің тілі ұзын ғой! Үндемейін-ак деймін, бірақ қалай сөйлеп қойғанымды өзім де білмей қаламын! Жа-райды, оны қойшы, үйреншікті нәрсе ғой! Жанат қайда жүр екен, мұлде ат ізін салмай кетті ғой! Соны уайымдал жүрмін! Неге хабарласпайды, әкем-ау! Тым құрмаса амандығын білдіріп қоймай ма! Ештеңе естіген жоқсың ба?

ҚАЙРАТ: Жоқ, мама. Қайда жүргенінен де хабарым жоқ. Кеше Болатты кездестіріп қалдым. «Үйге неге келмейсін», – десем, «әкемнен қорқамын, көрсө өлтіреді ғой», – дейді.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ол не істеп жүр, өзі?

ҚАЙРАТ: Сол баяғы кәсібі ғой. Қаланың қак ортасындағы саябақта арлы-берлі өткен адамдарға кришна ағымын уағыздал, діни кітаптарды насиҳаттап жүр.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Экен жоқта есебін тауып ертіп келші. Тағы бір мәрте сөйлесіп көрейін!

ҚАЙРАТ: Жақсы, мама. Мен оның қайда тұратынын білемін!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (елең etin): Қайда тұрады?

ҚАЙРАТ: Қаланың шет жағындағы ғибадатханада. Бір-екі мәрте сіздерге айтпай іздел бардым да. Бірақ айтқанымды өткізе алмадым.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ой, жарығым-ай, қайбір жетісіп жүр дейсін!

ҚАЙРАТ: Жататын жерлері тегін, тамактары тоқ, оның үстіне үстеме ақы телеп тұрады, доллармен... Шетелдік миссионерлер сөйтіп алдап-ар-бап ұстайды ғой, санасын улап, басын әбден айналдырып тастаған.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Олар бұнда неғып жүр?

ҚАЙРАТ: Қазаққа жаны ашығаннан жүр дейсіз бе, іштен ірітіп, тұқымымызды тұздай құртпақ. Бізді көп дінді елге айналдырып, бірімізді-бірімібен қырқыстырып, ортасынан пайда таппақ. Қазақстанға келіп жатқандардың қай-қайсысының да өз мүдделері бар. Е, айтпақшы, мама, Болат сотка алыпты, қонырау шалып көрейінші!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Сөйтіші, жарығым, үйге шақыршы! Құдай-ау! тым құрмаса, бір көрініп кетсінші, айналайын! Сағындық қой!

(Қайрат Болатқа телефон согып, сөйлесе бастайды).

ҚАЙРАТ: Болат, қалайсын? А-а-а... бізде бәрі жақсы... Сені мамам қатты сағынып жүр, көргісі келеді. Келіп кетсеңші! А-а-а-а... Не дейсің? Иә, иә, үйге... Жоқ... әкеміз жоқ, мамам екеуміз ғана... Қашан келесің? А-а-а-а... онда тіпті жақсы... Тезірек кел! Мамам қуанып қалатын болды ғой!.. (*телефонды қоя салады*).

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Не дейді, құлыншағым?

ҚАЙРАТ: Осы манайда жүр екен, қазір кіріп-шығам дейді.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ой, құлыным-ау сол, айналсоктап жүргеніне қарағанда, қимай жүр-ау шамасы? Қанша айтқанмен, туған үйі ғой, қалай қысын! (*қалбалақтан*) Қой, менікі не тұрыс. Қазанға ет салып жіберейін.

ҚАЙРАТ: Мама, әуре болмай-ақ қой, олар ет жемейді.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Неге, құдай-ау?

ҚАЙРАТ: Ол діндегілердің ұстанымы солай! Жан-жануарларды өлтіріп, етін жегенді қаламайды. Оны – жауыздық, қатыгездік, құнә са-найды.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Не дейді, құрғыр? Онда шай демдеп жіберейін!.. Қазір... қазір...

(Шешесі қалбақ қагып, дастархан мәзіріне кіріседі. Бір кезде есіктің қоңырауы шылдыр ете қалады. Қайрат жүгіріп барып есік ашады. Ар жағынан иығына дорба асынған Болат көрінеді. Төбесінде бір уыс шашы желбіргені болмаса, басы тақыр, үстіне кришнайттердің қызыл киімін күп алытты. Маңдайы мен мұрынына ақ бояу жағылған. Қолында бір бума діни кітап. Шешесі ештепеге қарамастан, жүгіріп келіп бас салып, құшагына басады. Аналық мейіріммен айналып-толғанып-ақ жатыр).

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Қал-жағдайың қалай, жарығым?

БОЛАТ: Жақсы, мама! Өз денсаулығыңыз қалай?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Құдайға шукір, бізді қойшы.

БОЛАТ: Мама, көзіңізге не болған, қан ағып тұр ғой?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*естімегенсіт*): Қане, қарақтарым, дас-тарханға келіндер, әнгімелесіп отырып шай ішнейік.

(Бәрі үстелді жағалай жайғасады).

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Құнім-ау, сағындық қой, келіп тұрмай-сың ба?

БОЛАТ: Папамнан қорқамын. Соңғы рет өлтіріп қоя жаздады ғой. (*жсалтақтан*) Келіп қалмай ма, өзі?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Еш аландама, құлыным, әл-әзір келе қой-мас. (*сыр суыртпақтан*) Болашақта не істемек ойың бар?

БОЛАТ: Жақында Киевке барамын, мама.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Онда не істейсің?

БОЛАТ: Киевте біздің діні ағымның үлкен орталығы бар. Сонда ба-
рып, тәжірибеден өтпекпін. Олар маган дәреже береді. Ал, дәрежен өс-
кен сайын табысың да көбейеді.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Олар саған ақы төлей ме?

БОЛАТ: Эрине, мама, кім тегін жұмыс істейді?!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Құлыным, осыны қойсан қайтеді. Олай
тапқан ақшаның қайыры болмайды гой! Сары уайымға салынып, құндіз
кулкі, түнде үйқыдан қалдық қой, жарығым!

БОЛАТ: Мама, уайымдайтын не бар?! Мен жұмақтағыдай өмір сүріп
жатырмын.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Сен жұмақтағыдай өмір сүріп жат-
қаныңмен, біз тозақтағыдай күй кешіп жүрміз гой, құлыным! «Есің барда
елінді тап», – деген, қайт ез үйіне, ошақ-қасына. Ақылың бар еді гой!

БОЛАТ: Ту, мама, мені ақшага сатылып жүргендей көресіздер. Жоқ,
мұлде олай емес. Сіздер Құдайсыз қоғамда өмір сүрдіңдер, жұмыр ба-
стың пенделер жалғанды жалпағынан басып, ойларына келгенді істеді.
Ақыры не болды? Елді жаманшылық жайлады, адамдық қасиеттердің бәрі
адыра қалды. Ал мен Құдайдан безінгендерден безіндім. Жаратушының
аманатқа берген жаңын бес құндік жарық жалғаның қызығы үшін
кірлетпей, саф күйінде өзіне тапсырса деймін. Білесіздер ме, қоғамдағы
келенсіздіктердің барлығы құдайсыздыктан.

ҚАЙРАТ: Ағам менің, акталмашы, бәрібір мына жүрісің өзіне жара-
сып тұрған жоқ.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Иә, адаспашы, құлыным!

БОЛАТ (шытынап): Ескі әуендеріңе тағы бастындар ма? Сол үшін
шақырдындар ма, не?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Жоқ, айналайын! Менікі – аналық ақыл,
Қайраттікі – туыстық жанашырлық қой, құнім! Ашуланбашы, ақылға
келши, тоғыз ай толғатып туған анамын ғой, жүрегімді жарып шыққан
жан сөзімді жерге тастама, жарығым!

БОЛАТ (кеқіреіп): Олай маган жандарың ашымай-ақ қойсын!

*(Дәл осы кезде үйге алқын-жұлдын Жанат кіріп келеді. Шешесінің
көңілі алып-ұшып, оны бас салып құшақтай алады).*

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Жақсы келдің ғой, құлыным! Қайда
жүрсің осы уақытқа дейін бір хабарынды бермей? Ой, құлыным-ай! Бүтін
бір куанатынымды сезіп едім, он қабағым тартып еді... Құдай-ай!..

ЖАНАТ: Мама, менің жүргізуіші қуәлігімді көрдің бе?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Білмеймін, айналайын. Алдымен апты-
ғынды басып, ауқаттанып алышы, жаным, содан кейін тауып беремін.

ЖАНАТ: Жоқ, мама, асығыспын.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Сонша асығып қайда барасын, құлыным?

ЖАНАТ: Жұмыс көп, мама, правамды тезірек тауып беріңізші.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Оны не істейсің?

ЖАНАТ: Машина аламын.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*таңырқап*): Машина... ақшаны қайдан таплақсың!

ЖАНАТ: Жақсы жұмыс таптым.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*елең emin*): Ол қандай жұмыс, жарқыным?

ЖАНАТ: Ту, мама, сөзді көбейтпей, правамды тездетіп тауып беріңізші! Сыртта жігіттер күтіп тұр.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Жарайды, құлымын, казір... қазір...

(*Шешесі түпкі бөлмеге кіріп кетеді. Қайрат орнынан тұрып, Жанатқа тақап келеді.*)

ҚАЙРАТ: Ондай көп ақша табатын жұмыс болса, бізге де айтсаншы. Біз де машина алайық.

ЖАНАТ: Ондай жұмыс істеу сендердің қолдарыңнан келмейді.

ҚАЙРАТ: Алдымен айтсаншы, содан соң көреміз гой.

ЖАНАТ: Айттым гой, ол сендер істейтін жұмыс емес.

ҚАЙРАТ (*қатуланып*): Біреудің обалына қалып, жеңіл жолмен арам ақша тапқанша, мәндай терінді төгіп, адал еңбек етпейсің бе?

ЖАНАТ: Сен тағы нені бықсытып тұрсың? Мен жеңіл жолмен, арам ақша табады деп кім айтты?

ҚАЙРАТ: Естідім.

ЖАНАТ: Ана сүмелек қой, э! Сазайын берермін бәлемнің!

ҚАЙРАТ: Жанат, бір ой-жоспарым бар, одан да бірлесіп кәсіп қылайық. Ақ-адал жолмен табыс табайық. Қайырлы, берекелі болады.

ЖАНАТ: Мен құлдықта емес, бостандықта өмір сүргім келеді. Осы уақытқа дейін жоқшылықта, таршылықта күр күн өткіздік. Біз – өмір сүргеніміз жоқ. Білесің бе, күр күн өткіздік.

ҚАЙРАТ: Нағыз құл сенсің. Құлқынның құлы. Біреуден тартып алған ақшан, қайбір қайырлы болады дейсің?!

ЖАНАТ: Эй, сен не оттап тұрғаныңды білемісің, өзі?!

ҚАЙРАТ: Білген соң айтып тұрмын.

ЖАНАТ: Атаның басын білесің! Ауыз өзімдікі екен деп көпіре бермей, тілінді тарта сейле. (*Болатты саусагымен нұсқап*) Мен анау секілді дінімді, иманымды, ілхамымды сатып күн көріп жүрген жоқпын. Нағыз бейшара сол, түзегін келсе, соны түзеп ал. Жасың кіші, маған әнгіме айтуға хакын да, хұкын да жоқ. Не істейтінімді өзім білемін!

БОЛАТ (*Жанатқа сұқ sausagyn нұсқап*): Эй, нағыз бейшара – сен! Аймын сені. Өзінді түзеп ал, менде шаруаң болмасын. Адам баласына қылдай қиянатым жоқ, катыгездікке, жауыздыққа, жаманшылыққа жағым қас – бейкүнә жанмын. Кришнаның қағидасы менің ұстанымыма сай келгендіктен кірдім. Оған сендердің бастарың ауырмай-ақ қойсын. Керек болса, нағыз мұсылман меммін, ал сендер кәпірден де әрменсіндер. Сенің

рекет екенінді елдің бәрі біледі, талай адамның обалына қалыпсың! Олар қарғап-сілемейді дейсің бе? Егер осылай өз білгенінді істей берсең, айтпады деме, өмірің өксікпен аяқталады.

ЖАНАТ (*мысқылдан*): Көк тұманның ішінде адасып жүрген сорлы ау, саған да тіл шыға бастапты ғой. Ата-бабаңың дінін сатып, жаныңды жалдал күн көргенше, өлгөнің артық емес пе?!

БОЛАТ: Сонда сенің ата-бабаңың діні – ислам ба?

ЖАНАТ: Енді ше?

БОЛАТ: Оны арабтар қарудың құшімен қабылдатқан жоқ па?

ЖАНАТ: Біз бір Тәңірге, ал сендер жансыз тас мұсінге табынасыңдар. Өздерінді өздерің алдаманңдар. Мұхиттың арғы жағындағы қожайындарыңда дініңдің түкке де керегі жоқ. Олардың ойлайтыны – ақша. Білесің бе, ақша. Дүниені уысында ұстагылары келеді. Өйткені, ақша болса, бәрін сатып алуға болады. Ал, ақша жоқ жерде өмір жоқ.

(*Осы кезде төргі үйден шешесі шығады*).

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Міне, праван құлыным!

ЖАНАТ: Ой, рахмет, мама, мынаны керек-жарактарыңа жаратарсындар. (*қолына үш жұз доллар ұстатауды*)

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ой, мынауың көп ақша ғой.

ҚАЙРАТ: Мама, алмаңыз оны.

ЖАНАТ: Жақсы, мама, аман болыңыз! Келесіде машина мініп келемін!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Мақсатыңа жет, қарғам!

(*Жанат көрі бұрылып, зып беріп шығып кетеді. Шешесі долларды қайтарып беруге қимай, қалтасына сала қояды*).

ҚАЙРАТ: Мама, ақшаны бекер алдың!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Баламның бергенін неге алмаймын?! Аламын. Онда шаруаң болмасын! Өзім ұстаймын, ұстімде жібі-түзу іш киім де жоқ. Бала-шаға деп, бүтін бір киім де алмаймыз.

ҚАЙРАТ: Мама, ол ақшаны қалай тапқанын білмейсіз ғой!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Қалай тапса, олай тапсын, маған бәрібір. Қазір барамын да, өзіме киім аламын! Өзім-өз болғалы қолымға ақша ұстап тұрғаным – осы. Әкелеріңің маған соқыр тының ұстаптайтының білесіндер ғой.

ҚАЙРАТ: Мама...

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Болды, сөзді көбейтпе енді!

ҚАЙРАТ: Ой, мама...

(*Осы кезде үйге әкесі кіріп келеді. Бәрі қорқып, үкідең үрпісіп қалады. Әсіресе, Болаттың үні шықпай, қол-аяғы дірілден кетеді*).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Охо, жайланаң отырыстарын қара! Мынау қайдан жүр-ей? Сұрынды үрайын, сұқытын қарашы! (*әйеліне*) Маңайыңа жолатпа деп едім ғой, айтқанды неге тыңдамайсың, макұлық?!

БОЛАТ (батылданып): Мамамның еш кінәсі жоқ, өзім келдім. Өз үйіме келіп-кетуге де болмай ма?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Болмайды, иттің баласы! Сен енді бізге бетеннен де бөтенсің, жаттан да жатсың!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН. Эй, өз қаныңнан жаралған бала емес пе, соңшалықты қарғанып-сіленіп не болды?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: «Ішіне пышақ айналмайтын Ежірей деген ұлың, ақыл айтса ауырып қалатын Кекірей атты қызың болады», – деп қаншама ғасыр бұрын Мөңке би қалай дәл тауып айтқан. Маған бұндай Ежірей ұлдың керегі жоқ. Барынан жогы, ашынан тоғы. (*Болатқа*) Кәне, шық үйден жаның барында. Бар ана құтырған жын-перілерінің ортасына.

БОЛАТ: Мен емес, қайта сіздер қаптаған жын-перілердің ортасында өмір сүріп жатырсыздар. Нагыз жын ойнақ сіздердің айналарыныңда болып жатыр. Жан-жақтарыңызға зер салып қараныздаршы, өңкей Құдайын ұмытқан жетесіздер: нәпсі мен құлқынның құлдары құмырсқадай қаптап жүр. Ал, мен Құдайға құлшылық ететін қасиетті ғибадатхана да тұрамын. Құнәһар болып өмір сүргім келмейді. Жаратушының мейір-шапағатына бөленіп, шарапатын көріп, оның мәнгілік рухани пленатасына қайтқым келеді. Әйтпесе, жалғанды жалпағынан басатын пенделер сияқты бірде орыс, бірде қытай, енді бірде неміс, немесе бірде ит, бірде күшік болып, осынау өткінші ғаламда «туу, ауру, қартаю, өлу» тәрізді төрт денеден құтыла алмай итшілеп журе береміз. Рухани әлем тірі жандардың шат-шадыман өмір сүруіне ариалса, ал бұл дүние Құдай құсап рахаттанғысы келетіндерге азап шектіруге ариалған абақты. Сондықтан, тағы қайталап айтамын, менің мақсатым – бұл дүниемен біржола коштасып, шат-шадыманға толы мәнгілік рухани әлемге, яғни туған үйіме қайтып оралу.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Айтып тұрған сезін кара, ендеше қазір-ақ қайт сол туған үйіңе. Керек болса, өзім-ақ аттандырып жіберейін.

БОЛАТ: Мен ажалдан қорықпаймын. Қайта ол сондай сұлу. Бізді бұл жалғанның азабы мен тозағынан құтқаратын өлім ғана.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Олай болса сол сұлуыңды өзім-ақ құштырайын, иттің баласы! Өз балаңа өлім тілеу ауыр, әрине, бірақ мен саған өлім тілеймін! Өлім, атана нәлет, өлім тілеймін!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (жсанұшыра): Эй, сен, не деп кеттің, ақылышыңнан алжасқаннан саумысың?! Есі дұрыс адам дүшпанына да өлім тілемейді ғой!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (ашу қысып): Бұның бүйтіп көзге күйік бол тірі жүргенінен өліп қалғаны мың есе артық. Барсын баар жеріне. Қаранды өшір, иттің баласы! Кет, жоғал! Мен саған теріс батамды беремін! Екі дүниеде де жолың болмасын!

(Әкесі Болатқа тап береді. Ұлы қашып барады да, үшінші қабаттың балконынан секіріп кетеді. Бәрі балконга жүгіріп шығып, төмен қараса Болат жерде дөңбекшіп жатыр. Оны көрген шешесі үн қатуға да шамасы келмей, сылқ етіп құлтай береді. Қасында тұрған Қайрат оны шап беріп қасыра құшақтай алады. Диванга сүйеп жатқызып, «Мама... мама...», – деп дауысы дірілдеп, безек қағады. Су әкеліп, бетіне бүркеді. Анасы ештеңе сезіп-білер емес, кеудесінен жсаны шығып кеткендей, былқ-сылқ етіп, ес-түссіз жатыр. Ал, әкесі әйеліне бұрылып та қарамастаң, тарпаңдай басып сыртқа қарай ата жөнеледі. Бір сәт шешесі көзін ашип, ақырын гана тіл қатады).

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (дауысы қырылдан): Жарығым-ай, құлыным-ай! Аман ба екен, өзі? Күнім, айым, жарық жүлдізым-ай!..

(Кайрат басын көтеріп, балконнан төмен қарайды).

ҚАЙРАТ: Аман, мама, аман! Әкем көтеріп келеді.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Құдіреті күшті Құдайым, өзің жар бола ғөр!

(Әкесі Болатты қөтеріп келіп, еппен төсекке жатқызады да, сүйектері ырсып, қан саугалап жатқан оң аяғындағы қызыл дамбалды дар еткізіп айырып жіберіп, мақтамен жайлап сұртіп, матамен байлай бастайды. Болаттың дыбыс шыгаруга да шамасы жоқ, ақырын гана ыңырсыды. Оны көрген шешесі қайтадан талықсып кетеді).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (Кайратқа): Жедел жәрдем шақыр. Тезірек келсін деп қадалап айт. Эйтпесе, олар жүріп алады.

ҚАЙРАТ (телефон тұтқасын қолына алғып): Жедел жәрдем бе? Ағам, үшінші қабаттан құлап кетіп, мертігіп қалды, өлім аузында жатыр. А-а-а-а... иә... иә... 34-44-46. Мекен-жайымыз... Тастақ шағын ауданы, Төлебаев көшесі, 77 үй, 125-ші пәтер... Жақсы... рахмет... Тезірек жіберіңдерші! Қан құсып, қиналып жатыр...

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Қонақ бөлме әдеттегідей шашылып жатыр. Жазира Жарылқасын қалың ой құшагында отыр, көңілсіз, анда-санда іштей күбірлеп қояды. Қекірегі толған шер-шемен, аңы запыран. Жанында қол арбада Болат отыр. Шашын тақырлап алғын тастаған, устінде көк футболка мен қара трико. Ол да ойға шомған. Тылсым тыныштық. Қенет есінен әлдене түскендей, шешесі ұлына мұсіркей қарап, кемсөң қақты.

БОЛАТ: Не болды, мама?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Жай-әшейін...

БОЛАТ: Уайымдамаңыз, мама. Ертең-ақ жүріп кетемін.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Жүресің, құлыным, жүресің! Оған титтей де күдік-күмәнім жок.

БОЛАТ: Мама, бірдеңе айтсам, ренжімейсіз бе?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Айта ғой, жаным!

БОЛАТ (*курсінін*): Бүйтіп қор боп қалғанша, өліп қалғаным жақсы еді, иә, мама!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Тәйт, әрі! Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді, жүріп кетесін, құлыным!

БОЛАТ: Иә, соған сенгім-ақ келеді, бірақ, омыртқа мен жұлынға қатты зақым келген дейді ғой.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Қанша қындық көрсөн де, құдіреті құшті Кудайдан үмітінді үзбе, құлыным!

(*Осы кезде үлкен қызы Мендігүл кіреді. Көзі көгерген, шекесі көнектей бол ісін кеткен, жұзі қабарған, қас-қабагы салбырап түсіп кеткен. Табалдырықтан аттай бере қол арбада отырган Болатты көріп, соғысып тұрып қалады).*)

МЕНДІГҮЛ (*таңдана*): Болат, саған не болған?

БОЛАТ (*қырсығын*): Ештеңе болған жоқ.

(*Әңгімені қөбейткісі келмеген Болат арбасын қос қолымен қозғап, жатын бөлмеге кіріп кетеді де, есігін жасауды алады).*)

МЕНДІГҮЛ: Мама, Болатқа не болған?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*балан үйрек саусаған аузына апарып*): Оны қайтесін, өзіне не болды?

МЕНДІГҮЛ (*басын үнсіз изеп*): Күйеуіммен келіспей қалдым. Жазықсыздан жазықсыз қол кетерді.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ерлі-зайыпты болған соң, ыдыс-аяқ шылдырламай тұрмайды. Шыдауын керек. Біз сені оған зорлап қосқан жокпаз, өзің бардың ғой!

МЕНДІГҮЛ: Шыдау мүмкін болмай барады, мама.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Мінезінді білемін ғой, ол сенің еркелігінді кетеретін әке-шешен дейсін бе, тілін тап, жарасып кетуге тырыс. Сыйла, қарсы сөз айтып, қайқаңдай берме. Ендігі өз үйің – өлең төсегің – сол. Өлсөн де, сүйегің сол үйден шықсын. Байдан қайтып келген деген жақсы атақ емес.

МЕНДІГҮЛ (*үрпие қараш*): Мама...

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Иә, жарығым, бұндай жаман әдетінді мулде тый. Экенің мінезін білесін ғой, келіп қалмай тұрганда тезірек кетіп қал. Мына түрінді көрсе, ол мені тірідей көрге тығар. Бар, қарағым. Таңдап алған тағдырың ғой. Үйренісіп, түсінісіп кетерсіндер! Бұл бәріміздің де басымызда болған, әлі де бар жағдай. Оп-онай, жеп-женіл, тәп-тәтті ештеңе болмайды. Өмірдің ашы-тұщысы қатар жүреді, жарығым!

(*Шешесінің сөзіне көнілі толмаган Мендігүл отырган орнынан жаймен көтеріліп, ләм-мим деп тіл қатпастан қайқаңдаған кете барады).*)

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*көзі жасаурап*): Арқа тұтып алдымға келгенде, жылы сөзбен жұбатып, пана болуга да жарамадым-ау! Не деген сорлы едім? Жүргі ауырып кетті-ау, бағы ашылмаған байғұстың. Ана түрік дұрыс түсінсе жақсы, «өзің ит болып келдің» деп табалап, тағы жұдырығын ала жүгірмесе жарап еді. Әй, бірақ, құр босқа жүрекке салмак салғаннан басқа, қолдан не келер дейсің! Не болса да тағдырдың мандайына жазғанын көрер. Ай, жүрегім-ай... жүрегім!..

(*Жүрек тұсын ұстап, талықсыт барып, еденге шалқалай құлап түседі. Іле-шала Қайрат кіреді. Шешесінің жерде ес-түссіз жастқаның көріп, шошып кетеді. Анасының басынан құшақтап, жылап жібереді. Сонда гана барып, шешесі жайлап есін жишип, басын көтере бастайды.*)

ҚАЙРАТ: Мама, тағы да жүрегіңіз бе?..

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Иә...

ҚАЙРАТ: Қаралсаңызы, мама! Бұлай журе беруге болмайды ғой!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Үйреншікті ауру ғой!.. Не қылар дейсің?!

ҚАЙРАТ: Ту, мама, сіз де қызықсыз, жүрекпен ойнауға болмайды ғой!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ауыртатын өзіміз ғой, дәрігер бұған не істей алар дейсің?!

ҚАЙРАТ: Мама, мама...

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ау, жарығым!..

ҚАЙРАТ: Мен дүкен ашамын деп едім ғой. Құдай сәтін салды. Ертеңнен бастап сонда тұра тұрарсыз. Бірақ, уақытша ғана. Кейін жағдайымыз түзеліп, ақшамыз көбейген соң, сатушы ұстаймыз. Әрі өзінізге де жақсы, үйде қамалып отыра бергенше, бір уақ сергисіз.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Куана-қуана тұрамын, қай манда өзі?

ҚАЙРАТ: Үйден онша қашық емес. Қаланың қақ ортасы, адам аяғы көп жүретін жер. Сауда да жақсы болуга тиіс.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Институттағы қызметінді не істейсің?

ҚАЙРАТ: Таstadtым, мама. Бірақ, әлі алмаған екі-үш айлық жалақым бар, кәсібімізді дөңгелеткенше кинала қоймаспыз.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Әкең сияқты сенің де ұлы ғалым болам деген арманың бар емес пе еді.

ҚАЙРАТ: Мама, әкем мықты ғалым ғой, бәріміз жабылып сол кісіге жағдай жасайық! Ал, мен шынымды айтсам, ғылымнан болашақ көріп тұрғамын жоқ. Институтымыздың тірлігі шатқаяқтады, тіпті Ғылым академиясының өзі құрдымға кетіп барады. Мықты ғалымдардың көбі күн көрістің қамымен басқа жұмыстарға кетіп жатыр. Кейбіреуі, тіпті көсіпкерлікпен айналысып, тұрмыстарын түзеп те алды.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Сонда өзінің өмірлік арман-мақсатыңнаң бас тартпақсың ба?

ҚАЙРАТ: Жоқ, ең алдымен жағдайымызды жасап алайық. Содаң кейін көрерміз. Ертең үйленсек, тойды кім жасап, үйді кім алып береді?

Айлығымыз шайлыққа да жетпейді. Бұрынғыдан үкіметке де сенім артуға болмайды, жас мамандарға тегін үй беру мүлде тоқтады. Енде-ше, ешкімге алақан жаймай, өз жағдайымызды өзіміз жасауымыз кепек кой. Мемлекет басшыларының өзі айтты емес пе: «Өз күнінді өзің көр!» – деп.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Жаксы құлымын! Ең бастысы, мен жұмысқа шығып, ақша тапсам болды. Әйтпесе, әкең «ақша таппайсын, көліннан бок келмейді» – деп жер-жебіріме жеткенде, тұра өліп қалғым келеді ғой. Ерегескенде одан көп ақша табайықшы.

ҚАЙРАТ: Амандық болса, табамыз, мама, табамыз! Оған ешқандай күмәнініз болмасын. Дүкеннен әйтеуір күнделікті түсім түсіп тұрады. Ең бастысы, құрсағамыз аш болмайды. Өзірше осы дүкеннің жұмысын бір жолға қойып алайық, сонан кейін басқа да ой-жоспарларым бар. Бір сөзбен айтқанда, енді аштан өліп, көштен қала қоймаспыз.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ой, жарығым-ау, сол! Бірак, сен бұдан былай өлімді аузыңа алмай сөйлеши.

ҚАЙРАТ: Жаксы, мама, келістік.

(*Қайрат шығып кетеді. Шешесі жалғыз қалаады*).

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Сауда жасағанның несі айып?! Табыс тапсам болды емес пе?! Осы уақытқа дейін әкем мен шешеме бір көйлек әпере алмадым, бауырларыма да еш қайырым болмады. Тұрмысымыз түзелсе, соларға да қарасып тұрармын. Жаксы болғанын қараашы! Өзім де осы балама үлкен сенім артушы едім, үмітті актады, құлымын. Ең бастысы, тіл-көзден сактасын! Аман болса, көрерсіндер әлі, бір жерден тесіп шығады, менің алтын алмасым!

ТӨРТИНШІ КӨРИНІС

Қаланың қақ ортасында орналасқан азық-түлік дүкені. Орамал тар-тып, көзіне қара көзілдірік киіп алған Жазира Жарылқасын елеңдеп жан-жагына қарап қояды. Сөрелер жұтыны, кейбіреулері, тіпті бос тұр. Арт жагында тауар салынған жәшіктерді реттестіріп Қайрат жсүр.

ҚАЙРАТ: Мама, әлі-ақ көресіз, мына сөрелердің бәрін тауарға лықа толтырамыз. Кісінің көзін қызықтаратында жарқыратып-жайнатып жібереміз!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ойындағын орындалсын, айналайын!

ҚАЙРАТ: Сонда саудамыз да жақсы жүреді, түсім де көбірек болады.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Құдай тілеуінді берсін, қарағым! Бас аман, бауыр бүтін болса, қалғаны өз ретімен бола жатар.

(*Дәл осы кезде дүкенге ырсылдан бір толық келіншек кіреді. Көздер ұшыраса кетеді. Ол ыргала басып жақындаі түседі*).

КЕЛИНШЕК (*таңданып*): Ой, Жазира, сенбісің-ей, қал қалай? Сені де көретін күн болады екен-ау, ә, түк өзгермепсің!

(*Келіншек аұзы-аұзына жұқпай, сөйлем жасатыр. Жазира Жарылқасында үн жоқ. Қапелімде не айтартын білмей, сасып қалған. Бір жасагынан қысылып-қымттырылып барады.*)

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Енді, әйтеуір, тіршілік, бала-шағаның қамы ғой.

КЕЛИНШЕК. Иә, әрине, қазір біреуді біреу сөгетін заман емес. Эркім қолынан келген тірлігін жасау керек. Айтпақшы, Дауылбай қалай, дауылдатып жүріп жатыр ма? Әй, оның мінезіне шыдап жүрген сен де мықтысың-ей! Саған тірі кезінде ескерткіш қою керек.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*шамданып*): Ол кімнің басын жарып, кезін шығарыпты. Сол баяғы ғылым жолындағы қызметін абыраймен атқарып жүр.

КЕЛИНШЕК: А, жоқ... Сен дұрыс түсінбедің! Менікі әшейін әзіл. Дауken үлкен ғалым ғой. Біз оны ерекше сыйлаймыз, қатты қадірлейміз, мақтан тұтамыз.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*жузі жысылып*): Рахмет!

КЕЛИНШЕК: Әй, сен енді ылғи осында тұрасың ба?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Енді қалай айтсан екен!.. Отагасы қарсы болса да, шығып едім... Өзі бір түрлі үят екен!

КЕЛИНШЕК: Қызықсын, ақша тапқанның несі үят?! Айтшы, жоқ болса, біреу бір тыын бере ме?! Біреуден тартып, болмаса, үрлап алғып жатқан жоқсың. Өз еңбегің. Қой, мен асығыс едім, маган бес келі қант, екі сүт, бір нан, уш тоқаш бер. Кетчуп, мойнез, қаймақ қос.

(*Жазира Жарылқасын қысыла-қымттырыла, оның айтқандарын біртіндел алып береді).*

КЕЛИНШЕК: Кәне, есептеп жібер, қанша болды екен?!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Мен саған өз бағасына берейін. Мың жарайм тенге.

КЕЛИНШЕК (*уялғансып*): Қой, кісі ақысын жеуге болмайды.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ештеңе етпейді. Бұйырғаны болып жатыр. Құдайға шүкір, қурап отырғанымыз жоқ, жағдайымыз жақсы. Мынаны біздің атымыздан балаларға апарып бере қойшы (*шұжықты келіншектің сумкесіне сүңгітіп жібереді*).

КЕЛИНШЕК: Жарайды, ендеше! (*есептеседі*) Үят болды-ау, өзі!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Түк те үтты жоқ!

КЕЛИНШЕК: Жақсы, Жазира, көріскеңше күн жақсы болсын! Енді келіп тұрамын ғой.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Келіп тұр. Осындағын ғой.

(*Келіншек маймандағы басып кете барады. Оның қарасы көрінбей кетісімен, Қайрат жақындаап келеді).*

ҚАЙРАТ: Мама, бұл кім?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Бұл – бір өсекші қатын. Енді біздің бұл жерде тұрганымызды бүкіл Алматы билетін болды. Жылмаң қағып қайдан келе қалды еken, албасты! Алматының білгенін қойшы, ауыл-аймак тегіс құлақтанатын болды-ay! (өз бетін өзі шымшиып) Ұят-ай!..

ҚАЙРАТ: Кәсіп қылғаның несі айып, мама, қайта қол қусырып қарап отырған ұят емес пе?!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Оның да дұрыс еken-ay, ә!

ҚАЙРАТ: Не алды өзі?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Біраз нәрсе алды.

ҚАЙРАТ: Қанша пайда тапқаныңызды бір жерге тұртіп қойыңыз. Эр тиынды есептеп отырмаса болмайды, сауданың заны солай.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Көк тиын пайда тапқан жоқпын. Ертең бірденені бықсытып жүрмесін деп бәрін өз бағасына бердім. Оның үстіне риза болып кетсінші деп бір шұжықты тегін салып бердім.

ҚАЙРАТ: Ой, мама, олай болмайды ғой! Келген танысыңыздың бәріне бір шұжықтан салып бере берсеңіз, неміз қалады?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Оны өзім де білемін. Бір-екі тиын пайда табармыз, бірақ көп нәрседен ұтылар едік. «Күндерін көре алмай, саудаға шығыпты», – деп гулетер еді. Енді аузы жабылатын болды. Бір шұжықты құлқынынан өткізіп жібергенім де сондықтан. Аш жүр еken дегеннен гөрі, тоқ жүр еken, жоқ екеннен гөрі, бар еken деп ойлап кетсін, құрғы!

(Осы кезде үстіне қара кастом-шалбар киіп, ақ көйлекке жіңішке қызыл галустук тағынган қызыл бет еркек келе қалады. Қолында қөнелеу қоңыр сумкесі бар. Жазираш көріп, жүзі жадырап, көзі құлімдел кетеді).

ЕРКЕК: Ой, Жәзираш, сенің мүбәрәк жүзінді көретін де күн болады еken-ay! Алдынан шықаныңа қарағанда, жолым болады-ay!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Қүйлі-куатты жүріп жатырсыз ба, Ереке?

ЕРКЕК: Шүкір! Бұнда қашаннан тұрсын?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Бүгін алғашқы күн, осындей бір кәсіп ба-стап жатырмыз.

ЕРКЕК: Бұларың құптарлық іс еken! Қазір ғылымның кетеуі кетіп, ғалымның қадірі қашып тұр ғой! Бұрын бізден, ғалымдардан асқан абыройлы адам болмаушы еді, қазір тілті ғалыммын деуге ұласын. Ғалыммын десен, елдің езуіне құлкі үйірліп, текке ас ішіп, аяқ босатар арамтамақ сияқты көреді, атаңа нәллөттер.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Иә, өкінішке орай, солай болып тұр.

ЕРКЕК: Қане, тіске басар не бар?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Не керек еді, Ереке, айта беріңіз!

ЕРКЕК: Шынымен айта берейін бе?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Әрине.

ЕРКЕК (*сүмкесінің аузын ашып*): Ендеше, сала бер. Шұжық пен ба-лықтан сал, консервінің бір-екеуін салшы. Ана көзге тамызатын дәрін-нен бер.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Біз дәрі сатпаймыз!

ЕРКЕК (*кеңкілдей қуліп*): Тұсінбедің-ау деймін! Ана бір бас жазатын дәрінің айтып тұрмын (*сөредегі ақ арақты қолымен көрсетіп*).

(Жазира Жарылқасын пайданы ойлан, айтқанының бәрін оның сүмкесіне тогытта берді).

ЕРКЕК (*көңілді*): Жә, жетер. Сендерді біраз шығынға ұшыраттым гой, жарайды, ештеңе етпес, аман болсақ біз де бірде есесін қайтарар-мыз! Саудаларың жүре берсін, ақшаларың көбейе берсін!

(Еркек рахметін жаудырып, қоштасып, бұрылып жүре береді).

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ереке... (*ернін тістей алады*)

ҚАЙРАТ: Бұл – кім тағы?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Бұл – ғалымдардың ішіндегі залымы, кезінде әкенмен бірге істеген. Бәрінен де бұрын, алған затының ақысын төлемей кеткенін қарашы, ұтсыз!

ҚАЙРАТ: Өзіңіз гой, салып берген!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Мен тегін алып кетсін деп салып берген жоктын гой. Қараптан-қарап қорага кіргізіп кеткенін қарашы!.. Адамдар не боп барады өзі?!

ҚАЙРАТ: Мама, енді таныстарыңызды көрсөніз танымағансып тұра беріңізші. Бүйте берсек, пайда тапқанның орнына зиян шегіп, алған несиемізді қайтара алмай жүрмейік!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Танымағансып қалай тұра беремін! Со-нан кейін: «танымай кетілгі», – деп өсек гүлестін!..

ҚАЙРАТ (*құлімсіреп*): Мама, бізге керегі елдің өсегі емес, тұрмы-сымызды түзеу гой.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Оны мен білмейді дейсін бе?

ҚАЙРАТ: Білсөніз, олай тегін ұlestіре берменізші! Қарызға бел-шемізден батып қалмайық.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Жарайды, күлінным, енді өзім де бере қоймаспын!

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Кешкүрим. Үй іші алакөлеңке. Жұмыстан шаршап-шалдығып келіп, бәрі дастархан басына жинала берген кезде көптен бері қарасын көрсетпей кеткен Жанат үйге ентелей басып кіреді. Алқын-жұлқын. Беті қокпенкөк бол ісініп кеткен, қас-қабагы жарылған, шеке тұсы қанталап тұр. Күмі дал-дұл, жырым-жырым. Шешесі оны көре-сала шошып кетіп, дауыс сала тұра ұмтылады.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*кемсөңдел*): Қарағым-ау?..

(Жанат үндеңеиді, алақ-жұлақ етіп, арт жағына қараілай береді).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Әй, тілің байланып қалған ба, айтсаңды не бол қалды?

(Артынша-ақ ентелей басып, түрлери сүйк төрт-бес жігіт кіріп келеді. Ұлының бірденең бұлдіріп қойғанын іші сезсе де, түк түсінбегенсіген Дауылбай Боранбаев қабагын түйіп, оларға дүрсеге қоя береді. Әйелі шошынып қалады. Қайраттың түрі бұзылып, түсі қашып кеткен. Болат қоларбада отыр, оның да бойын ашу қысқан, дәрменсіздігіне іштей күйініп қояды. Беймезгіл келген қонақтар еш сасар емес).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (қатқыл дауыспен): Әй, көргенсіздер, не керек сендерге? Үйіме баса-көктеп кіретін кімсіндер сонша? Бұл бассызыңтарын үшін әлі заң алдында жауап бересіңдер!

(Жендеңтердің басшысы болса керек, күжірейген шошынқара ортага шығып, ала көзімен ата қарап, зілдене сөз бастайды).

ТАҢАТ: Олай бізді қорқытып-үркіте алмассың! Одан да ұлынның қарызын қайтарт.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (таңырқап): Не?.. Қандай қарыз?.. Кімге қарыз?

ТАҢАТ: Бізге.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Қанша?

ТАҢАТ: Оны өзінен сұра.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (Жанатқа): Әй, көксөққан, шынынды айт, қанша қарызысың? Кімнен, не үшін алдың?

ЖАНАТ: Мен ешкімге ештеңе қарыз емеспін!

ТАҢАТ: Қалайша қарыз емессін? Казинода ойын ойнап, ұтылғаның аздай, енді оны мойындағың да келмейді, ә!

ЖАНАТ: Ойнағаным рас, бірақ ондай ақша ұтылған жоқпын.

ТАҢАТ: Тегін арақты суша сіміргенді білесің, ал ақша ұтылғанынды білмейсің! Удай мас болғанша сілтей бермей, байқап ішуін керек еді! Не, сонда біз саған пәле жауып тұрмыз ба?

ЖАНАТ: Иә, нақақтан нақақ күйдіріп тұрсындар. Ешқашан естүсімнен айырылатындағы мас болғаным жоқ.

ТАҢАТ: Ә, сен енді бізге пәле жабайын дедің бе?

ЖАНАТ: Пәле жауып тұрған сендер ғой, мен тек шындықты айтып тұрмын.

ТАҢАТ: Тілің тым ұзарып кетіпті ғой, жігітім.

ЖАНАТ: Мен сендер ойлағандай ез емеспін! Егер шынымен ұтылсам, мойындар едім, және өлсем де, тірілсем де тауып берер ем.

ТАҢАТ: Куәлер бар ғой!

ЖАНАТ: Куәлерің де өз адамдарың ғой. Жала жауып отырғандары, сөздерінің үйқаспай тұрғанынан-ақ көрініп тұрған жоқ па?! Оны дәлелдеп жатудың өзі артық.

ТАҢАТ: Жігітім, енді бұлталақтағанмен пайда жоқ, одан да шындығыңды мойындаңап, ұтылған ақшаны орнына қой.

ЖАНАТ: Тағы да қайталаң айтамын, өлтірсөндер де шындығым – осы.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*Таңатқа*): Айтшы, сонда қанша қарыз?

ЖАНАТ: Әке, мен ешкімге соқыр тиын да қарыз емеспін.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*Жанатқа*): Тұра тұршы-е! (*Таңатқа*) Эй, сонда қанша қарыз деп сұрап тұрмын ғой.

ТАҢАТ (*сенімсіздегү*): Бес мың доллар.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Бес мың доллар?!

ТАҢАТ: Иә, артық-кемі жоқ – бес мың доллар. Ескертіп қояйын, егер құқық қорғау органдарына арыз берсең, мемлекеттің заңы бойынша жазаланады. Яғни, біз емес, ұлыңыз сотталып, абақтыға қамалады. Сондықтан, қарызын қайтартып беріңіздер. Сонда Құда да, Құдағи да тыныш болады. Эйтпесе, бұның арты жақсылыққа апарып соқтырмайды. Милицияның қолына түссеніздер, екі есе шығындалатындарыңызды білесіздер ғой. Исті насырға шаптырмай, бейбіт жолмен шешейік.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Менің сендерге беретін көк тиыным жоқ.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Мыналар тұтіп жейді ғой, байғұс баланы. Бірдене десенші, басқаша сөйлессенші!.. Адам құсап, келіссенші!

ТАҢАТ: Иә, шешеміз дұрыс айтады, керісkenмен пайда жоқ, келісейік. Кикілжің, ұрыс-керіс, айтыс-тартыс бізге де керек емес.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Тұтіп жемек түгілі, қуырып жесін!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*кемесңдең*): Бір ұлыңды кемтар қылғаның аздай, енді екінші ұлыңды сыртқа теуіп отырсың ба?! Өз қанынан жаралған балаға жаның ашымайтын, жүргегің жібімейтін қандай адамсың! Айтсаңшы, бірдене десенші мыналарға. Бұлар да адам баласы ғой, келісуге, кешірімдесуге болатын шығар!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Оған сенің басың ауырмай-ақ койсын!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*көңілі қалып*): Ой сен де бір қисайсан, мулде қиқайып аласың ғой! (*жендердегі аяғына жығылып*) Бала-ларым-ау, мен сияқты аналарың бар шығар. Қателік кеткен шығар, бір жолға кешіріндер.

ТАҢАТ: Шешей, ол кешіре салатындей бес-он тиын емес қой. Әрі ол казиноның ақшасы. Егер тауып берсеңіздер, жайына-ақ қалдыраң едік.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Әкем-ау, ондай ақшаны біз өніміз түгіл түсімізде де көрмейміз ғой. Бар болса, баламыздан аятын ештенеміз жоқ, бере-ақ салар едік. Өліп-талып бес мың долларға мына үйді әрен алып едік.

ТАҢАТ: Қайыра сатсаныздар, бұл үй қазір одан қымбаттау тұрады.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ойбай-ау, әрен қолымыз жеткен баспанамыздан айырылсак, далада қаңғып қаламыз ғой!

ТАҢАТ: Есесіне, баланыздың қарызынан құтыласыздар. Жүректепінізде тыныштық орнайды.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ойбай-ау, не дейді?! Айналайын, басқаша болмай ма? Қателескен шығар, ендігөрі қайталамас, бір жолға кешірім жасандар, қарақтарым!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*әйеліне*): Дағар сөзді, жетер. Несіне жалынып, жалбарынып тұрсың! Бұлардың сөз түсінетін адамдар емес екені түрлерінен-ак көрініп тұрған жоқ па?!

ТАҢАТ (*Дауылбайға*): Сен олай бізді қорлама! Осы сөзің үшін әлі-ак екінетін боласың!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*қатуланып*): Кімнің өкінетінін әлі көреміз, иттің боласы!

ТАҢАТ: Сізде біздің ешқандай шаруамыз да жоқ. (*Жанатқа*) Эй, сен, жүр бізben бірге барасың!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ол ешқайда бармайды. Аулақ жүріндер! Кетіндер, шығындар үйден, өзмұрайлар! Эйтпесе, қазір-ақ милиция шақырамын.

ТАҢАТ: Іздегендерің милиция болса, өздері-ақ келер. Өйткені, ұлдарың казинода ақша ұтылғанымен қоймай, ішіп алып, қыз зорлапты.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Не дейді тағы? (*Жанатқа жалт қаран*). Шын ба, жүгірмек?

ЖАНАТ: Зорлаған жоқпын, үйіне шақырған өзі...

ТАҢАТ: Эй, сен өзі ештеңені мойында майтын ноқай екенсін, ә! Зорламасаң, милицияға арыз түсірмеген болар еді. Олар да сені шарқ ұрып іздел жүр. Сотталғың келмесе, біріншіден – ұтылған ақшаны тезірек тауып бер, екіншіден – ана қыздың аузын жап!

ЖАНАТ: Ол қыз өздеріңнің ойнастарың ғой!

ТАҢАТ: Эй, не деп тұрсың, ақымақ. Осы сөзіңде жауап бересің бе?

ЖАНАТ: Не, етірік пе?

ТАҢАТ: Қашан қасымызда шам ұстап тұрып едің?

ЖАНАТ: Шам ұстап тұрмасам да білем ғой.

ТАҢАТ: Қайдан білесің?

ЖАНАТ: Мен сендер ойлағандай ақымақ емесспін!

ТАҢАТ: О, білмей жүр екенбіз, данышпан екенсің ғой! Үйінде зорсынып, бізді корсынып тұрсың ғой, жеке жерде кездессерміз әлі... Сонда калай-қалай сарнайтыныңды көрерміз, бәлем!

(Дәл осы кезде милиция майоры Қайырбек Жасарбаев кіріп келеді. Барі аңтарыла соган қарайды).

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (*сызылып*): Кешірерсіздер, бұл Боранбаевтардың шаңырағы ма?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*аздап қобалжып*): Иә, айта беріңіз. Не шаруамен жүрсіз?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Сіздің Жанат деген балаңыз бар ма?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Иә, бар. (*Жанатты нұсқап*) Әнен түр.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (Жанатқа): А-а-а... Бәрін бұлдіріп жүрген сен екенсің ғой!

ЖАНАТ: Не бұлдіріппің?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (жынысықылана): Бұлдірмесең, мына арызды мен ойдан жазды дейсің бе?

ЖАНАТ: Қандай арыз?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: «Империя» ойынханасына бес мың доллар қарыз екенсің. Әрі, Сайрангұл есімді қыз баланы өз үйінде зорлапсың. Сенбесең, міне, арыз. (*Портфелін ашып, арыздарды алып шыгады*). Біреу емес, екеу. Соңда да жалтарасың ба?

ЖАНАТ: Мен бағана да айттым, тағы да қайталаймын, ешкімге ештеңе қарыз емеспін. Қыз да зорлаған жоқпын. Ол өзі үйіне шакырды, содан екеуміз азырақ көңіл көтергеніміз рас.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (қабагы түйіліп): Міне, сен осы сөзіңнің өзімен-ақ қылмыскер екенінді мойындал тұрсың!

ЖАНАТ: Қалайша?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Солайша! Қыздың үйіне барып, арак-қа сылқия тойып алып, зорлап кетіпсің. Айғайлаған, жылаған. Оны көршілерінің бәрі естіген. Сен бұлдіріп кеткен төсек орнын, іш киімдеріне дейін сот экспертизасына беремін деп буып-түйіп қойыпты. Жалтарғанмен пайда жоқ, одан да шындығынды мойында. Эйтпесе, кем дегенде он бес жылға сотталып кете барасың!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (кемсең қагып): Әкем-ау, не дейді тағы? Бұл қалай болғаны? Бәлелі қаншықта нең бар еді, жарығым-ау? Тұрмеде шіритін болдың-ау!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (әйеліне): Әй, қатын, жамандықты бастамай тыныш тұршы-еї!..

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Керісे бермей, келіссенші, Құдай-ау! Саған бала керегі жоқ па?!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Мыналардың сөз тыңдайтын тұрлери жоқ кой!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Кешірім сұрап, сұраганын тауып берей-ік! Дәл қазір болмаса да, екі-үш күн мұрсат берсін!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Екі-үш күнде сонша ақшаны қайдан табасың!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Ағайын-туыстардан сұрастырып көрермін. Ел іші ғой, бір жөні болар.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Е, кім қолыңа доллар ұстата қояр дейсің?

ҚАЙРАТ: Әке, менде екі мың доллар бар. Сауданың ақшасы. Соны берейік! Сонымен кешірімдесерміз, а!

ТАҢАТ: Екі мың доллармен кешірімдесе алмаймыз. Ол мәселені толық шешпейді.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (*Таңатқа*): Сіз кімсіз?

ТАҢАТ: Біз сол жаңа өзініз айтқан «Империя» казиносының қызметкерлеріміз.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Сіздер мұнда неғып жүрсіздер?

ТАҢАТ: Біз де сол Жанатқа казиноның ақшасын қайтаруын талап ете келгенбіз.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Бұлар бізге қоқан-локқы жасап тұр. Керек болса, мен енді бұлардың үстінен арыз түсіремін.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Олай дауды өршіткенше, басуға тырыспайсыз ба?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Мыналардың сөз ұгар түрі жоқ қой!

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Ұтылған ақшасын қайтарып берсе, кешіретін шығар! (*Таңатқа*) Қешіресіндер фой, иә!

ТАҢАТ: Эрине.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ол: «соқыр тиын ұтылған жоқпын», – деп тұр фой.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Есінізде болсын, кез келген қылмыскер қылмыс жасағанын өзі мойындармайды. Күшпен мойындарады. Ертең қамауға алынса, өзі-ақ бәрін жайып саларына ешқандай күмәнім жок. Бірақ, ол кезде кеш болады. Ешкім де, ештеңе де көмектесе алмайды. Кол-аяғы кісенделіп, абақтыға айдалып кете барады.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*ойланып*): Ал, қазір кешірімдесіп ыңшының бітіруге бола ма?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Неге болмасын?! Ол үшін арыз иелерінің талабын орында, кешірімін алу керек.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Олай болса, солай істесек қайтеді?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Алдымен «Империя» ойынханасына бес мың долларды қайтарып берініздер. Содан соң ана қыздың талабын орындаңыздар. (*Таңатқа*) Сіздер кешірімдесуге қалай қарайсыздар?

ТАҢАТ: Қарсы емеспіз.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Екі-ақ мың долларымыз бар. Сонымен бітісейік!

ЖАНАТ (*жалт қарап*): Эке, неге? Мен ешкімге қарыз емеспін. Қызы зорлады дегені де жала. Сотқа берсе де өзімді-өзім ақтап шығамын.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Сен, жапшы-ей аузыңды. Саған ешкім сөз берген жок.

ЖАНАТ: Эке...

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*Жанатқа*): Тыныш тұр енді. Экен келісіп жатыр фой.

ЖАНАТ: Бүйтіп келіскені құрысын! Артық ақшаларың бар болса, қайта маган беріндер. Бизнес бастайын.

ҚАЙРАТ: Жанат, бір уақ тыныш тұра тұршы, а! Ол жайында кейін ақылласармыз.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Екі мың доллар да аз ақша емес қой. Қаладан бір бөлмелі пәтер сатып алуга болады.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (*Таңатқа*): Сіздер не дейсіздер, мүмкін келісімге келерсіздер!

ТАҢАТ: Жоқ, келіспейміз. Бес мың долларды түгел қайтару керек. Қалғанын біз төлемейміз ғой!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ендеше, өз қалауларың білсін. Сотта кездесерміз. Бізде одан басқа көк тиын жоқ.

ТАҢАТ: Бұйынсыз жерге пышақ ұра бермейік. Былай келіссек қайтеді, қазір екі мың доллар бересіздер, қалғанын бір алтаның ішінде тауып берсеніздер де болады. Тек үш мың доллар қарызбыз деп қолхат жазып беріңіздер.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Иә, сол дұрыс. Сол үш мың долларды өзім-ақ тауып беремін.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Байғұс-ау, ондай көп акшаны қайдан тауып бересің?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Қарызға алсам да, тауып беремін.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Сосын қалай қайтарасын? Үш мың доллар табу оңай деп пе едің?!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Құдай-ау, сол да сөз боп па? Ел іші ғой, бір жөні болар. Баланың басын шырғаланнан арашалап алсақ болды емес пе?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*ойланып*): Егер солай істесек, ана қызының мәселесі қалай болады?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Мың доллар берсеніздер, арызын қайтып алар.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ойбай-ау, сонда алты мың долларға шығып кетті ғой. Соншама көп акшаны қайдан табамыз?!

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Балаңыздың болашағын ойласаңыз, табасыз. Бас аман болса, акшаның орны толар.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*басын шайқап*): Жоқ, таба алмаймын.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Ендеше, өзіңіз білініз. Мен ертең мына арызды қалалық ішкі істер басқармасына тапсырамын. Ал, одан кейін қанша жалынып-жалпайсаныздар да, олардың құрығынан оңайлықпен құтыла алмайсыздар!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*ойланып*): Қалалық ішкі істер басқармасына дейсін бе?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Иә, дәл солай!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Қалалық ішкі істер басқармасының бастығы Куаныш Құдайбергенов емес пе?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Иә, дәл таптыңыз. Полковник Куаныш Хамитұлы.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ол менің бала кезден бергі досым гой. Бір ауылданбыз. Соған барып көрсем қайтеді, ә! Көз көрген гой, көмектесер.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (*құыстанның*): Ол кісі үлкен лауазым иесі гой! Бұндай ұсақ-түйек мәселемен мазаламаған жөн болар.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Бұл біз үшін ұсақ-түйек мәселе болайын деп түрған жоқ. Әй, қатын, менің қара блокнатым қайда?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Оны қайтейін деп едің, Құдай-ау?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Куаныштың үйінің телефоны бар еді.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: А-а-а... Қазір тауып әкелейін! (*төрги бөлмеге кіріп кетеді*). *

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*майорға*): Әй, аты-жөнінді айтшы, өзі?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Оны қайтесіз?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Куанышқа телефон соғып, көмектесуін етінейін деп едім, мүмкін сені танып қалар.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Ол кісіні беске білеміз, дәу бастығымыз гой, бізді тани қоймас.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: А, мүмкін танып қалар...

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (*қипалақтан*): А-а-а-а... мен... мен негізі...

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*күйеуіне*): Міне, мынау ма?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Иә, дәл өзі! Куаныштың үйінің телефонын тапши.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*қарағыштан*): Иә, міне таптым!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Кәне, бері әкелші!

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (*қипақтан*): Ол кісінің мазасын алып қайтесіз, өзіміз де шешеміз гой. Бағанадан бері айтпайсыз ба, Какең үшін колдан келгеннің бәрін істейміз. Мәселе шешілді деп есептей беріңіз.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Қане, куәлігінді көрсетші? Ертең барып алдын ала ескертіп қояйын, тағы біреулер мазалап жүрмесін!

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Үәде беремін, ағасы, енді ешкім де мазаламайды. Бәріне өзім ескертіп қоямын.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ана қолындағы қос арыз тағы да алдымыздан шығып жүрмесін!

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Екеуін де көзінізше өртеп жіберемін. (*Калтасынан тұтатқышын суырып алып, өртейді*). Міне, көрдіңіз бе? Көз алдыңызда жанып кетті. Енді бұнда ешкім де аяғын аттап баспайды. Маған сенініз!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ал, сенелік!

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Иә, сенің! Тек енді ұлынызға ие болыңыз, тағы да арандап қалып жүрмесін!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Басында титімдей ми болса, енді өзі де ойланатын шығар.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (*Таңатқа*): Әй, сендер негып тұрсындар. Табанда табандарыңды жалтыратындар, егер қайыра келетін болсандар, менен жақсылық күтпендер. Үктындар ма!

ТАҢАТ: Ұқтык!

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Ендеңе, кругом марш! Кәне, кәне...

(Жендердегі бастары салбырап, ләм-мим деместен шығып кетеді).

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Ал, ағасы, аман болыңыз!..

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Рахмет, бауырым! Таныспадық та ғой, тым құрмаса атынды да айтпадың.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (*естімегенсін*): Мен асығыспын, ағасы, маңызды бір кездесуім бар еді. (*сасқалақтан*) Ойбу, қалып бара жатқанымды қарашы!

(*Майор асығыс-ұсігіс қоштасып, тайып тұрды*).

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*аң-таң*): Уң, шынымен құтылдық па? Тұсінбей де қалдық қой!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Тұсінбейтін несі бар?! Қуаныштың есімін естіген соң алды-арттарына қарамай зытты ғой. Менің ойымша, өздерінің де бір шикілігі бар-ау! Егер бәрі занды болса, бұлай тұра қашпас еді. Жарайды, неде болса, біздің пайдамызға шешілді ғой, әйтеуір.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Қайыра келмей ме?

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Қорықпай-ақ қой, енді келмейді! Мен білсем, мыналардың ымы-жымы бір. Анау, тіпті жалған милиционер болуы да мүмкін. Аты-жөні мен куәлігін сұрап едім, тұсі қашып, сасып қалды ғой. Үстерінен арыз жазып, өздерін ұстатьып жіберер ме еді.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Қой, кайтесін! Дау қуамын деп тағы бір пәлеге ұшырап қалып жүрмейік.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*кушерін*): Қерсін кімнің кім екенін! Тапқан екен ақымақты. Бес мың долларды маған берсін!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Болды, әкесі, бір ашуыңызды бізге қиыңыз. Әйтеуір, Жанатымыз аман-есен оралды ғой. Бұл да – аз олжа емес.

(*Осы кезде жәутемедеп тұрган Жанат қателігін мойындан, әкесінің аяғына жығылады*).

ЖАНАТ: Кешіріңіз, әке! Қателесіп жүргенімді кеш те болса тұсініп, араларынан кетемін деп едім, осылай шырмап-матап тастауға тырысты ғой! Әйтпесе, түк кінэм жоқ. Мас болды дейді, қайдағы, бәрін білемін. Бір тиын ұтылған жоқпын. Ана салдақы өзі шақырып, қонақ етті... Тіптен,

жазығым жоқ. Жазығым болса, жалынсам да қоймас еді бұлар. Бұл ма-
ған үлкен сабак болды. Сіздердің алдарыныңда айыптымын. Кешірі-
ңіздер.

(Әкесі Жанатты тұргызып алғып бауырына басады, басынан сипайды).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Адасқанның айыбы жоқ, қайта үйірін
тапкан соң. Өмір сүру оңай емес, балам. Сүрінесің, құлайсың, жығыла-
сың, қайта тұрып, қайта жүгіресің. Тек баар жерінді, бағытыңды айқын-
дал алуың керек, сонда ғана түбінде діттеген жеріне жетіп жығыласың.
Ал, теріс жолға түсіп кетер болсан, ұзамай-ақ тұйыққа тірелесің. Қайта
аман-есен құтылдың. Бұл да бір Құдайдың сынағы шығар. Соған қуанып
тұрмын.

ЖАНАТ: Сіздің арқаңыз ғой, папа!

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Құдай қолдады, балам!

ЖАНАТ: Папа.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ау.

ЖАНАТ: Бір ғана өтінішім бар.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Айта ғой!

ЖАНАТ: Мен мамам екеуінізді сондай жақсы көремін. Көп ұрыса
берменіздерші, бір-бірінізді сыйланыздаршы.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Жақсы, ұлым, айтқаның болсын!

ЖАНАТ: Мен де жаңа өмір бастаймын.

ҚАЙРАТ: Жанат, біз бір кәсіп бастадық. Ертеңнен бастап соны
бірлесіп қолға аламыз.

ЖАНАТ: Ол – не кәсіп?

ҚАЙРАТ: Бір емес, екі дүкен аштық. Құдай бұйыртса, кебейте бере-
міз. Соның біреуіне өзің бас ие боласың. Қандай істі болмасын дөңгеле-
тіп әкетеріне сенемін!

ЖАНАТ: Охо, раҳмет, бауырым!

(Жанат әкесінің құшагынан ақырын сыйтылып шығып, шешесін
құшактай алады. Анасы да емірене бауырына басып, маңдайынан сүйеді.
Бір кезде қоларбада отырган Болатқа көзі түсіп кетеді де, жанына
жүгіріп келіп, тізерлеп отыра қалады).

ЖАНАТ: Болат, саған не болды? Аяғынды сындырып алғансың ба?

БОЛАТ (кемесінде): Жоқ, омыртқам опырылып кетіпті...

ЖАНАТ: Қалай?

БОЛАТ: Сенің қателігінді Құдай кешірді, ал мені кешіре алмады.

ЖАНАТ: Не деп тұрсын, бауырым?

БОЛАТ: Иә, солай... Ата-ананың назасын арқалаған онбайды деуші
еді. Сол сөз рас екен...

(Жанат не айтартын білмей состылып тұрып қалады. Бәрінің де
көңілдері толқып, көздерінде жасас іркілді).

АЛТЫНШЫ ҚӨРІНІС

Кішкене гана тар бөлме. Майор ҚАЙЫРБЕК Жасарбаев пен рекеттердің атаманы Таңат әңгімелесін отыр. Алдарындағы қоңыр үстелде ұзын мойын ақ арақ пен қырлы үш стақан тұр. Шет жасағында екі-үш қызанақ пен тістелген жсалғыз қияр жатыр.

ТАҢАТ: Екі мың долларды қалтаға басып, тайып тұруымыз керек еді, ә, басеке!

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Сен ғой, долы қатындардай көкбеттеніп тұрып алған.

ТАҢАТ: Истің бұлай бітерін қайдан білейін, көп асаймын деп, бок асап алдық қой.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Мен саған алдын ала ескерттім ғой. Ал, енді не болды, шоңқып сазға отырдық та қалдық. Шіркін-ай, қазір екі мың доллар қалтамызда болса, бізден бай адам болмас еді, құнжыңдалап-ақ отырап ек, ә. Эй, койшы енді соны, бұйырмай тұр ғой.

ТАҢАТ: Басеке, әлі де кеш емес қой! Мүмкін, тағы баармыз, а!

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (шошип кетіп): Есің дұрыс па, қызталақ? Жок әлде, тұрменің дәмін татқың келіп жүр ме? Біліп қой, қалалық ішкі істер басқармасының бастығы ойнайтын адам емес. Қырына бір іліксек, «құрыздым» дей бер. Иә, ол сондай қатал адам, әкенде танытып жібереді. Ең бастысы, енді оған біздің үстімізден арыз жазылмасын деп тіле. Бір пәлеге ұшырап қалмай, аман-есен құтылғаныңа шүкіршілік ет. Енді Жанатты да, екі мың долларды да мүлде ұмыт. Солай жігітім, болмашы тыын-тебенге бола істі болып, кесірін маган тиіп кетіп жүрмесін. Егер сондай бір әнгіме естіsem, алдымен өзім ұстап беремін. Ұқтың ба?

ТАҢАТ: Ұқтым, басеке, ұқтым!

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Одан да жанашыры жок жана «құрбандықтар» ізде. Білем ғой, сен табасың!

ТАҢАТ: Тағы бір «құрбандық» дайын, басеке! Келісіміңізді берсеніз, бүтін-ақ іске кірісп кетеміз!

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Эй, мен саған не айтып тұрмын, әзірше аптықпай қоя тұр. Қашан кимылдау керектігін өзім айтамын! Ұқтың ба?

ТАҢАТ: Ұқтым, басеке, ұқтым!

(Осы кезде қысқа қызыл көйлек киген Сайрангүл кіреді. Сызылып келіп, ҚАЙЫРБЕК Жасарбаевқа қол беріп амандаста бергенде, ол оны тартып қалып алдына отыргызып алады. Құшырланған құшақтан, шашынан ііскеп, тамагынан сүйеді).

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Қалайсың, қызыл көбелегім?

САЙРАНГҮЛ (шамданып): Ту, басқа тенейтін нәрсе құрып қалды ма?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Қырмызы қызыл гүлім менің! Мен гүлге құштар арамын ғой.

САЙРАНГУЛ: Бәсе, білдірмей шағып аласыз.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Қой-қой енді, ара адамды шағады, ал гүлден бал жинайды. Сен – гүлсің, мен – арамын, балың мен барыңды сорып аламын!

САЙРАНГУЛ: Қанымды сорып алмасаңыз болды, эйтеүір.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Мен қылмыскердің ғана қанын сорамын.

САЙРАНГУЛ: Жанат сұмның қанын сора алдыңыз ба?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Жоқ... Оған шамам келмей қалды...

САЙРАНГУЛ: Қалайша?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Сен сұрама, мен айтпай-ақ қояйын!

САЙРАНГУЛ (таңданып): Не боп қалды, опырма-ау! Тыныштық па, айтеүір?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Ол ұзак әңгіме, қысқа қайырсақ, біздің қалалық басқарманың бастығы – оның әкесінің ежелгі досы екен.

САЙРАНГУЛ: Оны кім айтты?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Әкесі...

САЙРАНГУЛ: Алдаң соққан жоқ па?

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Жоқ, өтірік пен шынды ажырата алатындей жасқа келдік кой. Сырымыз ашылып қалса, масқара болар едік. Қайта, ете жақсы құтылдық. Сол үшін бір алып қояйықшы. Кәне, Таңат, құйып жібер.

(Стақандагы арақты *бір тартып жіберіп, қиярдан бір тістеген Қайырбек Жасарбаев Сайрангұлді қолынан тартып екінші бөлмеге сүррелей жөнеледі. Емініп, сүйіп, өбектеп өліп барады. Сайрангұл былқылқы етеп қылышқантып, сыйқылықтай күліп қояды...).*

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Сағындық кой, гүлім, күнім! Кездес-пегенімізге қанша болды, құмарымыздан бір шығайықшы! Бар өнерінді көрсетші, гүлім, күнім, бүгін...

САЙРАНГУЛ: Өзініз акын екенсіз ғой!..

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ: Ақын емеспін, жақынмын. Менікі өлең-нен ғері жаңылтпашқа көбірек ұқсайтын шыгар.

САЙРАНГУЛ: Жаңылтпаш айтып жаңылдырып жібермексіз ғой.

ҚАЙЫРБЕК ЖАСАРБАЕВ (әндете): Жаңылдырмашы, жалындырмашы, гүлім, күнім, бар өнерінді... көрсетші бүгін...

(Екеуі аймаласа екінші бөлмеге кіріп кетеді. Дәл сол кезде Таңат орнынан атып тұрып, екеуін компьютер ақылы видеога түсіре бастайды).

ТАҢАТ: Енді қолымда ойнатармын, сені, бәлем! «Басеке, басеке» деп құрап ұшқанға тым астамсып барасын-ау! Енді менің қанды құрығымнан оңай құтылмассын! Мынау – үшінші видео. Егер бұлталақтайтын болсан, оларды жарияладап, абыройынды айрандай төгіп, масқаранды шығарамын. Енді сен менің айдауыма көніп, айтқанымды істейсің. Истемей ғер! Аяғынды аспаннан келтірейін!

ЖЕТИНШІ КӨРІНІС

Боранбаевтардың шаңырағы. Жазира Жарылқасын көне диванды меніреу адамша мелшип отыр. Қабагы кіртиген, жұзі тұнжыраңқы. Іштей күбірлеп, аузын жыбырлатып қояды. Бірақ, не айтып отырганы белгісіз, сөздері мулде түсініксіз. Бір кезде Мендігүл кіреді. Қас-қабагы түсінкі, көзінің көкжисектері қызыарыңқы, жұзіне мұн ұялаган. Шашы ұйпа-тұйпа, киімі алқа-салқа. Шешесін көре сала көңілі босап, қыстыға жылап жібереді де, жүгіріп барып алдына тізерлеп отыра қалады. Сонда гана есін жигандай болған шешесі сүлесоқ күйде қызының басынан сипап, өзіне тартады. Құшақтап, бауырына қысады.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Не болды, жарығым-ау?

МЕНДІГҮЛ: Қайтып келген қыз жаман екенін білсем де, амал жоқ, қайтып келдім!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Бағы ашылмаған сорлы болдын-ау!

МЕНДІГҮЛ (*курсініп*): Айтқандарыңызды тыңдамай кетіп ем, қателескенімді кеш білдім. Ерлі-зайыпты болған соң, Ахмет мулде өзгерді. Адамның арамдығы ішінде бұғып жатады екен ғой! Басқа емес, өзім та-нымай қалдым. Сенесіз бе, мама, түк жазығым жоқ. Жоқ нәрсеге бола күйіп-пісіп, соқтығуга ілік іздел тұратын болды. Қанша тырысып бақса-да, көнілінен бір шықпай-ақ қойдым.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*курсініп*): Uh, жаным-ай!..

МЕНДІГҮЛ (*елең emin*): Не болды, мама?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*сүлесоқ*): Жәй әшейін, сол баяғы байғұс жүрек кой, шаншып жатқан.

МЕНДІГҮЛ: Емделсеңізші, мама, жүрекпен ойнауға болмайды ғой. Сіз ауыргалы қай заман?!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Қорқатын дәнене жоқ, қарғам, үйреншікті ауру ғой!

МЕНДІГҮЛ: Кейінгі кездері менің де жүрегім жиі шаншып жүр.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Бізді қойшы, сендер аман болындаршы, айналайындар.

МЕНДІГҮЛ: Қойыңызшы, қартайып тұрған жоқсыз ғой!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Жас емеспіз ғой енді, өмірдің ыстық-суығын бір кісідей көрдік қой! Кейде күйзеліспен күн өткізгенше, сол жаққа барып тыныш жатқан да дұрыс па деп ойлаймын.

МЕНДІГҮЛ: Қойыңызшы, мама!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Күйінгеннен айтамын да.

МЕНДІГҮЛ: Иә, адам ондай сөзді айтайын деп айтпайды ғой. Алғаш қашып келгенім есіңізде ме?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Иә, есімде, қарғам!

МЕНДІГҮЛ: «Қайтып келуші болма, өлсөн де сүйегің сол үйден шықсын», – деп қайтарып жіберіп едіңіз. Сол сезінізді жадымда ұстап, бірте-бірте жарасып, түсінісіп кететін шығармыз деген үмітпен бәріне төздім. Басқа баар жерім де жоқ. Бір жағынан – әкемнен қорықтым, екіншіден – сізді аядым. Қорлық пен зорлықтың неше атасын көрсем де, жүректеріңізге салмақ салмайынышы, не болса да бәрін өзім көтеріп алайынышы деп шыдаудай-ақ шыдадым. Уақыт өткен сайын қоя ма десем, жоқ қайта үдете түсті. Иstemеген нәрсемді істедін деп, пәле-жаланы үйіп-төгіп, қарадан-қарап кекала қойдай сабайтынды шығарды. Есікті іштен кілттеп алып, бас-көз демей итше тепкілейтінін айтсаншы! Құлдық ұрган сайын, тіпті құтырып кетті. Амал жоқ, сонда да төздім, шыдадым.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*кеудесін кере ауыр курсінің*): Ун, көрмегенің жоқ екен-ау, алтыным!..

МЕНДІГҮЛ: Иә, мама. Алғашында неге бұлай қатты қысастық жа-сайтына миым жетпеді, артынан ойланып қарасам, мені үйінен қызып жіберудің айла-амалы екен гой. Өз еркіммен кетіп қалғанымды қалапты. Эрнені бір сылтаурачып, некеге отырмағаны да сол шығар. Сейтіп сен-ген адамым, құлығына құрық бойламайтын нағыз алаяқ болып шықты. Кейінгі кездері үйге екі құннің бірінде келмей қалатынды шығарды. Қайда жүргенін сұрасам, жарытып жауап бермейді. Содан анди баста-дым... Сейтсем, тағы бір жап-жас қазақ қызымен әуейі болып жүр екен. Машинада итше жаласып жатқан жерлерінде ұстап алдым, сонда да беті бұлк етпеді гой, бәтшагардың! Бұрынғы бұрынғы ма, үйге келе сала оқтаумен ұрып, талдырып түсірді гой. Басым мен қабағым қоса жарыл-ды, бет-аузым қан болды, мұрным мен қабыргам қатар сынды. Оң қолым қайырылып қалыпты, содан бері қақсан шыдатпайтынды шығарды. Соққының салдарынан ішімдегі бес айлық нәрестем түсіп қалды. Сонда да шыдадым, төздім. Енді кеше: «үйіңе кет, мен сені талақ қылдым», – деп ұялмай-қызармай ашық айтып тұр. Не дейсің оған? Аяғына жығылып жалынайын ба?

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (*алақанын алқымына апарып*): Ойбу, Құдай-ай!.. Жүрегім-ай!.. (*Жүрек тұсын ұстап шалқая береді*).

МЕНДІГҮЛ (*әңгімелеге беріліп кеткен*): «Қызығынды қөрдім, енді керегің жоқ», – демексін бе десем: «дәл солай», – деп ішек-сілесі қатып, мазақ қылады. Экем бірдене біледі екен, шынында да оның Туркияда әйелі, бала-шағасы бар екен. Оны да біліп алдым. Менен бұрын да бес-алты қазақ қызын айналдырып, көніл жарастырып, шаруасын тындырған соң, ақырында осылай қызып жіберіпті. Оның тепкісіне шыдау мүмкін емес. Тіпті, тәтпіштеп айтуға аузым бармайды. Адам баласы да осындей айуандыққа барады екен гой! Амалым таусылғандықтан келіп тұрмын, мама!..

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН: Жарығым-ай, бұлай боларын білсем, езім-ақ қолыңдан жетектеп келер едім ғой! Мен тірі өлікпін ғой! Өлікпін! Бай түгіл, балаға да сезім өтпейді, жасқаншақтап, қорғаншақтап, бүтежектей беремін! О, Құдай-ай!.. (жылап жібереді)

МЕҢДІГҮЛ (кемсеңдең): Мен сізді еш жазғырмаймын, мама. Бәріне қінәлі – өзім. Бұндай қорлық көргенше өліп қалғаным дұрыс шығар деп, езіме-өзім кол да жұмсағым келді. Бірақ, сіздерді аядым. Мен өлермін, бар қайғы-қасиетті сіздер арқалап қаласыздар ғой. Кешірші, мама. Кеште болса, қателігімді түсіндім.

(Анасы ләм-мим деп тіл қатпаған соң, мойнын бұрып жүзіне көз салады. Басын диванга сүйеп, сұлық қалған. Мендігүл шешесін жұлқылай бастайды, бірақ кеудесінен жсаны шығып кеткендей, қалай тартса солатай қарай былқ-сылқ етеп береді. Мендігүл шошып кетіп, айғай салған кезде барып, анасы жайлап көзін ашады. Қинала ыңғырсыды. Мендігүл телефонга жүгіріп барып, жедел жәрдем шақырады. Осы кезде әкесі кіріп келеді. Әйелінің ес-түссіз жатқанын көріп, жсанына жүргіне отыра қалады).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Су, әкелші, су!

(Мендігүл жүгіріп барып тостағанмен су алып келеді. Әкесі судан бір ұрттап алады да, әйелінің жүзіне бүрке шашып жібереді).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Жазира.. Жазираш!..

(Әйелі аузын ақырын жыбырлатауды, бірақ дауысы шыгар емес. Балалары жинала қалады. Бірі басын, бірі аяғын, бірі қолын үқалай бастайды. Осыдан кейін гана барып Жазира Жарылқасын жайлап көзін сығырайтады).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Жазира, Жазираш!

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (акырын): Ау!..

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Қайта-қайта талып қалып жүрсін, емделмесең болмайды ғой. Сен бізге, мына балаларға керексін. Біз сенсіз өмір сүре алмаймыз.

ЖАЗИРА ЖАРЫЛҚАСЫН (қинала): Өмір...

(Күйеүіне тесіле қарап бірдеңе айтқысы келіп, аузын жыбырлатты. Бірақ, дауысы шыгар емес. Дауылбай Боранбаев әйелінің бойынан әл кетіп бара жатқанын байқап, диванга жайлап шалқасынан жатқызыды. Бәрі үрпісіп қалады. Бір кезде шешелері «Уң» деп дем шығарады. Басы оң жағына қарай қисая береді. Жалма-жсан тамырын ұстап көрген күйеүі әйелінің бойынан жсан шығып кеткенін сезіп, өлі денесін құшақтай өкіре құлайды. Тап осы кезде ақ халаттылар кіреді. Балалары шешелерін нұсқап, шу етеп қалады. Егделеу дәрігер ентелей басып келіп, оның тамырын ұстап көреді).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (қобалжып): Не болды? Тек шындықты айт!

ДӘРІГЕР (*күмілжіңкіреп*): Кешігіп қалыптыз...

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*сасқалақтан*): Құдайым-ай!..

ДӘРІГЕР: Әйеліңіздің мәйтін алып кетеміз.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Қайда?

ДӘРІГЕР: Моргке.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Моргке?! Құдай-ау, неге?

ДӘРІГЕР: Қалай қайтыс болғанын анықтау керек.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Ендігі жетпегені сол еді! Малша сойып, керек-жарагын алып қалмақшысындар ғой, ө! Кешігіп келіп, ажалға байлап бергендерің аздай, енді аруағын қорламақсындар ма?! (*ашуга бұлығын*) Құрындар әрі, жандарың барында!

ДӘРІГЕР (*шошып кеңіп*): Бермесеніз, ешкім де тартып ала алмайды. Жұмысымыз ғой, айту парыз, дұрыс түсініңіз.

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*қатуланып*): Бүйткен жұмысынаның тақ атасының аузын ұрайын! (*қолымен есік жақты нұсқап*) Кәне, шығындар үйден.

(*Дәрігерлер сөз таластырып тұрудың артық екенін түсініп, қайыра ләм-мим деместен шығып кетеді. Дауылбай әйелінің өлі денесінің жасына келіп, тізе бүгеді).*

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ (*айғай салып*): Жазираш... Жазирашым менің!.. Қайда асықтың? Неге тастап кеттің бізді, Жазираш-ау!.. (*Ар жасын айта алмай өкіріп жылап жібереді*).

(*Балалары да жылап-сықтап үйді бастарына көтереді. Ортада өлік. Жан жасында балалары. Күйеуі бас жасында отыр*).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Балаларым, аналарыңың өлімі қай-кайсыңа да оңай тиіп тұрмаганын білемін. Жылама, жоқтама демеймін, жылайтын, жоқтайтын кездерің әлі алда. Мен жылама дегенмен, бәрібір жыламай тұра алмайсындар. Жылайсындар, жоқтайсындар. Дегенмен, мені тыңдандар. Шешелерің енді бұл дүниенің адамы емес. Жылап-сықтағанмен қайтып тірілмейді. (*Көзіне жас алып, иегі кемсөңдеп*) Аруагы риза болсын десендер, ел-жүрттың табасына қалмай, актық сапарға арулап шығарып салудың қамын жасайық. Үйді жинастырып, алыс-жақындағы ағайын-тыысқа хабар беріндер. Нағашыларың да ұмыт қалмасын. Сейтіндер, қарақтарым! Осы бастан бастап іске кірісейік!

(*Балаларының бәрі шығып кетеді. Дауылбай Боранбаев әйелінің өлі денесінің жасына келіп, басын көтеріп, жузіне үңіліп, өкіріп тұрып жылайды. Жүрек сөзін, жсан сырын айтып, ағынан ақтарылады*).

ДАУЫЛБАЙ БОРАНБАЕВ: Жазираш-ау... Жазираш!.. Екеуміз алғаш кезіккенде үлбіреп піскен бұлдіргендей мөлдіреп тұрған қыз едің!.. Бір көргеннен гашық болдым! Шіркін, осы қызды қолыма қондырысам, өмір-бақи алақаныма салып аялап өтермін-ау деп ойлаушы едім. Бак

құсындағы қолыма қондыруын қондырдым-ау, бірақ уәдемде тұра алмадым. Күйкі тірлік бәрін де ұмыттырып жібереді екен-ау! Өмірлік жарым, сенімді серігім болсаң да, тап бір сатып алған күнім сияқты қараппыш ғой! О, тоба, жылы сөз айтып, бойынды шуаққа бөлеудің орнына, жанынды жарапай беріппін ғой. Уақыт не деген жылдам, ширек ғасырдан аса бір шаңырактың астында тұрсақ та, бір тал гүл сыйламаппыш ғой! Не деген ақымақ болғанмын?! Бағанды білмедім, қадіріңе жете алмадым. Өзекті өртер өкініш те – сол. Дүние дөңгелемейтіндей, өмір өтпейтіндей жүре беріппін ғой. Орта жолда осылай айырылып қаламын деп ойлаппыш ба?! Қандай қызық-рахат көрдің мына жарық жалғанда?.. Баланы таптың, бағып-қактың, мейір-шапагатыңа бөлеп, аялап өсірдің. Қызығын емес, шыжығын, сүйінішін емес, күйінішін көрдің. Өмірдің рахатын емес, аза-бын тарттың, зейнетін емес, бейнетін көрдің. Сөйттің де бәрін тастап, кете бардың.

Кешірші, жаным, мен сені бақытты ете алмадым. Неге ғана жолықтың екен? Сен менен бақытынды емес, сорынды тауыпсың ғой! Сен маған адап жар, балаларыңа қамқор ана болдың. Ал, мен саған адап бола алдым ба?! Қоңіліңе көлеңке түсірген, қабағыңа мұн ұялатқан, ардан аттаған кездерім де болды. Ештене білген жоқ, дым сезген жоқ деп тағы айта алмаймын. Әйел еркектің қас-қабағынан-ақ бәрін біліп қояды деуші еді. Бәрін білдің, жүрегінмен сездің. Сенің кереметтігің сол, ештене білмейтіндей жүре бердің. Соның бәріне қөндің, шыдадың, төздің! Бәрін де кешірдің!

Іштен тынған, ішке жиған жаман болады деуші еді. Нәзік жаның мен жұдырықтай жүрегің соның бәрін көтере алмады ғой!


Мен неге тудым, не үшін ұрпақ әкелдім, мына қатыбас өмірге? Олардың да жаны жүдеп, қиналады ғой! Ауырады, қартаяды, ажал күшады. «Көресінді көрмей, көрге түспейсің!» – деген осы шыгар!..

Ей, Алла өзің кеше гөр!..

Шымылдық



ҚАНАТТАЛДЫ



ҚАТЫСУШЫЛАР:

Орынбек Беков – театр директоры, мәдениет және қоғам қайраткері
Рабига Есімжанова – актриса, әнші, Орынбек Бекұлының ғашығы
Мұхтар Әуезов – жазушы-драматург, әдебиет бөлімінің менгерушісі
Темірбек Жүргенов – Оқу-ағарту комиссары
Әміре Қашаубаев
Қалибек Қуанышбаев
Елубай Өмірзақов
Жұсіпбек Елебеков
Қапан Бадыров – артистер
Сәкен Сейфуллин
Ғабит Мұсірепов
Ілияс Жансұгіров – қаламгерлер
Михаил Насонов – режиссер
Қызыл режиссер
Қызыл артист
Қызыл қаламгер – жыныстық образдар
Ахмад Тоқтақынов – НКВД қызметкери
Тергеуші, сақшылар

БІРІНШІ КӨРІНІС

Алматы қаласы. Қазақ драма театры директоры Орынбек Бекұлы кабинетінде жасадан жалғыз ой құшагында отыр. Оň қолымен шашын қайыргыштап, бетін сипап қояды.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ. Қазактың қасиетті өнер ордасының кесегесін қалай көгертуге болады? Абырой-беделін асырып, мәртебесін көтеруге қолдан келгеннің бәрін жасап бағармыз. Киелі сахна арқылы өскелен үрпактың бойына ізгілік дәнін сеуіп, ұлттық рухта тәрбиелей алсақ, мақсат-мұратымыздың орындалғаны болар еді-ау, шіркін!

Қазақ театрының жүрер жолы қандай болмақ? Ұлттық театр болғандықтан, бағыт-бағдары да соған сай болуы керек. Шынында да, театр – ұлттың өткені мен бүтінгі сүрлеу-соқпақтары арқылы жас үрпакты отаншылдыққа, елі мен жерін сүйе білуге тәрбиелейтін үлкен өнер мектебі. Ұлттық сананы оятқымыз келсе, ен алдымен тарихи жадты жанғыртқан жөн. Ендігі кезекте халқымыздың жүріп өткен күре тамырлы жолынан сыр шертетін тарихи туындыларды сахналуа керек. «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Еңлік – Кебек» қойылымдары сәтті сахналанды, көрермен жылы қабылдады. Енді «Хан Кенені» өз деңгейінде шығара алсақ, алға қойған мақсатымызға бір табан болса да жақындей түсер едік-ау, шіркін!

(Осы кездे Мұхтар Әуезов кіреді).

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Ассалаумагалейкум, Ореке!

ОРАНБЕК БЕКҰЛЫ (орынан көтеріліп): Уагалейкумассалам, Мұха! Кел, отыр. *(Орындық ұсынады)*. Не жаңалық?

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Айтарлықтай жаңалық та жоқ. Бәрі сол баяғыша. Жай шақырдыңыз ба?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жай шақыртпайтынды білесің гой! Сенің «Хан Кененді» қойсақ деген ой-жосығымыз бар.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ (түрі өзгеріп): Ореке, ол қалай болар екен?! Мой-нымда қоңырау бар екенін өзініз жақсы білесіз.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Иә, білемін. Бірақ, дәл қазір қазақ сахнасына Кенесары секілді ұлтқа ұстын болар ұлы тұлғаларды көбірек шығару қажет. Желкілдеп өсіп келе жатқан жас үрпактың бойына ұлттық қасиеттерді сіңіріп, отаншылдыққа баулып, ұлтты тарих арқылы тәрбиелеуіміз керек.

Кенесарының өмірі, тағдыр-талайы, отаршыларға қарсы құресі таптыр-
мас үлгі-өнеге емес пе?!

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ: Оған сөз бар ма, Ореке! Бірақ, менің абақты-
дан қалай босап шыққанымды білесің ғой. Бекерден бекер өмірлік ұс-
танымдарым мен жүргегімді жарып шыққан шығармаларымнан бас тар-
татын ақымақ емеспін ғой! Шынын айтқанда, аман қалудың амалы еді.
Зордың күшімен әрек құтылғанда, басыма тағы пәле болып жабысып
жүрмей ме?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мұха, мен сені жақсы түсінемін, бірақ еш
аландама, бәріне өзім жауап беремін. Темірбек Жұргеновтің өзі ыңғай
білдіріп отыр. Сондықтан қорқатын дәнене де жоқ. Кенесары ханды
бүкіл сән-салтанатымен қазақ сахнасына қалайда алып шығуымыз керек.
Айтшы өзің, Хан Кенеден асқан кіміміз бар?! Бізге керегі оның мақсат-
мұраты, арман-аңсары, отаршыларға қарсы табанды құресі. Жеке ел бо-
лып, дербес мемлекет атануға толық хұқылымыз. Ендеше, тәуелсіздік
жолындағы құресімізді бір сәтке де тоқтатпай, ұлы ханның қасиетті ісін
одан әрі жалғастыра беруіміз керек.

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ: Темкенің өзі ықыласты дейсіз бе? Бұл бір қуа-
нышты жағдай екен! Иә, айтқаныңың бәрі орынды. Оны мен түсінбейді
дайсің бе, Ореке! Қолымыздың қалам отаршыларға атылар қару болуга
жараса, куанбасақ, өкіне қоймаспзыз.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Иә, Мұха, осылай деріне сеніл ем. Көп ке-
шіктірмей дайындықты бастап кетуіміз керек. Айтшы өзің, «Айман –
Шолпаның» мен «Еңлік – Кебегің» керемет қойылды, ә! Риза шығарсың!

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ: Иә, сәтті қойылды, бек ризамын, достым! Көп-
шіліктің де көнілінен шыққан сияқты. Артистеріміз жарады, ана Мәс-
кеуден арнайы алдырған режиссердің қолтаңбасы да қатты ұнады. Өз
ісінің нағыз шебері екен.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Михаил Насоновты айтып тұрсың ғой, ә! Ой,
ол мықты режиссер ғой. Арнайы шақыртқанымыз да сол. «Хан Кенені»
де соған тапсырсақ қайтеді?

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ: Қарсылығым жоқ. Оны бір алып шықса, сол
Михаил алып шығады.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Эй, ана бар ғой, Айман мен Еңлікті ойнаған
жап-жас қызға қатты тәнті болдым-ей! Тума талант екен, ә! Кескін-кейіпі
келісті-ақ... нұрлы жүзі, мәлдір көзі... өзіне сондай тартып тұрады екен...
Бәрінен де бүрын сахнадағы өзін-өзі ұстауы, жүріс-тұрысы, өнері қандай,
а? Жан-тәнімен беріліп ойнайды екен, образға кіріп кетеді екен, ә! (басын
шайқап) Гажап... Айтшы өзің, а, бұндай таланттар қазакта көп емес қой!..

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ: Иә, оны мен де байқадым!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ондай көркіне өнері сай өнерпазды байқамау
мүмкін емес қой!

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ: Өзі сондай сүйкімді екен. Қайдан тауып алғансын! Қазақ қыздарының арасынан да осындай сахна шеберлері өсіп келе жатқанына қалай қуанбассың!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Иә, шынында да тал бойында бір мін жоқ, хас сұлудың нақ өзі! Дауысында адамның жан-дүниесін баурап алатын, сезім қылын шертетін сиқырлы саз бар. Әр сөзді жүрекке жеткізіп айтады.

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ: Шынында да, нағыз өнер үшін жаралған жан екен! Сұлулығына көзің, өнеріне көnlің толатын осындай актристалар керек. Театрдың көсегесін көгерктің келсе, осындай талантты жастарды көбірек тартыңыз.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Дұрыс айтасың, Мұха, ол жағын өзінізben кеңірек ойласармыз. Қарағандыдан Жұсіпбек Елебеков деген бір жігітті алып келдім, қасқаң ауылда қой бағып жүр. Дауысы керемет, әнді нақышына келтіріп орындаиды. Тура тұла бойы тұнып тұрган өнер. Шығармашылық ұжымды түтел шақырдым. Өнерін тамашалап, әнін тыңдал көрейік. Егер көnlден шығып жатса, театрға қабылдаймыз. Эй, мен адам танысады, қамшы салдыра қоймас. Ауыл – өнер кеңіші ғой, шіркін!

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ: Пәлі, Ореке, бұныңызды қос қолдап қолдаймын. Ауылда бағы жанбай жүрген таланттар баршылық. Соларды із-дестіріп, тауып, өнерінің өркен жаюына жағдай жасау, сіз бен біздің азаматтық парызымыз ғой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Дұрыс, айтасың, Мұха!

(Осы кезде ішке Қапан Бадыров кіреді. Орынбек Бекұлы мен Мұхтар Әүезов орындарынан тұрып, құшақтасып амандасады).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Қал-жағдайың қалай, Қапан?

ҚАПАН БАДЫРОВ: Құдайға шүкір, Ореке! Тек ана иісшіл иттердің анда-санда мазаны алып жүргені болмаса.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Олар да қызық, қарапайым артист не бүлдіреп ді деп ойлады екен! Аланадамай, жұмысынды істей бер, бір мәнісі болар.

ҚАПАН БАДЫРОВ: Атаңа нәлет, тұрмеде отырды деген жаман атымыз бар емес пе, жаңың тыншу таппай кетеді екен!

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ: Менің де әлгінде айтқаным осы еді. Жау айналдырмасын деңіз, айналдыrsa алмай қоймайды. Сақтық керек, Ореке! Заманнын сұрынан қорқам.

ҚАПАН БАДЫРОВ: Иә, бір уіл бар. Дауыл тұрмасын деп тілеңіз!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ой, үрейге бой алдыра бермендерші, түге! Қара бүлтты қаптататындей ештеңе көріп тұрғамын жоқ.

ҚАПАН БАДЫРОВ: Ореке, сен әрине, түрменің ашы дәмін татқан жоқсың. Ал, Мұхан екеуміз тар қапаста біраз бірге жаттық қой, білеміз.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Бірге жатқаны қалай?

ҚАПАН БАДЫРОВ: Ой, сен білмейді екенсің гой, Ореке! Қызық болғанда, Мұханмен ең алғаш жүзбе-жұз 1930 жылы түрмеде кездестім. Үш қазақ, бір орыс 17-ші камерада жатыр екен. Қасымдағы Ақылбаев – Абай атамыздың немересі, Сапақов, Шегіров, Данияров... қойшы әйтеуір, жеті жігіт түрме бастығының орынбасары Мағазы Масаншыға барып, Мұханды ортамызға қосып алдық. Көңілі құлазып, «алаштың азғыны» атағынан көп теперіш көріп, қажып, қалжырап қалған шағы екен. Сонда да жүргегіміз жарыла қуандық. О, Алла, абақтының да өзіне тән қуанышы болады екен. Міне, содан бері сырластығымыз да, сыйластығымыз да үзілген жоқ. Бекейхановтың, Байтұрсыновтың, Дулатовтың шәкірті деп мені де тиісті орындарға сыйырлап жүрген өзімнің достарым еді. Мұха, есінізде ме: «түрмеде жатқанда өлең де оқыма, ана ағаларынды білем дәмей жайыңа жүр, заман құтырып тұр», – деп ақыл айтып едіңіз гой!

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Әрине, есімде. Ол күндерді қалай ұмытайын. Құдай қолдап, екеуміз де тар қапастан аман шықтық қой, әйтеуір. Әлі де айтарым сол, шайқап сөйлемей, байқап сөйлендер. Әсіреле, Орынбек сенің, тым артығырақ сілтеп жіберетінің бар. Ауызыңа ие болмасаң болмайды. Заман әлі құбылып тұр.

(*Осы кезде Жұмат Шанин, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Михаил Насоновтар кіреді. Отырғандар орындарынан тұрып, қауқылдаса қауышады. Іле шала имене басып Жұсінбек Елебеков кіреді. Ол басына жеңіл пұшпақ бөрік, устіне жағыс мен жеңіне құндыз ұстаган ішік, аяғына саптама етік киіп алған*).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жұсінбек деген серіміз осы.

ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ: Білеміз гой, Жұсінбекті!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Өте дарынды жігіт. Өнерін тамашалап, сынап көрсөндер. Қатарымызға қабылдасақ па деген ойымыз бар.

ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ: Сынайтын несі бар, Жұсінбектей әншіні төрткүл дүниені шарқ ұрып іздесендер де тапассындар!

ЕЛУБАЙ ӨМІРЗАҚОВ: Шынында да театрымызға Жұсінбектей табиги таланттар керек-ак!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Асатпай жатып құлдық ұрмандар, алдымен өнерін тамашалап көрейік, ұсыныс-тілектерінді содан соң айтарсындар. Кәне, Жұсінбек, қолыңдан не келетінін көрсет.

(*Ортага имене басып шыққан Жұсінбек домбырасын қағып-қағып жіберіп, Мәдидің «Қарқаралы» әнін шырқай жөнелді*).

Атыңдан айналайын Қарқаралы,
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.
Сайыңдан сайғақ құрлы сая таппай,
Мен бір жан қуғын көрген арқадағы.

Немене, көрген қызық көрмегендей,
Жас дәурен жауар бұлттай өрлегендей.
Жігіттік кек семсердің жүзі емес пе,
Қайрап ап қалың жауға сермегендей.

Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін,
Жағалай ел жайлалауга барды-ау деймін.
Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,
Артымда, Үшқарам-ай, қалды-ау деймін.

Басында Үшқараның балғын едім,
Көкөрай сазға біткен шалғын едім
Екінің бірі болсам арманым жок,
Бәпиден жалғыз туған Мәди едім.

Ішінде абақтының біз жатамыз,
Көнілді құмалакпен жұбатамыз.
Алыстан іздел келген ағайынга,
Тесіктен алақандай тіл катамыз.

(Жүсінбек домбырасын қагып-қагып жіберіп, әнді аяқтады. Үйып тыңдай қалған театр қайраткерлері бір сілкініп қалды).

МҰХТАР ӨҮЕЗОВ: Пәлі, мына жігіт ғажап әнші ғой! Осы уақытқа дейін көрінбей қайда жүрсің, әкем-ау!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Құдай берген табиғи дарының қор қылып қой соңында салпақтап жүр. Бұның орны сахна ғой! Жетелеп алып келгенім де сол.

ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ: Міне, әнші! Әй, Орекем-ай, таланттың бағын ашар қасиетің бар-ау! Басшының бәрі сендей болса, еліміз гүлденіп кетер еді-ау!

ЕЛУБАЙ ӨМІРЗАҚОВ: Айттым ғой, табиғи дарын!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Кәне, Жүсінбек бауырым, екі аяғың тен болсын, тағы бір ән шырқап жібер.

(Жүсінбек бәлсінген жоқ. Домбырасын қагып-қагып жібереді де, Мәдидің «Қаракесек» әніне басты).

Сұрасаң руымды Қаракесек,
Досым аз, дүшпаным көп қылған өсек.
Үстінде құс мамықтың жататын ем,
Бұл күнде қу қарағай болды-ау төсек.

Міндім де Қаракеккे жылыштадым,
Бардым да Қараөткелге жыл қыстадым.
Науқасым жанға батып жатқан кездे,
Болмады жан ашитын туысканым.

(Ән әуелеп барып үзілді).

ЖҰМАН ШАНИН: Ағайындар, ал енді не дейсіздер, меніңше Жү-
сілбекке театр емес, театр Жұсіпбектей өнерпазга зәру.

ҚАПАН БАДЫРОВ: Жақсы әнші, дауысы да ерек, театрға осыдан
артық қандай өнерпаз керек.

ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ: Құдай бәрін молынан берген екен, шір-
кін, тума талант, табиғи дарын. Дап-дайын артист емес пе!

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Дауысың сондай керемет, ең бастысы әнді
журекпен айтады екенсін. Әрине, аздаپ тәжірибе мен музыкалық білім-
білік жеткіліксіздеу секілді. Ондай аздаған кем-кетіктерді Әміренің өзі-ақ
түзеп жібереді ғой! Әміре қайда өзі, соны шақыру керек еді. Нагыз әнші,
сұнғыла сыншы сол ғой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Оны да шақыртқанбыз. Жоқ қой өзі! Қайда
жүргенін бір Құдай біледі?!

ЖҰМАТ ШАНИН: Сері емес пе?! Серілік құрып, қызық құып кеткен
шығар!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ол ондай ақымақ емес, бірденеге ұшырап
қалмаса жарап еді...

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Өй, оған не болар дейсін, жүрген шығар сол
қызды ауылды аралап.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Қазір оның қызды ауылды жағалайтын
жағдайы жоқ.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Е, не боп қалды оған?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Кейін айтармын! Ал, Жұсіпбекті театрға
қабылдаймыз ба?

ЖҰМАТ ШАНИН: Әрине, қабылдау керек!

ДАУЫСТАР: Қабылдансын!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ал, олай болса, Жұсіпбек, сен бүгіннен бас-
тап біздің ұжымның бір мүшесісің. Тек Мұхтар ағаңың айтқанын үнемі
есінде ұста. Ең бастысы, әнді бұзбай айтуды үйрен. Қабілет-қарымың
бар екенін көрдік, байқадық, соны шындаі түсудің кам-қарекетін жаса.
Тынбай ізден, жалықпай үйрен. Біз саған үлкен үміт артамыз. Үятқа
қалдырмайтыныңа сенеміз! Жұлдызың жарқырап жана берсін!

ЖҰСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Рахмет, Ореке! Бәрінізге де алғысым шек-
сіз! Ниет-пейілдеріңізге көтен көп рахмет! Хал-қадірімше үміттерініз-
дің үдесінен шығуға, сенімдеріңізді актауға тырысамын. Киелі өнер ор-
дасында еңбек ету асыл арманым еді, іздегенімнің алдыннан табыл-
ғанына шексіз қуаныштымын. Айтқандарыңызды ескеремін, үятқа да
қалдырмаспын, аянып та қалмаспын!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ендеше, не дейміз, мына отырған агаларың-
ның жолы жұғысты болсын, өнерің өрге жүзе берсін, бауырым!

ЖҰСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Рахмет, аға!

(Жүсінбекті барі құтықтайты).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Енді өзіміздің негізгі жұмысымызға көшейік. Ескертіп едім ғой, естерінде шығар, Мұхаңның «Хан Кене» пьесасын сахналасақ па деген ойымыз бар. Театримыздың репертуарын тарихи қойылымдармен толықтыру бүгінгі күннің басты талабы. Оның үстіне Кенесары ханның өнегелі өмірі мен азаттық жолындағы күресін құдіретті өнер арқылы жас үрпаққа насиҳаттау да басты борышымыз екенін ұмыттайық. Ал, бұған сіздер не дейсіздер?

ҚАПАН БАДЫРОВ: «Хан Кене» халқымыздың басынан кешкен қыын-қыстау кезенді көз алдымызға көлденен тартар күрделі шығарма, сахнаға сұранып-ақ тұр. Кенесары хан – ұлтқа ұстын, үрпаққа ұлғі болар ұлы тұлға. Сондықтан, мен мұны қос қолдап қолдаймын! Мұхаңның алтын қолынан шыққан кез-келген өнер туындысы театримыздың абырайын асқақтатып, мәртебесін көтереріне сенемін!

ЖҰМАТ ШАНИН: Бәрі дұрыс-ау, сіздерді жақсы түсінемін. Кенесары ханға да, Мұхаңда да көзқарасым дұрыс. Десек те, дәл қазір бұл тақырыпты алаулатып-жалаулатудың қажеті бар ма?! Неге екенін тәтпіштеп айтудың керегі жоқ шығар. Жақсылыққа ұмтыламыз деп, жамандық шақырып алып жүрмейік!

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Шынында да, сау басымызға сақина тілеп алып жүрмейік. Керек болса, тарихи тақырыпқа басқа шығарма жазып берейін.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Хан Кенені сахнада тірілтер мезгіл жетті. Көлеңкелеріңнен қорқып, үрей шақыра бермендер!

ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ: «Хан Кенені» қою парыз. Театримыз кемелденіп келеді, артистеріміздің де әлеуеті жетеді. Қара да тұрындар, бұл еліміздің мәдени өміріндегі үлкен құбылыс, елеулі оқиға болады.

ЕЛУБАЙ ӘМІРЗАҚОВ: Кенесары ханды сахналамағанда, енді кімді сахналамақтыз?! Сәті түсіп тұрған сияқты. Әркім әр жакқа тартпай, білекті сыбана кіріспін кетейік.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Иә, айтысып-тартысуды қойып, нақты іске көшейік. Мен бұл жайында Оқу-ағарту комиссары Темірбек Жургеновпен де ақылдасып-кенестім. Батасын берді. Енді нeden қорқамыз?! «Хан Кенені» лайықты сахналай алсақ, халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, алғыс арқалаймыз. Бізге керегі де осы емес пе?! Сондықтан «Хан Кенені» сахналауды тездетіп қолға алуымыз керек! Көрермен көзайымына айналатын қойылым боларына бек сенімдімін.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Ореке, кесімді сөзі айтар өзіңіз. Сіз қалай айтсаңыз, солай болады ғой. Шынында да азаттық жолында әзіз басын құрбандаққа шалған Кенесарыдай ұлы тұлғамызды ұлықтау бүгінгі үрпақтың басты парызы емес пе! «Аузы күйгеннің үріп ішетінін» өзіңіз жақсы білесіз, біз тек сақтық жағын ғана ескертіп отырмыз. Әйтпесе, Ке-

несары мен оның күресін сахнадан көрсетуге деген ізгі ниетінізді қуана-куана қоштаймыз!

ҚАПАН БАДЫРОВ: Менің де айтарым осы. Азаттық жолында ары-станша арпалысқан Кенесарыдай ұлы тұлғаны қалайда қазақ сахнасына алып шығуымыз керек. Бұл – менің де асыл арманым!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Бәсе, бәсе, кателеспеген екенмін. Ендеше, бұ-гіннен бастап іске кірісейік. Мен қойылымның режиссерлігіне Михаил Насоновты ұсынамын. Кеше Михаилмен оңаша сөйлескем бұл жайында. Ол қарсы емес. (*Насоноввқа қарап*) Солай ма, Михаил?

МИХАИЛ НАСОНОВ: Әрине. Қуана-қуана қоямын.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ал бұған сіздер қалай қарайсыздар?

ЖҰМАТ ШАНИН: Оны дәл қазір одан басқа ешкім де алып шыға алмайды.

ҚАПАН БАДЫРОВ: Бұл ұсынысты мен де қолдаймын, қай жағынан болсын тиімді. Нені мәнзеп тұрғанымды өздерініз де түсініп отырған шығарсыздар.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Осындағай айтқызбай түсінетін ерлерден айна-лып кетпейсің бе! Ал, рөлдерге келетін болсақ, мен Кенесарыны – Қалибекке, Наурызбайды – Елубайға, Нысанбайды – Әміреге беру же-нінде ұсыныс айтамын. Қалғанын Михаил мырзамен ақылдастып, жол-жөнекей шеше жатармыз. Спектаклін жақсы шыққаны бәрімізге абы-рой, биік мәртебе. Соңдықтан бұған бәріміз бір кісідей атсалысайық. Сонда халықтың қоңілінен шығатын жақсы қойылым қоя аламыз.

ДАУЫСТАР: Әрине. Келістік. Аянып қалмаспыз! Батыр бабамызы-дың аруағы бір аунап тұратын болды-ау!

(Бәрі шығып кетеді. Орынбек Бекұлы жападан жалғыз қалады. Қойын дәптеріне асығыс-үсігіс бірдеңелерді жазып жатыр. Кенет, есікті тарс еткізіп ашип, майор шеніндеңіз әскери күй күйнен ұзын бой-лы, жалпақ бет НКВД қызметкери Ахмад Токтақынов кіріп келеді. Орын-бек Бекұлы оған: «Рұқсатсыз неге кіресің», – дегендегей сұстия қарайды. Ол ыргала басып келіп, театр директорының алдыңғы жағында тұрған орындыққа қонжсия кетеді. Бір мезет екеуі арбасқан жыландарадай көздерімен атыса қалысады).

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Қалыңыз қалай, Орынбек мырза!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Сен сұрағаннан жақсарып кетпес.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Неге осы мені көрсөніз жын көргендей жиырыла қаласыз? Ешқандай жамандық жасағаным жоқ қой.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*қабагын түйіп*): Не керек өзі саған?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ (*жынысқылана жынысып*): Маган ба?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Енді кімге? Көзіңе тағы не елестеп отыр?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Қашаubaев...

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Қашаубаевта не ақыларың бар? Бейшараны өлтіріп тынатын шығарсындар.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Әл-әзір өле қоймас.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Сонына осыншалықты шырақ алып түсетіндей не жазып еді?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Оның не істеп жүргенін сіз білмейсіз ғой! Ол тек саҳнада ғана емес, өмірде де әртіс. Керемет ойнайды.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Әй, оның қолынан не келеді, ойлансандаршы, бір уак? Әмірде бірдене бұлдіре қояды дегенге өз басым сенбеймін!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Сенбесеніз, айтыңызышы, ол өзі қазір қайда жүр? Екі-үш күннен бері үйіне де келген жоқ!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Оны соңына түскен сендер білмесендер, мен қайдан білейін?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Неге іздемейсіз? Ол сіз басқарып отырған театрдың қызметкері ғой. Сіз оған ай сайын толық көлемде айлық жалақы төлейсіз, ал ол болса жұмысқа келмейді. Бұны қалай түсінуге болады? Біле-білсеніз бұның өзі қып-қызыл қылмыс емес пе? Басыңызben жауап беруге тұра келеді.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Бұл құқық қорғау органды немесе мемлекеттік қызмет емес, киелі өнер ордасы. Бұнда артистерді құндіз-тұні байларап ұстау міндетті емес, спектаклдерден қалмай, өзіне бекітіліп берілген рөлдерін ойнап жүрсе болғаны. Өнерпаздардың негізгі жұмысы да сол емес пе?!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Сіз олай жауапкершіліктен жалтара алмайсыз. Біліп қойыңыз, театр да мемлекеттік мекеме, ендеше тәртіп пен талап бәрімізге бірдей. Одан да оның қайда жүргенін айтыңыз, болмаса, тауып беріңіз. Сіз білесіз!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*жұні жығылып*): Мен қайдан білемін?! Тек қатты шаршап жүргенін білемін. Оған тиіспесендерші, ол – қылмыскер емес, жүргегі нәзік өнер адамы ғой. Қысастық жасай бермесендерші, ол оны көтере алмайды. Бір күні морт сынуы мүмкін.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Оны ақтамай-ақ қойыңыз... Айтпақшы, ұмытып барады екенмін ғой, халықты қанды қырғынға ұшыратқан қанішер хан туралы қойылым қойғалы жатыр екенсіндер. Бұны қалай түсінуге болады?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Оны кім айтты тағы?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Ел арасындамыз... естідік...

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ол – қанішер хан емес, казақ трихында өзіндік орны бар ұлы тұлға. Біз не қоямыз, өзіміз білеміз, шаруаң болмасын! Үқтың ба?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Байқаңыз, хан-сұлтандарды дәріптейміз деп, шоқ басып алып жүрменіздер!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Болды, жетер! Сенімен салғыласып тұруға зауқым да, уакытим да жок.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ (*езу тартып*): Қашаубаевтың қайда екенін айтпасасыз, кетпеймін!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*дауысын көтеріп*): Кетесің бе, жок па!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Кетпесем, не істейсің!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*түтігіп*): Атып тастаймын!

(Орынбек Бекұлы наганын сұрып алғып, оның маңдайына тақайды).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*сұстанып*): Кетесің бе, жок па? Жок әлде, осы жерде сеспей қатырайын ба?

(Театр директорынан бұндаі өкілдік құмбыл күтпеген НКВД қызметкері Ахмад Тоқтақынов шошып кетеді).

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Сіз... сіз... бұл іс-әрекетіңізге әлі өкінетін боласыз!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Егер, осы жерде итше бұралып өлгің келмесе, енді қайтып келуші болма! Ақырғы рет ескертемін, енді көзіме көрінсөн, менен жақсылық күтпе!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ (*булығып*): Ендеше, бізден де жақсылық күтпеніз!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Сенен ешқашан жақсылық күткен емеспін! Күтпеймін де...

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Ашуыңыз бойыңызда тұр екен, тарқағанда келермін!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ашуым сені көрсем қайта қозып кетеді. Сондықтан, қайтып келуші болма!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Менің келуім маған емес, сізге керек! Ойланыңыз!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ойланатын дәнене де жок. (*наганын жоғары көтеріп*) Енді келсөн, табанда атып тастаймын!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Ендеше, өз обалыңыз өзіңізге!

(Ахмад Тоқтақынов алға бір қарайды да, шығып кетеді. Орынбек Бекұлы басын ұстап отырып қалады. Сәлден соң ішке Әміре Қашаубаев кіреді. Үсті-басы алба-жұлба, сақал-шашы өсіп кеткен. Жұзі тотыққан, бет-ауызы көгерген. Қөзі жасасурап тұр).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*маңырқап*): Әміре, не болған саған?

ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВ (*урейленіп*): Әбден, қажыдым! Аналар күн көрсетер емес. Қайда барсам да, басқан ізімді андып, көлеңкедей көлбендейп қыр соңымнан қалмайды.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Иә, жаңағана сені іздеп келіп кетті.

ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВ: Білем!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Қайдан білесің?

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Олар мені, мен оларды аңдитын болдым. Осында кіргенін де, шыққанын да тасадан бақылап тұрдым. Не дейді, атаңа нәлест?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Не деуші еді, сені іздең жүр, екі-үш күннен бері үйіне де конбапсың! Қайда жүрсің, өзі? Мына жүрісің не? Азып-тозып кетіпсің ғой!

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Оны сіз сұрамаңыз, мен айтпай-ақ қояйын!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Бұлай жүре беруге болмайды ғой, Әміре!

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Е, Ореке-ау, қайбір жетіскеңнен жүр дейсіз?!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Бұлдірген ештеңем жок, не істей алар дейсің олар саған?!

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Е, Ореке-ау, сен білмейсің ғой, олардың маған қандай құқай көрсетіп жүргенін! Қас қарада үйден алып кетіп, таң сәріге дейін тергеп, қыспакқа алады. «Парижге барғанда Мұстафа Шоқаймен не үшін жолықтын, не жайында сейлестін, не жеткіздін, ол саған қандай тапсырма берді», – деген сықылды құйтүрк құрақтар қойып, қанымды қайнатады. Амандық-саулық сұрасып, туған елге деген ыстық сағынышын білдіргеннен басқа артық-ауыз ештеңе айтқан жок десем, сенбейді, атана нәлдеттер. Жазықсыздан жазықсыз ұрып-соғып, шыбын жанымды көзіме көрсетіп азаптап-қинайды. Содан соң: «бұны тісінен шығарсан, тұп-тұқияныңмен құртып жібереміз», – деп тағы қорқытып-үркітеді. «Қылмысынды мойында», – дейді. Қандай қылмыс жасап қойғанымды езім де білмеймін.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Дұрыстал түсіндірші, бұл өзі қалай болып еді?

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Сенен несін жасырайын! Тіпті, жасырып-жабатын да ештенесі жок. 1925 жылы жаз айында мен барлық ұлттық республикалардан жиналған оннан аса әртіспен бірге Францияның астанасы – Парижге бардым емес пе?! Барған бойда «Дария» қонақ үйіне орналастым. Келесі күні қонақ үйге Мұстафа Шоқай келіп, арқа-жарқа болып, біраз сыр шертістік. Ол Қазақстанның қазіргі жағдайы туралы сұрады. Арасында: «Үкімет басында кімдер тұр? Қазактар бар ма?», – деген сауалдар да қойды. Мен: «бар», – деп жауап бердім. Бірақ, олардың кімдер екенін айтқаным жок, ол да менен сұраған жок. Соңан соң, ол менің білімімді сұрады. Мен оған: «ешқандай білімім жок», – дедім. Әңгіме үстінде ол Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың хал-жағдайларын және немен айналысып жүргендерін сұрады. Мен: «Байтұрсынов Қызылордада мұғалім, ал, Дулатов әдебиетпен айналысып жүр», – дедім. Мұстафа өзінің Сұлутөбеде туып-өскенін және сол жердегі туыстарынан хат алып тұратынын, сондай-ақ Кеңес Одағына барғысы келетінін айтты. Кеңес Одағының елшісі Красин оған елге қайтуды ұсынған екен. Бірақ, ол жолға көп қаражат керек екендігін және езіне қауіпті болатынын ескергі.

Тағы бір жолы Мұстафа Шоқай қонақ үйге келіп, актерлердің бәрін мейрамханаға қонаққа шақырды. Бірақ, әркім әр түрлі сылтау айтып, мен ғана бардым, ол екі саптаяқ сырға алдырды. Екеуіміз небәрі он бесミニнүттай бірге болдық. Кетерінде ол Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа сәлем айта бар деп өтініш білдірді.

Парижден Қызылордаға келген соң мен Дулатов пен Байтұрсыновқа бірнеше рет жолықтым. Оларға Мұстафа Шоқайдың сәлемін жеткіздім. Екеуі де оның шетелдегі хал-жағдайын, өмір сұруғе қаражатты қайдан алып жүргенін сұрады. Мен Мұстафа Шоқайдың Париждегі француз және орыс баспаларында қызмет атқарып жүргенін айттым.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Сенен Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа хат беріп жіберіпті дейді ғой. Сол шын ба?

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Иә, ол рас.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Онда не жайында жазылған еді?

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Ол хат желімделген болатын, ашып оқымадым.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Оны иелеріне тапсыра алдың ба?

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Жоқ, ол хат айдын-құннің аманында аяқастынан ізім-ғайым жоғалып кетті, қанша іздесем де, қойған жерімнен таба алмадым.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Түсінікті. Қолды болған екен ғой!

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Дәл солай!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Сонда артық-ауыз бірдене болып журмесе.

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Кім білсін?!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Бірақ, онда не болуы мүмкін?!

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Соны айтам, амандық-саулықтан басқа не жазар дейсін?!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Бұны тағы кімдер біледі?

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Ешкім.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Дұрыс, тірі жан білмей-ақ қойсын! Енді не істейсін? Үйіңе барсаныш!

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Үйіме барсам, тағы да ұстап әкетіп, жанымды тірідей тозақ отына күйдіреді ғой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Енді не істейсін?

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Өзім де білмеймін!

(Осы кезде есіктің ар жағында тың тыңдан тұрған НКВД-ның үш қызыметкері кіріп келеді. Олардың басшысы Ахмад Тоқтақынов аяғын нығыздай басып, Әміре Қашаубаевқа тақай түседі).

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Қашаубаев, қайда қашып күтылам дедін? Жер астына кіріп кетсөн де, қулағыннан тартып шығармыз ғой!

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Кім қашып жүр?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Енді мен емес шығармын! Қашпасан, қайда жүрсің? Берген уәден қайда?

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Қандай уәде?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Болған жайт туралы ешкімге тіс жармау туралы.

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Мен кімге не деппін?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Не дегенінді бағанадан бері өз қулағымызған естіл тұрмыз ғой. Қылмысыңың дәл үстінен түссек те, ештеңе мойындағың келмейді, ә! Мойындармай, қайда барасың! Кәне, бізбен бірге жүр!

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Қайда?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Қайда болушы еді, өзің білетін жерге!

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Бармаймын!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Неге?

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Не істейтіндерінді білем ғой!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Егер істегеніңің бәрін мойындарсан, жайына-ақ қалдырамыз!

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Айтшы өзі, ешқандай қылмыс іstemесем, нені мойындауым керек?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Егер шынымен сүттен ақ, судан таза болсаң, біздің сенде неміз бар?! Көп сөзді қой да, бізбен бірге жүр!

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Ешқайда бармаймын! Өлтірсендер де, осы жерде өлтіріп кетіндер!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ. Бармай, қайда барасың!

(Ахмад Тоқтақынов еki серігіне ұстаңдар дегендег иек қагады. Еки сақын әншінің еки жағынан келіп, білегінен шап беріп ұстап, қолын қайыра бастайды. Сол кезде Орынбек Бекұлы жүгіріп келіп араға тусады).

СРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Әй, сендер білесіндер ме, бұл атақ-данқы алысқа жайылған айтулы өнер қайраткері ғой. Қылмыс жасамақ түгілі, тірі ҳанға қылдай қиянаты жоқ. Жөніне қалдырындар оны!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Беков жолдас, заң алдында бәріміз бірдейміз. Әрі сіз оның немен айналысып жургенін білмейсіз. Оны мына біз ғана білеміз!

ӘМИРЕ ҚАШАУБАЕВ: Ал білсендер айтындаршы, немен айналысып үр екенмін? Басқа емес, алдымен өзім біліп алайын!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Сенің білмейтінің жер астында шығар. Тек еп-өірік акымак бола қалатының болмаса.

(СРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (кәрін төгріп): Мен бәрібір оны сендердің қолдрына беріп қоя бермеймін. Ол біздің театрдың қызметкері, атақты артист, талантты әнші.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Оның кім екенін бізге айтпай-ақ қойыңыз! Біз оның өзінің ғана емес, жеті атасының немен шүғылданғанын білеіз. Сіз қылмыскерге ара тұсу арқылы өзіңізді де қылмысқа итермелә тұрсыз.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Егер Әміре қылмыскер болса, мен де қылмыскермін. Онда мені қоса ұстандар. Егер дәл қазір алғып кететін болсандар, тұра республика басшысының өзіне барамын!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Қайда барсаныз да, сіздікі дұрыс болмай шығады, Беков жолдас

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мен бәрібір бұны аяқсыз қалдырмаймын! Көр де тұрындар, Әміренің қылмыскер емес екенін республика басшылығының алдында дәлелдеп шығамын. Сондықтан оны жайына қалдырындар!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ (жынысқыланана жынысын): Жарайды, онда, біз онымен басқа жерде сөйлесерміз! (*серіктеріне қарап*) Кеттік, жігіттер!

(*НКВД қызметкерлері шығып кетеді*).

ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВ (көңіл қүйі бұзылып): Орекем-ау, мыналардың түрі жаман. Саған кесірім тиіп кетпесе жарап еді! Атана нәлдеттер, шетінен кекшіл. Құдай бұлардың қолына түсірмей-ақ қойын, қандай мықты болсан да, жігеріндегі күм қылып, рухынды сындырып жібереді екен!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Олар маған не істей алар дейсін?!

ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВ: Орекем-ау, бұлардан бәрін күтүге болады. Қақпанына бір түссен, сыйылым шығу қыын екен. Міне, жеті жылдан бері шырмауықтай шырмап, қанды құрықтарынан босатар емес. Менің тартқан жан азабымды адам баласының басына бермесін!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Айттық қой, бастьында титімдей ақыл болса, енді мазалай қоймас. Үйіне барып, жақсылап демал. Келер дүйсенбіден бастап жұмысқа бел шешіп кірісеміз. Мұхтардың «Хан Кенесін» қоямыз. Нысанбай жырауды ойнайсын. Ол енді қолынан келеді ғой.

ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВ (жасқаншақтап): Эрине, Ореке, мыналар ойнатса, ол қолдан келіп тұр ғой.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Олардың біздің жұмысымызда несі бар?! Бойынды сергітіп ал да, жақсылап дайындал. Құр кеудеге сала бермей, Нысанбай жырау туралы көбірек оқып-ізденіп, танымынды ұштай тұс.

ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВ: Нысанбай жырауды білеміз ғой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мен де білемін. Бірақ, ол білген аздық етеді. Егер Нысанбай жыраудың образын өз денгейінде шыгарғың келсе, жантәніңмен бел шеше кіріспіп, аянбай тер төтүге тұра келеді.

ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВ: Құдай қаласа, бәрі ойдағыдай болады, Ореке! Еш қам жеменіз! Бүгіннен бастап кірісемін!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Әмірежан, сендер секілді дарынды артистерім барда ештеңеге алаңдай қоймаспын!

ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВ: Ореке, онда мен барып демалайын!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Демал, Әмірежан, демал!

(*Әміре Қашаубаев шығып кетеді. Орынбек Бекұлы ойланып отырып қалады*).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Айдың-күннің аманында жан-жағынан жау іздел не көрінді?! Қолына түссе, тұтіп жетін түрі бар. Перштедей пендеден қудіктеніп, көзіне көрінгеннің бәрін күнәшар санайтын секілді. Өнер адамынан қандай қылымскер шығады деп ойлайды екен! Қалай болса да, көніл қөншітер жай емес. Жүрек құрғыр атша тулайды, бір жамандықты сезеді-ау, тегі! Бір алапат дауыл тұрмаса жарап еді. Жо... жоқ... Не ойлап кеттім мен!.. Өлара шақтың өз қындығы болмай тұрмайды ғой! Заман да, адам да түзелер, қараңғы түннен кейін де ак таң агады ғой арайлап... Соған сенемін! Қайран, Әмірем-ай, рухың мықты азамат-ақ ең, сағынды сындыра бастапты! Қындық өтер-кетер, тек аман болшы, азаматым, бауырым!

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Teatr директорының кабинеті. Орынбек Бекұлы, Мұхтар Әуезов, Жұмат Шанин, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Әмірзақов, Қапан Бадыров, Рабига Есімжансова және режиссер Михаил Насоновтар «Хан Кене» қойылымына дайындық жұмыстарын пысықтауда.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: «Хан Кене» сынды кесек туындыны саҳналау оңай шаруа емес, әрине. Үлкен жауапкершілік пен еселі еңбекті талап етеді. Ақыры қолға алған соң, жақсы қойылым көрсету бәріміздің парызымыз. Дәл қазір қандай құрделі туындыны болсын өз деңгейінде шығаруға әлеуетіміз толық жетеді. Ендеше... Кенесары ханды – Қалибек, Наурызбай батырды – Елубай, Нысанбай жырауды... (кілт кідіріп) Әй, осы Әміре қайда? Ат ізін салмағалы біраз болды ғой, көргендерің бар ма, езі?

ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ: Жоқ, көрмедік.

ҚАПАН БАДЫРОВ: Өзі де бір кісікік, ешкіммен хабарласпайды. Шынымен де қайда жүр екен?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Қапан, қалайда іздел тап. Ертеңнен қалмай жұмысқа шықсын!

ҚАПАН БАДЫРОВ: Ореке, оның жағдайын жақсы білесіз ғой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Иә, білемін. Бірақ, бұл менің жекеменшік театрым емес, бұлай үшті-куйлі жоғалып кетуге есте болмайды. Басымыздан бақайшағымызға дейін тексеріп, қас қақпай қадағалап отыратын сұққоздер жеткілікті. Менің де басым екеу емес.

ҚАПАН БАДЫРОВ: Жақсы, Ореке! Айтқанынызды айнитпай жеткіземін.

ЖҰМАТ ШАНИН: Ореке, әзірше Әмірені қинаямай қоя тұрсақ қайтеді! Басы пәле-жалага шырматылып, жанымен қайғы болып жүр ғой. Осында жағдайда Нысанбай жырауды жетістіріп ойнай алады дейсіз бе?!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жұмат, бұны мен де ойлағам. Бірақ, қазір оған біздің қолдауымыз аудай қажет. Егер рөл бермесек, керісінше өз қолымызбен құрдымға құлатқандай боламыз. Оны өз ішімізге қайтаруымыз керек. Түсіндің бе?

ЖҰМАТ ШАНИН: Иә, ол жағы да бар. Менікі жақсы ниеттен туған сөз гой!

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Орекенің, сөзінің жаны бар, Әміренің жан-журегінің қандай нәзік екенін өздеріңіз білесіздер, сыртқа теуіп тастасақ, өзін-өзі тастап жіберуі бек мүмкін. Шынын айтқанда, бұл сырт көздер мен сұқ көздер үшін де қажет. Әмірені тағдырыңың талқысы мен күштілердің қысымынан арашалап алудың бірден бір жолы да – осы. Сондыктан, жақсылық жасаймыз деп, жамандық жасап алып жүрмендер. Оның үстіне Нысанбай жырауды Әміреден асырып ешкім де ойнай алмайды.

ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ: Оныңыз рас, Мұха! Оны қалайда арамызға оралтуымыз керек!

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Біздің қолда ештеңе тұрған жоқ. Дейстүрғанмен, оған барынша рухани қолдау көрсетуіміз керек. Темірбекке барайық, несін жасырамыз, ашығын айтып, қол ұшын беруін өтінейік. Қанша дегенмен еліміздің мәдениет саласына жауапты сол ғой, қолында біршама билік бар, бір шешсе сол шешер.

ҚАПАН БАДЫРОВ: Бұл ойыңыз дұрыс екен! Ендеше, бұны соза бермей, ертең-ақ кіріп шығайық.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Темкен шетжағасын біледі, бұл жайында бірекі мәрте сөйлескенбіз. Бұндай мәселердің барлығы орталықтан шешіледі. Ал, оларға Темкенің ықпалы жүре қоймайды! Десе де, тағы бір есіне салудың еш артықтығы болмас. Темкенді білеміз ғой, қолынан келсе аянып қалмас.

ДАУЫСТАР: Дұрыс. Азаматымызды, әріптесімізді қолдау керек! Құтқарып алу керек! Енді сөзбүйдага сала бермей, накты іске көшейік! Ертеңнен қалдырмай, Темірбек Жүргеновке кіріп шығайық. Қолынан келсе, көмектесер, болмаса жөнін айттар. Тіпті болмаса, бірінші басшының өзіне кірейік!

(Осы кезде ішке алқын-жұлқын Жұсінбек Елебеков кіріп кіреді. Көзі жынысынан жынысынан қағады. Бәрі оған үрпісіе қарай қалысады. Ол ентігін баса алмай, сәл-пәл кідіріп қалады).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (таңданыспен): Жұсінбек, жайшылық па?..

ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ (кеудесін кере ауыр курсінеді): Жақсылық емес. (ентігін баса алмай) Ағам-ая!.. (көзінен жас шығып кетеді)

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Не болды, айтсанышы енді?

ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Әміре... Әміреден айырылып қалдық!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (орнынан атып тұрып): Не дейді, не дедін?

ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Әміре, қайтыс болыпты!

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Не дейді, Құдай-ау! Қалай?

ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Машина қағып кетіпті.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*сылқ етіп отыра кетеді*): Ақыры түбіне жеткен екен гой, атана нәллөттер!

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Қайран, Әмірем-ау, кер заманның күрганы болдың-ау!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Үйіне барып, отбасына көніл айтып шығайық.

ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Мәйітін ауруханаға алып кетіпті, бермей жатқан көрінеді.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*жсан-жасағына қарап*): Онда не тұрыс, тарттық ауруханаға. Аруағын корлатпайық!

(*Барі шыға жөнеледі*).

(Жылап-сықтау... Қайғыру. Жоқтау. Театрдағы қоштасу, шығарып салу рәсімі. Жаназа шыгарылмайды, құран оқылмайды. Молда шақырылмайды).

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Сахнада Рабига Есімжанова «Қанатталды» әнін сыйылтып айтып отырады.

Ғашықтық – бір ыстық күн желі тымық,
Басына түскен жанның көнілі сынық.
Қаратпас бай-жарлының шамасына,
Адамды желіктірсе жігітшілік.

Бұрынғы қолдағы істің бәрі қалды,
Біртіндеп төл мінезді заман озды.
Асылзат шаһибаздар шабыт таппай,
Шөлгө ұшып, сайын далада қанат талды.

(Орынбек Бекұлы келеді. Әсем әнге жсаны елітін, тыңдалап тұра береді. Әуен ыргағымен ыргала билеп жүрген Рабига айнала беріп. өзіне сұқтана қарап тұрган театр басысын көріп, қысылып-қымтышылып, кілт тоқтай қалады. Көздері түйісеге кетеді. Сондай бір сырлы көзқарас қас-қағым сәт көп нәрсе айтып ұқтырғандай, Рабига ұялып, жсанарын тез тайдырып әкетеді).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Па, шіркін, неткен дауыс! (*басын шайқап*)
Әнді катырып айтасың, Рабигаш!

РАБИГА ЕСІМЖАНОВА (*қысылыпқырап*): Ой, ағай, қашан келіп қалғансыз?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Білмеймін!

РАБИГА ЕСІМЖАНОВА: Нені білмейсіз?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Қашан келгенімді?!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Қойыңызшы, ага! Өзілдің де орны болады ғой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мен әзілдеп тұрғамын жоқ. Есім ауып қалғандай, әніннің әсерінен әлі арыла алмай тұрганым. Құдайдың сүйген пендесі екенсің, бір басыңа бәрін үйіп-төгіп берген екен! Өзің де кереметсің, дауысың да керемет, салған әнің де керемет!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Қойыңызшы, ағай!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Шын сөзім, көрген сайын таңдай қағып, тамса-намын. Өнер үшін жаралған жан екенсін!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Сіздей асыл агадан осындай жылы сөз есту де бір бакыт қой! Сенерімді де, сенбесімді де білмей тұрганым.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мен өмірі өтірік айтпайтын адаммын. Жағынып-жағымпаздану да қолымнан келмейді, оның маган керегі де жоқ. Өлтірсөн де тек шындықты айтамын!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Сіздің мінез-құлқынызды жақсы білеміз ғой, ағай!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Сен «Қызы Жібекте» – Жібектің, «Айман – Шолпанда» – Айманның, «Еңлік – Кебекте» – Еңліктің рөлін ойнадың? Айтшы, мен кімге ұқсаймын? Төлегенгө ме, Көтібарға ма, Кебекке ме?

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА (*кулімсірен*): Сіз солардың жиынтық образы сияқтысыз. Бойыныздан оларға тән батырлық пен қайсарлықты көремін.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жібекті де, Айманды да, Еңлікті керемет кейіптедің. Сахнада жүрген Рабиға емес, Жібек, Айман, Еңліктер екенине көрерменнің көзін жеткіздің, көңілін сендердің. Қатты риза болды!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА (*қысылып*): Мақтай берменізші, енді!..

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Шын айтам, сенің бойында ұлы актриса болуға керектінің бәрі бар. Ерінбей еңбектенсөн аңсаған арманыңа жетесін. «Хан Кенедегі» Наурызбай батырдың ғашығы Қараашаштың көркем бейнесін де сен сомдайсың. Енді соған дайындал. Ғашық жанның кейіпін керемет кейіптейді екенсін!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Өмірімнің мәні де сол емес пе, аянып қалмаспсын.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Иә, саған сенемін. Жаның мен жанарындан жасындағы жарқыл көрем. Басынды бәйгеге тігіп, ер Кебектің етегінен ұстап кете барған Еңліктің туған сіңілісі сияқтысын!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА (*жынылып*): Солай ма! Оны қалай байқап койдыңыз?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Біз де тегін адам емеспіз! Керек десен, өнердеғана емес, өмірде де Кебек болу қолымыздан келеді.

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Сіз де рөл ойнайсыз ба?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*куліп*): Әрине, мен өз рөлімді өмірде ойнаймын. Сен Еңлік, мен Кебек болып, өмірде солардың ерлігін қайталаймыз.

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА (таңданып): Қалай?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мен саған ғашықпын!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Ой, агай, қойыңызшы! Осылай да ойнауға бола ма?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мен ойнап тұрғамын жоқ, ойымдағыны айтып тұрмын! Мен сенің өмірдегі Кебегің боламын, көnlімді қалдырма.

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Қойыңызшы, агай! Сіздің әйелініз, балашағаныз бар емес пе??!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Бар екенін өзім де білемін. Бірақ, менің көnlімдегі жан сенсің! Өмірлік серігімді енді тапқан сияқтымын.

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Сіз сияқты азаматқа жар болу кез келген қызың арманы гой. Бірақ, ол – мүмкін емес қой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мүмкін еместің өзі мүмкін емес. Мен сені енді ешкімге бермеймін, тіпті дәмеленбей-ақ қойсын. Қаласаң да, қаламасаң да, жар қылып аламын!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Өзіңге өзіңіз тым сенімдісіз ғой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Сенімдімін!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Байқаңыз, сенім де кейде алдайды.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Менің сенімім ешқашан алдаған емес. Сенің де мені жек көрмейтінінді білемін. Дым сезбейтін, түк білмейтін дұмбіlez емеспін.

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Қайдан білесіз?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Көзіңнен.

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Көзім не дейді?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Кет әрі еместігін сездіреді...

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Солай ма?!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Солай!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Осы менің көзім бар ғой... көзім сатқын.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Қайта жалғыз досың сол ғана.

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Ағай, мен қорқамын!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Кімнен?

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Өзімнен.

(Рабига Есімжанова қайыра тіл қатпастан теріс бұрылып, тұрып қалады. Осы кезде жсан-жасына жсалтақтай қарап Жүсінбек Елебеков кіреді. Қас-қабагы салыңқы, түрі жасбыңқы, көnlіп пәс).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Не боп қалды ей, батырым?

ЖҮСІНБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Аналар енді мені айналдыра бастады... тілтен маза берер емес. Не істесем екен?!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Не дейді сонда? Сенде кай атасының құны бар?

ЖҮСІНБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Құндіз бе, түн бе, шақырып алып, «Тұнеукүні бәлешекенің үйінде конакта болыпсың, ол жерде нендей әнгіме айтылды?» – деген түкке тұргысыз сұрактар қойып, миымды ашытады.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Сен не дейсір?

ЖУСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Мен не әйін?! Иә, болғаным рас, бірақ менің билетінім ән ғана, саясатқа жоқпін, қонактардың не дегені есімде жок деп зорға құтыламын. Айтайын дегенім, сіз жайында қайта-қайта казбалап сұрайды. Байқауымша, сізді сыртыныздан күндіз-түні аңдитын сияқты. Біз туралы біреуге айтар болсаң, ешқандай жақсылық күтпе деп коркытып-уркітеді. Ауылда қой бағы жүрген жерімнен алып келіп, үлкен өнер жолымдағы бағымды ашқанәзіңіз едіңіз. Сондықтан, ұсталып кетсем де осыны қаперінізге жеткізгім үелді. Сақ болыңыз!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (құшақтап): Рахмет, бауырым, ризамын. Жарастуши Жаппар иеміздің мәндейға жазғының көрерміз. Өзің де сақ жүр! Бұл жайында енді ешкімге тіс жарушы іолма. Сенетін адамдар да қалмай барады.

ЖУСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Оныңыз рас. Байқаңызышы, Ореке!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Қазір «Хан Қенеге» катысатын артистер жиналады.

ЖУСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Иә, білемн, мені де шақыртқан. Жаңағының сізге ескертіп қояйын деп ертерек келгенім ғой.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Адал көнілінен айналайын, бауырым! Сен Әміренің орнына Нысанбай жыраудың наисың ғой, иә, қалай қиналып жүрген жоқсың ба?

ЖУСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Басында аздал тосырқағаным рас, қазір үйреніп қалдым.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жарайсың, өлінді өзің көрсететін кез келді.

ЖУСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ: Рахмет, алас! Аянып қалмаспын!

(Осы кездे Мұхтар Әуезов, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Әмірзақов, Қапан Бадыров, Рабига Есімжанова және режиссер Михаил Насоновтар кіріп келеді).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Хал-жағдайларың қалай, ерлерім? «Хан Қененің» тұсауын кесер күн де таяп қалды. Дайындықтарың қызып жатқан шығар?

МИХАИЛ НАСОНОВ: Хал-жағдайымыз да, дайындығымыз да ойдағыдай. Құдай қаласа, сәтті қойылым шығарына сенімдіміз. Тіпті, қатарымызға сәл кейінірек қосылған Жүсіпбектің өзі Нысанбай жыраудың образын тәп-тәүір игеріп алды. Құйми-құлақ, қабілетті жігіт екен. Ал, қалған артистерді өзіңіз жақсы білесіз, камшы салдыра қоймас.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Кәне, тұсауесерге қаншалықты дайын екен-діктерінді тағы бір тексеріп көрейік. «Тәніздің дәмі тамшыдан білінетіні» рас, спектаклді бастан-аяқ қоюдың іерегі жоқ, ара-арасынан бір-екі көрініс көрсетсендер де жеткілікті. Әсіресе, кейінгі толқын Жүсіпбек пен мына Рабиғаның аяқ-алысын байқап көрсек.

МИХАИЛ НАСОНОВ: Айтқаныңыз болсын, Ореке. Кәне, жігіттер дайындалындар. Алдымен Қенесарыны хан сайлау рәсімінен көрініс

көрсетейік. Қәне, Қалибек, ортаға шық. Жолың да, жөнің де бөлек, өзің бастап бер, Жүсіпбектер костайды.

(*Артистер біртіндеп саңага көтеріледі. Ханның күімін киген Қалибек Қуанышбаев көріністі жөпелдете бастап кетеді.*)

ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ – ХАН КЕНЕ: Мен бақ пен шен іздесем, басымды бэйгеге тігіп, азаттықтың ақ жолына түсер ме едім?! Патша ұлығына мен де барып жағынар едім. Сүйтсем сатқын сұлтандардан кем орын алар ма едім?! Жамантай, Қоңырқұлжа, Баймағамбет алған орынды мен де алар едім-ау! Бірақ, мен оны ойлад жүрмін бе? Қалың қазақ баласының қамалған көшіне септігім тиер ме деп жүрмін гой. Езіліп бара жаткан елдің жоғын жоқтап жүргем жоқпын ба? Бұлғыннан бүтіндерел деп, бас қамын ұмытып жүргем жоқ па, сол ел үшін.

ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ – НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ (*жайланып, айналасына қарап*): Олай болса, алты арыстың баласы, мына сөзге құлақ сал! Қазақ қазақ болғалы басынан қылыштың заман кешірген. Жақсы күні бір болса, асу-асу белдерден асамын деп аса алмай, қос қанаты қайырылып, орашылған, құңғренген күндері де болған. Басшыдан ми, Қарашибаудан күй кетіп, бет-бетімен тозып, қайың сауып, қаңғып кеткен күйі де болған. Бірақ, соның бәрі болса да, бұрынғы ата-баба біз көргенді көрген жок еді. Көрініп келген апаттан жаман болып, іштен кернеп келе жатқан дертер бар. Соны бәрің де көріп сезіп тұрсың. Көз жасты, көңілі қаяу кәрің бар, жалын жұтып, іштен тынып, шерменде болған жасың бар. Темір нокта кигізіп, шектіргелі тұрған қолы қатты касың бар. Ақ патшаның құлысың. Уа, ұлы емес, құлысың деп тұр, міне! (*Әр жерде кәрілер арасында: «Уа, жалған»... «Уа, сұм дүние!!!»*) Соны көріп, осы қазақ баласының қара өзегін қак жарған жалынды арман бар. Елдігің, бірлігің, ігілігің кеткен заманда, етек-женін түрініп, екіленіп шыққан ерді көксеісін. Қиялай қику шыққанда қаңтарыла кететін омыраулы басшыға құштарсың. Жоқ па, сондай тәуекел қып, тас жұтып жүрген қазақтың қамқоры! Арысы Абылай, берісі Қасымның ұсынан ұшқан жез қанат балапаны мінекей. Алыстан тоят тіленіп, қасқарып ұшқан қырандарың осылар. Ел боламын, сілкінемін десендер, екі тізгін, бір шылбырды қолына беретін иен келді. Бұрынғы басшының барлығын байқамай, қапы еткізсен, ендігі келген осылар. Алдыңғының сарқыны – осы. Бұдан айырылсан, бойынды жазғызбайды. Тас түйіндей бірік те, жолына тілеуінді қосып, осы ақ тілеудің үстінде, осы жиын, мына Кенені хан сайла. (*Аз тым-тырыс*) Осындағы игі жақсының байлауы сол. Не айтасың, ел?

ЕЛУБАЙ ӨМІРЗАҚОВ – НАУРЫЗБАЙ БАТЫР: Уа, жұрт, сөйле! Сайлайтыныңды өз аузынан айт. Шығар үнінді, кәнікей. (*Қалың жиын шу-shu emin*)

– Уа, сайлаймыз...

– Уа, аруақ қолдап, әулие жар болсын!

- Ханымыз Кене... Хан Кене... Абылайдың жолын берсін...
 - Я, аруақ... аруақ... ханымыз... ханымыз... Жолы болсын Кененің...
- (*Көпке дейін шу, дыр-ду, ылғи «хан», «хан» деген сөздер естіледі. Бір мезгілде Мұса түргегеліп, жұртқа қолымен шаралат қылып тоқтатып.*)

ЖУСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ – НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ: Уа, жұрт, адапниет, ак тілеудің үстіне үйірліп түскенің көрінді. Жолы болсын. Бетінен жарылқасын. Мен мына ел сүйген жас арыстан Кененің осы алты арыстың баласын бір тудың астына жиган тілегінің жолына жаным құрбан. (*Тазы да шу, «жолы болсын», «аруақ жар болсын»... «Я, аруақ, я, аруақ...»*) Бірақ, ханды құр айғаймен сайламайды. Бұрынғы, соңғының жөрелгісімен ак кигізге отырғызып, осы жұртты жеті айналдырып шығу керек. Эпкел киіз. Ұмытқан ба, бұл қазақ баласы... баяғы ханның жолын! Қайда киіз? Ата-баба жолымен сайлаймыз, ак киіз әкеліндер (*көп айғай, «әпкел киіз, киіз... хан көтереміз. Жолы... жолы болсын». Киіз әкеліп көп жақсылар Кенені ақ киізге отырғызып алып, көтеріп алады*).

Сол арада қолындағы қобызын сілтеп, Нысанбай жырау (Жусіпбек Елебеков) жырдан шашу шашады:

Уау, ордалы қазақ, ортана,
Өкіндірген заманда,
Оралып келген бақ қандай??
Өңменіңнен оқ тиіп,
Өлімші қып дәп тиіп,
Өлеріне жеткенде,
Өлтірмес дару тапқандай,
Киялай кия шапқандай,
Ұраны шырқап аспандай,
Ала тулы жас ұлан,
Аз едім деп баптанбай,
Қазақ көшін бастап ед.
Жылағанын уатты,
Жұдегенін жұбатты,
Қамалған шөлде жұртына,
Тыңнан тапты суатты.
Кескілескен жауына,
Қасарысып, қасқарып,
Әлі бермей келеді,
Кішріейген жұбапты.
Қасым ханның қырқына,
Ағызды қанды бұлақты.
Сексен бектің келдесін,
Бес құланды сұлатты.
Жалғыз салған ұранмен,

Қырық мың үйін қазақтың,
Бір ағаның ұлындей,
Іргелі елдік жолына,
Жамыраған төлдей шұбатты.
Бұдан артық кім керек,
Құдыретті де қуатты?!
Екі тізгін, бір шылбыр,
Ұстат енді Кенеге,
Қамап тұрган құлдықтың,
Тас қоғанын бұзатын,
Ақ алмастай жебеге.
Тұкіріп кет, қарама,
Жауы болған төреге,
Ұлықсаған немеге!
Жалыны бар кәрі, жас,
Ойнақтатып енді шық,
Елдік бегін көрсетер,
Кене тұрган тәбеге.
Жасасын енді ханымыз,
Соңында шықсын жанымыз!
Ежелден келген селебе,
Қайырылатын орын жок,
Басымызды қосатын,
Міндік, міне, кемеге!!!

ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ – ХАН КЕНЕ (*орнығып отырып, жсан жағына қарал*): Киіз туырлықты қазақтың баласы! Сона бір қысылған шағында ер деп етегінен ұстағаның – менің атам Абылай еді. Ол сенімінді ақтағандай, сен үшін жанын салып өтіп еді. Бірақ, атаға берген дәуренді берер ме, жоқ па? Енді халық дәме қылып мені сайласа, кеудемде шыбын жаным тұрганда, ак тілеуінді ақтармын-ақ. Жетпей жығылсам, көзің көрер. Жолыңа міне басым, міне жаным... Керегіңе жарата бер... Содан басқа айтартым жоқ. Менің риза хошым – осы.

ДАУЫСТАР: Бакқа жетсін Кенекем! Көп жасасын! Ердік сонынан. Мал, басымыз құрбандық... Баста... баста бізді.

ХАЛЫҚ: Я, аруақ, жар бола көр. Еріндер... Еріндер сонынан. Ерек көк тоқты құрбандық. (*Бұл уақытта ханды қөтергендер сахнадан алып шығып кетеді. Сыртта тоопты айналдырып жүрген болады. Сыртта у-шу, «аруақ, аруақ», «Иә, Абылай бабам, жар бола көр...» деген ұрандар, қуанышты, қызылды шулар.*)

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жақсы, өте жақсы. Бұл көріністерің қатты ұнады. Сахна өнерін шебер менгерे бастапсындар. Бұл, әрине көнілге қуаныш ұлатады. Кенесары ханның көркем бейнесін сомдау кез-келген өнерпазға үлкен жауапкершілік жүктейтіні рас. Бірақ, Қалибекке сенгем. Сол сенімді толықтай ақтады, мың жасағыр, Қалибек! Ал, Жүсіпбекке аздаған күдік-күмәнім болған. Шіркін, талантты тасқа салсаң да жарып шығады ғой, азғана уақыттың ішінде артистік өнердің қыр-сырын қалай тез менгеріп алған. Одан бүндай ойынды күтпеген едім десем, өтірік болар, дегенмен дәл осылай қайран қалдырап деп ойламап едім. Жарайсың, Жүсіпбек, әлі-ақ сахнада жасында жарқылдайтыныңа сенемін.

Енді Рабиғаның өнерін тамашалап көрейік. Әрине, жақында ғана сахнаданған «Еңлік – Кебектегі» ойыны бәріміздің де көнілімізден шықты. Сахнадагы Еңлікке Кебек ғана емес, бәріміз де ғашық болып қалдық. Енді Қараашаштың рөлін қалай ойнайды екен, көрейік.

МИХАИЛ НАСОНОВ: Ореке, Жүсіпбек те, Рабиға да өнер үшін жарапған жандар. Режиссер ретінде екеуінің де өнеріне көнілім толады. Нені болсын айтқызбай түсінеді, ал айтқаныңды асырып орындаиды. Бұндай өнерлі жастардан айналып кетпейсің бе! Кәне, енді сөзімізді іспен дәлелдеп көрейік. Наурызбай батыр мен оның ғашығы Қараашаштың көрінісін көрсетіңдерші! (*жылы жынысын*) Орекен, жастық шағын еске алсын! Кәне, Өмірзак, бастандар!

(*Ортага Елубай Өмірзаков (Наурызбай батыр) пен Рабиға Есімжанова (Қараашаш) шығып, көріністі бастап кетеді.*)

ЕЛУБАЙ ӨМІРЗАКОВ – НАУАН (*сауыт-сайманын шешіп жатып күліп, Қараашаша*): Қалқам, бұл сияқты сөзді есіткенің бар ма? Әлгі не деді, мен не дедім? Сен не дейсің бұған? (*куледі.*)

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА – ҚАРАШАШ: Мен – сендікпін, Науанжан. Сенікі дұрыс. Бірақ, күйіп отырмын. Намыстары қайда кеткен әлгілердін. Тіпті, сенікі теріс болғанда, неге сүйтіп қарсыластырады? Неге бетіңнен алғызынды? Өзге болмаса да, ағам байғұс неге ойламайды соны... Ол – кім, сен – кім?

ЕЛУБАЙ ӘМІРЗАҚОВ – НАУАН: Оны айтасың, мені тентек деген жок па, Әпкем?

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА – ҚАРАШАШ: Қойшы, Әпкем жарықтықты. Еркекшора болған деген сондағы. (*Күліп*). Кейде, тіпті, не еркек ойлайтынды, не үргашы ойлайтынды ойламай, бір жаққа қаңғып шығып кетеді. (аз үндемей) Бірақ, мәні де бар шығар, кім біледі.

ЕЛУБАЙ ӘМІРЗАҚОВ – НАУАН: Ер, есті екені рас қой... Бірақ, өзім жалғыз сол әпкемнің бетінен сакта деп қана сыйынамын. (*Күліп*).

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА – ҚАРАШАШ: Ерлігі де бар... бірақ басқасы да бар шығар? Үрыстырып, өршітіп, әлдекімге құрық беріп, әншайіндегі жігерлісі қайда? •

ЕЛУБАЙ ӘМІРЗАҚОВ – НАУАН: Әйтеуір, күннің бәрі осымен өте ме деймін. Түзде бір майдан, үйге келсөң және майдан...

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА – ҚАРАШАШ (*жсаны ашып, ентелеп келіп*): Налимысың, Науанжан-ая?

ЕЛУБАЙ ӘМІРЗАҚОВ – НАУАН: Налимын да кейде!.. Мені сағынатын жан бар ма осында? Кейде қарадан қарап жүріп құлазығандай болам. Мені сағына ма осы, бірде-біреу?

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА – ҚАРАШАШ: Сағынады. Неге сағынбайды?!

ЕЛУБАЙ ӘМІРЗАҚОВ – НАУАН: Кім?..

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА – ҚАРАШАШ: Осында ақын сағынады, одан соң мен сағынам.

ЕЛУБАЙ ӘМІРЗАҚОВ – НАУАН (*кулімсіреп қадалып қарап*): Не дейсің, қалқам?

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА – ҚАРАШАШ: Бұғыбайды Әпкем сағынады.

ЕЛУБАЙ ӘМІРЗАҚОВ – НАУАН (*тікірейіп, таңданып*): Не дейсің?.. Қойшы, қайта айтшы.

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА – ҚАРАШАШ: Несі бар? Сағынады.

ЕЛУБАЙ ӘМІРЗАҚОВ – НАУАН (*басын шайқап, аз отырып, қайта күліп*): Сен мені қалай сағынасын?.. Әпкемше ме?..

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА – ҚАРАШАШ: Қаласаң, солай да сағынамын.

ЕЛУБАЙ ӘМІРЗАҚОВ – НАУАН (*Ұмтылып келіп, құшақтай салып*): Сәулешім, не дейсің?.. Жүрегім, жүрегім... Маған үйде жылы үя керек.

Бір жылы жүрек, ыстық жалын керек. Көмескі еді, оймен іздеуші едім сен сияқты... сен сияқты, куатым.

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА – ҚАРАШАШ: Токта. Осыны айтсам да, обалынан қорқам.

ЕЛУБАЙ ӨМІРЗАҚОВ – НАУАН: Керегі жоқ обалдың... Біздің жүрген сапарда обалға да, сауапқа да орын жоқ... Оның бәрі кеңшілікте. Бүтін бар, ертең жоқ Науанға дүние қызығын ғана жұтып қалуды кім күнә дейді? Сәулешім, сен менің күйімді үғыпсың.

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА – ҚАРАШАШ: Жарығым, сактанып жүр. Өлме. Қимаймын. (*Екеуі құшақтаса кетеді*).

(*Сұқтана қарап тұргандар ду қол шапалақтайды*).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жаңынды шуаққа бөлер тамаша көрініс. Елубайдың да, Рабиғаның да ойынына тағар мінім жоқ, кос ғашықтың жүрек лүпілін сахна тілімен әдемі жеткізе алды. Жарайсындар дегім келеді. Рабиғаның Құдай берген көркі өз алдына, сахнада тіптен сұлуланып, құлпырып кетеді екен. Тіпті, көз айыра алмай қаласың!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА (бетінің ұшы қызырып): Рахмет, ағай!

МИХАИЛ НАСОНОВ: Біздің Рабиғаш өмірдің ғана емес, сахнаның да гүлі ғой, жаннан асқан сұлұлығына ғана емес, табиғи таланттына да әркез тандай қағып-тамсанамыз. Қазақтың өте қабілетті, талантты халық екеніне көзім жетіп келеді.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Енді көзің жеткен екен ғой!

МИХАИЛ НАСОНОВ: Иә, Ореке. Қазақтың театрга өнері күн санап ерлеп, өркендеп, дамып келеді. Оны өзіңіз де байқап жүрген шығарсыз.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Қазақтың ұлы халық екеніне күмәнің болмасын!

МИХАИЛ НАСОНОВ: Шын сөзім, күмәнім жоқ!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Спектаклдің тұсаукесеріне аз ғана уақыт қалды. Дайындықтарынды жалғастыра беріндер. Біріншіден – тарихи қойылым, екіншіден – азаттық үшін атқа қонған Кенесары хан туралы, үшіншіден – атакты Мұхтар Әуезовтың шығармасы болған соң, қалың елдің қызығушылығын тудыrapы сөзсіз. Қөрермендердің де қатары қалың болады, ейткені қазақтың өткенінен сыр тартатын бұндай тарихи қойылым күнде қойылып жатқан жоқ. Оның үстіне республикамыздың басшылары да келіп көрүі бек мүмкін. Ендеше, жауапкершілік жүгі өте ауыр. Ұятқа қалып жүрмейік.

МИХАИЛ НАСОНОВ: Ұятқа қала қоймаспый!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жақсы онда, бүтінше жетер. Жақсылап тынығып алындар. Ертең тың қүшпен қайта кірісеміз!

(*Театр қайраткерлері біртінде шыға бастайды. Орынбек Бекұлы Рабига Есімжановага токтай тұр дегендегі иек қагады. Артистер шығып кетеді, екеуі оңаша қалады*).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жарайсын, Рабиғаш, өзіңе де, өнеріңе де тән-тімін. Мен саған шынымен ғашықпын. Ақ дидарынды көрмесем, тұра алмайтын халғе жеттім. Бүгін де тек сені көру үшін келдім. Жанымды кинай бермей, өзің деп соқкан жүректің сөзін қабыл ал.

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Ұят болды.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Кімнен?

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Ана кісілерден.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Неге?

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Кіргеннен маган тесіле қарадыңыз да отырдыңыз. Бәрі байқады оны. Қатты қысылдым!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Байқаса, не болады?

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Сізге бәрібір, әрине.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Кім не ойласа, ол ойласын, мен сені өзіме жар етіп аламын. Сенсіз өмір суре алмаймын. Жаным да, жүргім де, бауырым да, бүйрекім де, көзім де, көңілім де, тіпті ақылым да сені қалайды. Сен мен үшін жарағансын, мендіксің! Мен сөздің емес, істің адамынын, сені бақыттың бал шуағына бөлеймін! Маған сенші, көңілімді қалдырмаши, Рабиғаш!

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА (*кібіртіктен*): Мен де сізді жақсы көремін. Менің де жаным сізді қалайды, жүргім сіз деп соғады. Алдында не күтіп тұрса да, Құдайдың маңдайға жазғанын көріп алдым. Өзім өзім қарсы шыға алар емеспін, етегіңізден ұстауға дайынмын. Сізben бірге нені болсын көріп алдым, соған тас бекіндім. Тіпті, ер Кебекке ерген Еңліктің аянышты тағдырын қайталасам да өкінбеймін.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Осы сөзді айтып тұрған аузыңнан айналайын, жаным! Алла алдында да, адам алдында да сені бақытты етуге ант беремін. Сенші маган, жаным, сенші!

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Сенемін! (*Екеудің құшактасады*)

(*Екеудің үйлену тойына ұластырып жіберу керек осы көріністі. Әрине, символикалық түрде. Қос гашықтың қол ұстасын жаңа өмірге бірге аттагандарын, отау құрып, шаңырақ көтергендерін ишаралмен болса да көрсету керек. Рабиғага той, келін туралы әдемі бір ән айттырып жіберсе, әсерлі болатын шығар.*)

ТӨРТИНШІ КӨРІНІС

Театр. Орынбек Бекұлының кабинеті. Темірбек Жүргенов қақ төрде отыр. М. Әуезов, F. Мысірепов, Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансұгировтер ұзын столға жағалай жайғасқан.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ: Неге шақыртқанымды өздеріңіз де біліп отырған шығарсыздар. Кеше ғана тұсауы кесілген «Хан Кене» спектаклі туралы қым-қиғаш пікірлер айтылуда. «Біткен іске сыншы көп», әрине,

койыла салысымен сын садағына ілікті. Кемшін тұсын көрсетіп, оны қалай түзетуге болатынын айтса, жанашырлық деп түсінер едік. Өкінішке орай туындыдан саяси астар іздеп, орынсыз сынап-мінегендер де төбе көрсетіп қалып жатыр. Айтыс-тартыс күшейіп барады. Бұл, әрине, ешкімге абырой әпермес. Сіздерді шақыртқаным да – сол. Кенінен кеңесіп, осы бір өнбес дауды өршіте бермеудің қам-қаракетін жасамасақ болмас. Шынын айтқанда, өнер сүйер қауым сіздерден үлкен үміт күтіп отыр. Кәне, не дейсіздер? Қандай ұсыныс-тілектерініз бар. Ешкім де сіздердің ауыздарыңызға қақпақ қоя алмайды, ойларыңызы ашық айтыңыздар!

ФАБИТ МҮСІРЕПОВ: Мен баспасөз бетінде өз пікірімді ашық білдіргем. Сол ойыннан қайтпаймын. Тағы да қайталап айтамын, өз басым патшаға қарсы қозғалысты «Хан Кенеге» телудің қаншалықты орынды екенін біле алмадым. Алдымен патшаға қарсы қозғалыстың арғы дәуірін жаңғыртып, Кенесарыға табынуды мақұлдамаймын.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Неге? Кенесарының Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы шыққаны тарихи шындық қой. Оны қалай жоққа шығаруға болады?

ФАБИТ МҮСІРЕПОВ: Қазак елінің патшаға қарсы қозғалысының ен бір магыналысын алып, оны төңкеріс қозғалысына жалғағымыз келсе, 16-шы жылды алуымыз керек. Өйткені, патша отарына қарсы қозғалыстың жоғарырақ сатысы 16-шы жыл. Осыны алып, осы тақырып-ка пьеса жаздыруымыз керек. Себебі, 16-шы жылдың қозғалысы созылып келіп, Қазан төңкерісіне қол артты. Мұның төңкерістік мазмұны да күшті. Театримызды атам заманына сүйремейді. Ал, Кенесары – Пугачев емес, бола алмайды да.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Кенесары қарақан басының қамын емес, елінің азаттығы мен жерінің тұтастығын ойлап, атқа қонған жоқ па?! Ұлы ханның озбыр империяға қарсы күресін ұлы ерлік деп бағалаймын. Сондықтан, оны Пугачевпен салыстырудың еш кисыны жоқ. Әрине, 16-ыншы жылғы қозғалыстың да тарихта өз орны бар, оны ешкім де жокка шығара алмайды. Керек десеніздер, 16-ыншы жылғы ұлт-азаттық қозғалыс туралы пьеса жазып беріңіздер, куана-куана сахналауға уеде береміз. Өйткені, театр тарихи шығармаларға аса зәру. Халық та соған сусап отыр.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН: «Хан Кене» пьесасындағы көрсетілетін адамның ішіндегі ең бастысы, әрине, Хан Кененің өзі. Ал, бұл Хан Кене пьесаның басынан аяғына дейін күшті, қайратты, «қиырға көз салған» ер болып суреттелген. Және «қиырға көз салған» ер болып суреттелгенде, ұлтшыл, «қазақшыл», «халықшыл», «отаншыл» ер болып суреттелген. Міне, пьесаның бұл арасы қарап отырған анқау жұрттың көбін нандырып, Кенесарыға мүлде тартып әкетеді. Пьесаның негізгі мәні Кенесарының осы «сыры» болып шығады. Ал, бірақ біздіңше, Кенесарының ең шын

сыры – социалдық тапшылдық емес, қазаққа хан болып, қалың бұқараны жеке-дара билеп-төстөу ғой.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Шынында да, Кенесары қазақшыл, халықшыл, отанышыл ер емес пе, жүрттын оған деген құрметі мен сүйіспеншілін оятсақ, несі айып? Қазақ халқының орыс патшасының езгісінде жаншылғаннан гөрі, Кенесарының қол астына топтасқаны дұрыс болар еді ғой!

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН: Иә, Орынбек, театрда көрсетілгенде пьесаның негізгі мәні Кенесарының әлгі өзі айтқан «халықшылдық сырый» болып шықкан. Ал, пьесаның негізгі «сыры» солай болып шықса, пьесада суреттеген ең басты адамдар: Кенесарының өзі мен оның қарындасы Бопай және Наурызбай ұшеуі болса, мұның ұшеуі де басынан ақырына шейін үлгі болғандай қаһарман болса: бірі қыырга көз салған «халықшыл» қайыспас батыр болса, бірі – «әйел болса да ерден артық» ақылды әмірші, көсем ер қызы болса, бірі – қылышылдағын алмас қылыштай, қайратына ие болмаган, қарсы келген өлімнен кірпік қағып жасқанбайтын батыр болса, – міні, мұндай пьеса анқау жүрт арасында хандарды, ханның балаларын, олардың сондай болып көрінген «қасиеттерін» құрметтеп, үлгі қылатын сезім туғызса, – және олардың жауласқан жауы женілсе еken деген сезім туғызбай ма? Айналып келгенде, ол сезім жат сезім, ұлтшылдық сезімі емес пе?.. Міне, осының бәрін қосып алғанда «Хан Кене» пьесесі бір-біріне жалғасқан сезім мен ұлтшылдық рухын өршітетін пьеса болып шықкан.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Сіздің айтқаныңыздай болса, шынында да көз деген мақсатымызға қол артқандай қуанар едік. Кенесарының, Бопайдың, Наурызбайдың ерліктерін жас ұрпаққа үлгі-өнеге етіп көрсетуден кандай жамандық көріп тұрсыздар? Олар соган лайық тұлғалар емес пе?! Сонда, ұлтшылдық сезімін туғызады еken деп елі үшін отқа түскен ерлерден сырт айналуымыз керек пе?

ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ: Орынбек, сен қыңырлана берме! Өзің де білесің ғой, «Хан Кене» – Мұхтардың бұрынғы байшыл, ұлтшылдық көзқарасымен жазылған пьесасы. Мұхтар бұл пьесасында да бұрынғы пьесалары «Еңлік – Кебек», «Қаракөздердің» сарынымен қазақ елінің ескілігін арман қып, ескі хандардың жұрнағы «елім» деген ұлдарын, Кене хандардың өлімін, қаһармандығын мұраттаған, жоқтаған пьесасы.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мұхтар пьесаны ұсынбас бұрын қайыра бір карап шыкты, толықтыратын жерлерін толықтырды, өндедітін жерлерін өндеді, өзгертертін жерлерін өзгертті. Біз авторға тақырып ұсынуымыз мүмкін, бірақ ана жерін алай жаз, мына жерін былай жаз деп, өз ойымызды тана алмаймыз ғой. Ондай хұқықты бізге ешкім де бере алмайды? Оның үстіне Мұхтар біреуден ақыл сұрайтын қаламгер мә?! Өз ойы, өз ұстанымы, өз талғамы, әмірге ھәм өнерге деген өзіндік көзқарасы бар сұнғыла суреткер емес пе?!

ЛИЯС ЖАНСУГИРОВ: Мен «Хан Кененің» мазмұнын бес сау-сағымдай білемін ғой, өзгерген ештеңесін байқамадым. Пьесаның сол ескі құрылышы, уақығасы, сөздері барлығы да сол бұрынғы қүйінде қалған. Бұл оның бастапқы негізгі мақсаты – идеясы бұрынғы қүйінде қалды деген сез. Пьесасының ескі құрылышына тиместен апарып қосқан біраз жаңа жамау-жасқаулары жабыспай-ақ тұр. «Хан Кенені» қоюдағы театр мен жазушының басты қатасы да – осы. Сен, Орынбек, бұл қатаны мойындап қоюдың орнына, оны айтушыларға кұлағынды жымыртасың – қатаны қарсылыққа айналдыруға дайын тұрасын.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Әрине, ешкім де «Хан Кене» қойылымын мінсіз деп айта алмас. Бірақ, дәл сіздер айтып отырган «қателер» көні-лімізге қонбай тұр. «Хан Кененің» оқиғасы мен мазмұнынан қандай қателік көріп отыргандарыңызды біле алмай басым қатып отыр. Біз ұлттық театр болғандықтан, тарихи дүниелерге ерекше көніл бөлуге тиісті емеспіз бе?! Театрымыздың бағыт-бағдары да осыған сай болуы керек деп ойлаймын.

ФАБИТ МҮСІРЕПОВ: Орынбек жолдас, сіз осы «Хан Кене» арқылы театрдың бағытын, жолын белгілеймін деп айтудай-ақ айтып келе-сіз. Тәңкерісшіл театрдың бағыты мен жолын «Хан Кене» арқылы, «Еңлік – Кебек» арқылы белгілеймін деудің өзі қате болатынын ұғынғыныз келмейді. Біздін драма театрымыз өзі-өз болғалы ескі пьесаларды жаңа пьесалардан анағұрлым жақсы қойып келеді. Мұнын өзі біраздан соң театрды кейін тартатын, ескі түрпаттарды ‘пайымдап, жаңадан қашықтата беретін нәрсе болып шығатынын ескермейсіз. Өйткені, жаңа пьесалардағы жаңа қарым-қатынастарды, жаңа адамдарды терендетіп көрсетуге талпынудың орнына, ескі шаңдақты шындей беру, театрды ілгері сүйремейді. Театрдың шеберлігі «Түрксіб», «Майдан», «Тартыс», «Талтаңбай» секілді пьесаларға салынып, театрдың бағытын, жолын осылар арқылы белгілеу керек. Театрдың жолын белгілеу деген – саяси мәселе. Женіл қарауды көтермейтін мәселе. Мұны белгілеу театрдың өз қолындаған емес.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Театр – мәдени орда, шығармашылық орта. Театрдың жолын, бағыт-бағдарын театр ұжымы белгілемегендे, енді кім белгілемек? «Ананы қой, мынаны қойма» деп нұсқау беру қаншалықты дұрыс болмақ. Бұл театрдың дамуын тежеп, өнер ұжымын түйікка тіремей ме??!

ФАБИТ МҮСІРЕПОВ: Мәселе мынада, көрер көзге-ақ басқа пьесаларды ысырынқырап қойып, «Хан Кенемен» бір жарқ ете түскілерін келді. «Хан Кенені» алтынмен атап, күміспен күптеп, айтақаларлықтай етіп шығаруға бар құштерінді салдындар.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Иә, оныңыз рас. Бұдан қандай жамандық көріп тұрсыз?

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ: Бірақ, бәрібір жүртшылығымыздың күткен жерінен шығара алмадындар. «Хан Кенені» шу деп сахнаға шығарғанда театр да, оку комиссариаты да асығыстық істеді. «Хан Кене» жайындағы ойласуды керек ететін пікірлерге құлак аспады. Театр «Хан Кенені» қоюда сүріне қалса, ол әншіейіндегі ұшыраса салатын жеңіл сүріну емес. (*қолын шошайтып*) Мойынға қаупі бар, жұлын үзілу қаупіне ұқсас сүріну. Оку-ағарту комиссариаты «Хан Кененің» саяси кемшіліктепе мен қазак халқының Ресей патшалығына қарсы құресіндегі хандардың рөлін дұрыс бағамдай алмаған, тіпті оны көрсетудін бұл қойылымда түкке де керегі жок еді.

ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ: Мұсірепов жолдас, сіз өз сөзіңзеге өзініз қарсы шығып отырсыз. Әрберден соң Мемлекеттік театр мен Муз студияның көркемдіксаяси кеңесінің төрағасы ретінде театр мен репертуарға жауап беретін адамдардың бірі өзіңіз екенінізді ұмытпаңыз. Сондықтан, **бұған** сіз де кінәлісіз, жауапкершіліктен қашсаныз да құтыла алмайсыз.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ: Менімен ешкім ақылдасқан жоқ. Театр басшысы Орынбек мырзаның мінез-құлқын өзіңіз жақсы білесіз ғой, ешкімді араластырмай, бәрін өзі жеке-дара шешкен.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН: Міне, мәселе осында. Бұндай қурделі шығарманы сахналамас бұрын өнер қайраткерлерімен ақылдасып-кеңесу керек еді. Кенесары, Наурызбайдың қырғызбен соғысқанын тақырып қылыш алып, бүйтіп көрсету өте қисынсыз. Кенесары әкесіне ас беріп, хан көтеріліп, қырғызбен соғысып, жеңіліп тұтқынға түсіп, опат болады. «Хан Кенеде» осы оқиғалардың шындығын толық көрсете алмаған, шынын айтқанда Нысанбай ақынның жырындағы кейбір келте мағұлматтардан аса алмаған. Ал, тарихи оқиғаларды көркем шындықпен байланыстырып көрсете алмаса, біздің совет театрының бүгінгі мақсатына Кенесары – Наурызбайлардың, тек өз бастарының өмір оқиғаларының керегі шамалы.

ОРЫНБЕК БЕҚҰЛЫ: Шынын айтқанда, пьесаның тарихқа келетін жағын жазушы да, театр да ойлаған жоқ. Оны бізден талап ету дұрыс болмайды. Біле-білсөніздер, бұл – өнер туындысы. Оны қалай жазамын десе де автордың өз хұқығы, ал қалай қоюды театр өзі шешуі тиіс. Сондықтан, бұл жағынан да сіздермен келісе алмаймын

ИЛИЯС ЖАНСУГІРОВ: Орынбек, сен олай өзімбілемдікке салынyp, қасарыса берме. «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» дегендей, «Хан Кене» туралы қатаны анық мойындағын келмейді. Жазушының да, қоюшының да қатесі жілкө тізгендей көрсетілді. Енді не керек?

ОРЫНБЕК БЕҚҰЛЫ: Сіз де қызық екенсіз, оку комиссариаты болсын, өзге болсын, біздің дұрысымызды бұрыс етуге ұмтылса, жұмған аузымызды ашпай қарап отыра беруіміз керек пе?!

ЛИЯС ЖАНСУГИРОВ: Міне, көрдіңізбе, сіз «Хан Кенені» түзету туралы пікірді қарсы алудың орнына, не қыртыстынып қиқайып қаласыз, не бет тырнасқа белсеніп шыға келесіз. «Хан Кене» нашар қойылды дегеннің бәрін шашшудай көресіз. Осыдан «Хан Кене» туралы айтылған пікірді, жасалған сынды төмendetкісі келе ме деген ой қөнілімізге келеді.

Оқу комиссары Темірбек сіздің, көркем өнер секторындағы Фабит сенің – театрдың ішіне кіре араласпай бойларыңды аулақтатуларының сыры неде? Сол жағы бізге түсініксіз. Бәлкім, жөпшешкіге көне қоймайтын театр директоры Орынбектін өз білермендігі болған шығар.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: «Хан Кенені» біз өзіміз білерменденіп ешкімге айтпастан, ақылдаспастан қоя салған жоқпыз. Бәрінің де алдынан өткенбіз, қенескенбіз, жөн сұрасқанбыз. Енді келіп түк білмегендей бола қалмандар. Наркомпрос репертуарға бекіткен, Крайком кісілері «қойыла берсін» деп келісімдерін берген, Құтсобет қенеске салған пьесаны қалай білмейсіздер. Ақыл-кенестеріңіз болса, спектакль қойылғанша неге айтпадыңыздар? Қайда қалдыңыздар, қайда жүрдіңіздер? Енді келіп араша талайсыздар.

ЛИЯС ЖАНСУГИРОВ: Театр өз ойынымен пьесаның жаман жара-сына пышак сұқты. Театрдағы шынайы артистер бізге қарсы адамдарды жақсы ойнап, бізге дос деген адамдарды артист емес, қаралайымдар ойна-умен ойсыратып жіберді. Бар жақсылық Кене – Наурызбайлардың басына үйіліп-төгіліп, қара бұқара дегендер жиіркеніш көрінді. Театрдың бұл қылышы пьеса қойылуда өз тілегенін алды. Қоруші көпшілік төрелерге қынжылып, кемпір, жетімдерді көргенде селт етуге жарамады. «Хан Кененің» ойыны біздің пайдамызың ойыны болмай шықты. Сондықтан, оны қайта қарап түбекейлі түзету керек, немесе сахнадан мулде алынып тасталсын. Менінше, пьесаның бұрынғы желісі, бұрынғы идеясы езгермей – түзетілмейді.

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ: Менің түсінбейтінім, сіз неге Кенесары мен Наурызбайды бізге қас дейсіз? Сонда елі мен жері үшін колына қару алып, отаршыларға қарсы құрескендері үшін жазықты ма? Дос деп отырган қара бұқараңызды жекөрінішті қылыш көрсеткен кім? Мен бе? Жоқ, бұнынызбен мулде келісе алмаймын. Бір түсінгенім, сіздердің ой-пікірлеріңізге қарағанда, Кенесарыны қатығез, қанішер хан қылыш суреттеп, мулде жаңа пьеса жазып шығу керек қой! Солай ма?

ЛИЯС ЖАНСУГИРОВ: Әрине, жаңа болу керек. Екі майдандағы екі жаққа да бірдей қарсы қалың бұқараның козғалысын көрсетпей, Хан Кенені түзету қыын. Тарихтан жырып алынған оқиғаның да, өлімнің де қажеттігі аз. Сондықтан, театр «Хан Кенені» түзеймін дегендеге бұрынғы пьесаның құрылышын құрбан қылыш, «Хан Кенені» қайтадан жазу керек. Хан Кене халықты ойлап жүрген жоқ, шын мәнінде хан болуды, яғни қарақан басын ойлап жүр.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Шынымен де Кенесары хан еңбекшілердің дүшпаны ма, жоқ әлде, халықты қанауыш қанішер хан ба? Егер Кенесарыға билік керек болса, патшага адал қызмет етіп, өзге сұltандар сияқты өзіне қарайтын қара халықты билеп-төстеп, сүйектің бір басын мүжіп отырап еді.

ИЛИЯС ЖАНСУГІРОВ: Кенесарыны қалың бұқараның жанашыры етіп көрсетудің түкке де қажеті жоқ. Қайта ол қатарына қосылмағандарды қатаң жазалады, ал сонына ергендерді октың өтіне байлап берді. Нәтижесінде, қалың бұқара қан жұтты, зардап шекті. Осылай болатыны әу бастан белгілі еді. Міне, Кенесарының қателігі – осында. Ол ең алдымен хан болуды емес, қол астындағы халқының амандығын ойлауы керек еді.

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ: Менің айтарға сөзім жоқ, бәрін түсіндім. Ешкіммен айтысып-тартысқым да келмейді, акталуға да құштар емеспін. Сынайтын кісі пьесаның осы жазылған күйінде қалай түзетуді көрсетсін. Ал, пьесаның бойында жоқ тарихты, тарихи қозғалысты сөз қылғандарды түсіне алмаймын.

ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ: Шынымды айтсам, Орынбектің айтқан уәждеріне илігіп, «Хан Кенені» сахналауға келісімімді берген мен едім. Сондыктan да сын мақалалардың бәрінде де менің атым аталаyp, «кіnем» мойныма қойылып жатқанына еш өкінбеймін. Менің ойымша, Мұхтар өз шығармасында Кенесары айналасына байланысты аңыздарды әшкере қылудың орнына, керісінше әрлей түсken. Ең басты кемшилік те – осы. Менің Кенесары ханға ешқандай қарсылығым жоқ, сондыктan да сахналауға рұқсат берген едім. Мәселе шығарманың өзегі мен жұлынжүйесінде болып тұr. Тарихи һәм саяси жағдайды ескере отырып, Кенесары ханның көркем бейнесін осы заманға лайықтап жасау керек еді. Әуезов жолdas, өзінің идеялық қателігін мойындаپ, кеткен кемшиліктерді түзетсе, жақсы болар еді.

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ: Бұл ғылыми зерттеу емес, көркем шығармағой, сондыктan «Хан Кенеден» тарих дәметуге болмайды. Неге соны түсінбейсіздер? Ал, Кенесары ханның бейнесін бүтінгі күнге лайықтап жасау керек дегенді мүлде түсіне алмаймын.

ИЛИЯС ЖАНСУГІРОВ: Түсіне білген адамға біраз нәрсе айтылды. Енді оны қайтадан қайталап, малтаны езе бергеннен ештеңе шықпайды. Бәрібіr түсініспі, біr мәмілеге келе алмайтын сияқтымыз. Сондыктan, сөздің тоқетеріне көшейік. Біздің ойымыз, «Хан Кене» сахнадан тоқтатылсын!

ҒАБИТ МУСІРЕПОВ: Иә, репертуардан алынып тасталсын!

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН: Шынында да дәл осы күйінше сахнада қалдыруға болмайды!

ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ: Иә, сіздердің сын-ескертпелеріңіз ескеріледі, «Хан Кене» спектаклі репертуардан алынып тасталады.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ау, Темке?.. Біз бұл спектаклі сахналау үшін еселеп тер төктік, қашама қаражат кетті. Соның бәрі желге ұшқаны ма? Ақыры қойылды ғой, тым құрмаса бір маусым жүрсін.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ: Орынбек, өнбес дауды өршітпе. Қайта сахналағыларың келсе, Әуезов жолдас пьесасын қайта жазып шықсын. Әңгімені бұдан әрі қоздыра бермендер, сөз осымен тәмам!

ДАУЫСТАР: Иә, дұрыс шешім – осы. Дәл қазір Кенесары ханды дәріптеудің ешқандай қажетілігі жоқ. «Хан Кене» қойылымы театр репертуардан мүлде алынып тасталсын!

(*Бәрі осы шешіммен келіскендей сыңай танытты. Фабит Мұсірепов, Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансұгіров, Мұхтар Әуезовтер шығып кетеді. Темірбек Жүргенов пен Орынбек Бекұлы оңаша қалаады.*)

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Бұл қалай болды, Темке?

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ: Қалай болғанын өзің көріп тұрсын ғой. Осылай істемесек, іс насырға шабайын деп тұр.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Бұл халыққа қажетті қойылым ғой!

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ: Мен қолымнан келгеннің бәрін жасадым, Орынбек. Түсінесің бе, енді бұл тақырыпта әңгіме қозгаудың өзі артық. Қыспақ пен қысым күн өткен сайын күшейіп барады. Күнде бір адам ұсталады. Өзге емес, өз басымызға да қауіп төніп тұр.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жақсы, түсіндім. Тым болмаса киім-кешекке шығарған шығынымызды өтеп алайық, тағы да бір-екі мәрте қоюға рұқсат берініз.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ: Туу болмадың ғой, дуылдатып-шуыл-датпай, бір-екі мәрте ойнап алындар. Бірақ, енді сақ болмасақ болмайды. Сен тездетіп үш қаламгерге бүгінгі күн, Қазан төңкерісі туралы пьеса жазуға тапсырма бер. Кінәнді жуып-шаю үшін оларды тез арада сахнаға шығаруға күш сал. Үқтың ба?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Үқтым, Темке! Айтқаныңызды екі етпей орын-даймын!

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Teatr директорының кабинеті. Орынбек Бекұлы жасадан жалғыз ой қарман отыр. Мұхтар Әуезов, Илияс Жансұгіров, Қанабек Байсейітовтег кіреді.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: О, келіп қалдындар ма, мал-жандарың аман ба?

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Аманшылық. Өзің қалайсың?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Құдайға шукір, аман-есенбіз.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Жай шақырттың ба?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ой, Мұха, мен жай шақырушы ма едім. Тапсырма бар.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Қандай?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*езу тартып*): Партиялық тапсырма. Мемлекеттік театр болғандықтан, қоғамымызда болып жатқан он өзгерістерді көрсететін шығармалар керек.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Содан...

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мұха, Фурмановтың «Бұліншілігі» бойынша пьеса жазып берсөніз, бізге де, өзіңізге де жақсы болар еді. Алдын ала ескертіп қояйын, бас тартуға болмайды, басымыз кетеді.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Пәлі, сол да сөз бол па!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Құдай қаламыңа қуат берсін, Мұха! Ілеке, сіз бастық адамсыз, бүйрық бере алмаймыз. Десе де сөзімізді жерге тастамас деген ойдамыз. Түркістан – Сібір темір жолының салынуы жайында драматургиялық шығарма жазып беруге қалай қарайсыз?

ИЛИЯС ЖАНСУГІРОВ (*қалжыңға сүйен*): Ақысын төлесен, боқысын шығарамыз фой.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Эрине, қомакты қаламақы төленеді. Қанабек колхоз өмірі тақырыбына пьеса жазады. Медеудің жанындағы санаториядан үшеуіңе арнал үш үй тіккіземін, сонда жамbastap жатып жазасындар. Екі ай уақыт беремін.

ҚАНАБЕК БАЙСЕЙТОВ: Мен қазір-ақ дайынмын, еліміздегі он өзгерістер туралы біз жазбағанда кім жазады?!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Қанабек, сенің осы елпектігін ұнайды. Ендеши, келер дүйсенбіден бастап кірісп қеткендерің жөн. Өзім апарып жайғастырып қайтамын. Қазы-қартадан көртіп жеп, қымыз бен шұбаттан сіміріп алып, алансыз жазу жазатында жағдай жасаймын. Тек ет пен қымызға тойып алып, қызара бөртіп, қызық қуып кетпесендер болғаны.

(*Бәрі ду күледі. Осы кезде өң-сөл жоқ Елубай Өмірзақов кіріп келеді.*)

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*уртие қарап*): Елубай... аманшылық па?

ЕЛУБАЙ ӨМІРЗАҚОВ (*сасқалақтып*): Ұстап әкетілті.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Құдай-ау, кімді?

ЕЛУБАЙ ӨМІРЗАҚОВ: Темірбек Жүргеновті.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Құдай-ау, не дейді?!

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: Не?

ИЛИЯС ЖАНСУГІРОВ: Темірбекті ұстап әкетілті? Жаңылыс хабар емес пе?

ЕЛУБАЙ ӨМІРЗАҚОВ: Ілеке-ау, ешқандай да жаңылысып түргам жоқ.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Бұл қалай болғаны?

МҰХТАР ӘУЕЗОВ (*Елубайга қарап*): Кім айтты?

ЕЛУБАЙ ӨМІРЗАҚОВ: Өз көзіммен көрдім! Қолына кісен салып, сүйрелеп алып кетті.

(Орынбек орындыққа сылқ *etin* отыра кетеді. Мұхтар Әуезов, Илияс Жансүгіров, Қанабек Байсейітов, Елубай Өмірзаковтар аяқтарын жылдамдата басып, шығып кетеді. Орынбек Бекұлы тағы жалғыз қалады).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Күнде бір жамандық естіміз. Мына заман не болып барады, өзі?! Темірбек Жұргенов не бүлдіріпті соншама?! Түк түсінсем бұйырмасын! Темірбекті ұстаса, бізді де аман қоймас. Әнеуқұнгі айтқаны айдай келді ғой! «Екеуміз де қара тізімге іліндік, иісшіл иттер артынан күндіз-түні андып жүр, сауықканнан да сақ бол» деп ескертіп еді-ау, жарықтық. Қой, өзім атылып кетсем де, Рабиғаны аман сақтап қалайын! Жас қой, өмірі алда. Халық жауы ретінде ұсталған қайраткерлердің әйелдерін де ұстап, азаптау лагерлеріне айдал жатыр. Сондықтан, оған жеткізбек керек. Бірақ, оны Рабиғаға қалай айтамын?! Шошытып алмаймын ба? Жоқ, қауашағында сөule бар қыз ғой, ыммен-ақ бәрін түсінер.

(Осы кезде ойында ештеңе жоқ сылаңдан Рабига кіреді. Көзі күлімдеп тұр, жузі бал-бул жанады).

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Төрем, кейінгі кездері қабағыныз бір ашылмайтын болды ғой, өзі?! Әбден, шаршадыңыз-ау, демалсанызышы, бір уақ! Күндіз-түні жұмыс-жұмыс деп өлесяз бе, енді!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (сыр алдырмауга тырысын): Иә, кейінгі кездері тым қапылыш болып кетті. Шаршағаным да рас. Сенің әнінді тында-сам, шаршағаным лезде басылады. Ән салшы, жаным, әуелетіп...

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Төрем, «Қанатталдының» өзінің өндеген нұсқасын Жүсіпбекке үйреттім. Қағілез жігіт екен, қағып алды, келістіріп орындаиды. Негізі, өзім де жаман айтпаймын ғой, ә?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Әрине, жаным, сен ән салсан, орнымда тыныш отыра алмаймын! Ең алдымен нұр төгілген жүзін мен көлдей тұнық көзіңе, содан кейін әніңе ғашық болып ем.

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА (бұртының): Өзімे емес...

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жүргімді жаулап алып, табындырып тастаған өзің емес пе едің! Мен саған шын ғашықпын!

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА (күлімсіреп): Құдай-ау, солай десеңізші!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Шынымен солай! Кәне, жан сарайым ашылсын, шырқашы бір, жаным, ән салшы. Жанымның нәзік пернесін басып, жүректің қылын шертер әсем әнінді сағындым, қалқам!

(Рабига ыңылдан ән айта бастайды).

Гүл бақша көнілде бір әсем әнді,
Тілейтін бұлбұл едім сайраганды.
Ән шырқап, бой жаза алмай, шалқыта алмай,
Қалықтап қайран дүние Қанатталды.

Әнім еді сүйіп салған «Қанатталды»,
Бұл әнім балқытушы еді тындағанды.

Өмірден өз еркімше орын таппай,
Кейінге «Қанатталды» әнім қалды.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Шіркін, әнің қандай, Рабиғаш! Тыңдай бергім
келеді-ау, тыңдай бергім. Сенімен табыстырған Аллама разымын. Бұл
маған тағдырдың тартқан үлкен сыйы ғой. Бакыттымын, жарығым,
бақыттымын!

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Мен де сізді жанымдай жақсы көрем! Сіз-
сіз өмірімді елестете де алмаймын!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Рабиғаш!..

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Ау, төрем!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*кумілжіңкіреп*): Ақылды едің ғой!

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА (*назданып*): Ақымақ емес шығармын енді.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Сұлутым менің! Ақмандаіым менің! Ақылдым
менің!

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Иә, сонымен не демексіз?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Айтайын дегенім... (*сәл кідіріп*) екеуміз
уақытша бір-бірімізден ажырай тұруымыз керек.

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА (*көзі бақырайып*): Құдай-ау, неге?
Қосылғанымыз кеше ғана емес пе?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ештеңе сұрамай-ақ қойшы! Кейін бәрін өзің
түсінесің! Бүгіннен бастап бөлек тұра бастаймыз. Апаңың үйіне бара
тұр... жарай ма!..

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Жаман ырым бастамаңызы!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жақсы емес екенін өзім де білемін. Рабиғаш,
акылың бар еді ғой. Саған жаманшылық ойламайтынымды өзің де білесін,
осылай істеу керек болып тұр, айтқанымды орындашы! Егер ғайыптан
тайып мені ұстап әкетсе, артымнан іздел келуші болма! Мен риза болсын
десен, осыған уәде берші!

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Не?.. Не деп кеттіңіз, өзі?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ештеңе сұрамашы! Екі дүниеде де риза бол-
сын десен, айтқанымды үнсіз орындауға уәде берші, жаным, жарығым!

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Жо... жоқ! Мен сізден ажырай алмаймын!
Ұстаса бірге ұстасын, сottаса бірге сottасын, атса бірге атсын! Не көрсем
де сізбен бірге көремін!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Рабиғаш, сен жассың, өмірің алдында. Ал,
мен сенен талай иткейлекті бұрын тоздырдың, жақсы-жаманың шет-
жағасын көрдім, бір кісідей қызық-куаныштың да дәмін таттым. Түсінесін
бе, жаным, егер тағдыр жазса, қайта табысармыз! Бір Құдайдан тіле-
рім сол ғана!

РАБИҒА ЕСІМЖАНОВА: Шыныңызды айтыңызы, соншалықты
сары уайымға салынып не болды?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Сәкенді, Ілиясты, Темірбекті ұстап әкетіпті. Жүрек құрғыр бір жамандықты сезеді-ау, атша тулайды. Мені сүйгенің рас болса, енді ештеңе сұрамашы, тек айтқанымды істеші!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА (*көзінен жасас тамышылап*): Жоқ, істей алмаймын! (*құшақтай алады*) Өлсем де, сізben бірге өлемін!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Рабигаш, сен мені қинаң тұрын.

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Мені де қинамаңыз!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Түсінесің бе, маған сенің бас амандығың керек! Мен үшін азап тартқаныңды қаламаймын!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Тағдырдың басқа салғанын көріп алдым! Тек кет деп айтпаңызыш!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Рабигаш!.. Ақылға келші! Мен сені өз еркіммен тастап кетіп бара жатқан жоқпын ғой! Біз әлі-ақ талай қуаныш пен қызықты бірге тойлайтын боламыз! Сенші маған, жаным! Уәде беремін!..

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Мен сізді тастап ешқайда кетпеймін! Керек болса... (*Орынбектің нағанын суырып алып*) өз қолыңызбен атып кетіңіз!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Рабигаш, ақылға келші, жаным! Егер меселімді қайтарсан, жаным мен тәнім тозақ отына тірідей шыжғырылады! Өзінді емес, мені ойлашы! Мені аясаң, айтқанымды істейсің!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА (*көзінен жасас сорғалап*). Төрем, бірақ сіз қайтып келесіз ғой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ешқайда кетпеуім де мүмкін. Тек қауіп қылғаннан айтып тұрмын!

(Рабига кемсепдел келіп, Орынбектің нағанын суырып алып, құшақтайып ұзақ тұрады. Бір кезде Орынбек Рабигага қимастықпен көз салып, «бара ғой» дегендеги шаралық жасасап, басын изейді).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ал енді тұра апаңың үйіне тарт! Аман болсак, әлі кездесеміз! Тек мен риза болсын десен, айтқанымды екі етпей орында.

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Жақсы, төрем! Мен сізді сүйемін!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мен міндетті түрде қайтып келемін, жаным! Тағдырымыздың қайта қосыларына сенемін! Өзім қайтып келгенше, артымнан ізделп келуші болма! Бұл саған менің соңғы аманатым. Аманатқа қиянат жасауға болмайтының білесің ғой! Маған сенің амандығың қымбат, сол үшін де осындай қадамға барып тұрмын. Үй артында тіміскіленіп иттер жүр, көп аялдауға болмайды! Енді бара ғой, жаным!

РАБИФА ЕСІМЖАНОВА: Аман болыңызышы! Менің сізге деген махаббатым мәңгілік, ешқашан суымайды-сөнбейді! Күтемін, сізді!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Күт, жаным, күт! Міндетті түрде ораламын!

(Рабига басы салбыраған күйі жыламсырап шығып кетеді. Орынбек жалғыз қалады. Иле-шала НКВД қызметкерлері кіріп келіп, ордерди

көрсөтіп, өздерімен бірге жүруін талап етеді. Орынбек Бекұлы қарсыласудың артық екенін түсініп, беліндегі нағанын алып, үстелдің үстіне қойып, айтқандарын екі етпей істейді. Екі милиция кабинетті тінтип, кітап-қагаздарды ақтарыстыра бастайды. Қөптеген кітап-қагаздарды үлкен ала дорбага салып алып, театр директорын алдарына салып алып кетеді).

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Түрме. Ортадагы орындықта әбден жүдеп-жадаған Орынбек Бекұлы отыр. Үсті-басы қан-қан, күімі жырым-жырым, көзі көгеріп, бет-аузы күп болып ісініп кеткен. Жузі шаршаңқы, қабагы салбыраңқы, сақал-шашы өскен. Үш-төрт НКВД қызметкері қоршап тұр. Қақ алдында тұрған еңсегей бойлы майор бір-екі басып келіп, Орынбек Бекұлының шашынан ұстап басын жогары көтереді.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Алашорда көсемдерімен тығыз қарым-қатынас орнатқаның рас қой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Иә, ол рас. Оларды өзіме ұстаз тұттым!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Міне, енді шындыққа біргабан жақындей түстің. Әйтпесе, екі айдан бері өтірікті суша ағызып, жалған сөзben жақауратып келесін.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мен ешқашан өтірік айтқан емеспін!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Өтірік айтпасаң, айтшы, алғашында Алаш козғалысын қолдағаның рас қой.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Иә, ол рас, оны ешқашан жасырған емеспін!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Кілең байшыл-ұлтшылдар жиналған аты-шулы Алашорда үкіметіне неліктен бүйрегің бұрды?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Олар қазақ халқының басына бақыт құсын қондырып, мақсат-мұратына жеткізер деп үміттендім.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Үмітің акталмады.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Иә, үмітім сағымға айналды.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Содан кейін Кенес өкіметі жағына шығып, оны іштен іріткің келді ғой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ондай ой мүлдем болған емес. Кенес өкіметінің қатарында жүріп те халыққа адал қызмет етуге болатынын түсіндім.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Ендеше, неге Кенес өкіметіне қарсы жасырын күрес жүргіздіндер?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ешкім де Кенес өкіметіне қарсы жасырын күрес жүргізген жоқ. Қайта ақ-адал қызмет еттік.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Қазақстанды Кенес өкіметінен бөліп алғыларың келді ғой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ондай күш бізде қайдан болсын!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Күш біріктіру үшін жапондармен байланыс жасадыңдар.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ (*езу тартып*): Жапонды тағы қайдан тауып алдың?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Жалтарма, жапонның шпионы екенінді біз білмейді дейсін бе?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Не айтып тұрсың, өзі, тірі жапонды көрсем көзім шықсын!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Олай болса айтшы, «Хан Кене» спектаклін не үшін қойдырдың?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Қазақтың тарихын өнер арқылы өзіне көрсеткіміз келді. Жастардың содан тәлім-тәрбие алуын қаладық.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Иә, солай, қанішер хан мен қарақшы батырларынды дәріптеу арқылы қазақтардың ұлттық сезімін оятып, орыстарға қарсы қойғыларын келді ғой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ондай ой мүлде болған емес.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: «Хан Кенені» қоюға кім бүйрық берді?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Бүйрық шығарған өзім.

(*Ахмад Тоқтақынов Орынбекті беттеп қойып қалады. Орынбектің тісі сынып, аузынан жылымши қан білінеді*).

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Сен өзі кімді мазақ қып тұрсын? Нұсқау берген Темірбек Жүргенов қой! Ол оны өзі де мойындасты.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Құдай куә, маған ешкім ондай нұсқау берген жоқ.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Құдайды аузыңа көп алады екенсін, кім ол соншалықты күәлік беретіндей?!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Он сегіз мың ғаламды жаратушы жаппар иеміз.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Қайдағы-жоқты сандырақтама, Құдай жоқ. Жалғыз Құдайың – мына мен. (өз кеудесін ұрғыштайды).

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Құдай атады сені!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ (*наганың қолына алып*): Құдайда мынандай қару жоқ, ал менде бар. Құдайыңмен қосып атып тастаймын.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Асып-тасып кеткен екенсін, аяғың аспаннан келіп жүрмесін!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Жетер, иттің баласы, сөзді доғар!

(*Ахмад Тоқтақынов шірене теуіп қалады. Орынбек Бекұлы құлан туғседі*).

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Бәрін бүлдіріп жүрген өзіммін де. Қаныпезер қылмыскерлердің өздері жазадан күтүлу үшін қылмыстарын басқаларға жауып, бастарын ала қашушы еді. Біреудің жасаған қылмысын өз мойнына ала беретін сендей ақымақты көрсем көзім шықсын.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мен – қылмыскер емеспін.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: «Қанатталды» әнінің сөзін не үшін өзгерттің?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Әннің әуені ұнаса да, сөзі көніліме қонбады. Содан аздал қол жүгірткенім рас.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Отірік айтудың асқан шебері екенсің. Бетің бұлк етпестен қисынын келтіріп-ақ жібересің. Эй... эй...эй... Өзінді ән айта алмай қалған бұлбұлға теңеп, ал Қеңес өкіметінің қанаты талды, енді бой жазып ұша алмайды, өзінен-өзі жер бауырлап құлайды дегенді мензеп отырганыңды біз білмейді дейсің бе?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ондай ой миыма кіріп те шыққан емес.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Ақырғы рет ескертемін, егер шындығыңды жасыра берсөн, қолданар жаза қатая түседі, ал қасарыспай, бәрін жайып салсан, жазадан құтыласың!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мен бар шындығымды айттым! Басқа айтарым жоқ.

(*Ахмад Тоқтақынов тағы жуан жұдырығын сілтеп қалауды. Орынбек Бекұлын тағы ұшып түседі*).

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Сен олай қасарыса берме! Осы уақытқа дейін де алдаң келгенің жетер. Бұл саған берілген соңғы мүмкіндік. Соңғы рет жауап аламыз. Егер бұл жолы шындығыңды айтпасаң, Отанын сатқан опасыз ретінде ату жазасына кесілесің!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Отаныма адал қызмет еткеннен басқа не істеппін? Құдай үшін, өлтірсөндер де, қандай қылмыс жасаганымды айтып өлтірсөндерші!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Оны өзің білесің ғой, иттің баласы!

(*Ахмад Тоқтақынов шыдай алмай жуан жұдырығымен Орынбек Бековты қақ маңдайдан ұрып жібереді. Ол шалқалай құлап түседі. Екі жендер көтеріп әкеліп қайтадан отыргызады*).

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Эй, ақымақ, біз саған жақсылық жасағымыз келеді.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Мен сендерден ешуақытта жақсылық күтпеймін!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Қеңес өкіметін құлату үшін құрылған буржуазиялық-ұлттық террористік ұйымға мүше болғаныңды да мойындармайсың ба?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Ондай ұйым болғанын естісем құлағым керен болсын!

(*Ахмад Тоқтақынов құлақ шекеден қойып қалауды. Әбден әлсіреген Орынбек Бекұлы еденге омақаса құлайды*).

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Өзіңе өзінің жаның ашымайды екен! Біз сенсіз де бәрін білеміз. (*есік жақта тұрған қарауылга қарап*) Кіргізіндер!

(Қарауыл шығып кетеді де, бір адамды ертіп қайта кіреді. Орынбек Бекұлы оны бірден таниды. Театрда оның о жағына бір, бұз жағына бір шығып жүретін алаяқ артист).

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ (*оны нұсқап*): Танисың ба?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Танымын.

АХМАД ТОКТАҚЫНОВ: Танысан, айта бер!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Нені?

АХМАЛ ТОКТАҚЫНОВ: Екеуін бірігіп не істегендерінді!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Не істеппіз?

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ (*қызыл артистке қарап*): Мына сұмырай не істегенін умтылып калыпты. Есіне түсіріп жіберіш!

ҚЫЗЫЛ АРТИСТ: 1920 жылы Алашорда үкіметі құлағаннан кейін көшбасшымыз Әлихан Бекейханов: «Біз жеңілдік, бірақ ұлттың сана-сын оятып, мұддесін қоргауымызды бір сәтке де тоқтатпауымыз керек. Ол үшін, большевиктер партиясының катарына өтіп, Кенес органдарына жұмысқа кіріп, куресімізді астыртын жүргізуіміз керек», – деген үндеу тастаған болатын. Осыдан кейін Алашорда үкіметінің мүшелері мен олардың ұстанымын қолдайтын жалынды жастар Кенес үкіметіне түрлі қызметке түрсақ та, оны құлатуды ойлаған жасырын үйымға мүше болдык. Сейтіп, Кенес өкіметіне куресімізді астыртын жалғастыра бердік.

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Бұл үйім қашан құрылды? Оның басында кімдер тұрды?

ҚЫЗЫЛ АРТИСТ: Қазақстандағы ұлтшылдардың басын қосқан бүл үйім 1930 жылы құрылды. Оның басында Тұрар Рысқұлов, Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсыновтар болды. Әлі есімде, сол кезде осы үйімді үйімдастырушылардың бірі болған Сәкен Сейфуллин «Ұлттың тағдыры қыл үстінде тұрғанда қол қусырып қарап отыруға болмайды. Мұндай жағдайда тек ұлттың сатқындары ғана жайбақат отырады. Жүргі ұлтты деп соққан азаматтар ұлт мұддесі үшін күресуі керек. Кім өзін қазақ халқының нағыз ұлымын деп санаса, қандай ортадан шыққанына, қандай партияға мүше болғанына қарамай, Кеңес үкіметіне қарсы бір тудын астында бірігіү қажет» деп жасырын ұран таставы. Темірбек Жүргенов, Сұлтанбек Қожановтар да осы үйімға мүше болып, Кеңес өкіметіне қарсы астыртын жұмыстар жүргізді. Бірде маған Жүргенов өзін қазақ ұлтшылдарының үйіміна Сұлтанбек Қожановтың кіргізгенін айтқан еді. Қожановтың: «Халық қасіret шегіп, ұлттымыз жойылып кету алдында тұр. Сондықтан да ұлтты сақтап қалу үшін ұлтшыл азаматтар астыртын үйім құрдық», – деп кеудесін кергенін, Жүргеновтің: «Өзекті жанға бір өлім. Халқым үшін тіктім басымды бәйгеге. Мен де сендермен біргемін», – деп кергігенін де өз құлағыммен естігем. Орынбек Бекұлын бұл үйімға тартқан Темірбек Жүргенов болатын. Ал Жүргеновке Рысқұловтың өзі тапсырма беріп отырғанын мен жаксы білемін.

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Эй, сен не оттап тұрың?!

ҚЫЗЫЛ АРТИСТ: Не, өтірік пе? Одн да шындығынды мойын-дай салмайсың ба? Сонда жазаң жеңілдейді гой!

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Жазам жеңілдесің деп сен секілді өтірік сайрай алмаймын! Өлсем де шындықты айтып өлемін!

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Өлі де ештең мойындағың келмей ме?

ОРЫНБЕК БЕКҰЛЫ: Айтшы, нені мойындаыйн? Не бұлдіріппін? Мына кәззәптің айтып тұрғанының бәрі жалған. Ешқандай жасырын үйым болған жоқ.

(*Aхмад Тоқтақынов тағы теуін кеп жібереді. Орынбек Бекұлы шалқасынан құлат, қымыл-қозғалыссыз сұлық қалады.*)

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Мынаған дауа жоқ екен! (*қарауылга қарап*) Алып кетіндер, сөз үқпайтын малғұнды! Өз обалы өзіне!

(*Екі милиционер Орынбек Бекұлын екі қолынан сүйреп, алып кетеді.*)

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ (*қызыл артистке*): Бар, жұмысынды жалғастыра бер. Көріп-білгенінді, естіген-түйгенінді күн құргатпай жеткізіп отыр. Тек байқа, біреу-міреу сезіл қоймасын! Енбегін міндетті түрде ескеріледі! (*сейфін ашып, бір бума ақша ұсынады*) Әзірше, мынаны ала тұр, қалғанын кейін есептесе жатпымыз.

ҚЫЗЫЛ АРТИСТ: Отан – Анама қызмет етуте қашанда дайынмын! Кенес өкіметін құлатуга ешқашан жол бермеймін!

(*Қызыл артист емдең қагып шығып кетеді. Ахмад Тоқтақынов ойланып отырып қалады.*)

АХМАД ТОҚТАҚЫНОВ: Мына иттін шындығын қалай айтқызуға болады?! Мүмкін емес-ау, бірақ бәрібір жазадан қашып құтыла алmas. Құтқармаспыш! Енді қайыра жауап алудың түкке де қажеті де жоқ. Бәрібір ештене айта қоймас. Қанша азаптаг-қинадық, айтса, осы уақытқа дейін айтар еді-ау! Шындығын айтпақ түгіл, тірі жанның атын атамайды. Жүрек жүтқан пәле екен! Ұрып-соққаннаң да, жазадан да, тіпті өлімнен де қорқатын түрі жоқ. Бұралқы иттей қынсылатып атып тастау керек!

ЖЕТИНШІ КӨРІНІС

Тұн. Ай жарық. Жендертер ату жазасына кесілген Орынбек Бекұлын айдалага сүйрелеп алып келеді.

1-САҚШЫ: Темірбек Жүргенов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жан-сүтровтерді осы жерде қан қаптырдық емес пе?!

2-САҚШЫ (*қалымен көрсетін*): Иә, әнә, ана тұс қой.

1-САҚШЫ: Жүр, сол жаққа барайық.

2-САҚШЫ: Бәрібір емес пе?!

1-САҚШЫ: Жүр... жүр... Сол тұс ыңғайлырақ... Сен атасың гой, иә!

2-САҚШЫ: Сен ше?

1-САҚШЫ: Кейінгі кездері қолым қатты дірілдейтін болып жүр...
Не болғанын өзім де білмеймін, мылтық ұстасам болды, тұла бойым
түгел қалышылдап кетеді. Әйтпесе, өзім-ақ қақ шекеден қақшитар едім.
Өзің де білесің, талайды сесспей қатырдық қой!

2-САҚШЫ: Атаңа нәлет, атсам, атайын, жұмысымыз ғой! Осымен
нан тауып жүрген жоқпызы ба?! Әй... әне... (*сұқ sausaqымен нұсқап*) Ана
бір тұсқа апаршы.

1-САҚШЫ: Қазір, басеке... қазір... (*Орынбек Бекұлын алдыңғы жақ-
қа сүйрелеп апарады*) Дайын!.. Ата берсең болады!

2-САҚШЫ: Қазір... қазір...

(*2-Сақшы мылтығын кезене беріп, шуріппені басып қалады. Орынбек
Бекұлы жасап ете түседі*).

2-САҚШЫ: Тиді ме?

1-САҚШЫ: Мұрттай ұшты ғой, әйтеуір. Жаңа атып жүрген жоқ-
сың ғой, мұлт кетпеген шығарсың!

2-САҚШЫ: Сонда да сенімді болу үшін қақ мәндайдан тағы бір рет
қақыратайын!

(*2-Сақшы етпептей құлаган Орынбек Бекұлын аударып, шалқасы-
нан жасатқызыады да, мылтықтың аузын қақ маңдайына тіреп қойып,
тағы да шуріппені басып қалады. Мылтың дауысы шаңқ ете қалады.
Дүние шыр айналғандай «Қанатталды» әні айтылады зарлы дауыспен...
Сақшылардың дауысы осы әннің ортасында беріледі*).

2-САҚШЫ: Енді сесспей қатқан шығар. Ана шұңқырға апарып көме
салайық.

*Екеуі мәйітті екі жасағынан көтеріп әкеліп шұңқырға тастай салады
да, қолдарына курек алып, топырақпен көме бастайды. Бір кезде шашы-
лып жасатқан бірдеңелерді көріп қалады.*

1-САҚШЫ (урейленіп): Әй, не ана қарайғандар?

2-САҚШЫ: Қайсы?

1-САҚШЫ: Әнен, ана жерде шашылып жатқан...

2-САҚШЫ (бір-екі аттан): Ой, атаңа нәлет, адамның сүйектері ғой...
Мәссаған, мынаны қара, біреудің басы шығып қалыпты... Кімдікі екен, ә?

1-САҚШЫ: Кімдікі екендігінде не ақың бар?! Қайсыбірін түгендеп
жүресің, оданда тездетіп тайып түрайық. Бұл маңайда жемтік іздеген ит-
құстар көп жүреді.

2-САҚШЫ: Ойбай, құрысын, кеттік!

1-САҚШЫ: Кеттік!

(*Екеуі бірінің артынан бірі ілесіп, қою қараңғылыққа сіңіп, көзден
гайып болады*).

Соңы



KEK



ҚАТЫСУШЫЛАР:

Жандарбек

Азамат

Жанат

Санат

Зәмзия

Элса Махмаканов – отағасы

Хава – отанасы

Могамед

Тахир

Амир

Шамил

Садо

Зелимхан

Хаджымұрат

Нажмутдин – балалары

Алик Шпекбаев – Ішкі істер министрінің орынбасары

Төлеген Иманбаев – Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының прокуроры

Багдат Майкеев – Алматы облыстық Ішкі істер департаментінің бастығы

Саймасай Жакупов – Алматы облыстық Ішкі істер департаменті бастығының орынбасары

Жақсылық Алтынбаев – Еңбекшіқазақ аудандық Ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары

Б. Арғынбаев – тергеуші, полковник

БІРІНШІ КӨРІНІС

«Ботакөз» кафесі. Шеткі столда шешен жігіті мен қазақ қызы бір-біріне қараша-қарсы қарал, сөз таластырып отыр. Алдарында жартылай сусын құйылған екі стақаннан басқа ештеңе жоқ. Оң жақ терезе жақтағы оңашалай столда Жандарбек пен Азамат есімді екі қазақ жігіті кеседегі курең шайдан ақырын ұрттап қойып, әңгіме-дужен құрып отыр. Даияны қыздың олармен шаруасы жоқ, қалта телефонына үчіле түскен. Кенет, шешен жігіті жыны соққандай ақырып қалып, қызды әке-шешесінен сықыртып боқтай жөнелді. Даияны қызы шошып кетіп, сасқанынан телефонын қалтасына сұңғітіп жіберді. Жандарбек пен Азамат та жалт қарасты, бірақ, сабыр сақтап, салқынқандылық танытты.

МОГАМЕД: Неменеге ежірейе қарайсындар? Адам көрмеп пе едіндер?

ЖАНДАРБЕК: Эй, бауырым, қойсаншы енді, жалғыз отырған жоқсың гой!

МОГАМЕД: Не? Бүйрық беретін сен кімсің, өзі?! Әрберден соң бұл біздің жекеменшік кафеміз. Не істейміз, өзіміз білеміз, ешкім де бізге тыым сала алмайды. (*Саусагын шошайтып*) Ал, сен, аузынды жауып, жайыңа отыр.

ЖАНДАРБЕК: Кафе сендердікі болғанмен, көпшілік орын екенін ұмытпа! Оның үстіне біз сендердің тұракты клиенттеріндіз гой!

МОГАМЕД: Сендер клиент болып қайбір жарытам дейсіндер! Көп болса, бір-екі мың теңгеге отырарсындар.

ЖАНДАРБЕК: Есінде болсын, біріншіден – ақша тыыннан құралады, екіншіден – сауданың заңы бойынша клиентті ешуақытта ренжітүге болмайды. Себебі, қашанда клиенттікі дұрыс болып шығатынын билетін шығарсың!

МОГАМЕД: Өз ақылың өзіңе...

АЗАМАТ: Жәүке, қойшы соны. Ақымақпен ақымақ болып қайтесін!

(Жандарбек досының айтқанына көніп, түзеле бергені сол еді, өректи түскен шешен жігіті ақыра атып тұрып, қызды отырған жерінен бетінен шапалақпен шарт еткізіп, орындығымен қоса тоңқалаң асырады. Еденге басымен құлаган қыздың жандардаусы шықты. Қызба мінезді Жандарбектің қаны басына шапшып, орнынан атып тұрды).

ЖАНДАРБЕК: Эй, бұның не, еркек деген атың бар емес пе, қойсаншы енді?!

МОГАМЕД: Эй, маған әңгіме айтатында, сен кімсің соңшама?

ЖАНДАРБЕК: Қыз баланы осылай ұруға бола ма екен?

МОГАМЕД: Неге болмайды! Бұл – менің болашақ қатыным. Күшрыйп жесем де, өзім білемін. Шатағың болмасын!

ЖАНДАРБЕК: Болашақ жарың болғанмен, біліп қой, менің – қарындасым.

ЗӘМЗИЯ (*Жандарбекке*): Аға, рахмет сізге, бірақ арамызға түспей-ак қойынышы! Бұл – біздің жеке шаруамыз ғой!

ЖАНДАРБЕК: Айтқаның болсын, қарындасым! (*бұрыла береді*)

МОГАМЕД (*Жандарбекті иегімен нұсқай*): Мынауың кім?

ЗӘМЗИЯ: Жандарбек ағай ғой!

МОГАМЕД: Саған оның қандай қатысы бар. Қасындағысы үн-түнсіз отыр ғой.

ЗӘМЗИЯ: Мектепте дене тәрбиесінен сабақ берген мұғалімім ғой.

МОГАМЕД: Бәсе, енді түсінікті болды. Шыр-пыры шыққанына қарағанда, біз білмейтін бір құпияларың бар ғой, тегі.

ЗӘМЗИЯ: Ойың неткен жаман. Құдай куә, ешқандай құпиямыз жок. Ағам ғой!

МОГАМЕД: Мені алдай алмайсың!

ЗӘМЗИЯ. Могамед, саған не болған, қойсаңшы енді. Адамның жанжурегін жаралап, жазықсыздан-жазықсыз күйдіре бермесенші.

МОГАМЕД: Сырың мәлім ғой!

ЗӘМЗИЯ: Сонымен не айтпақсың!

МОГАМЕД: Сенің менен не дәметіп жүргенінді айтам.

ЗӘМЗИЯ: Иә, не дәметіп жүр екенмін?

МОГАМЕД: Өтірік макұлық бола қалма!

(*Қыз на мыстанып жылап жібереді*).

ЗӘМЗИЯ: Есің дұрыс па, не деп тұрсың, өзі? Неге осынша өзгеріп кеттің? Мен сені танымай тұрмын, Могамед. Бар кінәм жан-тәніммен жақсы көргенім бе?

МОГАМЕД (*мысқылмен*): Сенің мені емес, нені жақсы көретінінді де білем ғой...

ЗӘМЗИЯ (*жыламсырап*): Могамед...

МОГАМЕД (*өршеленіп*): Өтірік сыйсима! Қазір көзіңнің сорасын шын ағызамын!

ЗӘМЗИЯ (*шырқырап*): Ағыз!..

МОГАМЕД (*ақырып*): Ағызамың, қаншық, ағызамын!

(*Могамед қызды қайыра шапалақпен тартып жіберіп, мұрттай үшінрады. Баганадан бері бәрін жіті бақылат отырган Жандарбек орнынан атып тұрып, Могамедтің кеудесінен итеріп қалады. Екеуді төбелесе кетеді. Жандарбек ашумен Могамедті ұрып жығып, астына басып тәмпештей бастайды. Басынан ауыр соққы тиген Могамед талмаусырап, қимыл-қозғалыссыз қалады. Сол кезде даяши қыз телефо-*

нымен әлдекімге қоңырау шалып, болған жайтты жсанұшыра хабарлап жатады. Қөп уақыт өтпей-ақ коғеге үш шешен жігіті асыға-аптыға басып кіріп келеді. Олар бірден Могамедті жерден көтеріп алып, орындықта отыргызылады да, оның денесін ауырсынып, ыңғырсығанына да қарамастан, Жандарбек пен Азамат отырган тұсқа ентелеп жетіп келеді).

ТАХИР: Бауырымызды соққыға жыққан кім?

ЖАНДАРБЕК (жалт бұрылып): Мен.

ТАХИР: Неге?

ЖАНДАРБЕК (қырсығып): Оны өзінен сұрандар.

(Осы кезде қыз жүргіріп келеді де, арапарына тұра қалады).

ЗӘМЗИЯ: Бәріне кінәлі – мен. Жандарбек ағайдын еш кінәсі жоқ.

ТАХИР: Сен қанышқа былай тұр! (Зәмзияны итеріп жібереді). (Жандарбекке) Эй, әкен, бері шық, бауырымызды ондырмай соққыға жығатындай қай әкенің құны бар еді?! Көрсетейін мен саған ұрғанның қалай боларын!

ЖАНДАРБЕК (қабагы қатуланып): Не істей аласың маған?

ТАХИР (ақырып): Бауырма не істесен, соны істеймін, иттің баласы!

(Taxip Жандарбекке жұдырық сілтеп қалады. Бірақ, ол жалт беріп, соққыдан жалтарып кетеді. Сонда да қоймай, Жандарбекке жұдырығын оңды-солды сілтей бастайды. Оның бір-екеуі денесіне дарып, жыны ұстаган Жандарбек жуан жұдырығымен иек астынан бір ұрып мұрттай ұшырады. Ашуга булыққан Taxip қалтасынан тапаншасын суырып алып, аузын Жандарбектің кеуде тұсына тақайды).

ЖАНДАРБЕК: Айдың-құннің аманында қаруға жүгіну ер жігітке жа распас. Таста тапаншанды. Еркек болсаң, жекпе-жекке шық.

ТАХИР: Ақымақты тапқан екенсін! Енді мәнен қашсаң да құтыла алмассың! Сазайынды тарқызармын!

(Ол тапаншаның тубімен Жандарбектің маңдағынан бір қойып, ұшырып түсіреді. Тапаншасын кезене беріп, тағы теуіп қалады. Жандарбек атып тұрып, оның қолындағы тапаншага жармаса кетеді. Taxip сыйылып шығып, қайтадан тапаншасын кезене жақындаи түседі. Жандарбектің аяғын көздей беріп атып қалады, ол жан дауысы шыға тізерлей отыра қалады. Осынау оңтайлы сәтті пайдаланып қалуга тырысқан үш шешен жігіті Жандарбекті ортага алып, бас-көз демей төмпештей бастайды. Азамат та жетіп келіп, арага түседі. Шешен жігіттері оны да ұрып-сөғип, аяусыз тәпкінің астына алады. Қыз да болса, Зәмзия жсанұшырып арага түседі. Бірақ шешендер оның да жасалынышты сөзін құлактарына іле қоймайды, қайта біреуі қатты жүлкып, шетке қарай итеріп жібереді).

ЗӘМЗИЯ: Қойсандаршы, не көрінді осыншама тепкілеп, мал емес қой!

ТАХИР: Аузынды жап, қанышқа. Енді Могамедке жоласан, шашынды жұлып, қолыңа беремін! Ұқтың ба?

(Зәмзия үнсіз қалады. Жандарбек пен Азаматты аяусыз ұрып-согып, қан-жоса қылған шешендер есін жиып алған Могамедті сүйемелден түргезып, жөндеріне кете барады).

ЗӘМЗИЯ: Жандарбек аға, «жедел жәрдем» шақыртайын ба?

ЖАНДАРБЕК: Жок, айналайын, керегі жок.

ЗӘМЗИЯ: Аяғыныздан қан сорғалап түр ғой! Ауруханаға бармасаңыз болmas.

ЖАНДАРБЕК: Дәрігерге барсан сұрактың астына алып, әбден тергеп-тексереді ғой. Үйде-ақ емдеп жазып алармыз. Мына қандары сүйкіттірдін аулактау жүрсөнші, қарындасым!

ЗӘМЗИЯ: Махабbat жас та, ұлт та таңдамайды ғой, аға! Жақсы көріп қалсаң қызын екен!

ЖАНДАРБЕК: Сезімнің өзі өткінші ғой! Ана иттің баласы, бай болып жарытпас! Ойлансаңшы, қарындасым!

ЗӘМЗИЯ: Ойланудан етіп кеттік, ағасы.

ЖАНДАРБЕК: Сол сенің сондай асыл сезіміңе лайық па?! Тен-теңімен демей ме, қазақ жігіттері құрып қалған жоқ кой! Құдайға шүкір, осы ауылда да толып жүр. Шешендердің әйелдеріне қалай қарайтынын өзің де білесің. Өзгенің емес, өз қазағының ұрпағын көбейтсөнші, ай-налайын! Анаған қүйеуге шықсан, басыңнан әңгіртаяқ арыла қоймас, әрі ұрпағың да жат болып кетеді. Ойлан, қарындасым, өз болашағынды ойла!

ЗӘМЗИЯ: Туу, аға, басымды ауырта берменізші! Сізсіз де акыл айтқыштар жетеді. Өмірдің қызығы мен шыжығы қатар жүреді ғой. Ол сіз ойлағандай жаман жігіт емес. Тек өзім қытығына тиіп, ашуландырып алғаным.

ЖАНДАРБЕК: Өзің білесің ғой, қарындасым. Біздікі жанашырлық сез ғой, көңіліңе алма.

ЗӘМЗИЯ: Түсінемін, аға!

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Элса Махмакановтың кең әрі еңсөлі үш қабатты үйі. Ағайынды Тахир, Амир, Шамил, Садо, Зелимхан, Нажмутдин Махмакановтар оңаша жиналған. Могамедті ортага алған.

ТАХИР: Кімнің жел беріп жүргенін білмеймін, кейінгі кездері қазақтарға жал біте бастады. Бұрындары арттарын қысып, мыштай болп жүруші еді.

ЗЕЛИМХАН: Тәуелсіздік алып, Құдайлары берді ғой! Шынында да, лезде-ақ өзгеріп шыға келді. Өздерін ел мен жердің қожайыны секілді ұстайды.

САДО: Ол енді шындық қой. Қалайық, қаламайық, енді бұл елдің де, жердің де иесі қазақтар екенін мойындауымыз керек.

ТАХИР: Қазақстан – қазақтардің болғанымен, бұл ауылдың қожасы – біз ғой. Айтындаршы, қарсы тұрар кім бар?! Ашсақ алақанымызда, жұмсақ жұмырығызыда ұстаймыз.

САДО: Тахир, олай шатылма. Қазақтар, әрине, момын, көнбіс халық. Бірақ, мен олардың табиғатын жақсы білемін, бір көтерілсе, тоқтату қыны, дүниені төңкөріп тастайды. Оны сексен алтыншы жылғы желтоқсан көтерілісінен-ақ анық байқауга болады. Тыныштық керек болса, беталды ерекпи бермей, бір жерлерінді қысып жүріндер. Ұқтындар ма?

ТАХИР: Қазақтарды білеміз ғой, не істей алар дейсің?! Құр сасық кеуде, ас ішіп, аяқ босатуды ғана білетін арамтамақтар. Қантсыз қара шай ішіп қаңсып отырса да, пансып отырады.

САДО (әзілде): Тахир, сенімен қазақтардың арасы тым ушығып кетілті ғой! (ду қуладі) Қой, олай болмайды. Біз оларды күш көрсетіп қорқыта алмаймыз. Ендігі кезекте сыйласып өмір сүруіміз керек.

ТАХИР: Олар қорыққанын ғана сыйлайды, ал сыйлағанды басқаша түсінеді.

САДО: Жетер енді! Мен қазақтарды нашар халық деп айта алмаймын. Жамандауға аузым бармайды. Қазақстанға алғаш айдалып келгенде қазақтардан қандай жаксылық көргендерін ата-әжеміз, әке-шешеміз жыр қылышпайтып отырушы еді ғой. Оны да ұмытпандар! Ендеше, ауыз өзімдік екен деп, құр босқа көки бермендер.

ТАХИР: Қазақтар – қызғаншақ, біздің өстіп жүргенімізді де көре алмайды.

САДО (саусағын жайып): Қарашы, бес саусақ бірдей ме, әрине, халық болған соң, жақсысы да, жаманы да болады. Бәрі бірдей болуы мүмкін де емес, оған түсіністікпен қарau керек.

ТАХИР: Түсіністікпен қараймыз деп, есемізді жібере беруіміз керек пе?! Мәселен, кеше Могамедті жазықсыздан-жазықсыз соққыға жығыпты.

ШАМИЛ: Атана нәлет, кім – ол? Көзіне көк шыбын үймелетейін!

САДО: Қойындар дедім ғой, ешкім жазықсыз соқтықпайды. Соқтықса, бізге неге соқтықпайды осы?! Могамед, айт, не бұлдірдің?

МОГАМЕД: Алланың атымен ант етейін, ештеңе бұлдірген жоқпын. Қызыннан кафеде отырганмын, өздері келіп килікті.

САДО: Өтірік соқпа, қалай қараптан қарап соқтығады-ей?

МОГАМЕД: Қызыннан сезге келісіп қалышпайтын, соған жақтасып, қызылкөзденіп шыға келгені.

САДО: Мен саған айттым ғой, ол қызбен байланысынды үз деп. Қазақтың қыздарында нелерін бар, өзіміздікі жетпей ма?!

ЗЕЛИМХАН: «Бәріңе бірдей қыз қайда» дегендей, бәрімізге бірдей шешеннің қызы қайдан табылсын!

САДО: Іздесендер табылады. Тіпті, Қазақстаннан таппасаңдар, елден алып келіндер.

МОГАМЕД: Мен ол қызбен үйлену үшін жүргіп жүргем жоқ қой.

САДО: Енді ше?

МОГАМЕД: Қалай десем екен, жәй әшейін уақыт өткізіп, көңіл көтеру үшін.

ЗЕЛИМХАН (*жынысқылана жынысын*): «Жату үшін» деп шыныңды айтпайсың ба? (*Ду күліседі*)

САДО: Басың істей ме, сенің?! Ол да біреудің мәпелеп өсірген, алакандарына салып аялап отырған қызы емес пе?! Қыз баланы олай корлауға болмайды. Ойнаймын деп, от басып алсаң қайтесің? Көңіл көтергеннің көкесін сонда көрерсің!

МОГАМЕД (*жынысын*): Сактанамыз ғой!

САДО: Жиырма алтыдан астың, енді бұлай сыйбай-салтаң жүре беруге болмайды. Жақсы қыз тауып, отау құрудың қамын ойластыру керек. Құдайға шүкір, ағаларың бар, бәрін өзіміз көтеріп аламыз. Солай, бауырым, ойлан!

МОГАМЕД: Сорымызға қарай сол жақсы қыз кезікпей жүр ғой.

САДО: Жақсы қыз кезіксін десен, алдымен женіл жүрістерінді тый.

МОГАМЕД: Ол қыын шаруа емес қой. Бірақ...

(*Осы кезде Жанат пен Санат есімді еki қазақ жігіті келіп кіреді*).

ЖАНАТ: Ассалаумағалейкум!

САДО: Үагалейкумассалам! Хош келдіңдер! Төрлетіңдер!

(*Жанат пен Санат бәрімен қол алысын амандастып, төрге озады*).

САДО: Иә, мал-жан аман ба?

ЖАНАТ: Кеудемізде жан болғандықтан, малымызды даулай келіп тұрмыз.

САДО (*абдырап*): Не боп қалды соншама? Айтарларыңды ашып айтсандаршы!

ЖАНАТ (*қабагы қатуланын*): Біздің ала сиырды сенің бауырың атып тастапты. Көлдің жағасында аяғы көктен келіп теңкіп жатыр.

САДО (*жан-жасына қарап*): Кім атты?

НАЖМУТДИН: Мен.

САДО: Неге?

НАЖМУТДИН: Біздің көлге қайта-қайта келе береді. Маңайын жайпап, тышып-сийп жағалай бүлдіреді. (*Жанатқа қарап*) Біз сендерге «малдарыңа ие болындар» деп, бір емес, бірнеше мәрте ескерттік қой. Ол – біздің көл. Оның маңайына бөтен мал жайылуға, су ішуге болмайды.

ЖАНАТ: Көлді сендер арқалап әкелген жоқ шығарсыңдар. Оған иелік етуге ешқандай құқтарын жок. Аудандық әкімдіктің сендерге оны қалай жекешелендіріп бергеніне таңымыз бар.

НАЖМУТДИН: Қалай десендер де, енді ол біздің жеке меншігіміз. Керек болса, құжаттарын көрсетейін. Аудандық әкімшілік ол жерді көлімен қосып біздің еншімізге беріп, заңмен бекітіп берген.

ЖАНАТ: Біз оны әділетсіз шешім деп есептейміз. Әрі оның қүшін жоюды талап етеміз.

НАЖМУТДИН: Енді оны ешкім де өзгерте алмайды. Қазір қағаз сөйлейді. Бұдан былай ол жерге бөгденің малы жайылмайды. Социалистік кезеңіндегідей бәріне ортақ деген түсініктерден арылатын уақыт жетті. Қазір біз «ортак өгізден – онаша бұзауым артық» дейтін капиталистік қоғамда өмір сүріп жатырмыз.

ЖАНАТ: Малдың аты мал емес пе, сөз ұға ма?! Біз «ол көлге жолама» деп қалай ескертіп қоямыз.

НАЖМУТДИН: Қисық-қыңыр сөзді қойып, малдарыңа ие болыңдар. Ал, айтқанды құлактарыңа ілмейді екенсіндер, малдарыңың обалы өздеріңе.

ЖАНАТ: Жетісіп қапсындар! Бұрын ауылдың бар баласы бір мезгіл көлге шомылып, мәз-мәйрам болушы еді. Оларды да қарумен қуалап, маңайына жоламастай еттіндер. Ал, өз балаларың күні бойы сонда жүреді. Сонда сендердікі бала да, басқанікі шала ма?! Енді мал аяғын баспасын дегендерің не сүмдышк?! Құдайдың жері мен сүйн аяйсындар ма?

НАЖМУТДИН: Не деген сөз ұқпайтын адамсың, айтып тұрмын ғой, ол жер бұдан былай – біздікі.

ЖАНАТ: Эй, қызталақ, не шатып тұрсың, әкеннің арқалап әкелген жері жок, жер де, көл де – біздікі.

НАЖМУТДИН: Әрине, арқалап әкелген жок, бірақ осы кеншарға енбегі сіңген соң берілді.

ЖАНАТ: Сонда не, біздің әке-шешелеріміздің еңбегі сіңбеп пе?! Жок әлде, сендердің қалай алғандарыңды білмейді дейсіндер ме?! Керек болса айтайын, аудандағылардың аузын майлап, пара беріп, сатып алдыңдар. Бұл – сендердің қандарыңа сіңген қасиет.

НАЖМУТДИН: Эй, Жанат, аузыңа ие бол! Қалай алсақ та, алдық қой. Енді оны бізден ешкім тартып ала алмайды. Біздің айтқанымызды орындағаннан басқа, ештеңе істей алмайсындар.

ЖАНАТ: Олай құр босқа күмпие берме, керек болса, бір-ақ күнде тартып аламыз. Одан да сөзді көбейтпей, сиырымды төлеп бер.

НАЖМУТДИН: Төлей алмаймын. Қоранда байлаулы тұрған жерінде атып өлтірген жоқпын.

ЖАНАТ: Төлейсің, төлемей, қайда барасың!

НАЖМУТДИН: Төлемеймін, дәмеленбей-ақ қой!

ЖАНАТ: Онда өзің біл, жалынбаймын, алдарыңнан өттік. (*Санатқа*) Санат, жүр кеттік, бұлар сөз ұғудан кетіп қалыпты. Ұғатын тілдерінде сейлесерміз!

НАЖМУТДИН: Қандай тілде болсын сөйлесуге дайынбыз. Сиырынды даураймын деп жүріп, өз басыңың қайда қалғанын білмей қалып жүрме!

ЖАНАТ: Атана нәлет, көзің шелденген екен!

НАЖМУТДИН: Жоғалышы-ей, сүмелек!

ЖАНАТ: Эй, сілімтік...

(Жанат Нажмутдинге жұдырығын ала тұра ұмтылып еді, Садо жолын кес-кестеп тоқтатады).

САДО: Койындар-еý, бір ауылда тұрып бұларың не?

ЖАНАТ: Оны ана сиыр атқыш бауырына айт!

НАЖМУТДИН: Әй, сиырының емес, өз жанынды олжалап бара жатқаныңа шүкірлік ет.

ЖАНАТ: Қара да тұр, істегеніңді мойныңмен көтеретін кез келеді!
Мен мұны аяқсыз қалдырмаймын.

(Жанат пен Санат ашуланып шығып кетеді).

САДО: Нажмутдин, есің дұрыс па, біреудің сиырында нең бар-еý?

НАЖМУТДИН: Айтқан сезімді құлақтарына ілмесе, енді не істеймін, айтудай-ақ айттым, ескертудей-ақ ескерттім. Қазақтармен осылай сөйлеспесен, басқаша түсінбейді.

САДО: Көп сөзді қой да, іс насырға шаппай тұрганда мыналардың ақысын бер. Естіп тұрсың ғой, не деп кеткендерін. Бір пәлеге ұшырап қалып журмейік.

ШАМИЛ: Садо, сен осы неге жалпақшешейлене бересің?! Көр де тұр, егер біз оның сиырын төлеп берсек, қазақтар тіптен басымызға шығып алады.

АМИР: Соны айтамын! Егер төлемей қойсақ, басқалар да аяктарын тартатын болады. Өздері-ақ малдарына ие болады!

САДО: Естерінде болсын, ол көлдің шын иесі – қазақтар. Жер де – қазақтікі. Эрине, біз ебін тауып алуын алдық. Бірақ ертең шу шықса, қайта тартып алуы да ғажап емес. Сондықтан, көп сөзді қойып, сиырының ақысын төлеп күтіліндар.

НАЖМУТДИН: Дәметпей-ақ қойсын, көк тиын да бере алмаймын!

ШАМИЛ: Берудің қажеті жоқ.

САДО (*қолын бір сілтеп*): Тілазарлық жақсылыққа апармайды. Кесірлерің әuletімізге тиіп кетіп журмесін.

НАЖМУТДИН: Бізге кім не істей алады дейсің?! Көлеңкелеріңнен корқа бермендерші!

САДО: Жарайды мен қойдым! Білгендерінді істендерші!

ҰШІНШІ КӨРІНІС

Сауна. Жалаңаша денелеріне жеңіл ақ ҳалат күіп алған Могамед пен Зәмзия ауыздары ауыздарына жүқпай, самылдай сөйлесіп отыр. Әмірге дән риза, көңілдері жарасқан, мәз-мәйрам. Алдарындағы столда тұздалған балық пен сыраның бөтегелкелері тұр.

МОГАМЕД: Өткендеңігіне ренжіп қалдың ба, көгершінім? Ашуланғанда өзіме-өзім есеп бере алмай қаламын, кешірші, жаным!

ЗӘМЗИЯ: Сен бар ғой... кейде адам танымастай өзгеріп кетесің. Мінезің қызық.

МОГАМЕД: Бірде көл, бірде шөл дейсің гой. Енді Құдайым солай жа-ратса, қайтейін!

ЗӘМЗИЯ (еркелеп): Иә, сен сондайсың! Бірде көкке көтересін, біресе жерге лактыра салып, таптап кете барасың. Талай жыллаттың да, сонда да сені жақсы көремін. Иен үйге алдан апарып, алғаш тиіскенінде-ақ өзіме-еziм қол жұмсағым келген. (көзіне жас алып) Бірақ, мына жарық жалған мен кеудендеңігі шырылдаған жан тым тәтті екен гой!..

МОГАМЕД: Қойши, жаным, оның бәрін еске түсіре беріп қайтесін. Мен сені сол үшін де сыйлаймын. Періштедей пәк едін. Әппақ тәнінді армансыз аймалаған алғашқы еркегің болдым. Кейде өзімді сол үшін кінәлаймын да. Өтер іс өтті, бояуы сінді, оны қайталап айта бергеннен ештеңе өзгермес. Көр де тұр, ертең-ақ жамандықтың бәрі ұмытылып, сәулелі сәттер ғана есте қалады. Мен сені әлі бақыттың бал шуағына бөлеймін. Сен дүниедегі ең бақытты әйел, ең бақытты ана боласың!

ЗӘМЗИЯ (көңілі босап): Сенсіз өмірімді елестете де алмаймын, жаным!

(*Қызы назданып жігіттің алдына басын қояды. Да осы кезде баса-көктеп бес-алты қазақ жігіті кіріп келеді. Түстері сұық, қабақтары қатулы. Қызы шошып, алақап орнынан атып тұрады. Могамед шалқайған күй мізбактай отыра береді.*)

ЖАНДАРБЕК: Охо, отырыстарың жайлыш екен! Құнәға белшелеріңнен батып, соны сумен шайып отырсындар ма?! Адамнан ұялмасаңдар да, Құдайдан қорықпайсындар ма?

МОГАМЕД: Құдайдан қорқатындей не бүлдіріппіз?! Жай әшейін демалып отырмыз.

ЖАНДАРБЕК: Демалатын жерді тапқан екенсін, екен. Қазақтың қыздарын қолжаулық қылғанды қашан қоясындар?

МОГАМЕД: Кім қолжаулық қылыпты?

ЖАНДАРБЕК (Зәмзияны нұсқап): Қасындағы қазақтың қызы емес пе?

МОГАМЕД: Ол менің болашақ жарым.

ЖАНДАРБЕК: Өтірік сокпа! Саунаға апаратын қыздарынның бәріне бірдей үйленбейсің гой, енді.

МОГАМЕД: Саунаға кіммен барамын, не істеп, не қоямын, өзім білемін. Айдауда жүрген жоқпын, өз еркім өзімдегі адаммын.

ЖАНАРБЕК: Енді еркіңнен айрылып, барса-келмеске айдаласын! Сендей күнәһарларды өзіміз-ақ қатаң жазалаймыз. Құдайға шүкір, оған құш-құдіретіміз толық жетеді.

(*Жандарбек жуан жұдырығымен Могамедті кеудеден бір ұрады. Ол ұшып түседі, жалма-жсан атып тұрып тұра ұмтылады. Бірақ, Жандарбек теуіп қалып, тағы шалқасынан түсіреді. Басын көтере бергенде жуан жұдырығымен тағы періп жібереді.*)

ЖАНДАРБЕК: Қазақты басынған қалай болады екен?

(Могамед айтысын-тартысын она таппасын сезді ме, алга шықыдаі емес, арыны басылып қалған. Үн-тұңсіз құтылууды жөн көрген сияқты. Жандарбек жақындан келіп, тағы да теуіп қалады).

ЖАНДАРБЕК: Қашан қоясындар деймін?

МОГАМЕД (мұрнының астынан міңгірлеп): Нені?

ЖАНДАРБЕК: Қазақ қыздарын мазак қылғанды.

МОГАМЕД: Ондай ойым жоқ, болған да емес. Қараптан қарап пәле жаппа!

ЖАНДАРБЕК: Әлі-ақ бәрін өзің мойындайсың! Сандуғаштай сайрайсың!

(Жандарбек тағы да жуан жұдырығымен бас-көзге төпелеп-төмпештейді. Соққыға шыдай алмаған Могамед ыңғыры бастайды).

МОГАМЕД (дірілдең-қалишылдан): Сонда мен не істеуім керек?

(Жандарбек тағы теуіп-теуіп қалады).

ЖАНДАРБЕК: Не істеу керектігін сен жақсы білуге тиіссің!

МОГАМЕД: Айтқандарың-ақ болсын!

ЖАНДАРБЕК (жұдырығын түйіп): Егер уәденді орында масаң, енді жақсылық күтпе. Айтқаным айтқан, енді осылай кезіксең, артық етінді кесіп аламын! Ұқтың ба?

МОГАМЕД (жуңі жығылған): Ұқтым!

(Жандарбек енді бұрышта судан шыққан сарыұнақтай сүмпіп түрган Зәмзияға жақындаиды).

ЖАНДАРБЕК: Қарындасым, бұның не? Ардан аттап, ұтттан безіп кеткенің қалай?

ЗӘМЗИЯ: Ол – менің болашақ қүйеуім. Одан қандай жамандық көріп тұрсындар?

ЖАНДАРБЕК: Мына сұжүкпас сұмырайдың сені қатын ғып аларына қандай кепілдік бересің? Катын ғып алғанның өзінде, бай болып жарайтпас. Түсінесін бе, бұл кәzzап, сені алдап, мазак етіп жүр.

ЗӘМЗИЯ: Біз бір-бірімізді жақсы көреміз.

ЖАНДАРБЕК: Есінде болсын, қарындасым! Біз – ақымақ емеспіз. Егер қыз бен жігіт болып шынайы көніл қосып жүрсендер, кімнің не ақысы бар?! Мына жеңіл жүрістерің тіptен ақылға қонбайды, шектен шыққандық. Үйлену тойларың болмай тұрып, ерлі-зайыптыдай саунаға баруға бола ма екен?! Ал, егер ертең ажырап кетсендер қайтесіндер? Түк болмағандай басқа бір жігітпен саунаға бара бересің бе? Осыны түсіндірші, маған!

ЗӘМЗИЯ: Әрине, бұл жүрісіміз дұрыс деп айта алмаймын, бірақ соншалықты трагедия жасаманызышы.

ЖАНДАРБЕК: Қазақ қызы қашаннан беті ашылмай сауналатып жүруші еді? Бұл – трагедия емей, немене? (дауысын көтеріп) Сен өзіңнің ғана емес, бүкіл қазақтың да ар-намысын аяққа таптап тұрсың! Ендігәрі осындај жерде көрсек, бізден аяушылық күтпе! (ақырып) Ұқтың ба?

ЗӘМЗИЯ (зәресі ұшып): Ұқтым!.. (жылап жібереді).

ЖАНДАРБЕК (*Могамедке*): Ендігөрі қазақ қызымен саунада ұстасак, еш жақсылық күтпе! Ұқтыңба?

МОГАМЕД (*мұрнының астынан міңгірлеп*): Ұқтым!

ЖАНДАРБЕК (*серіктеріне*): Кеттік! (*шығып кетеді*).

ТӨРТИНШІ КӨРІНІС

Элса Махмахановтың үйі. Агайынды Taxip, Амир, Шамил, Зелимхан, Нажмутдин Махмахановтар тагы жиналған. Бір кезде бейтаныс үш шешен жігіті Жандарбекті дедектеміп алып келеді.

ҚАБА САҚАЛ: Алдап шақырып алдық.

ТАХИР: Біреу-міреу байқап қалған жоқ па?

ҚАБА САҚАЛ: Тірі жанды көрсек, көзіміз шықсын.

ТАХИР (*көңілденіп*): Онда дұрыс екен. (*қалтасынан ақша алып Қаба сақалга ұстаратады*) Рахмет, бауырым!

ҚАБА САҚАЛ: Керегіміз болып жатса, хабарласарсындар.

ТАХИР (*Қаба сақалга*): Әрине. Жортқанда жолдарың болсын!

ҚАБА САҚАЛ: Амандықпен жүздесейік! (*серіктерін ертіп, шығып кетеді*)

ТАХИР. (*Жандарбекке жақындан*): Могамедке неге сонша өшіктің?

ЖАНДАРБЕК: Мені сол үшін итше тепкілеп кеткен жоқсындар ма!

ТАХИР: Сені ұрып-сокқан Mogamed емес қой!

ЖАНДАРБЕК: Қазақ қыздарын саунаға апарып ойына келгенін жасайтынын қосын. Ар-намысымызға тимей, жайына жүрсін!

ТАХИР: Намысшылын өзінің! Әй, егер шынымен сондай намысышыл болсандар, қыздарына ие болындар, сауна жағалап жүрген бір шешеннің қызын көрдің бе?

ЖАНДАРБЕК: Мен саунаға көп бармаймын! -

ТАХИР: Өтірік сокпа, Могамедті саунада сокқыға жығыпсындар ғой!

ЖАНДАРБЕК: Артынан андып бардық.

ТАХИР: Неге?

ЖАНДАРБЕК: Айттым ғой, не екенін! Неткен сөз үқпайтын адамсын, езі!

ТАХИР: Сонша ұрып-согатын әкенді өлтірген жоқ қой, иттің баласы!

(*Taxip қолын сілтеп қалады. Жандарбек оны иек астынан періп қалып, шалқасынан түсіреді. Сол кезде бауырлары жұдырықтарын ала жүзіріп, бас-көз демей төмпештей бастайды. Астарына жығып алып, итше тепкілейді. Аз-маз қырсыласқан соң Жандарбектің әлі құрып, талмаусырап сұлышқ қалады. Агайындылар сонда да қоймай, оны аяусыз тепкінің астына алады.*)

ШАМИЛ: Әй, байқаңдар, өліп қалмасын!

ТАХИР: Өлмесе, өмірем қапсын!

НАЖМУТДИН: Бұның жаны сірі, өле қоймас!

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Қазақтардың қарасы көп. Жан-жактап жиналышп жатыр. Дауыстар жамырай шығады. Айғай-шудан құлақ тұнады.

ЖАНАТ: Шешендер әбден құтырды. Ойларына не келсе, соны істеп, төбемізде тайрандап жүр. Неге бұлай басындырып қоямыз? Қашанғы төзе береміз?! Шыдамның да шегі бар емес пе?!

АЗАМАТ: Иә, тым шектен шығып кетті, ел мен жердің иесі кім екенін естеріне салып қоймасақ болмайды. Үндемеген сайын, тіпті басқа шығып барады.

ҚАЙРАТ: Атаңа нәллеттер, «Жаман – жақсылықты білмейді!» деген осы. Олар біздің көнтөрлі, көнбіс халық екенімізді біледі. Әрине, содан соң басынады. Өз еліміз, өз жерімізде отырып, қаңғып келген келімсектерді қашанға дейін тайрандатып қоямыз! Қеуделерін басып, тасырлықтарын тиу керек!

ӨМІРБЕК: Халайық, ақыл – дос, ашу – дүшпан! Ашуға емес, ақылға кезек берейік!

(Жиналған қауым айғайлап, ысқырып-пысқырып Өмірбектің сөзін тыңдауга құлышты емес екендіктерін танытты. Соны сезген Өмірбек сөзін кілт тоқтатып, қолын бір сілтеп, кеміп қалды).

АЗАМАТ: Халайық, шешендер кеше кешке Жандарбекті үйінен алышп кетілті. Содан әлі оралмапты. Тірі болса жарап еді. Мен білсем, ол Махмахановтардың үйінде. Бір-екі мәрте өздеріне қарсы шыққан қазақ жігіттерін үйлеріне алышп барып, өлімші ғып сабап жібергенін өздерің де білесіндер. Сондықтан, дәл қазір Махмахановтардың үйіне барып, Жандарбекті босатуын талап етейік!

ДАУЫСТАР: Жөн-ақ! Тап қазір барып, талап етейік! Босатсын! Талап қою жеткіліксіз, ендігөрі қайталанбайтындақ қылайық! Сазайларын тарттырайық, көрсін қазақты басынған қалай боларын!

АЗАМАТ: Ендеше, не тұрыс?! Кеттік! Қалайда Жандарбекті босатып алудымыз керек!

(Жиналған қауым топтасып, Азаматтың соңынан ілеседі).

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Махмахановтардың үйі. Агайынды Taxир, Амир, Шамил, Зелимхан, Нажымутдин, Могамед Махмахановтар жиналышп алыш, ақылдастып жатыр.

ЗЕЛИМХАН (қобалжынып): Қазақтар жиналышп жатыр дейді. Қапелімде келіп қалса, не істейміз? Қам жасайық.

ТАХИР (маңғазданып): Келу қайда, арттарына қарасын! Қазақтарды білеміз фой, улап-шулап, тулат-тулат қояды.

ШАМИЛ: Дегенмен, сақ болу керек.

МОГАМЕД: Мүмкін қалаға кетіп қалармыз, а! У-шу басылған соң, қайтып келерміз.

НАЖМУТДИН: Қашып кететін қатынсың ба? Содан кейін бұл ауылға қай бетімізben келеміз, қалай тұрамыз?! Көресіні содан кейін көрерсін!

МОГАМЕД: Егер келіп қалса, қазақтар бізді аямайды. Жалған наымықса малданып, сан соғып қалып жүрмейік.

ТАХИР (езу тартыны): Могамед, саған қазақтардың таяғы әбден өтіп кеткен екен, е! Қорықпа, біз тұрғанда саған ешкім де тиісе алмайды!

МОГАМЕД: Мен қарақан басымды ойлап тұрғам жоқ. Кәрі әкешешеміз, топты бала-шаға бар дегендей... Тым құрмаса, соларды қауіпсіз жерге алыш кетейік!

ТАХИР (қатуланып): Могамед, жамандық шақыра бермей, жайына отыршы. Біз тірі тұрғанда бұл үйдің табалдырығынан ешкім де аттап баса алмайды. Келіп көрсін, не болады екен!

МОГАМЕД (терезе жаққа көз тастап): Айттым ғой, әне, қазақтар топталып келе жатыр.

(Бәрі терезе жаққа жақында, сыртқа көз тастайды).

АМИР (үрейленіп): Ойбай, шынында да келе жатыр ғой! Құдай-ау, енді не істейміз?

МОГАМЕД (сасқалақтап): Айттым ғой, кетіп қалайық деп. Айтқанға құлақ аспайтындарың-ай!

ТАХИР: Ауыздарыңды жабындаршы-ей, құр босқа үрейлене бермей. Қара да тұрындар, ештеңе де болмайды. Шамил, Жандарбек гараждағы жертөледе ме?

ШАМИЛ: Иә.

ТАХИР: Онда жақсы. Қазір мен аналарға барамын. Алдап-сулап кері қайтаруға тырысамын. Егер алдағанға көнбесе, көркүту керек. Мен белгі берген кезде Зелимхан мен Нажмутдин автоматтарыңды алыш шығындар. Қаруды көрген соң өздері-ак тым-тырақай қашып кетер.

ЗЕЛИМХАН: Ай, білмеймін! Ал, егер тарпа бас салса ше?

ТАХИР: Бас салып көрсін, не болар екен! Сөзімізге құлақ аспаса өтірік танап жаққа қашамыз. Амир, сен үйде қаласың, олар біздің артымыздан куып кеткенде әке-шешеміз бен бала-шағаны алыш, тұра қалаға тартасың. Сауысканнан да сақ болындар. Ұқтың ба? Ешқайда кідірмей тұра Садоның үйіне тартындар!

АМИР: Жақсы, аға! Айтқаныңызды ойдағыдай орындаимын.

(Осы кезде сырттан айғай-үйгай естіледі. «Әй, інге тығылған көртышқанышыламай, сыртқа шығындар!», – деген тәріздес қатқыл дауыстар шығады. Жандарбек қайда? Босатыңдар оны! Болмаса, бізден жақсылық күтпендер!)

(Taxip шығады. Жиналған жүрт оны жүнше түтептіндей ентелеп-ақ тұр).

ТАХИР (сыр алдырмай): Не боп қалды-ей, осынша дүрлігіп?

АЗАМАТ: Жандарбек қайда? Босатындар оны!

ТАХИР: Оның қайда жүргенін біз қайдан білейік?

АЗАМАТ: Тахир, сөзді көбейтпей, іс насырга шаппай тұрғанда босатындар!

ДАУЫСТАР: Иә, жандарың барында босатындар! Босатындар! Босатындар!

ТАХИР: Жандарбекті көрсек, көзіміз шықсын!

АЗАМАТ: Көзің шықпақ түгіл, ағып кетсін! Кеше оны үйінен алып кеткендердің осында әкелгенін көрген адамдар бар. Егер өздерің босатпасаңдар, өзіміз-ақ босатып аламыз. Бірақ, ол кезде өздеріңе жақсы болмайды!

ТАХИР (күмілжіңкіреп): Жақсы, біз оны босатамыз! Бірақ, содан кейін ың-шыңсыз тарауға үәде беріңдер!

ДАУЫС: Уәде береміз, келген ізімізben кері қайтамыз! Босатындар!..

ТАХИР (айғайлап): Эй, Жандарбекті сыртқа алып шығындар!

(Көп ұзамай-ақ қолдарында автоматтары бар Зелимхан мен Нажмутдин Жандарбекті еki жағынан сүйреп алып шығады. Қатты соққыга жығылған Жандарбектің аузы-басы қан-қан, бет-аузы қекпенбек, киімінің парша-паршасы шыққан, тіл жоқ, басы салбырап кеткен, аяғы жер сызып келеді. Не тірі, не өлі екені белгісіз. Зелимхан мен Нажмутдин оны алып келіп, жұрттың алдына тастай салды. Ол етпептей құлаган күйі сулық қалды).

ТАХИР (шіреніп): Уәде – Құдай сөзі! Тараңдар енді, мынаны да өздеріңмен ала кетіңдер!

АЗАМАТ (тұтізіп): Не істегенсіңдер, экен?..

ТАХИР: Не істеппіз?

АЗАМАТ: Не істегендерінді ауызбен емес, қолмен көрсетейін, иттің баласы!

(Ашуға бұлыққан Азамат қолындағы арматурамен Тахирды бастан бір салып, шалқасынан түсіреді. Ол ойбайлан, допша домалайды. Осы сәтті асыға күтіп тұрғандай, жиналған жұрт айғай салып шешендерге тұра ұмытылады. Зелимхан мен Нажмутдин автоматтарын оңтайлан жоғары қарай оқ атады. Бірақ, жұршилық ештеңеден қаймығар емес. Қарумен қорқытпақшы болған шешендер елдің беталысын байқап, бір-екі адамды аяқтан атады. Бойларын ашу-ыза кернеген халық айғайға басып, одан сайын өршелене түседі. Бәрі айғайлап, тұра жүгіреді. Әбден амалдары таусылған олар енді қорқытып-ұрқітудің амалымен бір-екі адамды кеудеден атып құлатады. Халықтың ештеңеден тайынар тұрғи жоқ. Айла-амалдары таусылған шешендер құлыққа басып, танапқа қарай қаша жөнеледі).

АЗАМАТ (жсанында тұрған жігітке): Оқ тиғендерді тезірек ауруханаға жеткізіндер! Ал біз оларды құрықтап, сазайын береміз!

(Кандары бастарына шапшып, кек қысқан жұрт арттарынан құа жөнеледі. Олардың үйдің маңайынан ұзап кеткенін көрген Могамед пен Шамил кәрі еке-шешесі мен оншақты баланы ертіп, көздері алақ-жұлақ, етіп, қашып бара жатады).

МОГАМЕД (көзі жасаурап): Шамил, өзің жеткізерсің, мен қаламын! Бәрі де менің кесірім. Ағаларым барамын, көмектесуім керек!

ШАМИЛ: Есің дұрыс па, сенің, енді олардың қолына түссең тірі қоймайды. Ағаларым бір есебін табар, одан да балаларды аман-есен жеткізейік! Жүр, кеттік!

(Магамед шегіншектеп сәл-пәл тұрып қалады. Шәмил оны қолтықтаған күйі дедектетіп алып кетеді. Әлден уақытта қолдарында автоматтары бар Зелимхан, Нажмутдин қайтадан көрінеді. Арттарында Тахир сүйретіліп әрәп жүріп келеді).

ТАХИР: Мен бұдан әрі жүре алмаймын! Сендер қашып құтылындар, мен бөгей тұрайын!

ЗЕЛИМХАН: Тахир, біз сені тастан ешқайда бармаймыз.

ТАХИР: Кетіндер деймін, олар енді аямайды.

НАЖМУТДИН: Жоқ, аға! Не көрсек те бірге көреміз!

ТАХИР: Сөзді тындандар! (айғайлан) Кетіндер дедім ғой, кетіндер!

ЗЕЛИМХАН: Жоқ, Тахир, біз сені тастан ешқайда бармаймыз!

(Осы кезде арттарынан құган top жетіп келеді де, алдымен қаруларын тартып алады. Содан соң бас-көз демей ұрып-сога бастайды. Әбден қандары қарайған жұртшылық олардың өлген-тірлгеніне қарамай, допша домалатып тенкілейді. Бір заманда арт жақтан бебілдетіп-бебеулеткен милиция көліктегі көрінеді. Жұртшылық тымтырақай қаша жөнеледі. Милиция көліктегінің қарасы тілтеп көп. Топ мүшелерінің кейірі қолга туследі. Сақшыларды бастан келген генералмен қатарласа келе жатқан Садо Махмаханов бірден жерде домалап жатқан бауырларына жүгіреді. Бірақ, үшеуінің де түрлерінен тіршілік нышаны байқалмайды, қан-жосса күйде ес-түссіз жатыр. Садо өкіріп жылап жібереді).

САДО: Нелерің бар еді бауырларым, айтып ем ғой сендерге! Не болды енді, аман болсандар жаарал еді, Құдайым-ай!.. (генералга жалынышты түрде) Тездетіп ауруханаға жеткіздіріңізші!

ГЕНЕРАЛ: Жақсы, жақсы. (bir офицерді шақырып алып) Көлікке салып алып, бірден ауруханаға апарындар!

(Тездеміп жедел-жәрдем көлігіне үшеуін салып алып, алып кетеді).

ЖЕТИНШІ КӨРІНІС

Зәмзия Могамедті ізден келеді. Ол құқық қорғау органдарының қызыметкерлерінен қашып, қаладагы бір танысының үйінде тығылым жатыр екен.

МОГАМЕД: Менің мұнда екенімді кім айтты саған?

ЗӘМЗИЯ: Шын қаласа, кез-келген адам іздеңенін табады. Қалың қалай, өзі?

МОГАМЕД: Халді несін сүрайсың! Өзің де естіп-біліп жатқан шығарсың, сенің кесіріңнен үш бірдей ағамнан айырылды!

ЗӘМЗИЯ (*таңырқап*): Менің кесірімнен?

МОГАМЕД: Иә, сенің кесіріңнен.

ЗӘМЗИЯ: Мен жетісіп жүргендей, тағы кінәлайын дедің бе?!

МОГАМЕД: Сонда сүттен ак, судан тазамын деп ойлайсың ба?

ЗӘМЗИЯ: Неге осы жазықсыздан-жазықсыз күйдіре бересің?!

МОГАМЕД: Бұлдаріп алып, ұялмай-қызырмай ақталасың. Әрберден соң ағаларымның өлімі сенің мойнында.

ЗӘМЗИЯ: Не?.. Есің ауысқаннан сау ма, не деп сандырақтап тұрсың?

МОГАМЕД: Бұл сандырақ емес, бұлтартпас шындық. Сен болмасан, дәл осындағы қайғылы оқиға болмас та еді.

ЗӘМЗИЯ: Бүйткен шындығың құрысын! Сонда ағаларыңның қолынан қаза тапқан үш қазақтың өлімі кімнің мойнында?

МОГАМЕД: Ол да сенің мойнында... Көрдің бе, тағы пәле іздел тұрсың! Әлде, енді менің тубіме жеткің келе ме?

ЗӘМЗИЯ: Саған не көрінген өзі, Могамед?

МОГАМЕД: Жын көрінді, жын...

ЗӘМЗИЯ: Жының мен бе?

МОГАМЕД: Енді кім? Сен адам кейпіндегі жынсың!

ЗӘМЗИЯ (*көзі жасаурап*): Могамед...

МОГАМЕД: Неменеге келдің?

ЗӘМЗИЯ: Келтуге болмай ма?

МОГАМЕД: Болмайды!

ЗӘМЗИЯ: Неге?

МОГАМЕД: Оны өзің де білуге тиіссің!

ЗӘМЗИЯ: Мен ештеңе білмеймін!

МОГАМЕД: Сен бәрін білесің!

ЗӘМЗИЯ: Сағынып, аңсап келгендері естін дегенім осы ма, Құдай-ау?

МОГАМЕД: Сенің тағы не дәметіп келгенінді білемін. Енді бәрі бітті. Екеуміздің жолымыз екіге айырылды. Ендігәрі маған жолама, көзіме көрінбе. Үқтың ба? (*дауысын көтеріп*) Жаның барында, тезірек жоғал бұл жерден!

ЗӘМЗИЯ (*дауысы дірілден*): Не, не деп тұрсың? Мені аямасаң да, ішімдегі баланды аясаншы! Оның не жазығы бар?

МОГАМЕД: Сырың белгілі ғой! Оның кімнің баласы екенін бір Құдай біледі!

ЗӘМЗИЯ: Алғаш өзің зорлап тиіскенде пәк қыз екеніме көзің жетіп еді ғой!

МОГАМЕД: Иә, сен ол кезде пәк қыз едін! Бірақ кейін бұзылдың, мұлде басқа қызға айналдың! Көзің қарайып, жату үшін өзің іздеп келетін болдың!..

ЗӘМЗИЯ (жсанары жасаурап): Могамед...

МОГАМЕД: Акталмай-ақ қой! Мен ештеңе білмей жүр десең кателесесің. Бәрін сезіп журдім. Тек өмірлік жар етіп алмайтын болғандықтан, бәріне көз жұма қарадым.

ЗӘМЗИЯ: Нені білдің, айтшы кәне, нені білдің?

МОГАМЕД: Бәрін білдім! Енді оны айтудың қажеті жоқ.

ЗӘМЗИЯ (жыламсырап): Осылай лақтырып кетерінді біліп ем. Бірақ, қатты жақсы көріп әрі бауыр басып қалған соң, ештенеге қарамап ем. Эй, сорлы басым!..

МОГАМЕД: Ал, менде саған деген ешқандай сезім болған жоқ.

ЗӘМЗИЯ: Онда неге өтірік айтып, үш жылымды ұрладың?

МОГАМЕД: Еркек емеспін бе, маған не керек болғанын өзін де жақсы білесің!

ЗӘМЗИЯ (қорланып): Ақымақ!

МОГАМЕД: Нағыз ақымақ өзің! Сені көргім келмейді, ендігөрі келуші болма маған. Енді бәрібір ойнасың бола алмаймын!

ЗӘМЗИЯ: Бет-пердең енді ашылды. Мені сорлатып кеткеніңмен, жолың болып, бағың ашылғанын көрерміз.

МОГАМЕД: Енді мен бақ іздемеймін. Кек қуамын. Агаларымды өлтіргендердің түп-түқиянына дейін тұздай құртамын.

ЗӘМЗИЯ: Байқаймын, о дүниеге бет түзеген тәріздісің! Алла алдыңнан жарылқасын!

МОГАМЕД: Алдымен кек қайтарамын, содан соң зым-зия жоғаламын.

ЗӘМЗИЯ: Жолың болсын!

МОГАМЕД: Мені көргенінді бір адамға айтсан, қайда қашсан да тауып алып, жазанды беремін!

ЗӘМЗИЯ: Құдай жазаласын!

МОГАМЕД: Жап аузыңды, қанышық! Бұл жерден тірі шығып бара жатқанына рахмет айт!

ЗӘМЗИЯ (кекесінмен): Рахмет!

(*Зәмзия жыламсырап шығып кетеді. Могамед ашуы терісіне сыймай, ақырып қалады.*)

Соңы.



БАЛА ҚАЗЫБЕК

Аңыз



ҚАТЫСУШЫЛАР:

Тәүкө хан
Бертіс сұлтан
Тайгелді би
Малайсары батыр
Бала Қазыбек
Шабарман
Қазақтың бір топ батыр-бағыландары
Себан Раптан – жоңғар қонтайшысы
Қонтайшының бәйбішесі
Дода Жорджи баһадүр
Сыншы қарт
Жоңғардың бір топ бек-бағыландары
Байтайлақ би
Жылқышы

БІРІНШІ БӨЛІМ

Хан ордасы. Он екі қанат ақ орданың ішіндегі алтын тақта Тәуке хан ой құшагында отыр. Қазақтың бетке ұстар игі жақсылары хан тағын жағалай жайгасқан. Шыбынның ызыны естілер тылсым тыныштық орнаған. Жауар бұлттай түнеріп алған жүрттың дем алыстарына дейін айқын сезілеدі. Бәрі де қимыл-қозғалыссыз қатып қалған. Тыныштықты Тәуке ханның айбарлы үні бұзды.

ТӘУКЕ ХАН: Уа, халайық, ел шетіне жау тиіпті. Жонғарлар Байтайлақ бидің ауылын шауып, мал-мұлқін тонап, адамдарын айдал әкетіпті. Хабаршының жеткенін көріп-біліп отырсындар. Өз аузынан естігендерін жөн шығар. Сөйле, Құрықбай!..

ШАБАРМАН: «Жау жоқ деме, жар астында» дегендей, тыныш жатқан елге жау түнде шауыпты. Үйқы да бір жау ғой!.. Үйқыда жатқан елге аш қасқырдай тиіп, шэт-шәлекетін шығарыпты. Әйтеуір, өлім – жітім жоқ сияқты. Қаннен-қаперсіз жатқан ел қарсыласа да алмай, қапыда қалыпты. Байтайлақ бидің өзін де байлап-матап, бала-шагасымен алып кетіпті.

БЕРТІС СҰЛТАН: Жау карасы қанша екен?

ШАБАРМАН: Жұз қаралы дейді.

БЕРТІС СҰЛТАН: Не үшін шапқанын білдіндер ме?

ШАБАРМАН: Ол жағын біле алмадық. Алыс-берісі жоқ сияқты. Ата жауымыздың өздерінше кыр көрсеткендегі шығар! .

ТӘУКЕ ХАН: Қане, тағы кімнің қандай сауалы бар! («Бәрі түсінікті ғой!» дегендей, ешкім үнде мейді). Қане, кім қандай ақыл қоспақ, неңдей кеңес бермек! Ойларынды ашық айтындар, тыңдауға біз бейілміз. Қане, Бертіс сұлтан, сен не айтасың?

БЕРТІС СҰЛТАН: Мен әлі толық бір шешімге келе алмай отырмын, хан ием! Ойлануға мұрсат бер!

МАЛАЙСАРЫ БАТЫР (*күйлігін*): Ойланатын несі бар?! Ағайыны-мызды жау қолына беріп қойып, жайбақат отыра бермекпіз бе?! Сауын айтып, жасақ жинап, қалмақтарды тәубасына түсіріп, шауып алу керек! Көрсін, ел шапқан қалай боларын?! Байқасын, қазақтың күшінің қандай екенін!

ТАЙГЕЛДІ БИ: Сауын айтып, жасақ жинаумен мәселенің бәрі шешіле қойса жақсы. Халық та ұрыс-шабыстан әбден шаршады.

МАЛАЙСАРЫ БАТЫР: Сонда тұяқ серіппей отыра беруіміз керек пе, биеке! Әлде тышқақ лак құрлы болмағанымыз ба?!

ТАЙГЕЛДІ БИ: Уа, батыреке, сәл сабыр ет! Қазір жонғардың дәурені жүріп тұрганын өзің де білесің. Артында су бүркіп қаптаған қалың шуршіт тұр. Эйтпесе, тыныш жатқан елге тиіспін несі бар?! Бізге қарағанда, колы да – мол, жарағы да – сайлы. Біз сауын айтып, қол жинап, ыргалып-жыргалып жүргенше, болары болып, бояуы сіңіп қояды гой!

МАЛАЙСАРЫ БАТЫР: Сонда жақынымызды жат қолына беріп қойып, айға қарап ат тағалап отырмакпыш ба?! Жоқ, бұл болмайды, биеке! Бұнымыз адамдыққа да, адамгершілікке де жатпайды. Ар-намысты қайда қоясыз?! Сонан кейін, атаңа нәлет, қу қалмақ, шетімізден шауып ала бермей ме!..

ТАЙГЕЛДІ БИ: Батыреке, мен қол кусырып қарап отырайық дегенім жоқ қой!.

МАЛАЙСАРЫ БАТЫР: Сонда сіз не айтпақ едіңіз?

ТАЙГЕЛДІ БИ: Ендеше сөзді бөлмей, тында батыр. Тұғанымыздың жау қолында кеткені менің жаныма батпай отыр дейсің бе?!. Менің қабырғамды қайыстырмай отыр дейсің бе?!. Бірақ, не нәрсеге болсын сабыр керек, ақыл керек, айла керек!.. Ұрыс-шабыспен елді титықтата бермей, алдымен келісімге келу жағын ойлау керек! Қан төгіп, қарғыс арқалағанша, татулыққа шақырып, елден алғыс алуымыз керек!.. Ең алдымен, жонғар қонтайшысына елші жіберу керек! Мүмкін, ол – білмейтін шыгар!

МАЛАЙСАРЫ БАТЫР: Себан Раптанның білмейтіні жеті қабат жердің астында шығар. Елшіге еріп қоя беретін адамың да ол емес. Сол жіберген елшілерің елге аман-есен оралса жақсы-ау! Себан Раптаннын айла артылған ба?!. Бәрін қырып салады да, « ештеңе білмедім, ештеңе көрмедім » деп тұк болмағандай, отыра береді. Қан қақсағанды сонда көресің, биеке!

ТАЙГЕЛДІ БИ: Жасақ жинап, шауып алу ешқайды қашпас, батыр. Алдымен бәрібір алдынан бір өту керек, қонтайшының!..

МАЛАЙСАРЫ БАТЫР (Тәуке ханга қарап): Уа, хан ием, қалмақта шынымен-ақ ұлымыз құл, қызымыз қүң болып кеткені ме?!. Қол жинап, тағы бір ұран салсақ қайтеді!..

ТӘҮКЕ ХАН: Биекен, жеріне жеткізе айтты-ау, деймін!.. «Сабыр тұбі – сары алтын!» деген. Бұл шабыс біздің де жүйкемізге салмақ салып отыр. Бірақ, сабыр керек, ағайын! Біз әлі елші жіберіп сынақсанымыз жоқ, іріктеп елші жіберіп көрелік. Сонда да илікпесе, кол жасақтау жағын ойланармыз. Үйренісken жау гой, тағы бір бағымызды сынап көрейік!

(Осы арада ордага бала Қазыбек кіреді).

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Ассаламағаликум, хан ием!

ТӘҮКЕ ХАН: Ұағаликүмәссалам! Балам, қай баласың?

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Атым – Қазыбек, әкем – Келдібек, Шаншардың немересімін.

ТӘҮКЕ ХАН: Бұнда кім жіберді? Не үшін келдің?

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Әкем Келдібек «жақсылардың жанына еріп, жер көріп, ел таны!» деп жіберді. Мен ауылда жүргенде балалардың басшысы едім, енді ағаларымның атшысы болайын деп келдім. Тай бәйгесі мен құнан бәйгесін көріп едім, енді ат бәйгесіне қосылайын деп келдім!

ТӘҮКЕ ХАН: Жарайды, балақай! Талабың таудай екен, бара ғой! Шаншардың немересі, Келдібектің баласы болсаң, тектілердің ұрлағы екенсің, тегіңе тартпай қоймассың!.. Балам, шыныңды айтши, атшы болғың келе ме, жоқ әлде, басшы болғың келе ме?

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Мен жол көрген ағаларымның жанында басшы болып қайтемін, тәйірі. Атшы болсам да жарап!

ТӘҮКЕ ХАН (көпке қарап): Ендеше, менің шешімім мынау. Бүгіннен қалмай елшілер жонғар еліне жүріп кетулері керек! Әйтпесе, уақыттан – бір ұтыламыз, қалмақтардан – екі ұтыламыз. Басшыларың Тайкелді би, сұлтандарың Бертіс, батырларың Малайсары болсын! Ал, атшыларың мына тұрған Қазыбек бала болсын! Үлкендерінді кішілерің сыйландар, кішілерінді үлкендерің ренжітпендер! Жат жүрттың алдында жақсы елдің баласы екендерінді көрсетіндер. Баратын жерлерің бағы асып, мейманасы тасып тұрған ел ғой. «Елдестірмек елшіден...» деген. Ебін тауып елдесіп келіндер!..

ТАЙГЕЛДІ БИ: Айтқаныңызға құлдық, хан ием! Қанжығамыз майлы, ат тұрманымыз сайлы тұр!

ТӘҮКЕ ХАН: Ендеше, жігіттер, тұрманадар!.. Артқа көніл бұрманадар. Алдарыңа олжа толсын! Қалмақтың ханы Себан Раптан асып туған, судай тасып жүрген жан ғой. «Қол бастайтын батырмын, жол бастайтын көсеммін, сөз бастайтын шешенмін!» деп жүрген хан ғой. Мұнда қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын көсем болу да қымбат, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат!.. Тағы да қайталап айтамын, елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан. Елдесе алмай, жауласып кетсек, сендердің нашарлықтарыңнан болғаны. Жауды алмас қылышпен де көндіруге болады, өткір сөзбен де көндіруге болады, мылтықпен дәлдеп атып жығуға да болады, сөзбен дәлдеп атып жығуға да болады. Ауыздан шыққан сөз атылған оқпен бірдей, қайтып ала алмайсындар. Сөз сөйлегендеге ойлап сөйлеу керек!..

БЕРТІС СҰЛТАН: Талай қын істі бастан өткіздік қой! Осы жолы сүйн сүт қылып кайнатпасақ, бізден қатын артық! Қасықтай қанымызды, шыбындај жанымызды салып көреміз!

ТӘҮКЕ ХАН: Ал, онда жортқанда жолдарың болсын, қырандарым! Сапарларың сәтті, қадамдарың оң болсын! Сендер елдің үлкен үмітін

арқалап бара жатырсындар. Тұтқындағы елдің де көз жасы сендердің мойындарында. Бұл жақтағы ел де, жат елдің тұтқыны болған ер-азаматтар да енді сендердің адымдарынды андып, тілеулерінді тілейді. Қате басып сүрініп кетсендер, кешірім жоқ, халықтың қарғысын алдып, табасына қаласындар! Қиын қыстырып, тығырықтан шығар жол таба білсендер, халықтың алғысын алдып, елдің құрметіне бөленесіндер! Сондықтан, ойланып сөйлем, абайлат іс қылындар!..

Тәнірім, жақсылықпен кезіктіруге жазсын! Ақжол, қырандарым!

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Жоңгар қонтайшысының ордасы. Ортадагы алтын тақта Себан Раптан қонтайши кекірейіп отыр. Жүзі айбарлы. Тұксиген түрінен адам шошырлық. Маңайында жасалай жайгасқан бек-багыландарын көзінің астымен бір шолып өтті де, дауысын көтере сөз бастады.

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Уа, арыстарым, қазактан елшілер келіпті. Дода баһадүрдің кешегі шабысынан олжалаған мал-жандарын даулап. Сендерді сол үшін жинап отырмын. Қане, не айтасындар? Қандай ақыл қосасындар? Не істейміз?..

ДОДА ЖОРДЖИ БАҢАДҮР: Олжаны қайтару деген не сүмдышкі! Онда несіне шалтық?! Қоян сияқты қазактардың алдына түсіп, томпандай бергенді қашан қоямыз?!. Малдарын да, жандарын да қайтармау керек! Елшілердің есебін тауып, жандарын жаһаннамға жіберу керек!..

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Қабыргаммен кеңесіп, мен де осын-дай бір шешімге келіп отыр едім. Қазақтар тайға мінгізіп, бір баланы да жіберіпті. Тәуkenің бізді мазақ қылғаны ғой! Жіберген елшілерінің аяқтарын аспаннан келтіріп, ың-шыңсыз бәрін қырып салып, аттарын жылқыға қоса салсак, қайтеді?!

ДОДА ЖОРДЖИ БАҢАДҮР: Алдияр, ең дұрыс шешім – осы. Қазақтардың көздеріне көк шыбын үймелетейік! Орайы келіп тұр!..

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ (миығынан күліп): Білгем... білгем. Жарайсындар, жайсандарым! Жау елге осылай қанды шенгелінді салып қоймасаң болмайды! Байқасын... Білсін... Сезінсін... Жоспар құрып, іске кірісіндер! Бүтін түннен қалдырмай, бәрін жайлай салындар!

ҚОНТАЙШЫНЫҢ БӘЙБІШЕСІ: Мырзам, бұныңыз жөн бола қояр ма екен?! Қонтайшылық абыроыйыңызға көлеңке түсіп жүрмесін! Қазақ дегеніңіз - қабырғалы ел ғой! Оның үстінен «Елшіге өлім жоқ!» деген қатаң қағида бар емес пе?! Жат елдің елшісі келгенде қонтайшылық қасиетінді сактап, сөзін тыңдау керек! Жүз кісіні өлтіріп, жайлана алмассыз! Жүз атты жылқыңа қосып, байи қоймассыз! Тай дегеніңіз, – тұлпар болып

жүрмесін, бала дегеніңіз, – сұнқар болып жүрмесін, байқап көру керек! Асыққан – шайтанның ісі! Алтықпаған дұрыс болар еді... Бұндайда ашумен емес, сабыр мен ақылға салып, шешім қабылдаған жөн болар, мырзам!..

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Бұл да бір құлаққа кіретін сөз екен. (*Бектеріне қарал*) Сендер қалай қарайсындар?

ДОДА ЖОРДЖИ БАҢАДҮР: Иә, бір жағынан ханымдікі де дұрыс екен! Өзіңіз айтпақшы, ақылға қонады. Сәл қайла жасайық! Болмаса тағы көрерміз!..

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Олай болса, елшілерді ордаға шақырындар! Келсін! Байқасақ, байқап көрелік! Өзіме өзі, сөзіме сөзі сай келетін адамы болса, оны да көрейін, сай келмесе, сол арада жазасын берейін! Шақырындар, қане!..

(*Bір шабарман асыға басып шығып кетеді.*)

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Әй, сыншым, сен не айтасын? Елшілердің ішінде сөзге есе берсек, субемізді суырып кететіні бар ма екен? Білдін бе?

СЫНШЫ ҚАРТ: Білдім... алдияр, бәрін білдім. Сіз қазықтап тапсырған соң кеше әдейілеп барып, елшілікке келгендердің әркайсысымен бір-екі ауыз тілге келіп, жөн сұрасып көріп едім, сөйлеген сөздеріне қарал, іштей қораштанып қалғаным рас. Астарлы сауалдарыма да қайтарған жауаптары қарнымды аштырды.

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ (*масайрап*): Әй, сыншым-ай, сен сауалыңа жауап берер адамды елшілердің арасынан таба алмай дал болсан, мен тең сөйлесуге жарайтын қазақты кең байтақ даласынан кезіктіре алмай қор болып жүрмін ғой!.. Ха-хaa-ха!.. (*Күледі*). Сезінді жалғай бер, сыншым. Иә , содан...

СЫНШЫ ҚАРТ: Содан... «Алыстан келді ғой, ат-тоны қандай, сайлы ма екен?» – деген оймен мініп келген аттарын байқастап көру үшін қораға кірсем, бір бала шалқасынан түсіп, ұйықтап жатыр... Улкендердің ішінен сіздің өзіңізге де, сезінізге де сай келетін ешкімді таба алмай...

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Таба алмайсың!.. X-a-a...x-a-a...

СЫНШЫ ҚАРТ: Иә, таба алмай... Көңілім жайланаңып қалып еді, ба-ланы көргенде шошып кеттім!..

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ (*удіреіле қалып*): Неге? Неге шошыдың? Тайға мініп келген таз баладан ба?

СЫНШЫ ҚАРТ: Иә, алдияр, сол баладан...

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ (*шыдамсызданып*): Аузыңнан бөзің түсіп , неменеге күмілжіп тұрсың? Айтсанышы, тезірек!

СЫНШЫ ҚАРТ: Алдияр тақсыр, айтайын деп...

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ (*акырып*): Айтпайсың ба енді!

СЫНШЫ ҚАРТ: Баланың екі аяғы екі жақта, екі қолы екі жақта, күлаш ұрып жатыр екен. Аузынан жалын атқылап жатыр. Бұнысы «Сөзім жеткенше сейлеймін, қолым жеткенше сермеймін, аяғым жеткенше қарғимын, дүниенің төрт бұрышына болса да сөзімді жеткізуге жараймын, халықты әлі-ақ аузыма қаратамын!..» – деген ишараты сияқты көрінді маган, алдияр.

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Сенің де көзіңе шел қаптап, көрігенді тұман басайын деген екен, ә!.. Көзіңе бала емес, жын көрінгендей қалтырап тұрсың ғой! Е, сыншым-ау, осы жасқа келгенше бір жаңылмап едің, аузыңнан қағынып, ақылыңнан алжаса бастапсың-ау! Ол өзі бала болса, жатқан жері аттардың арасы болса, қайбір жетіскең неме дейсің! Көп болса аттарына ие болып қайтар! Ол ер жетіп, сүбемізді суырганша талай өмір өтер!..

(Осы кезде алқына-жұлқына шабарман кіреді).

ШАБАРМАН: Алдияр тақсыр, елшілер келіп тұр! Кірсін бе?

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Кірсін! Көрейік әуселелерін..

(Шабарман шығып кетеді де, артынша-ақ қазақ елшілері кіреді).

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ (түсін сұтының): Иә, қазақтар, жауға шабатындаи неменеге топталып келдіңдер?!. Айттарларыңды тезірек айтыңдар! Құлағымыз сендерде...

ТАЙГЕЛДІ БИ (күмілжін): Өлеңді өзгеге бердік, өрлікті төменге бердік, алдияр тақсыр, иіліп алдыңа келдік . Берсен алып, бермесен қажып кетеміз. Ендігі сөзді өзіңе салдық!

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ (өктемеси): Олай болса, бір жауа-бын берерміз. Жауап қайтпай қалатын күн болса, ат – тондарыңың амандығында елдерінді тапқан да теріс болmas!

(Сөз осы жерден үзіліп, орданы үнсіздік жайлайды. Қонтайшиның қаңарлы мысы басып, қазақтар жағынан ешкім суырылып шығып, сөз ала қоймайды. Сонда есік жақта отырған бала Қазыбек төңірегіне бір қарап алып, Бертіс сұлтанның алдына жетіп барады).

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Ерден ердің несі артық,

Ептестірген сөзі артық.

Малдан малдың несі артық,

Бір-ақ асым еті артық.

Жерден жердің несі артық,

Бір-ақ уыс шебі артық.

Міндетіне алған сөзден шегінген жігіттен,

Аштан өлген аюдың өзі артық!

(Содан кейін іле-шала қонтайшига бұрылып, қарсы алдына қасқайып тұра қалады).

БАЛА ҚАЗЫБЕК (*өршегеленіп*): Ел – ебенек емес, ер – кебенек емес. Даң, таксыр!

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Ой, өзің жөнінді айтшы, атың кім ?

БАЛА ҚАЗЫБЕК. Атым – Қазыбек, әкем – Келдібек би, атақты Шаншар абыздың немересімін. Үлтүм – қазақ, руым – қаракесек!

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Ал, балақай, датынды айтшы!

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Біз қазақ деген мал баққан елміз. Ешкім соқтықпай жай жатқан елміз. Жайлап жатқан мекеніміз, қасиетті қазақ даласы. Елімізден құт – береке қашпасын деп, жерімізді жаулар баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Дәм-тұзымызды ақтай білген, досымызды сақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, ордасын ойрандал, от басын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл болам деп тумайды. Анадан қыз туса, құн болам деп тумайды. Жау – жәлемде тұтқын болған ұл – қызын қаматып отыра алмайтын, оларсыз ішкен асты жұтына алмайтын елміз. Темірмін деме, тегің тат, жаңбырменен шайылар. Шымырмын деме, шынынды айт, шымшуырмен қайырылар. Жаңа үйренген жас тұлпар жарықталы келгенбіз. Қасарықсан хан болсан, карықталы келгенбіз. Сен – қалмақ болсан, біз – қазақ, қарпықталы келгенбіз. Сен – темір болсан, біз – көмір, еріткелі келгенбіз. Егесетін ер шықса, иткелі келгенбіз . Танымайтын жат елге, танықталы келгенбіз. Танысуға көнбесен, шабықталы келгенбіз. Қазақ – қалмақ баласын, табыстыруға келгенбіз. Табыспаққа көнбесен, тұрысатын жерінді айт. Сен – қабылан болсан, біз – арыстан, алықталы келгенбіз. Тұтқыр кара желіммін, жабықталы келгенбіз. Қане, ханым, тыңдайық, қайтарасың ба, мал-жанды, бітімің мен жөнінді айт !

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ (*жузі жылын*): Бала болсан да сезің неткен зор еді. Өзің сезге келген бала болатын болсан, отырған орның қандай төмен еді. Былай, жоғары шықшы, жоғары !

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Біздің қазақтың салт-дәстүрі бойынша жасына қарай отырады. Ағаларым төрде отырғанда, мен өзімді төбеде отырғандай сезінемін.

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Балақай, алыстан ат арытып келгенің көрініп тұр. Ашуың бойында тұр екен. Қалмақ та қазақ сияқты сезге тоқтаған ел. Өзіңе сезін сай екен. Мен хан тағына отырғалы, басыма бақыт құсы қонғалы ешбір жаңға есе жіберіп көрген жок едім. Сезіңе лайық сез таба алмай, қиналып қалдым. Бұл – жеңілгендігімнің белгісі. Мықтыны мойындау – қанға сінген қасиет. Мен сезден ұтылдым. Тұтқындағы адамдарыңың берін мал-мұлкімен шашау шығармай алдарыңа салып берем. (*Есік жақта тұрған шабарманға қарал*) Қане, тұтқындағы басты адамдарды осында алып келіндер! Қандай арыз-армандары бар екен?!

(Шабарман бөжек қағып шығып кетеді .

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Тәнір жарылқасын, алдияр!

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Сөз саптасың ұнады, бала. Алмас қылыштай жарқылдап, киып түседі екенсің! Енді бірер сауал қойып, ой орамыңды байқайық, жаңылып кетсең өз обалың өзіне, ал жас тұлпардай сүрінбей өтсөн, сый-сияптым тағы бар. Келісемісің, осыған?

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Шешінген судан тайынбас болар...

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Ендеше, білсең айтшы... Әуелінде не бар? Ортасында не бар? Ақырында не бар?

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Арға мінәжат етілсе, барға қанағат етілсе, әуелінде – ынтымақ, ортасында – береке, артында – шүкіршілік тұрмас па!..

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Ым... ым... мм... Ал, аспан мен жердің арасы қаншалық жер?

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Бір-ак шақырым жол ғана. Олай дейтінім, ешкім аспан мен жердің арасын құлаштап өлшеген жоқ, қадамдап басқан жоқ. Құн құркіреп жауғанда, ел дүрлігіп сасатын, қулақтарын басатын. Соңда құн құркірі шақырым жерден жететін. Кемпірқосақ созылып, аспан мен жерді табыстырып кететін. Догаланған иіні шақырымдай-ақ жерден ететін.

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Ә... ә-ә... Олай болғанда, батыс пен шығыстың арасы қаншалық жер?

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Небәрі құншілік жер ғана. Олай дейтінім, азанда шығыстан атқан құн ымыртта батысқа шаршап батады. Құншілік жер жүріп өтіп, ұсында қалжырап жатады. Ал, кереметті көзben көрген, шығыс пен батыстың арасында зымыраған қүнге ерген адамзатты естіген емеспін.

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Айналайын, Қазыбек, сен шынында да жаңа үйреткен жас тұлпар екенсің! Сенің алғашқы айтқан сезінде қарымта қайтара алмай, қанша темір болсам да ерідім де иілдім. Мірдің оғындарай сөздерінен буындарым шымырлап, қанша тырыссам да сіресіп тұра алмадым. Қасарыссаң ханды да женетініңе көзім жетті. Ал, мына жауабыңа көңілім толып, жастығынан жасқанбай, қыннан қыстырыған киуюңа ұйыдым. Болайын деп тұрған бала екенсің! Дауысың қаздікіндей қанқылдап шығады еken, осы оқиғадан бір белгі болсын, сені бұдан былай «Қаз дауысты Қазыбек» деп атайдын болайық! Сонымен бірге келісім бойынша саған қос тоғыз жүлде байладым, бұдан былай қос сыбағалы болсын деп...

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Тәнір риза болсын, алдияр!

(Осы кездे ордага бұғаудан босатылған Байтайлақ би бастаған бес-алты адам кіреді).

ШАБАРМАН: Алдияр таксыр, тапсырманыз бұлжымай орындалды. Тұтқындардың бәрін босатып, мал-мұліктерін толығымен қайтарып бердік!..

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ (*Байталақ биге қарап*): Солай ма, биеке? Мал-жанынызды түгендер алдыңыз ба?

БАЙТАЙЛАҚ БИ (*тұксуин*): Солайы солай ғой!.. Бірақ, өзегімізді өртеген ашу-ызамыз бер өкпе-ренішімізді де өзімізбен бірге алыш кетіп барамыз!..

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Онда сіз де, биеке, өкпе-ренішініз-ді бізге қалдырып, оның орнына үш тоғыз айыбымызды да алдыңызға салып, айдал алыш кетің!

ЖЫЛҚЫШЫ: Алдияр, менің де айтпағыма құлақ салыңыз!

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Сен – кімсің өзі? Алдымен жөнінді айтпайсың ба?

ЖЫЛҚЫШЫ: Мен қазақтың жылқышысы едім. Жылқы күзетіп жүріп қолға түстім. Мұнда келгеннен кейін бір содыр сабап, тонымды тартып алды. Бергім келмей қарсыласып едім, үрып тісімді сындырды. Атымды алыш – үйқым бұзылды. Тісім сынып – сөзім бұзылды. Бұған осындағы көпшілік не дер екен?!

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Бұл немене, басында біткеннен кейін аяғында еселеп даулай беру керек пе?! Тон дегенің бір тоқтышақтың терісі шығар. Ат дегенің – сырты түкті, іші боқты бір тай шығар. Ал, тіс сынса ауыз ішінде, қол сынса – жең ішінде емес пе?!

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Тісінде ауыз ішінде, қолынде – жең ішінде жүре беру керек деген не сөз! Оның үстіндегі жалғыз тоны – жәннәт емей немене?! Аузындағы отыз тісі – болат емей немене?! Астындағы жалғыз аты – қанат емей немене?! Қонтайшының бізбен бітіскендігі рас болса, жәннәтынан айырмай, болатынан майырмай, қанатынан қайырмай, алғанын қайыру керек! Қазақ – қалмақтың сатып алған құлы емес!.. Бұл да – біреудің ардақтап асыраған ұлы. Ерікті ұл – көрікті болып қайтуы керек!..

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ (*жылқышыга қарап*): Мә, мына менің ішігім, жәннәтыңа жәннәтім болсын! (*ишігін иығына жабады*). Мына болат семсерім, болатыңа болатым болсын! (*семсерін алып береді*). Ана албарда жер тарпып түрған қара қасқа түлпарымды ал, қанатыңа қанатым болсын!..

(*Жылқышы ішікті күін, семсерді беліне байлап алады*).

ЖЫЛҚЫШЫ (*жузін жайнап*): Ал, онда менің де дауым бітті. Енді қош айтысуға болатын шығар!..

БАЛА ҚАЗЫБЕК: Тәңір жарылқасын, сізді алдияр! Біз жүрелік. Артымызда құлағын түріп елеңдеп, жүргегін ұстап алаңдап отырган еліміз бар. Ерте күнді кеш қылмай, жолға шығалық!

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Жақсы... жақсы... Қаз дауысты Қазыбек бала. Жолдарынан қалмандар! (*бектеріне қарап*) Елшілердің сый-сияптын түгендер, аттандырып салындар!..

(Қазақ елшілері қоштасып, шығып кетеді. Қабагы түсін, басы салбырап кеткен қонтайши айдың-куннің аманында тоналғандай болып, есекіреп тұрып қалады).

ДОДА ЖОРДЖИ БАһАДҮР: Алдияр, қаршадай ғана балаға осынша есе жіберіп, қарасуға малшынып, сонша дірілдеп кеткеніңіз не? Тоқтау бермес асау тасқынға да қарсы жүзіп, асу бермес аскар шыңды да бағындырып едіңіз!.. Бүгін сізді мүлде танымай қалдық қой!

СЕБАН РАПТАН ҚОНТАЙШЫ: Сендер білген де, сезген де жоқсындар. Сол бала сөзді өңменімнен сұққылап тұрып айтқан кезде – екі жақ қапталынан екі аю ауыздарын аша от бүркіп: «Тырп етіп көрші, көрейік!» дегендей анталап тұрды. Мен содан қатты қорықтым! Сендерге көрінбегенмен, маған анық көрінді. Содан сол бала болса да пәледен құтылғанша асықтым!.. Асықтым... асықтым...

(Жоңғардың бек-багыландары да қонтайшиның қаңарынан жасақынып, ләм-мим деп тіл қата алмай, бастары салбырап, індері түсін, сөлмірейіп тұрып қалады).

Соны



ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ



ҚАТЫСУШЫЛАР:

Индира – жас қыз

Бақытқұл – қыздың шешесі

Саятбек – қыздың әкесі

Сержан – жас жігіт

Қаланың қақ ортасындағы үш қабатты еңсели ақ үйдің ауласындағы тапшанның үстінде Индира мен шешесі шүйрекелесіп отыр. Индираның қолында кітап, шешесі саусақтарының үшімен бетіне крем жасағып, сыланып-сипанып қояды.

ИНДИРА (*шешесіне жақындан*): Мам... мам...

БАҚЫТКУЛ: Эу, жаным!

ИНДИРА (*еркелеп*): Мам.. бирдене айтсам...

БАҚЫТКУЛ: Не? Айт. Айта ғой! Құлағым сенде.

ИНДИРА: Мам... мам... мен бир жигитти жаксы көред. Соны...

БАҚЫТКУЛ (*үрпийин*): Не? Құдай-ау, кім – ол? Қандай жігіт?

ИНДИРА: Ол сондай жаксы. Ақылды. Таза, адеми кинед. Ауылдың баласы деп айтпайсын!

БАҚЫТКУЛ: Ауылдың баласы деймісің?!

ИНДИРА: Иә, ауылдың... чабан баласы. Бирак...

БАҚЫТКУЛ: Не, бірақ? Жетер! Болмайды!

ИНДИРА: Неге болмайд?

БАҚЫТКУЛ: Болмайды деген соң, болмайды! Қойшымен құда болар жайым жоқ!

ИНДИРА: Мам... Папам ылгыда болашак күйеудин байлығына, баскасына қызық па, ен бастысы адамгершилиги болсын деп айтып отырады гой! Адамына кара, ақил-парасатына кара дейди гой!.. Саган байлық жолдас емес, адам жолдас дейди гой. Биздин байлигимиз бир саган жетеди дейди гой!.. Постаянно... Так говорят, ты сама же знаешь...

БАҚЫТКУЛ (*шаптығып*): Байлығымыз да, басқасы да бір саған жететіні жетеді. Бірақ... Сен біздің жалғыз қызымызың... соны ойла... елжүрт бар, ағайын-туыс бар, не айтамыз, ұят емес пе?! «Саятбектің жалғыз қызы бай таппағандай, малшының баласына тиіпті» деп өсек қылмай ма?! Досқа күлкі, дүшпанға таба болар жайымыз жоқ! Жора-жолдастарға қалай қараймыз?! Бетім-ай! (*Бетін шымшиды*). Қаланың жігіттері құрып қалғандай! О несі-ей! Алматыдан бай табылмай қалды ма, түге?! Әкеңнің абыройын, өзіннің болашағынды ойласаңшы!

(Осы кезде үйден қыздың экесі шығады).

САЯТБЕК: Не болды-ей, саған?! Ауланы басына көтеріп...

БАҚЫТКУЛ: Мына қызың да... Қойшының баласына байға шығам дейді... Осының бәріне кінәлі сенсің! Адам дейді, адамгершілік дейді.

Не қаланың адамдары адам емес пе екен? Қаланың жігіттерінің адамгершілігі жоқ деп кім айтты. Анау Сәкеннің баласы кімнен кем. Түр десе – түрі, бой десе – бойы бар. Сәкеннің өзі ше?.. Министрдің орынбасары болса да, қандай қарапайым. Өзін-өзі ұстауы қандай! Шіркін, сырбаздың сырбазы гой, біздің Сәкен... (*куйеуіне қарап*). Ал, сен болсан, адам, адамгершілік деп қызыңың басын бостан-босқа катыра бер ме!..

САЯТБЕК: Ақыл айтуға да болмай ма, не?!. Мен жаманшылық ойлайды дейсің бе! Сен де қайдағыны шатып-бұтып... Басын қатыратын-дай не айтыпсын?! Адам болсын, дұрыс адамға жолықсын дегеннен басқа...

БАҚЫТКУЛ: Адам болсын... дұрыс адам... Сонда не, Сәкен адам емес пе?

САЯТБЕК: Немене сандырақтап тұрсың. Сәкеннің бұған қатысы қанша?..

БАҚЫТКУЛ: Біле білсең, біз құда болатын адам сол Сәкен. Сәкен...

САЯТБЕК: Өй, сен де бір...

БАҚЫТКУЛ: Немене, қолынды сілтейсің. Қазір не, сенің заманың дейсің бе?! Байлышқа да, қызметке де кімнің арқасында қолың жетті өзіңнің! Ойлансаншы, бір уақ... Эрберден соң менің әкемнің арқасы емес пе, сенің осылай шалқып жүргенің! Ал, ана өмір бойы ойыңдан кетпейтін ғашығың Гүлмираға үйленсөң, көрер ем кім боларынды! Қоңыз теріп кетер ме едің, кім білсін! (*сайқалдана мыр-мырс етін миығынан құледі*). Өзің түсे алмай қалған балшыққа қызыңды батырғың келеді гой, ә!.. Со-лай ма?!. Оған жол бере қоймаспын! Мен тірі тұрғанда... Тап, бар гой!..

САЯТБЕК (*Индираға қарап*): Көзіңе жын көрінгендей, не болды-еї сонша шаптығып?

БАҚЫТКУЛ: Керен боп қалғансың ба?!. Айтып тұрмын гой, мына қызың қойшының баласына байға шығам дейді. Сен малшымен құда боласың! Құйрық-бауыр жейсің!

САЯТБЕК (*Индираға қарап*): Қызым, қызым-ау! Жақсылап ойлану керек!..

ИНДИРА: Пап... өзин емес пе, болашак жарын адамгершилиги коп адам болсин деген. Мен сол адам тапкан. Пап... пап... өтінem... Между прощим, Серикбол аганы мен де жакси коред, ол киси жакси. Бирак, Жораны билесиз гой!

БАҚЫТКУЛ: Е, несі бар екен? Көзі соқыр ма, қолы шолақ па?.. Образованный, қаланың жігіті.

ИНДИРА: Ой, несін айта береси, өзин де билесин гой, онын қандай екенин!.. Машина мен киз першаткідей айырбастайт! Сол ма онын жаксиси. Ол барип турған нахал!.. Ақыл жок!.. Мен оны жек коред. Екеумиз постоянно...

БАҚЫТКУЛ: Болды... болды... Семья болған соң, бәрін қояды ғой! Өмір бойы сөйтіп жүре берер деймісің! Қояр! Зато, байлығы... Сәкенің байлығын айтсаныш! Қос-қостан үй, үй болғанда қандай! Қос-қостан машина... машина...

ИНДИРА: Байлығы не керек, ули ақмак болса!.. Ақмак!..

БАҚЫТКУЛ: Сен қанышқ қоясың ба, жоқ па? Мен бәрібір қойшымен құда болмаймын! Өліп қалсаң да!..

САЯТБЕК: Бақыткүл, неменеге өрекпи бересің?! Әуелі баланы көрейік, танысайық та. Соңан соң ақылға салып көрерміз... Ал, Жораның...

БАҚЫТКУЛ: Е, несі бар екен? Сәкенмен құда болсан...

САЯТБЕК: Әй, Сәкенің жөні бір басқа, Ал Жораны қойшы-ей!.. Несіне қайталай бересің, болды емес пе? Тап бір жау шауып жатқандай, соңша аптығып не көрінді саған? Көрерміз! Бәріміз де ауылдан шықтық...

БАҚЫТКУЛ: Нені көресің?!.. Көретін дәненесі де жоқ! Біз қалалық болғалы қай заман?! Әрі сен білдей бір корпорацияның басшысы емессің бе? Саған бәрібір ме, сонда?

САЯТБЕК: Ей, сен де... сөз ұғушы ма едің!

БАҚЫТКУЛ: Мен емес, сен ғой, сөз ұқпай тұрган...

САЯТБЕК: Мен үшін қызыымның бакыты бәрінен қымбат!

БАҚЫТКУЛ: Сен немене сонда...

САЯТБЕК: Сөзді көбейтпе!.. Тенін тапса болды емес пе?!. Одан басқа саған не керек!

БАҚЫТКУЛ: «Тен – теңімен, тезек – қабымен» деген бар.

САЯТБЕК (*көзін аларты, дауысын көтеріп*): Жетер енді! Догарасың ба, жоқ па?

БАҚЫТКУЛ: Қойшымен құда болып жетісерсің!.. Жетіскен екенбіз!.. Ойбай-ау, ойбай!..

(Бақыткүл доддана шығып кетеді).

ИНДИРА (*еркелеп*): Пап... Ол жакси жигит! Симпатичный, умный... Порядочный.

САЯТБЕК: Өзіңе ұнаса, өзің ұнатсаң болды да, ботам!.. Сен бақытты болсан, бізге одан басқа не керек дейсің, жаңым! Көрейік, танысайық!.. Білісейік!.. Өзің де жақсылап ойлан, жаңым. Басқа нәрселерден қателесуге болар, ал өмірлік жар таңдауда қателікке жол беруге болмайды! Өйткені, бағың да, сорың да сонда, жаңым! Өмірде мен де көп қателіктер жібердім!..

ИНДИРА: Ол – не?

САЯТБЕК: Жай-әшейін... сен жалғызысың!.. Осының бәрі сенің шешенің кесірі... Ұлым болса... Кейде... Әй... қазактың... кейбір сөздері-ай!...

ИНДИРА: Казактин создери...

САЯТБЕК: Иә, ата-бабаларымыз қандай данышпан болған! Бәрін де бір-ақ ауыз сөзбен айтып кеткен ғой!..

ИНДИРА: Пап... мени неге казакша оқитпадының? Казактин создерин көп түсінбейд. Казакша дұрыс сойлей алмайтынга ұялам.

САЯТБЕК: Әлі-ақ үйреніп кетесің! Ұялмай сөйлей бер. Ол кезде заман басқа еді ғой, жаным. Манайда қазақ мектебі жоқ болатын. Оның үстіне орысша білсөң, жерде қалмайтынсың! Сенің болашағынды ойлағаннан орыс мектебіне беріп едім... Қателескенімді кеш те болса өзім де сезіп жүрмін! Кейде сенен орыстық мінездерді байқап қалам. Дегенмен, бойыңа шамам келгенше қазақылықтың дәнін себуге тырыстым. Ылғи да, үйде қазакша сөйлендер деп айтып отыратын едім ғой! Енді келіп... (*Калта телефоны шылдыrlайды*). А-а... Жақсы... жақсы... Мен қазір ба-рамын!.. (*қызына қарап*). Қой, жарайды, жаным, мен кеттім, жиналыстан кешігіп барамын! Ойлан, қызыым, әбден ойлан. Өзің де енді бала емессің ғой! Ертең өкініп, опынбайтында болғайсың! Ен бастысы – өзіңе ұнаса болды. Қалғаны біртіндеп қалыпқа келер. Онымен біз емес, өзің бірге тұрасың ғой! Дегенмен, қойшының баласы екен. Бір уақabyroidы да ойлаған дұрыс, қызыым!.. Ел-жұрт бар дегендей... Енді өзің...

ИНДИРА: Ой, пап...

САЯТБЕК: Қызыым, кейін... тағы әңгімелесерміз... Мен кешігіп ба-рам... Жақсы ... кейін тағы...

(*Әкесі қызының маңдаудынан иіскейді де, асыға басып, шығып кетеді. Сәлден соң қақпаның қоңырауы шылдыrlайды. Индира жүгіріп барып, есік ашады. Қолына гүл шоқтарын ұстаган Сержан кіреді*).

СЕРЖАН: Қалың қалай?

ИНДИРА: Салем!

СЕРЖАН: Көңіл-күйің қалай?

ИНДИРА: Жаман емес!

СЕРЖАН: Не жаңалық?

ИНДИРА: Еш жаналық жок.

СЕРЖАН: О-о... о... Қазакша көпкөрім сөйлейтін болыпсың ғой!

ИНДИРА: Как... как... Попкорн дейсің бе? Попкорн сиякты сөйлейм бе?

СЕРЖАН: Попкорн сөйлеуші ме еді, не?

ИНДИРА: Енді өзің ғой!..

СЕРЖАН: Попкорн емес, көпкөрім деймін. Қазақша жақсы біліп қалыпсың дегенім ғой!

ИНДИРА: А-а... а-а... Сенің арқан ғой!

СЕРЖАН: Жарайды! Осындағы қасиеттерің ғой... Қылықты қызысын-ау!.. Эйтпесе бар ғой, қаланың қыздарын онша жақтыра қоймаушы едім.

ИНДИРА: Мен де ауыл жигитин... Есінде ме, екеумиздин урисип қалғанимиз. Мен плакат етип едим ғой! Сен мәнгурт дедин.

СЕРЖАН: Енді өзің ғой, мәмбет деген. Ылғи орысша сөйлейтінсін. Соған өзімнен-өзім ыза болатынмын. Соны айтып едім, өзің ғой, шамда-нып, дәүкестеніп шыға келген.

ИНДИРА: Сол айтқандарин улкен ой салды! Сен менин омирge деген көзкарасти өзгертуң! Шын айтам! Сол ушин де озим кеширим сурадим ғой!

СЕРЖАН: Соңан кейін ғой, сені бір түрлі жақсы көріп қалғаным. Өмір қызық қой!.. Әйтпесе...

ИНДИРА: Байқайсын ба, Сержан, сенимен танысканнан бери мен ка-закша сойлейтин болдым.

СЕРЖАН: Өте жақсы!..

ИНДИРА: Мен сени алғашында мулде орысша билмейт деп ойладым! Орысша жакси урасди екенсин. Чистый по руский!..

СЕРЖАН: Мен де сені бір ауыз қазақша білмейтін шығар деп ойлай-тынмын!..

ИНДИРА: Ал былай... вообще... орысша сойлемейсин, иа! Орыстардың өзіне казакша сойлемейсин! «О, колхоз!» – деп, биз күлетинбиз. Орыстарга казакша сойлеу қызық. Бирак сени олар бари түсінеди, иа.

СЕРЖАН: Өзіміз ғой, өбектеп шыға келетін. Әйтпесе, олардың бәрі біледі, болмаса түсінеді. Өзбектер ешуақытта бір-бірімен орыс-ша сөйлеспейді. Қайта орысқа өзбекше гәпіреді. Тіпті, Тәшкенде дүкен сатушыларының өзі орысша сөйлесең жауап бермейді. Өзбекше сөйлемесең де, қазақша сөйле дейді. Міне, оларда ұлттық нағыс қандай!.. Ал біз болсақ, өзімізбен-өзіміз орысша сөйлесеміз! Соны жетістік санай-мыз, мақтан тұтамыз! Қадыр ағамыз айтпақшы, өзге тілдің бәрін білсең де, өз тілінді құрметтеу керек қой! Ағылшынша бұлбұлдай сайрасан, қәнеки!.. Бірак...

ИНДИРА: Сен ағылшынша да жақсы биледі екенсин ғой! Сени... бар ғой... ағылшынша биледи деп мұлде ойламаппын! Ауылда журип калай үйренгенсин?

СЕРЖАН: Ниет болса, бәрін үйренуге болады. Айтып тұрмын ғой, бәрін біл! Тек қазақ пен қазақтың орысша шүлдірлескенін түсінбеймін. Қаралтан қарап тұрып зығырданым қайнайды. Масқара емес пе? Намыс қайда? Өз тіліміз жоқтай! Біле білсең қазақ тілі әлемдегі ең бай тілдердің бірі.

ИНДИРА: Билем! Алғаш осындей касиеттерін жек кордим, кейин осы касиеттерин ушін жақсы корип кеттім ғой. Мәмбет деп ойлаушы едик, мәмбет сен емес, мәнгүрт біз екенбиз ғой! (*кулімсірдейді*).

СЕРЖАН: Қойшы, оның бәрін еске түсіре беріп қайтеміз, көрген түстей өтті де кетті ғой!.. Одан да дайындал, әйтпесе, спектаклден қалып қойып жүрерміз.

ИНДИРА: Жаксы. Мен казир...

(Осы кезде үйден Бақытқұл шығып қалады. Ол Индира мен Сержанның сөздерін тыңдаған тұрган сыңайлы. Жігітті бастан-ая алақөздене шолып өтеді де, мықынын таянып тұра қалады).

СЕРЖАН (*көре салып*): Сәлеметсіз бе?

БАҚЫТКУЛ: Бүгін үйге қонақтар келмек. Индира ешқайда бара ал майды.

СЕРЖАН (*сасқалақтап*): Ондай болса... жарайды... Өзім-ақ...

БАҚЫТКУЛ (*кекесінмен*): Сейткенің жен!..

СЕРЖАН (*шегіншектеп*): Жақсы онда... (*шығып кетеді*).

ИНДИРА: Мам... неге... Мен оны жаксы корем гой!.. Сиз барин...

БАҚЫТКУЛ: Не болды?.. Қайта жақсы...

ИНДИРА: Мам... биз бир-бirimizди жақсы коремиз. Нег түсінбейсіз?!.. Биз барибир...

БАҚЫТКУЛ: Атаңның басы...

ИНДИРА: Мам... мам... (*көмейіне өксік тығызып, үйге кіріп кетеді*).

БАҚЫТКУЛ (*жападан жалғыз, өзіне өзі*): Эй, өзі бір тұр-тұлғасı келіскең бала екен!.. Устіндегі киімі де... Эй, бірақ, қойшының баласі гой... Мүмкін... э.. әлде...


Өзімен-өзі іштей күбірлесіп тұрып қалады.

Соңы





АУДАРМАЛАР



Уильям Сароян – белгілі американдық жазушы. Ұлты – армян. 1908 жылы 31 тамызда Калифорния штатындағы Фресно қаласында армян эмигрантының отбасында дүниеге келген.

Еңбек жолын хат тасуши болып бастаған. Ешкім де оны атағы алысқа кетер жазушы болады деп ойлаған жоқ. Тіпті, ата-анасы да. Өзі де өзіне тым сенімді емес еді. Дегенмен, бойындағы жазу-сызуға деген қабілет-қарым, бұла талант пен ерен енбеккорлық оны үлкен әдебиетке алыш келді. Өзінің өлмес-өшпес туындыларының арқасында лайықты бағасын алыш, әдебиет әлеміндегі орнын еншілеп, мәңгі сөнбес жарық жүлдзыға айналды.

Жазушының кейіпкерлері қашанда бақыттың бал дәмін татып үлгермеген, өмірде жолдары бола қоймаған қарапайым ғана адамдар болғаны белгілі. Оның қаламынан мыңдан аса әнгіме, он екі пьеса, онға тарта роман тұған. Соның ішінде «Адамзаттық комедия», «Весли Джексонның басынан кешкендері», «Мама, мен сені жақсы көремін» атты сүбелі дүниелерін ерекше атап өтуге болады. Адамның жан дүниесін көремет бір сезімге бөлеп, тұла бойын баурап алар драмалары мен «Менің атым Арам», «Қымбатты балақай» атты әнгімелер жинағы да кім-кімді болсын бей-жай қалдырmasы анық. Бәрі де ертенгі күнге деген үлкен сеніммен, үмітпен, жылышықпен жазылған жалынды шығармалар.

Қаламгер тұған Фресно қаласында 1981 жылы 18 мамырда қайтыс болған. Сонда жерлеген. Бірақ, суреткердің өз өсиеті бойынша оның жүргегінің жартысы Арменияға әкелініп, Ван өзенінің маңындағы Аарат тауының бөктеріне қойылған. Одан әрі оның әке-шешесінің тұған қаласы – Битlis те алыс емес.

Жазушының қазақ тіліне тәржімеленген бірнеше пеъсалары ұсынылып отыр.

АШЫҚҚАНДАР

Нью-Йорктің шеткі көшелерінің біріндегі кішірек терезесі бар шағын бөлме. Бөлмеде есқи үлгідегі граммофон мен пластинкалар қойылған үстел және темір төсек пен орындық тұр. Жазуышы машинка басып отыр.

1937 жылғы қыркүйектің жауынды күні, сағат күндейтігі төрт. Бөлмеге жасас капиталист кіреді. Оған орын босату үшін сахна жұмысшысы қабырганы жылжытады. Жазуышы басуын жалғастыра береді. Сахна жұмысшысы кетеді.

ЖАС КАПИТАЛИСТ (*бөлмеде біраз жүреді*): «Сатердей ивнинг пост» журналына жазылмайсыз ба?

ЖАЗУШЫ: Бөгет жасамаңызшы.

ЖАС КАПИТАЛИСТ (*өзіне-өзі*): Ол не жазып жатыр екен, ә? (*Жазушиға*) Сіз не жазып жатырсыз? (*Жауп жоқ*).

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Музыка тыңдасам қарсы болмайтын шығарсыз? Жаңбыр жауып тұр.

ЖАЗУШЫ: Мен сізге айттым ғой, бөгет жасамаңызшы.

(Жас капиталист граммофонга жақындаған келіп, пластинканы қояды. Рихард Таубердің орындауындағы «Жүргім сен деп согады» әні естіледі. Мексикандық мұндық қызы шығады. Үшеуіне бірдей орын жетуі үшін сахна жұмысшысы қабырганы қайтадан жылжытады. Қызы ән тыңдайды, ал жасас капиталист оны бақылап тұрады).

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Менің атым – Джон.

ҚЫЗ: Тыныш... Менің есімім – Долорес.

ЖАЗУШЫ (*кейін*): Тыңдайсындар ма өзі?! Маған азырақ жұмыс істеуге мүмкіндік беріндерші! (*Бұрыла беріп жасас капиталист пен қызды көреді.*)

(Жас капиталист – нашар күнген он жеті, он сегіздердегі жасас жігіт. Мексикандық қызы өте әдемі).

ҚЫЗ: Не болды? (*жігітке*) Сен – кімсің?

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Мен – Джонмын.

ЖАЗУШЫ (*қызға*): Кешіріңіз, ал сіз кімсіз?

ҚЫЗ: Долорес.

ЖАЗУШЫ: Жақсы. Өте жақсы. Ал, енді сен екеуің жаймен сөйлесіп, әлде кетіп, болмаса өліп, тіпті болмаса тағы бірдене істеп тыныш отыра алмайсындар ма? Менің жұмыс істеуім керек.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Мен өлімнен басқа бәріне дайынмын.

ЖАЗУШЫ: Жақсы. Алдымен граммофонды өшіріңіздер. Егер қала-саныздар, қала берініздер, тек маған бөгет жасамаңыздаршы!

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Азырақ музыка тыңдағанның несі айып?

ҚЫЗ (жаса капиталиске): Кеттік. Оның оңаша қалғысы келеді.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Неге кетеміз, кетпейміз. Осында бола тұрайық. Далада жаңыр құйып тұр. Ол өзі айтты ғой, бізге отырып әнгімелесуге болады.

ЖАЗУШЫ (жазу машинасына тақап келіп): Осындаі қызық адамдар қайдан пайда болады екен? Егер менде ақша болса, онда жөн басқа. Ал, менің бұларға беретіндегі ештеңем жоқ қой. (*Кызға*) Тыңдаңызы!

Сіз ашсыз ба?

ҚЫЗ: Иә.

ЖАЗУШЫ: Мен де солай ойлағам. Өкінішті-ак, бірақ менің сізге бөліп беретін ештеңем жоқ қой. Өзімнің де тамақтанғым келеді. Сіз қатты ашықтыңыз ба?

ҚЫЗ: Кешеден бері нәр татқан жоқпын.

ЖАЗУШЫ: Ал сіз ше, Сэм?

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Сэм емес, Джон деңіз. Мен де ашпын.

ЖАЗУШЫ: Жарайды, Джон. Сіз соңғы рет қашан ас іштіңіз?

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Есімде жоқ. Алдыңқуні таңғы ас ішкенімді білемін.

ЖАЗУШЫ: Сіздің басыңыз айналып, жүргегіңіз айнымай ма?

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Жоға да... Бірақ, бойымда бір коркыныш бар. Байқауымша, ешкімнің де «Сатердей ивнинг постқа» жазылғысы келмейді.

ЖАЗУШЫ: Тұсінікті.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Мен біреуден бірдене сұрауға ұяламын.

ЖАЗУШЫ: Әрине, кім ұялмайды?

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Маған садақаның керегі жоқ.

ЖАЗУШЫ: Әрине. Ешкім де оны қажет етпейді. Ал, сізге не керек, қарындаст? Садақа ма, жоқ, әлде махаббат па?

ҚЫЗ: Не?

ЖАЗУШЫ: Ештеңе. Сіздің махаббатты көксейтініңіз көрініп тұр.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Мен сіздің кім екеніңізді білмеймін, десе де өзініңізді тым тұрпайы ұстайды екенсіз.

ЖАЗУШЫ: Сіздер менің не істеп жатқанымды білесіздер ме?

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Мен сізді қандай да бір конторға жұмысқа тұру үшін машинка басуды үйреніп жүрген шығар деп ойладым. Машинка баса алатындығы үшін азық-түлік дүкеніне жұмысқа тұрған жоғары білімді бір адамды білетін едім. Ол әр кеш сайын қожайын үшін хат басатын.

ЖАЗУШЫ: Мен – жазушымын.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Сіз, сірә, бай шығарсыз?

ЖАЗУШЫ: Мендеңі бар нәрсе – осы белменің ішіндегілер ғана. Міне, осылай жеті жылға созылып барады... Ас ішкілерің келе ме?

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Иә.

ЖАЗУШЫ (*жазу машинкасының қақпагын жасаудың қояды*): Ендеше... машинканы алғындар да, қарсыдағы үйге апарып, саудаға салып көріндер... Мына қыз алдымен осында келмесе, сөз жоқ, аштан арам қатар еді. Сіз өзінің де бәрінен бұрын өліп қалар едініз. Өтірік пе?

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Жоқ, біздің өлгіміз келмейді.

ҚЫЗ: Тағы да біраз музика тындағым келеді.

ЖАЗУШЫ (*басқа пластинканы қояды*): Жақсы. Міне, сізге музика... (*Жас капиталистке жазу машинкасын береді*). Көшениң арғы бетінің өтесіз де, әр есіктің қонырауын басасыз. Машинканы мейлінше қымбатырақ өткізуге тырысарсыз. Бес жыл бұрын бұл алпыс бес доллар тұратын. Егер өткізе алсаңыз, оны бес долларға сатыңыз. Бес бермесе, төртке сатыңыз. Торт болмаса, үшеуге-ак бере салыңыз. Үшеу бермесе...

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Екеу алайын ба? Ал, егер бір доллар да бермесе ше?

ЖАЗУШЫ: Онда бұл қарғыс атқыр немені қайтадан алғып келініз. Бір доллар және бір тыын да кем емес! Мен осы ескірген кішкентай машинканың өзімнің жарияланбаған бірқатар ғажайып шығармаларымды жаздым ғой.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Мен тап осындай істермен ешқашан айналысып көрмеппін. (*Қызыга*) Келесі кездескенше кош-сau болыңыз!

ҚЫЗ: Көріскенше күн жақсы болсын!

ЖАЗУШЫ: Көшеден абайлап өтіңіз. Көзіңіз жақсы көре ме?

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Өте жақсы көреді. Егер көп ақша қолыма түссе не істейін? Мәселен, бес доллар...

ЖАЗУШЫ: Дүженге барасыз да, көбірек ішім-жем аласыз.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Жарайды. Сенсеніз, сізге зор алғыс айтайын деп едім.

ЖАЗУШЫ: Қойыңыз... Мен ашпын. Тірі болсам, жазуға тағы уақыт табармын. Егер сіз азырақ ақша тауып келсеніз, аздап ішуге де болар еді. Виски, болмаса тағы бірдене...

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Көріскенше.

ЖАЗУШЫ: Жақсы.

ҚЫЗ: Қош болыңыз.

(*Екеуди пластинканы үнсіз тыңдаиды. Бұл – Лауренс Тибеттің орындаудағы «Ақ көгершін» романсы*).

ҚЫЗ: Мен нанды жақсы көремін. Ал, сіз ше?

ЖАЗУШЫ: Мен де. Ал, алманы ше?

ҚЫЗ: Алма ма? Тамаша ғой. Алмадан артық не бар дейсіз!

ЖАЗУШЫ: Мен жүзімді де өте жақсы көремін. Оның құрамында біршама қажетті витаминдер бар ғой.

ҚЫЗ: Шын ба? Оны білмейді екенмін. Не ол сонда?

ЖАЗУШЫ: Жүзімнен шарап жасалады. Ал, шараптың нені білдіретінін сіз білесіз бе?

ҚЫЗ: Білсек болар еді. Не сонда?

ЖАЗУШЫ: Шарап деген... Эх, шіркін!.. Мәңгілік рахат өмір ғой, рахат өмір!.. Міне, шарап деген – осы.

ҚЫЗ: О, рахмет сізге!

ЖАЗУШЫ (*граммомонмен ауреленіп*): Қазір сіздің қайда барғының келеді?

ҚЫЗ: Иә, қандай да бір шуакты, жылы жер болса...

ЖАЗУШЫ: Сіз ашсыз. Бар болғаны осы-ақ. Жаңбырдан артық мейірбан жоқ-ау. Жаңбыр – бұл көз жасы ғой, ал көз жасы тазаруды білдіреді. Сізге бір қызық оқиға айтып берейін бе?

ҚЫЗ: Бірақ, мен «кулемін» деп уәде бере алмаймын.

ЖАЗУШЫ: Өзім де күле қоймаспын. Дегенмен, бұл – қулкілі оқиға. Мен он жасар кезімде, қала сыртында серуенде жүріп, ғажайып қызыл жүзімге толы жүзімдікке тап болдым. Бір жүзім сабағынан екіншісіне үніле біраз жүрдім, бірақ ешқайсысына тиіскен жоқтын. Бір кезде мені жүзімдіктің қожайыны – фермер көріп қалды да, ұры деп жүзімдікten күып шықты. Ал, ұры – мен емес, оның дәл өзі болатын.

ҚЫЗ: Бар оқиға осы ма?

ЖАЗУШЫ: Иә.

ҚЫЗ (*жылай бастайды*). Кешіріңіз. Мен сізге күле алмайтынымды алдын ала ескерттім ғой.

ЖАЗУШЫ: Менің де анда-санда жылап алғым келеді.

ҚЫЗ: Сіз жылай алмайсыз ба?

ЖАЗУШЫ: Жоқ.

ҚЫЗ (*еңіреп қоя береді*): Ал, мен жылаймын.

ЖАЗУШЫ: Көріп тұрмын.

ҚЫЗ (*кенеттеп еңіреуін күшейтін*): Көз жасында қандай құдірет бар?

ЖАЗУШЫ: Оның денсаулыққа пайдасы бар шығар. Меніңше, көздің жасы жауапсыз махаббатқа ұқсайтын сияқты. Сонда деймін-ау, жағапсыз махаббаттың да пайдасы көп болғаны ғой.

ҚЫЗ: Мен оған сенбеймін.

ЖАЗУШЫ: Иә, шынымды айтсам, мен өзім де сенбеймін.

ҚЫЗ: Егер сіз біреуді жақсы көрсөніз, ол сізді ұнатпаса, шынымен жыламайсыз ба?

ЖАЗУШЫ: Жоқ.

ҚЫЗ: Сіз ете қатал екенсіз.

ЖАЗУШЫ: Қатал дейсіз бе? Кімге, неге? Білуге болар ма екен?

ҚЫЗ: Қызға. Міне, мен сізді жақсы көремін.

ЖАЗУШЫ: Мен сіз оны жақсы көретін шығар деп ойладым.

ҚЫЗ: Оны дейсіз бе? Кім – ол?

ЖАЗУШЫ: Жас жігітті. Джон, әлде Сэм бе, аты кім еді өзінің? Ол сізді жақсы көреді.

ҚЫЗ: Сіз оны қайдан білесіз?

ЖАЗУШЫ: Мен – жазушымын. Мен оның сізге қалай қарағанын көрдім. Сіз сияқты ол да аш, ал оның сізді жақсы көретіні, сіз өте әдемісіз...

ҚЫЗ: Ал, мен сізді жақсы көрем гой.

ЖАЗУШЫ: Бұл – сіздің аштығыңыз бен қиялдыңыздың жемісі.

ҚЫЗ (жасаурап): Жоқ... Сіз мені жақсы көрмейсіз.

ЖАЗУШЫ: Жақсы көремін. Мен де ол сықылды ашпын. Тіпті, одан да әрмен...

ҚЫЗ: Бар айтартыңыз осы ма, әлде тағы...

ЖАЗУШЫ: Енді жылаудың қажеті жоқ. Азырақ тамақтанып алғанша шыдай тұрыңыз. Мына ұсақ тастарды көріп тұрсыз ба? Мен бұларды Тынық мұхиттың жағалауынан жинап алғам. Бұрын мен Сан-Францискода тұрғам. Бұл ұсақ тастардың әрқайсысы мұлтіксіз жаратылыған. Сіз бұлардың кез келгені сияқты сүйкімдісіз.

ҚЫЗ: Сіз мені ұнатпайсыз ғой.

ЖАЗУШЫ: Мен ана жігіт үшін аландаймын. Ол машинканы сатты маекен, жоқ, әлде?.. Міне, мәселе қайда!

ҚЫЗ: Сата алмағанына сенімдімін. Мұлде сата алмайтынына да сенімдімін. Оның оны ұрлап кететініне де сенімдімін. Қайтып оралмайтынына да сенімдімін.

ЖАЗУШЫ: Сіз не деп тұрсыз өзі, есінізді жиыңыз! Екеуміз де аштықтан өлгелі тұрсақ. Сіз не?!

ҚЫЗ: Егер ол тамақ алып келсе, мен жемей қоямын.

ЖАЗУШЫ: О! Түсінемін. Ал, мен жеймін.

ҚЫЗ: Сіз қандай қаталсыз. Мен де жеймін.

ЖАЗУШЫ: Жемеу ақымақтық болар еді.

ҚЫЗ: Сіз неге бұнда тұрып жатырсыз? Бұдан жарығырақ жерге неге көшпейсіз?

ЖІГІТ: Мұнда жарық жеткілікті... Мына ұсақ тастарды көріп тұрсыз ба? Сіз сондай әдемісіз, мына...

ҚЫЗ: Сіз неге оны қайталай бересіз?

ЖАЗУШЫ: Осындағы құдай берген жалғыз-ақ осы тастар ғана – менікі. Сіз солар сияқты сондай әдемісіз. Қараңызышы оларға. Не көріп тұрсыз?

ҚЫЗ: Ештеңе де.

ЖАЗУШЫ: Құдайым-ау! Сіз қалайша соншалықты ашсыз?

ҚЫЗ: Иә.

ЖАЗУШЫ: Өкінішті-ақ.

ҚЫЗ: Неге?

ЖАЗУШЫ: Себебі мен сізді жақсы көремін ғой.

ҚЫЗ: О!

ЖАЗУШЫ: Ал, жаңбыр әлі жауып тұр. Мүмкін, ол жігіт көшеде құлап қалған шыгар... Сіз әлі ашсыз ғой.

ҚЫЗ: Жоқ.

ЖАЗУШЫ: Мен де.

ҚЫЗ: Мен сізді жақсы көремін.

ЖАЗУШЫ: Сізді мен де.

ҚЫЗ: Мен сізді мәңгі сүйіп өтемін.

ЖАЗУШЫ: Нешедесіз өзі?

ҚЫЗ: Сіз маған құлменіз. Мен он жетідемін.

ЖАЗУШЫ: Кешіріңіз мені. Сіз сондай сүйкімдісіз.

ЖАС КАПИТАЛИСТ (*Жазу машинкасын қолына көтере қайтып оралады. Беті су-су. Ол құлімсірейді*): Сіздің машинкаңыздың ешкімге керегі жоқ екен.

ЖАЗУШЫ: Кәне, ендеше, азырақ ақша табудың басқа да амалдарын ойластырып көрейік.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: «Сатердей ивнинг постқа» да ешкімнің жазылғысы келмейді.

ҚЫЗ: Біз бәріміз өлеміз. Мен қуаныштымын.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Қуаныштымын дейсіз бе?

ЖАЗУШЫ (*жас капиталистке*): Аланда маңыз. Біз – өлмейміз.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Менің орта білімім бар.

ЖАЗУШЫ (*Жазу машинкасын бұрынғы орнына қойып, қақпагын алады да, таза қағаз салып, қайтадан баса бастайды. Қызга*): Егер менде елу теңге болса, сіз биғштекс алар ма едініз, әлде тауық етін тәуір көресіз бе?

ҚЫЗ: Ештеңенің де керегі жоқ.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Егер менде ақша болса, сізге не сатып әперуіме ризашылық білдірген болар едіңіз?

ҚЫЗ: Рахмет. Маған ештеңенің керегі жоқ.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Не болды?

ҚЫЗ: Не деген ақымақсыз!

ЖАЗУШЫ (*қызга қарай ентелеп*): Мына тастарды көріп тұрсыз ба? Сіз бұларға мулде ұқсамайсыз.

(Кемпір шыгады. Оның бет әлпетінде қандай да бір балалық мұңды құлқінің табы сақталған. Сахна жұмысшысы қабырганы мулде алып тастағандықтан, бөлменің іші кеңі түскен).

КЕМПІР: Жаңбыр басылғанша менің осында бола тұруыма рұқсат етіңіздерші.

ЖАЗУШЫ (*қарамай-ақ*): Еркінің білсін! Тек менде жейтін ештеңе жоқ.

КЕМПІР (*жас капиталистке*): Мынау сіздің әкеніз бе?

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Эрине, жок.

ҚЫЗ: Сіз не, ешқайда паналай алмайсыз ба?

КЕМПІР: Ешқайда.

ҚЫЗ: Мен де.

ЖАЗУШЫ: Жарайды. Бәріңің де осында қалуларына болады. Қанша қаламын десеніздер де еріктерініз, тек бірер минут тыныш отыра тұрындыздаршы. Жаңбыр да мәнгі жаумас. Ал, жауын басылған соң, кім қайда барам десе де өз еркі.

ЖАС КАПИТАЛИСТ (*кемпірге*): Жазылымға жазылғыныз келмей ме?

КЕМПІР: Неменеге?

ЖАС КАПИТАЛИСТ: «Сатердей ивнинг постқа».

КЕМПІР: Жоға да, тәйірі...

ЖАЗУШЫ (*жас капиталистке*): Менің не істейтінімді білесіз бе?... Жазыламын!

ЖАС КАПИТАЛИСТ (*ентелеп*): Шын ба? Алғашқы алты айға ештеңе төлеудің қажеті жок.

ЖАЗУШЫ: Алты ай? Сонда бұл сізге не береді?

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Алғашында, шынын айтсам, ештеңе де. Егер мен толтырылған бірнеше жазылым қағазын өткізсем, конторға өтініш айта аламын, сонда маған жарым доллардай қарыз беруі мүмкін.

ЖАЗУШЫ: Бұндай жағдайда мен аты-жөнім мен мекен-жайымды өзгертіп, сегіз немесе тоғыз рет жазыла аламын.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Үлкен рахмет. Сіз мықты азаматсыз. (*Калтасынан жазылым қағаздарын шыгарып*) Мүмкін, сіз де жазыларсыз.

ҚЫЗ: Әлбетте. Сегіз немесе тоғыз рет.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Сізге қандай алғыс айтсам еken?!

ҚЫЗ: Ештеңе жоқ. Сіз әлі ашсыз ғой!

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Бұрынғыдай емес. Маған енді азырақ ақша беретініне сенемін. (*Кемпірге*) Сізге де жазылу қажет емес пе?

КЕМПІР: Әлбетте.

Жазушы, қызы және кемпір әрқайсысы сегіз немесе тоғыз реттен жазылым қағазын толтырып, жас капиталистке береді.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Мен енді өзімді әлдекайда жақсы сезінемін. Енді торығуға ешқандай негіз жоқ.

ЖАЗУШЫ: Маған да солай сияқты.

ҚЫЗ: Маған да.

КЕМПІР: Маған да.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Менің ойымша, бәрі де жөнге келетін сияқты.

ЖАЗУШЫ: Мен де солай ойлаймын.

ҚЫЗ: Жаңбыр әлі жауып тұр ма?

КЕМПІР: Басылған сияқты.

ЖАС КАПИТАЛИСТ: Сіздерге рахмет. Үлкен рахмет. Көріскеңше күн жақсы!

БӘРІ: Көріскеңше есен бол!

Жас капиталист кетеді.

КЕМПІР (*қызға*): Сіз оны білесіз бе?

ҚЫЗ: Жок.

ЖАЗУШЫ (*кемпірге*): Біз бір-бірімізді жақсы көреміз. Әрине, аштықтан. Қалай болмасын, махаббаттың аты махаббат қой!

КЕМПІР: Ал, енді мен кетейін. Келесі кездескеңше сау болындар! (*Кетеді*).

Қызы жазушыга жақындаі түседі.

КЕМПІР (*қайтып оралады*): Менің сіздерге айтуым керек шығар, сірә. Ол басқыштың аяқ жағында өліп жатыр.

ЖАЗУШЫ: Кім?

КЕМПІР: Бағанағы жас жігіт... Ал, жарайды, қош болындар (*құлайлды да, өледі*).

ЖАЗУШЫ: Қош болыңыз!

ҚЫЗ (*жазушыга*): Сәлеметсіз бе?

ЖАЗУШЫ: Сәлемет пе? (*Оны құшақтайды*).

ҚЫЗ (*жылап тұрып*): Сен мені жақсы көресін бе?

ЖАЗУШЫ: Сен мына тастар сияқты әдемісің. (*Сыбырлан*) Өзінді қалай сезінесің?

ҚЫЗ: Өте жақсы. Ал, сіз ше?

ЖАЗУШЫ: Жаман емес. Сенің бірдемелер есінде ме?

ҚЫЗ: Тастар мен жүзім есімде. Ал сенің?

ЖАЗУШЫ: Менің есімде сен...

ҚЫЗ: Сен бақыттысың ба?

ЖАЗУШЫ: Иә. Сенің бір барсам деп армандаған жерін болды ма?

ҚЫЗ: Мен өлімнен бұрын, қашан да бір болмасын, Нью-Йоркке баруды армандаған едім.

ЖАЗУШЫ: Мен бірде Нью-Йорктеге болғам. Мен саған ол туралы айттып беремін.

САХНА ЖҰМЫСШЫСЫ: Музыка тындаимыз ба, не? (*«Восточный экспресс» пластинкасын қояды*).

(*Жарық біртіндең сөнеді*).

Перде

ЕЙ, КІМ БАР, ЕЙ?!

Провинциялық қалашықтагы түрменің кішігірім бөлмесі. Жігіт еденді қасықпен ақырын тықылдатады. Телеграфпен алденені жіберген сыйылды біраз уақыттың тықылдатқан соң орнынан тұрып, камера ішінде әрлі-берлі жүре бастайды. Камераның ортасында кілт тоқтайды да, қозғалмай тұрып қалады. Жаралы болса керек, басын сыйпалайты. Жаңажағына көз жіберіп қарап алады да, айгай салады.

ЖІГІТ: Ей, кім бар, ей?!

(Тыныштық).

– Эй, біреуің даусында шығарсаңшы!

(Ұзақ тыныштық).

– Эй, біреу бар ма, ей?!

(Кыздың өтес сазды әрі жұмсақ даусы естіледі).

ДАУЫС: Е-ей...

ЖІГІТ: Кейти... Кейти... Бұл, Кейти, сен бе?

ДАУЫС: Жоқ. Мен – Эмилимін.

ЖІГІТ: Кім? (Шыдамсыздының) Қайта айтшы.

ДАУЫС: Эмили!

ЖІГІТ: Қандай Эмили? Мен ешқандай Эмилиді білмеймін. Сен осыдан үш жыл бұрын Колифорнияда кездескен қыз емессің бе?

ДАУЫС: Жоқ, мен мұнда асханада істеймін. Мен – аспазбын. Колифорнияда ешқашан болғаным жоқ. Тіпті, оның қайда екенін де білмеймін.

ЖІГІТ: Аспазбын деймісің?

ДАУЫС: Иә.

ЖІГІТ: Сен не пісіресің... жейтін бірдеңе ме?

ДАУЫС: Маған не айтады, соны істеймін. (Ұзіліс) Неге көңілсіzsің?

ЖІГІТ: Қасқырша ұлығым келеді. Жаңымды қоярға жер таппай тұрмын. Ей, мұнда кім бар?

ДАУЫС: Сен кімге айғайлап тұрсың?

ЖІГІТ: Ешкімге де емес.

ДАУЫС: Ал, Кейти ше?..

ЖІГІТ: Мен ешқандай Кейтиді білмеймін.

ДАУЫС: Кейтиді сұраган өзің емес пе едің?

ЖІГІТ: Кейти – әдемі есім. Ол маған қатты ұнайды. Бірақ, ондай қызды танымаймын.

ДАУЫС: Мен білемін.

ЖІГІТ: Шын ба? Ол қандай қыз өзі? Ұзын ба, әлде қысқа ма?

ДАУЫС: Кішкентай.

ЖІГІТ: Эй, тыңдал тұрсың ба өзі? Сен қандай қызың?

ДАУЫС: Мен қайдан білейін!

ЖІГІТ: Қандай екеніңді ешкім айтпады ма?

ДАУЫС: Жоқ, ешкім ештеңе айтпады.

ЖІГІТ: Олар қалайша, ә?.. Ай, сұмырайлар-ай! Әй, сен қыз бірдене керек қып тұрсын ғой, даусыннан-ақ сезіп тұрмын.

ДАУЫС: Мүмкін, солай шығар, ал мүмкін, тіпті де олай емес.

ЖІГІТ: Менің әлі жаңылысқан жерім жоқ.

ДАУЫС: Көрініп-ақ тұр. Сондыктан да тұрмеде отырсың ғой.

ЖІГІТ: Жоқ, мен мұнда қалай келгенімді өзім де білмеймін.

ДАУЫС: Қыз зорлады деді ғой.

ЖІГІТ: Өтірік, ондай болған жоқ.

ДАУЫС: Болды. Болды дейді ғой.

ЖІГІТ: Ах, сұмпайылар-ай!

ДАУЫС: Дегенмен, тірі қалғаныңа тәубе де... Корқасың ба?

ЖІГІТ: Енді ше... (*Кенет*) Әй, біреу-міреу бар ма, ей?!

ДАУЫС: Сен неменеге айқайлай бересің?

ЖІГІТ: Жаным жай табар емес. Қасқырша ұлығым келеді. (*Даусын созып*) Әй, біреуің дыбысынды шығарсаншы!..

(*Бүйір жақтаң, тор есіктің алдынан қызы көрінеді. Қарапайым гана көйлек киген қарапайым қызы*).

ҚЫЗ: Менің де жаным жай табар емес.

ЖІГІТ (*бұрыла оған қарап*): Ә, солай ма? Сен де жабығып тұрмысың?

ҚЫЗ: Менің де қасқырша ұлығым келеді.

ЖІГІТ: Не болды сонша?..

ҚЫЗ: Білмеймін.

ЖІГІТ: Онда мен де білмеймін. Мынандай қапас жерде өміріндегі та-ныс қыздардың барлығы есіне түседі екен. Міне, осылай жаның жабырқау тартады.

ҚЫЗ: Онда түсінікті.

ЖІГІТ: Ох, бұл не деген сұмдық?! (*Үзіліс*) Ал, сен – сұлу қызың, сен соны білесің бе?

ҚЫЗ: Ей, қойшы!

ЖІГІТ: Қоятын түгі жоқ, шын айтам, сұлусың! Бұл ап-анық көрініп тұр ғой! Сен дүниедегі ең сұлу қызың!

ҚЫЗ: Мен тіптен ондай емеспін, сен оны өті ә жақсы білесін.

ЖІГІТ: Жоқ, сондайсың. Мен әлі сендей сұлу қызды көргенім жоқ. Техаста жолым болатынын білгем.

ҚЫЗ: Жолым болатынын дейсін бе? Ау, сен тұрмедесің ғой. Бұнда саған бәрі тістерін қайрап жүр ғой.

ЖІГІТ: А, түк емес. Құтыламын ғой!

ҚЫЗ: Қайдан білесін?

ЖІГІТ: Бүгіннен бастап бәрі жақсы болады.

ҚЫЗ: Неге аяқасты бүгіннен бастап?

ЖІГІТ: Сізді көрген күннен бастап... Енді менің қымбатты аруым бар. Білесің бе, бұған дейін бәріне түкіргенім бар еді. Шаршадым. (*Ұзіліс*) Бақыттың артынан жүгірем деп шаршадым, бәрібір ол қолыма түспеді. Ал, қазір сол шаршағанымды да ұмыттым. (*Күтпеген жерден*) Эй, біреуің естімісің?

ҚЫЗ: Сен тағы кімге айғайлап тұрың?

ЖІГІТ: Саган.

ҚЫЗ: Мен қарсы алдында тұрмын ғой.

ЖІГІТ: Білемін. (*Айғайлайды*) Эй, естімісің?!

ҚЫЗ: Е-ей, естіл тұрмын.

ЖІГІТ: Ах, сен, сүйкімдім менің! (*Ұзіліс*) Менің саган үйленгім келеді. Мен сені өзіммен бірге Сан-Францискоға алып кеткім келеді. Енді мен өмірді жаңаша бастаймын. Ақша табам. Бізде бума-бума көп ақша болады.

ҚЫЗ: Қойши, солай ма..

ЖІГІТ: Иә, солай. Сенін атың кім еді өзі?

ҚЫЗ: Эмили.

ЖІГІТ: Эмили екенінді білемін. Фамилияң?..

ҚЫЗ: Эмили Смит.

ЖІГІТ: Сен – әлемдегі ең ғажап қызының, Эмили Смит.

ҚЫЗ: Неге?

ЖІГІТ: Неге екенін білмеймін, бірақ бұның солай екені солай, бар болғаны осы. Сен қайда тудың өзі?

ҚЫЗ: Техас штатында, Матадорда.

ЖІГІТ: Ол қай жақта?

•ҚЫЗ: Осы ғой...

ЖІГІТ: Сонда бұл Матадор ма?

ҚЫЗ: Иә, бұл - Матадор. Сені Вилингтен алып келді.

ЖІГІТ: Мен Вилингте болдым ғой.

ҚЫЗ: Сен не, қай қалада болғаныңды білмейсің бе?

ЖІГІТ: Барлық қалалар бір-біріне ұқсас қой! Бірінен бірінің ешқандай езгешелігі жоқ. Сонда бұл Вилингке алыс па?

ҚЫЗ: Не он алты, не он жеті шақырым. Сен не, өзінді қайда апаратынын білмедің бе?

ЖІГІТ: Дөңбекке ұқсап дөңбекшіп, естен танып жатсам қайдан білемін? Біреу мені қорғасын труба сияқты бірдеңемен басымнан салып қалды. Ол мені неліктен?..

ҚЫЗ: Зорлағаның үшін... Олар солай деді ғой.

ЖІГІТ: Не деген өтірікші?! (*Түкке түсіне алмай, өзіне-өзи*) Ей... айтпақшы... Ол менен ақша алғысы келді ғой.

ҚЫЗ: Ақша?

ЖІГІТ: Дәл солай. Егер оның ондай екенін білсем, Тәнірім-ау, барда өзімді одан аулақ ұстар едім гой.

ҚЫЗ: А, оның көкейін тескен ақша ма?

ЖІГІТ: Иә, солай. Бақытыңды іздеп қаладан қалаға кезіп жүргенінде мейірімді адамның орнына сондай салдақылар кездесіп, өмірінің бытшытын шығарады. Ол өзі ғой «Көнілім жабырқау, көнілімді көтере ғөр, жас жігіт» деп қиыла сұраған... Оның менен ақша талап ететінін қайдан білейін.

ҚЫЗ: Мүмкін, шынымен солай шығар?

ЖІГІТ: Жоға, ол – анау бұзылғандардың қатарындағы әйел.

ҚЫЗ: Бірақ, бұл оқиға болмаса, мен сені ешқашан кезіктірмес едім гой.

ЖІГІТ: Қайдан білесін? Мүмкін, мен сені қаланың бір жерінен кезіктірер ме едім...

ҚЫЗ: Солай-ақ болсын!

ЖІГІТ: Олай болмаса, сен менікі болар ма едің?

ҚЫЗ: Ей, Тәнірім-ау!

ЖІГІТ: Ей, Тәнірім!

ҚЫЗ: Сен түрмеде отырған соң осылай сарнап тұрсың ғой.

ЖІГІТ: Жо-жоқ... Мұлде олай емес. Кәне, дайындал. Біз екеуміз дәл осы арадан тұра Сан-Францискоға тартамыз.

ҚЫЗ: Жалғыздық жабықтырған соң айтып тұрған шығарсың...

ЖІГІТ: Менің жалғыздықтан жабыққаным рас, бұны емдейтін дәрі де жоқ. Бірақ, сенімен осылай бірге жүріп, бірге тұрсақ, одан артық не керек?! Сенің маған бақыт алып келетінінді білемін. Мен кішкене кезімнен азарт ойыншымын. Жұмыс – менің ісім емес. Мен уысыма түскен бақытты ұстап қалуым керек, әйтпесе мен ештеңеге жарамаймын. Ал, өткен жылдары сәттілік менде болған жоқ. Екі жыл анда-мұнда сенделіп жүрдім. Бәрібір ісім оңға баспады. Сәтсіздіктің арқасында Вилингте осындағы ұрыс-керіске тап болдым. Бұл жай ғана ұрыс-керіс емес, әншейін, менің қыр сонынан қалмай жүрген сәтсіздік. Сондықтан да мен осындағын, сондықтан да менің басым жарылуға шақ қалды... Рас, бұл - шалдың істегені.

ҚЫЗ: Оның әкесі ме?

ЖІГІТ: Жоқ, күйеуі. Менің әйелім дәл сондай болса, мен оны екі есептен қуып жіберген болар едім.

ҚЫЗ: Егер мен сенімен бірге болсам, бұдан былай жолым болады деп ойлайсын ба?

ЖІГІТ: Әрине, құндіз-түні көше кезіп, кім көрінгенге көз салып жүргеннің несі жақсы? Мен өзімнің нашар адам екенімді білемін, бірақ

оған ештеңе істей алмаймын. Ал, егер сен менімен бірге баратын болсан, мен ең жақсы адам боламын. Ақымақтығымды қоямын. Сен білесің бе, егер ақшаң болса, ақымақ бола алмайсың, онда сен әдепті адамсың, өйткені сен үшін ақшаның өзі-ақ сейлейді. Менде текшелген көп ақша болады, ал сен жарық жалғандагы ең әдемі, ең ғажайып қыз боласың! Әлі-ақ сенімен қол ұстасып, Сан-Францискода емін-еркін қыдырамын, көрген жан бізге қызыға қарайтын болады.

ҚЫЗ: Шынымен солай бола ма?

ЖІГІТ: Ал, енді қалай? Жақсы киініп, сенімен қол ұстасып жүрсем, өзің де көретін боласың, Кейти.

ҚЫЗ: Кейти!

ЖІГІТ: Бұл енді сенің есімің болады. Бұл атты мен сен үшін сақтадым. Жараса ма?

ҚЫЗ: Жарасқанда қандай!

ЖІГІТ: Бұнда болғаныма көп болды ма?

ҚЫЗ: Откен түннен бері. Таңға дейін тұрмадың.

ЖІГІТ: Сағат неше болды? Тоғыз ба?

ҚЫЗ: Он.

ЖІГІТ: Сенде мына сасық камераның кілті бар ма?

ҚЫЗ: Жоқ. Маған кілтті бермейді..

ЖІГІТ: Ал, сен оны таба аласың ба?

ҚЫЗ: Жоқ.

ЖІГІТ: Қөрсөңші!

ҚЫЗ: Мені кілтке жақыннатпайды да. Мен тек тұрмеге тұскендерге ас азірлеймін. Жуамын, жинаймын, сол сықылды...

ЖІГІТ: Менің бұл жерден шыққым келеді. Мұны ұстап тұрған типті білесіңбей?

ҚЫЗ: Білемін, бірақ ол сені босатпайды. Сені басқа қалаға ауыстырады дейді.

ЖІГІТ: Оның тағы не керегі болды еken?

ҚЫЗ: Қауіптенеді.

ЖІГІТ: Неменеге қауіптенеді?

ҚЫЗ: Тұнде Вилингтен адамдар келіп, тұрмеге бұзып кіре ме деп қауіптенеді.

ЖІГІТ: Міне, керек болса! Не үшін?

ҚЫЗ: Неге еkenін өзің білмейтіндей.

ЖІГІТ: Иә, білемін.

ҚЫЗ: Қорқасың ба?

ЖІГІТ: Қорқатыным... тусінікті ғой. Алдында не күтіп тұрғанын білмесен, бәрінен қорқыныштысы сол. Кейти, сен менің мына арадан шығуыма көмектес!

ҚЫЗ: Қалай?

ЖІГІТ: Кілт кімде, соны ізден тап та, менің онымен әңгімелескім келетінін жеткіз.

ҚЫЗ: Ол үйіне кетіп қалды ғой. Бәрі де үйлеріне кетті.

ЖІГІТ: Сонда бұнда менің мұлде жалғыз қалғаным ба?

ҚЫЗ: Егер мені есепке алмасаң... солайы солай.

ЖІГІТ: Қалай сонда? Мұнда неге ешкім қалмайды?

ҚЫЗ: Тұнде бері үйлеріне қайтады ғой. Жинастырып болып, мен де кетемін. Бүгін жай әншейін бөгеліп қалғаным.

ЖІГІТ: Неге?

ҚЫЗ: Сенімен сөйлескім келді.

ЖІГІТ: Не жайында?

ҚЫЗ: Білмеймін. Мен тұні бойы жанында болдым. Сен тұсінде сөйлемдің. Әрі мен саған ұнадым. Тек есінді жиган соң мен саған ұнаймын деп ойламадым.

ЖІГІТ: Солай ма? Не үшін бұлай?..

ҚЫЗ: Өзім де білмеймін.

ЖІГІТ: Сен бар ғой, сен неткен сүйкімдісің?!

ҚЫЗ: Менімен әлі ешкім бұлайша сөйлескен емес. Қаладағы барлық жігіттер... олар... (*Ұнсіз қалады*).

ЖІГІТ: Не олар? (*Ұзіліс*) Не сонда олар? Айт, айтсанышы...

ҚЫЗ: Тек келеке қылады.

ЖІГІТ: Келеке қылады?! Олар не тұсінеді дейсің! Бар, жинал да қайтып кел. Мен сені Сан-Францискоға алып кетемін. Сенің жасың нешеде өзі?

ҚЫЗ: О, мен мұлде есейіп кеткенмін.

ЖІГІТ: Нешеге келдің? Тек шынынды айтшы! Он алтыдастың ба?

ҚЫЗ: Он жетідемін.

ЖІГІТ: Жарайды онда. Экең мен шешенде ертіп кел. Біз кетер алдында некемізді қиямыз.

ҚЫЗ: Олар мені жібермейді.

ЖІГІТ: Неге?

ҚЫЗ: Білмеймін, тек жібермейді. Жібермейтінін ғана білемін.

ЖІГІТ: Әкеңе айт, ақымақ болмасын. Тұсіндің бе? Ол кім – фермер ме?

ҚЫЗ: Жоқ, ешкім де емес. Ол сырқаты үшін аздаған жәрдемақы алады.

ЖІГІТ: Мен сені бұл жерден алып кетемін.

ҚЫЗ: Ол менің тапқан ақшамды да түгін қалдырмай алып қояды. ...Кейде мен оны аяймын...

ЖІГІТ: Оны аяудың түкке керегі жоқ. (*Көп мән бере саусақтарын көтеріп*) Әлі мен сенің әкенмен қалайда бір сөйлесемін. (*Күтпеген жер-*

ден) Эй, біреу бар ма, ей?!.. Эх, егер сен ана типті кілтімен қосып алып келе алсан, сөйтіп мені шығарып алсан...

ҚЫЗ: Ал, мен өйте алмаймын ғой.

ЖІГІТ: Неге?

ҚЫЗ: Мұнда менімен ешкім санаспайды. Күніне маған бар болғаны елу-ақ тиын береді, ал кейде мен он екі сағат жұмыс істеймін. Мені мұлде адам санатына қоспайды.

ЖІГІТ: Қанша төлейді дейсің?

ҚЫЗ: Елу тиын.

ЖІГІТ (*жсан-жасына қарал*): Естідіндер ме? Ей, олар сенің сұлу дидарыңды көргендері үшін де төлеулері керек қой. Тұсінбеймін! Қашанғы осылай жалғаса бермек?! Тұсіне алар емеспін. Кейти, мені бұл жерден шығарып алышы. Қорқамын.

ҚЫЗ: Қалай шығарып аларымды білмей тұрмын. Мүмкін, есікті бұзып көрермін.

ЖІГІТ: Шамаң келмейді ғой. Ана жерде балға сияқты бірдене жоқ па?

ҚЫЗ: Тек сыпырғыш қана. Мүмкін, сыпырғышты да алып қойған шығар.

ЖІГІТ: Қарасаншы енді, бірдене табылар.

ҚЫЗ: Жарайды (*кетеді*).

ЖІГІТ: Эй, кім бар, ей?! (*Узіліс*) Эй, естимісің?! (*Узіліс*) Мені тұрмеге қамайды! (*Күдіктенін*) Зорлағанды дейді?! Керісінше, олардың өздері шетінен зорлықшыл. (*Кенеттен*) Эй, біреу-міреу бар ма, ей?!..

ҚЫЗ (*қайтып оралып*): Ештеңе жоқ. Бәрін жауып тастапты.

ЖІГІТ: Мүмкін, темекі бар шығар?

ҚЫЗ: Бәрін, бәрін бекітіп тастапты, столдағы бар жәшікті де, тіпті шкафты да. Бәрін...

ЖІГІТ: Ал, менің темекі тартқым келіп тұр!

ҚЫЗ: Мүмкін, мен сатып әкелермін... Дәріхана әлі ашық шығар. Ол бұл арадан бір шақырымдай ғана.

ЖІГІТ: Бір шақырымдай дейсің бе? Менің ондай ұзақ жалғыз қалғым келмейді.

ҚЫЗ: Мен жүгіріп барып келемін ғой.

ЖІГІТ: Сен жер бетіндегі ең керемет қызысың.

ҚЫЗ: Қандайын алайын?

ЖІГІТ: Бәрібір – «Честерфилд», «Кәмел» немесе «Лакки Страйкті». Кез келгенін.

ҚЫЗ: Қазір алып келемін (*жұғіруге жиналады*).

ЖІГІТ: Ал, ақша ше?

ҚЫЗ: Менде аздап бар. Төрт долларды тығып қойғам. Мен жол бойы жүгіремін (*кету үшін бұрылады*).

ЖІГІТ: Тоқта!

ҚЫЗ (оган жақын келіп): Не болды?

ЖІГІТ: Колыңды бер. (*Оның қолын алып, күлімсірей қарайды. Содан соң ерніне тақап, сүйеді*). Өлгенше қорқамын.

ҚЫЗ: Мен де.

ЖІГІТ: Сені айналадағының бәріне көндігіп, бәріне төзे бере ме деп қорқамын. Сенің Сан-Францискоға ешқашан жолың түспейді ме, адамдарды өзіне қараты алмайды ма деп қорқамын. Тыңдаши, маған револьвер тауып берші.

ҚЫЗ: Мен әкемдікін ала аламын. Оны қайда сақтайтынын білемін.

ЖІГІТ: Алып келші. Ал, темекіге жұтір. Бар ынты-шынтыңмен жүгірші.

(*Қызы жүгіріп кетеді. Жігіт камераның ортасында ұзақ тұрып қалады*).

ҚЫЗ (қайтадан жүгіріп келеді, жыламсырап тұр): Мен қорқамын. Сені енді көрмеймін бе деп қорқамын. Егер қайтып келгенде сен болмасан, мен...

ЖІГІТ: Эй, естимісің?

ҚЫЗ: Мен осында қаламын. Мен оларға сені ешқайда әкеткізбеймін.

ЖІГІТ: Тыңдаши, Кейти. Мен саған не айтсам, соны істе. Револьверді алып кел. Олар мына түнде келе қоймас. Мүмкін, мұлде келмес. Ал, мені босатса, біз Сан-Францискоға кетеміз. Кәне, жүгір... Тез... тез...

ҚЫЗ: Жарайды. (*Ұзіліс*) Саған бірдене айтқым келеді.

ЖІГІТ: Бар, бара ғой!

ҚЫЗ (сыпайы): Егер мен қайта айналып келгенде сені таппасам, револьвермен не істейтінімді қазір-ақ біліп тұрмын.

ЖІГІТ: Сен револьвер атуды білесің бе?

ҚЫЗ: Білемін.

ЖІГІТ: Ақымақ болма! (*Башмагын шешіп, одан ақша алып шығады*) Естимісін, ақымақ болма! Міне, саған ақша. Сексен доллар. Осыны ал да, Сан-Францискоға тарт. (*Торыгумен, асыга*) Менің айтқанымды істе! Мен сені Сан-Францискода тауып аламын.

ҚЫЗ (сенімсіздеу): Сан-Францискода ма?

ЖІГІТ: Иә, дәл сол Сан-Францискода. Бұл қала нағыз біздер үшін...

ҚЫЗ: Мениң қашанды Сан-Франциско сияқты үлкен қалаға кетіп қалғым келетін, бірақ мен жалғыз бара алмаймын.

ЖІГІТ: Сен енді жалғыз емессің, естимісің?

ҚЫЗ: Айтып бермейсің бе азырак, ол қандай қала?

ЖІГІТ (Алғашында шыдамсыздана жөпелдемелетіп, содан соң барін жаймен ақырындал, күлімсірей еске алады. Оның әңгімесінің ыңғайына қарай қызы оған жақындаи түседі): Ең бастысы, ол Тынық мұхиттың

жағалауында, қайда көз салсаң да көк мұхит. Салқын тұман мен шағала. Жан-жақтан жөңкілген корабльдер. Қала жеті төбеден тұрады. Ұсак балықтар біресе жоғары, біресе төмен жүзіп, алай-бұлай шайқатылады. Тұнгі тұмандада сиреньдер уілдеді.

ҚЫЗ: Ал онда, Сан-Францискода адамдар өзгеше ме?

ЖІГІТ: Адамдар барлық жерде бірдей. Олар біреуді жақсы көргенде ғана өзгеше болады. Тек осы ғана адамдарды өзгертеді. Ал, Сан-Францисконың халқы адам сүйгіш, міне, бар болғаны – осы.

ҚЫЗ: Ешкім де, ешқашан да мен сені жақсы көргенімдей жақсы көре алмайды.

ЖІГІТ (*сыбырлан*): Естимісің, осындай сүйем деген сөзден кейін өліп кетсең де өкінбейсің. Ал, енді тездет. Әрі есінен шығарма, қайтып келгенінде мен болмасам, Сан-Францискодан іздел тауып аламын.

(*Кызы оған қарап тұрып қалады да, салден соң шегіне беріп, бұрылады да, жүгіре жөнеледі. Жігіт оның соңынан қарап, мазасыздана күлімсірейді. Кенет тізесін бүгіп, қолымен бетін басады. Келе жатқан автокөліктің гүрлі естіледі. Жігіт тың тыңдағы қалады. Машинаның есіктері тарсыладағандай болады. Турменің агаши есігін қалай ашқаны, содан соң оны тарс еткізгені естіледі. Дәлізден адымдаған аяқ дыбысы шығады да, іле-шала сұрланған сұзы басым ерек кіреді*).

ЖІГІТ (*атып тұрып, кірген адамга айтай салады, ол шошып кетеді*): Атана нәлет, сен қандай тұрме қызметкерісің?! Неге өз ісінмен айналыспайсың?! Тағы осы үшін ақша аласың ғой! Мені босатындар!

ЕРКЕК: Мен ешқандай да тұрме қызметкері емеспін.

ЖІГІТ: А, солай ма? Сонда сен кімсің?

ЕРКЕК: Күйеуімін.

ЖІГІТ: Кімнің күйеуісің?

ЕРКЕК: Кімдікі екенін білесің ғой.

ЖІГІТ: Міне, ол кім?! (*Ереккек тесіле қарайды*) Өткен тұні мені бастан ұрған сіз емессіз бе?

ЕРКЕК: Соның дәл өзімін.

ЖІГІТ (*зығырданы қайна*): Адамның басынан ұруға қандай хақыныз бар?

ЕРКЕК: Не? Ал, біреудің әйелімен шатысуға қандай хақың бар?

ЖІГІТ (*басын сипалан*): Сіз менің басыма закым келтірдініз.

ЕРКЕК (*кутпеген ашумен*): Жауап бер, біреудің әйелінде нең бар?!

ЖІГІТ: Әй, тыңданыз, тордың ар жағында тұрғандықтан, маған айғайлаудың түкке де қажеті жоқ. Сіз күйеуімін деп ойлайсыз ба? Ал, сіз кімнің күйеуісіз, білесіз бе?

ЕРКЕК (*револьверді қолына алып*): Кәне, жап аузынды!

ЖІГІТ: Кәнеки, атыңыз... (*Жайбарақат*).

(Еркек револьверін жасыраады. Букіл тобыр жалғыз адамга жабылады да, оны соққыга жыгады. Күімдерін жыртып, тепкінің астына алады).

Не, олай емес пе? Таза, кінәсіз, адап әйелдеріңізді алдаң түсіру үшін сіздердің қалаларыңызда қайдағы бір жат біреу пайда болды. Әрине, сізге оның сазайын тарттыру керек. Сіз ошағыңыздың қасиетін қорғайсыз. (*Кенет*) Енді тыңдаңыз! Ол сіздің әйеліңіз екенін мен қайдан білейін. Мен, тіпті оның біреудің әйелі екенін де білген жоқпын.

ЕРКЕК: Өтірік айтпа!

ЖІГІТ: Өтірік айтатын кезім де болады, бірақ қазір шынымды айтып тұрмын. Истің қалай болғанын білгіңіз келе ме?

(Еркек жауап бермейді).

Жарайды, Құдай күә, бар шындықты айтып берейін. Мен онымен барда таныстым. Бос орын көп болса да, ол менің жаныма келіп отырды. Радиода бір еркектің құйқылжыта шырқаған сазды эсем әні естіліп тұрған. Ол сөзді осы ән туралы айтудан бастады. Мен алғашында оны буфет қызметкерімен сөйлесіп тұр екен деп ойладым. Қарасам, жоқ, ол оған тіл қатар емес. Сонда оған жауапты мен бердім. Міне, біз осылай таныстық. Мен, тіпті бұлай болар деп ойлағаным да жоқ. Біз қызыруға бірге шықтық. Осында тұратынын сонда алғаш естідім.

ЕРКЕК: Жабасың ба аузыңды, жоқ па?!

ЖІГІТ: Сіз шындықты білгіңіз келе ме?

(Еркек жауап бермейді).

Жарайды. Ол мені бөлмеге кіруге шақырды. Ал, маған не? Маған бәрібір. Мүмкін, ол жабығып жүрген шығар...

ЕРКЕК: Бұның бәрі өтірік, иттің баласы!

ЖІГІТ: Мен шындықты айтып тұрмын. Әйеліңізді шақырып алып, өзінен сұраныз... Сіз оны жақсы көресіз бе?

(Еркек жауап бермейді).

Иә, м-м... Халіңіз нашар екен...

ЕРКЕК: Сен не туралы айтып тұрсын?

ЖІГІТ: Иә, ол мені алдаң соқты.

ЕРКЕК (асығып): Ал, қәне, үнінді өшір!

ЖІГІТ: Е, сіз өзіңіз де білесіз. Сіз қашан да білгенсіз. Тек, сіз өз таныстарыңыздан қорқасыз, бар болғаны – осы. Ол менен ақша сұрады. Әне, оған не керек болды дейсіз гой? Мен оған ақша берген болсам, мұнда отырмая болар едім.

ЕРКЕК (ақырын): Ол сенен қанша сұрады?

ЖІГІТ: Білмеймін. Мен оған бір тыын да бермеймін дедім. «Егер ақша бермесен, онда шу көтерем» деді. Мен бар гой, ә, мен өмірде саудаласқанды жек көремін. «Әй, салдақы, құры, көзіме көрінбей»

дегенім сол-ақ екен, ол үйден жүгіріп шығып, пышақ сұққан шошқадай шынғырганы. (*Үзіліс*) Енді барыңыз да, мені басқа түрмеге ауыстырысын деп айтыңыз. Ал, өзініз дүние-мұлкінізді жинап алып, оны талак етініз. Одан тезірек құтылғаныңыз абзал. Тек өзініздің достарыныздан ұялатыныңыз болмаса, сіз жақсы адам көрінесіз.

(*Ерек револьверін қайтадан шыгарады. Оның тұла бойын қорқыныш сезімі билегені көрініп түр. Жігітке қарай адымдаған, уш рет атады да, жүгіріп шығып кетеді).*

Әй, кім бар, ей?! (*Тізерлей құлайды*).

(*Кыз жүгіріп келеді де, оған қарап, аң-таң қүйде сілейіп тұрып қалады*).

ҚЫЗ: Бүгін діни мейрам ғой. Көшеде адамдар қалтап жұр екен – еректер, әйелдер балаларымен мәз-мейрам... Маған соларды айналып өтүте тұра келді және үйге терезеден түстім. Револьверді таппадым. Қарамаған жерім жоқ, бірақ бәрібір таба алмадым. Саған не болған өзі?

ЖІГІТ: Ештеңе... Ештеңе. Бәрі дұрыс. Тындаши. Тындаши, Кейти! Бұл жерден кет. Бұнда қалай келсең, солай кет, жүтір. Түнімен, бар күшінді сала жүгір! Басқа қалаға жет те, сонда пойызға отыр. Естіп тұрсың ба?

ҚЫЗ: Не болды?

ЖІГІТ: Қаш, қаш бұл жерден. Кез келген пойызға отыр, ал Сан-Францискоға содан кейін баарсың.

ҚЫЗ: Мен сенсіз ешқайда бармаймын... (*жылайды*).

ЖІГІТ: Мен бара алмаймын, Кейти... (*Оған қарайды*) Мен сені Сан-Францискодан тауып аламын. Кейти, мен сені жақсы көремін, менің басқа башмағымда да ақша бар, ал ақша болса, бәрін істей аласың (*етпетінен құлайды*).

(*Кыз оның жанында ақырын жылап тұрады*).

ҚЫЗ (*жылаудың қойып, жайлап түрегеледі. Жан-жасағына көз салады, содан соң тұра қарсы алдына қарап, сыйырлайды*): Әй, кім бар, ей, естімісің?



ҚАЗЫНА ІЗДЕГЕН БУРАТИНО

Пьеса

Леонид ВЛАДИМИРСКИЙ – орыс драматургі әрі суретшісі. 1920 жылы Мәскеу шаһарында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты 1941 жылы әскер қатарына шақырылған. Соғыстан кейін Кинематографистер институтының сурет факультетіндеге оқыған. Буратино туралы алғаш осы институттың қабырғасында жүргендеге естіп-біліп, курстық жұмысты орындауды. Сөйтіп, Буратиноның қазірде оқырманға жақсы таныс бейнесін сомдал шығарады. А.Н. Толстойдың «Буратиноның бастан кешкендері» атты ертегісіне де суреттер салады. Осыдан кейіннәңдегі Владимирский өзінің саналы ғұмырын балалар кітаптарын безендіру ісіне арнайды.

Леонид Владимирский «Қазына ізденген Буратино» және «Буратино Изумрудтық қалада» атты екі шығарма жазып, ондағы суреттерді де өзі салады. Ол 2006 жылы Буратино орденімен марапатталды.

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Папа Карло – «Жасын» театрының қуыршақтары

Буратино

Мальвина

Пьеро

Артемон – тәбет

Моно – маймыл

Перико – тотықұс

Теніз тасбақасы

Тортил тасбақа

Фырдыбас – теңіз қарақшысы

Карабас-Барабас

Алиса тұлкі

Базилио мысық

Дуремар – сүлік сатушы

Сот

Шошқа

Қансорғыш – жарқанат

Ква-ка – бақа

БІРІНШІ КӨРІНІС

*Тропиктік арал. Теніз, жағалау. Теніз қарақышы Фырдыбас шыгады.
Ол маса мен шыбындарды қылышымен қуалап, пистолетпен қасынады.*

ФЫРДЫБАС:

Жалықтым-ау, жалықтым,
Күні бойы бос сенделдім.
Қолымда алмас қылышым,
Аралда іссіз қанғырудан,
Тарылғандай тынысым.
Адам тонап қызық үшін,
Есімді бір жинасам,
Шаттанар ем, әр күн сайын,
Біреуді қорлап қинасам,
Ұмытпас үшін кәсібімді,
Біреуге өлім сыйласам.
... Мен мейірімсіз қарақшы Фырдыбаспын,
Кемелерді батырып, талайлардың мысын бастым.
Тым болмаса, жапандагы жалғыз-жарым қайықты,
Кетірмесем келмеске, журегім әбден майлықты.

(Дұрбімен қарайды).

Теніз бос! Қандай өкінішті!

Корабльдер көрінбейді,

Ке-ң-ілсіз!

(Қараңғылық түседі. Күн күркірейді).

Ехе! Дауыл тұрып келеді. Қой, үңгіріме барып, ұйықтайын *(Кемеді).*

•

ЕКІНШІ КӨРІНІС

*Қараңғылық. Күн күркірейді, наизагай жарқылдаиды, дауыл тұрады.
Содан соң жарық түседі. Құмда Папа Карло жастыр, оның жасында
Артемон. Сәл әрірек – Мольвина мен Пьеро. Маңайда қайықтардың
сынықтары шашылып жастыр.*

ПАПА КАРЛО: Мен қайдамын өзі? Қайығымыз қайда?

АРТЕМОН: Аф! Аф! Жартасқа соғылып, талқаны шықты.

ПАПА КАРЛО: Ал, қуыршақтар қайда? Мальвино?! Пьеро?!

МАЛЬВИНА: Мен – мұндамын. Пьеро да жанымда. Артемон, тездетіп
менің қол айнамды алып келші!

ПАПА КАРЛО: Айна да, басқа да заттар жоқ. Бәрі де дауыл кезінде құрдымға кетті. Өзіміздің батып кетпегенімізге шүкіршілік етіндер. А-а...
Буратина қайда?

ПЬЕРО: Мен іздел келейін.

ПАПА КАРЛО: Адасып кетпе, балам. Жағаны жағалап жур. Қасыңа Артемонды ертіп ал.

(*Пьero мен Артемон жағаны жағалап келе жатып, Буратинаның қалпағын тауып алады*).

ПЬЕРО: Қалпағы ғана қалғанына қараганда, оны акулалар жұтып қойған шығар, болмаса жабайы аңдар шайнап тастады ма еken?.. (*Жағалауда жатқан бірдеңені көзі шалып қалады*). Бұл жерден тезірек кетейік! Анда крокодил!..

(*Артемон жағада қарайып жатқанға жақындаі түседі*).

Қайт! Қайт деймін! Ол сені қазір жеп қояды.

АРТЕМОН: Аф! Бұл – Буратино!

БУРАТИНО (*есін жишип*): Маған не болған өзі? Аузыма балдыр толып кетіпті ғой!

ПЬЕРО: Тірісің бе, ей, өзі?!

ПАПА КАРЛО мен МАЛЬВИНА (*екеуі бірге Буратинога қарай жүгіріп келіп*): Буратино!

АРТЕМОН (*Анадайдан теңіз тасбақасын байқап қалып*): Эй, мынау не тағы? Аф! Аф!

МАЛЬВИНА: Ой, қандай сүйкімді!

БУРАТИНО: Бұл – теңіз тасбақасы ғой! Өте ірі. Сәлеметсің бе, құрметтім? Менің үйде Тортала деген танысым бар. Ол да сен сиякты тасбақа, бірақ кішірек.

ПАПА КАРЛО: Ол торға түсіп қалыпты. Қазір біз саған көмектесеміз, құрметтім (*торды шешіп, теңіз тасбақасын босатып жібереді*).

ТЕҢІЗ ТАСБАҚАСЫ: Рахмет, қадірлі достар, мен сіздердің бұл жақсылықтарыңызды ешқашан ұмыттаймын.

ПАПА КАРЛО: Білсеңіз айтыңызшы, бұл қандай жер, бізді дауыл қайда әкеліп тастаған?

ТЕҢІЗ ТАСБАҚАСЫ: Бұл - арал.

БУРАТИНО, МАЛЬВИНА және ПЬЕРО (хормен): Ура!

ПАПА КАРЛО: Жолымыз болды!.. Біз де дәл осы аралды бетке алып жүзіп келе жатыр едік. Бірақ, енді қайықсыз үйге қалай қайтамыз?

ТЕҢІЗ ТАСБАҚАСЫ: Білмеймін, білмеймін... Уақыт көрсетер... Сау болыңыздар.

БӘРІ (хормен): Келесі кездескенше!

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Сол жерде.

БУРАТИНО: Ой, тындандаршы, біреу айғайлай ма, қалай?!

МОНА: Қемектесіндер, қемектесіндер!

(Агаитың бұтагында отырған маймылды бәрі көреді. Ол аңышының құрган торына түсіп қалған).

АРТЕМОН: Бұл жабайы мысық болар! Мен қазір оны!.. Аф! Аф!

ПАПА КАРЛО: Токта, Артемон! Бұл – маймыл ғой. Ол торға түсіп қалған екен. Оны құрған кім екен?! Бұл – осымен екіншісі.

БУРАТИНО: Мен қазір! (Қолына пышақ алып, агашиқа шығады да, маймылды босатады).

МОНА: Eh, рахмет! Мені бір ажалдан құтқардыңыздар. Менің атым – Мона. Сіздерге айттар алғысым шексіз!

ПАПА КАРЛО: Сен білмейсің бе, бұл жерде қандай аңшы тұрады?

МОНА: Біздің сорымызға бұл аралға қара желкенді кемемен онгустік теніздің ең сұмырай қарақшысы Фырдыбас жүзіп келді. Егер сіздер болмасаңыздар, мен оған түстік ас болар едім!

МАЛЬВИНО: Қандай қорқынышты!

МОНА: Сіздер мұнда не үшін жүзіп келдіңіздер? Қайықпен тенізде жүру ете қауіпті ғой. Мына дауыл...

ПАПА КАРЛО: Мен саған бәрін түсіндірейін. Анда, теніздің ар жағында... біз «Жасын» театрының артистеріміз...

БУРАТИНО: Мен, Буратино, езімді езім ете жақсы ойнадым!

МАЛЬВИНА: Ал, мен, Мальвина, ақылды қыздарды...

ПАПА КАРЛО: Бәрі де ойдағыдай болатын. Бірде мені сот шақырып алып: «Бұл театр қашан құрылған? Сендер оны сатып алып па едіндер? Әлде біреу-міреу сыйға тартты ма? Болмаса өсиет бойынша мұраға алдындар ма? Сендерде мөр басылған қағаз бар ма?» – деп зілдене сұрады. «Жоқ», – дедім мен. – Біз бұл театрды жертөледен тауып алғанбыз... Ол туралы «Алтын қайнар» кітапшасында жазылған». Сот: «Мен ол кітапшаны оқыған жокпын. Бәрібір кітапша – құжат бола алмайды. Сондықтан, «Жасын» театры сіздердікі емес, ол сатылатын болады. Ал, одан түскен акша ел қазынасына құйылады», – деді. «Ал біз ше?» – деп едім. Сот иығын қиқаң еткізіп, «Сендер театрды мың алтын тенгеге сатып ала аласындар. Асығындар, әйтпесе басқа сатып алушы табылады» деді.

МОНА: Содан?

МАЛЬВИНА: Ондай көп ақша бізде қайдан болсын.

БУРАТИНО: Бізге жүзге келген данышпан шегіртке Круз аралында қазына барлығын айтты. Ол бәрін қолмен қойғандай дәл біледі.

ПАПА КАРЛО: Қысқасы, біз бұнда қазына іздел келдік.

ПЬЕРО: Қазынаны тауып, өз театрмызды өзіміз сатып аламыз.
Басқаша болуы мүмкін емес.

МОНА: Менің саған айтайын дегенім, қазына туралы мен де естігем. Баяғыда бір бай адам жанартаудағы шұңқырға тығып тастапты. Оны маймылдар көрген... Оған жетудің жолы қыын әрі қатерлі. Бірақ, мен сол жерге сіздерді бастап апарамын.

БУРАТИНО: Ура! Ура! Міне, керемет!

МАЛВИНА: Тіпті, іздел те әуре болмайтын болдық.

ПАПА КАРЛО: Рахмет саған!

ПЬЕРО: Мен олең шығарым!

Жылдамдата басамыз,
Жанартауды асамыз.
Қазынаны табамыз,
Қуанамыз, тасамыз.

ПАПА КАРЛО: Қымбатты балалар, біз атақты аралға жеттік қой, ендеши Монаның көмегімен қазынаны да табамыз деп ойлаймын.

БӘРІ (көңілденіп): Иә! Иә! Иә, табамыз!

БУРАТИНО: Біз нені күтіп тұрмыз? Кеттік!

ПЬЕРО: Алдымен барлау жасап келу керек шығар, әйтпесе ол манда арыстан немесе мүйізтүмсық жүруі мүмкін ғой.

АРТЕМОН: Мен дайынмын.

МАЛЬВИНА: Артемон! Бар, бірақ байқа... Ал, біз – сенің соңынан ілесеміз.

(Ең алдымен Артемон жүгіріп кетеді, ал оның артынан бәрі ілеседі).

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Карабас-Барабас, Алиса тұлқі және Базилио мысық қайықтан түсіп, жағалауга қарай келе жатады.

КАРАБАС-БАРАБАС: Міне, бұл – сол арап. Жеттік-ау, әйтеуір!

АЛИСА ТҮЛКІ: Қараңдар! Шарманшы Карлоның ізі ғой мынау. Олар осында. Қандай сәттілік десенші! Бәрі де сіздің басшылығыңыздың арқасы, күрметті синьор Карабас-Барабас.

КАРАБАС-БАРАБАС: Енді қалай деп едін?! Әрине!

БАЗИЛИО МЫСЫҚ (құпиялап): Тындашы, Алиса, біз мұнда неге келдік?

АЛИСА ТҮЛКІ: Сен не, Базилио, мұлдем әңгүдік болып қалғансың ба? Карабас соттан «Жасын» театрын жүз мың алтын тенгеге сатып алғысы келеді. Ал, ақшаны қайдан алуға болады?

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Үрлау керек...

АЛИСА ТУЛКІ: Сен дұрыс айтып тұрсың! Кімнен сонда?

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Білмеймін...

АЛИСА ТУЛКІ: Әрине, Карлодан. Оның ізін неге аңдып жүргенімізді енді ұқтың ба?

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Жоқ, ол кедей ғой. Онда бакыр тиын да жоқ қой...

АЛИСА ТУЛКІ: Егер қазынаны тауып алса, болады. Міне, сонда біз оны тонаймыз. Түсінкті ме енді?

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Бұны сен ойластырдың ба?

АЛИСА ТУЛКІ: Енді кім дейсің? Өйтпесем, Алиса түлкі боламын ба?!

КАРАБАС-БАРАБАС: Әй, сендер... Пыш-пышты қойындар! Жүріндер, ізге түсеміз!

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Жағажайда күтпеген жерден қылыш пен пистолет ұстаган Фырдыбас көрінеді.

ФЫРДЫБАС: Кар-р-амба! Қонақтар келді ме?

Шап-шаш – шаша бас,
Мен – қарақшы Фырдыбас!

Шындарынды айтындар, сендер мұнда неге келдіндер?

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Біз балық аулап жүрміз.

ФЫРДЫБАС:

Мен – қарақшы Фырдыбас,
Ұсталдындар, бері бас!

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Мен жай қыдырып жүрмін...

ФЫРДЫБАС: Батыр екенсің! Қазір мен қылышымды төбенде ойнатамын. Кәне, бәрің тізерлендер! Сендерді не істесем еken?!. Семізден арыстанға қармақ жемін істеймін, ал ақсақ тұлкі мен соқыр мысықты акула жұта салады.

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Мен суға түскенді жақсы көрмеймін, және де бар ғой, мұлдем соқыр да емеспін.

КАРАБАС-БАРАБАС: Ах, мен – бакытсыз жетіммін, арыстан сүйегімді де қалдырмай жеп қояды-ау...

ФЫРДЫБАС: Сен шынымен жетімсің бе?

КАРАБАС-БАРАБАС: Менде әке де, шеше де жоқ.

ФЫРДЫБАС: Менде де жок.

КАРАБАС-БАРАБАС: Сіздің қадірлі әкеңізді қалай атаушы еді, қымбатты Фырдыбас?

ФЫРДЫБАС: О! Ол атышулы қарақшы болған, оның аты – Фыр-мыр-дыр-бей, бар теңіздің қаһары...

КАРАБАС-БАРАБАС: Қандай жаксы есім!.. Аты затына сай екен! Менің де әкемнің аты – Фыр-дыр-мыр-дыр... өлтір... (*шатасады*) Фыр-дыр...

ФЫРДЫБАС: Мен бір нәрсені түсінбей тұрмын...

АЛИСА ТҮЛКІ: Түсінбейтін несі бар, құрметтім, Карабас екеуініздің әкелеріңіз бір болғаны гой!

ФЫРДЫБАС: Оның түрі қандай еді?

КАРАБАС-БАРАБАС: О! Қадірлі синьор Фырдыбас, сіз оның құйып қойған көшірмесіз: ұзын мұрт, отты жанар, нұрлы ақыл...

ФЫРДЫБАС: Ал, оның тістері қандай еді?

КАРАБАС-БАРАБАС: Сіздікі сияқты, өте жоғары сапалы алтын... Алтын тіс...

ФЫРДЫБАС: Оның көзі нешеу еді?

КАРАБАС-БАРАБАС (*шеткери шығып*): Егер Фыр-мыр-дыр-бейде екі көз болса, қарақшы сұрамас еді гой... (*Дауыстап*) Менің қымбатты әкемнің бір-ақ көзі болған. Екінші көзін қанды қырғында жоғалтқан.

ФЫРДЫБАС: Бауырым!

КАРАБАС-БАРАБАС: Тұсым!

АЛИСА ТҮЛКІ (*шеттеу шығып*): Эй, бұлар шынында да бір-біріне қатты ұқсайды гой. Тек біреуінде – мұрт, екіншісінде – сақал. Екі пар етік сияқты.

(*Фырдыбас айнаны алып, қарайды*).

ФЫРДЫБАС: Сол көзі маған ұқсайды, менің мұрным ұлkenірек әрі әдемірек. Ал, аузы арандай әрі тістерінің бәрі алтын. Эй, атың кім өзі, туыскан?

КАРАБАС-БАРАБАС: Синьор Карабас-Барабас!

ФЫРДЫБАС: Есімің жаксы екен, менікіне ұқсас.

АЛИСА ТҮЛКІ: А, қалай сонда? Мүмкін, сіздер егіз боларсыздар?

КАРАБАС-БАРАБАС: Мен сені Фырдик деп еркелетіп атасам бола ма?

ФЫРДЫБАС: Әрине, болады, ал мен сені Қарабасик деп атайдын. (*Күледі*) Ха-ха-ха!..

АЛИСА ТҮЛКІ: Сіздер бір-бірінізді Каrik және Фырик деп атаңыздар. Құлаққа өте жағымды естіледі. Ал, Ка-а-р-р және Фы-р-р деп қысқа кайырсаныздар, одан да жақсы. Сонда айтуда онай.

КАРАБАС-БАРАБАС: Қымбатты бауырым, мұмкін ас ішерміз. Менің қарным ашып тұр.

АРТЕМОН (*саңнаның ар жағынан*): Аф! Аф! Аф!

ФЫРДЫБАС (*Карабас-Барабасқа*): Сен естіп тұрын ба?

Шап-шақ – шақша бас,
Ішеміз қазір түстік ас!

Бір хайуан торға түсті! Орға түсіп, омалып отырган шығар, ұлудын көрмейсін бе? Жүр, бауырым, кеттік!

(*Фырдыбас пен Карабас-Барабас кетеді*).

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Фырдыбас пен Карабас Артемонды ұстап алғып, қайтып келеді.
Фырдыбас пышагын қайрайды.

КАРАБАС-БАРАБАС: Қымбатты бауырым Фыр! Итті дәл қазір қуырудың қажеті жок!

ФЫРДЫБАС: Менің тамақ жегім келіп тұр.

КАРАБАС-БАРАБАС: Токта, тоқташы, мен саған бәрін айтамын, ит туралы да, қазына туралы да...

ФЫРДЫБАС: Қазына?!

КАРАБАС-БАРАБАС: Былай шығайықшы...

(*Фырдыбас пен Карабас аулагырақ шығып кетеді де, сәлден соң қайтып келеді*).

Келісім бойынша қимылдаймыз, ал қазынаны тең бөліп аламыз.

ФЫРДЫБАС:

Шап-шақ – шақша бас,
Біздікі енді алтын тас!
Бәс-бәс қара тас,
Алдағанның басы таз!

АЛИСА ТҮЛКІ: Мен білсем, Артемон «аф», «аф» еткеннен басқа қазына туралы бізге көп нәрсе айта алмас. Бірақ, оны іздеп біреу-міреу міндетті түрде келеді. Бәрінен бұрын Буратино жетер. Ол қайсар, бірақ оны алдап-сулап, бәрін біліп алуға болады. Міне, содан кейін итті жей беріндер.

ФЫРДЫБАС: Жақсы, мен сәл-пәл күте тұрармын...

БУРАТИНО (*дауыс алыстан талып естіледі*): Артемон!.. Сен қайдасың? Артемон!

(*Буратино көрінеді. Оны Фырдыбас пен Карабас-Барабас ұстап алды да, байлан тастайды*).

АЛИСА ТҮЛКІ: Жаңа айтпадым ба?! Міне, оның өзі!

КАРАБАС-БАРАБАС: Енді ісім сенімен болсын, тыриған тырбын.
(Буратиноны ұрады). Тұра тұр, қарғыс атқан ақымақ. Ертең танертең сен бізге бәрін айтатын боласың! Енді бізден құтыла алмайсың! Сенің Папа Карлонқ да сазайын тартады.

(Караңғылық түседі. Фырдыбас жатуға дайындалады. Сахнаның ар жағынан тордагы тоғықұсты алып келіп, жсанына қояды).

ФЫРДЫБАС:

Шап-шақ, шақша бас,
Ұйықтап алсын Фырдыбас!

(Фырдыбас жатады да, үйқыға басады. Карабас-Барабас та оның жсанына келіп жасатаяды. Екеуде қорылдаиды).

АЛИСА ТУЛКІ (мысыққа): Көріп тұрсың ба, анау кім?

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Көріп тұрмын, Буратино. Артемонды да...

АЛИСА ТУЛКІ: Оларды сен күзетесін! Байқа, қашып кетпесін. Эйтпесе, Фырдыбас сенің анау сүйкімді құйрығынды түбінен шауып тастайды. Оның қылышының қандай екенін көрдің гой!

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Көрдім... Менен құтылmas!

ЖЕТИНШІ КӨРІНІС

(Түн. Қарақиылар қорылға басып жатыр).

БУРАТИНО (бұрылып): Қалай қашып кетсем екен, ә?

ПЕРИКО: Сен – кімсің?

БУРАТИНО: Мен – Буратиномын. Ал, мынау – Артемон. Біз қазынаны іздеу үшін Папа Карломен бірге жүзіп келдік. Ол бізге ғажайып театрымызды сатып алу үшін керек. Бірақ... байқаймын, біз енді өз театрмызыда ешқашан ойнай алмайтын сияқтымыз.

ПЕРИКО: Иә, сен бір шырғалаңға тап болдың... Бұнда тек жақсы адамдар жиналды деп айта алмаймын.

БУРАТИНО: Сіз олардың жаман адам екенін біле тұра қастарында неге жүрсіз?

ПЕРИКО: Жаман деген жай сөз гой, өте жаман. Жарық дүниедегі ең қаныпезер қарақшы. (*Үзіліс*). Айтпақшы, менің атым – Перико. Біраз жыл бұрын Фырдыбас мені ұстап алып, темір торға қамап қойды.

БУРАТИНО: Қалайды есікті ашу керек... Мен көмектесер едім...

ПЕРИКО: Рахмет, бірақ ол мүмкін емес. Фырдыбас мен ұшып кетпесін деп тордың есігін тас қып бекітіп тастаған. Міне, сондықтан да осында отырмын, енді мен ешқашан еркін ұша алмайтын шығармын.

БУРАТИНО: Ал, сізді қалай босатып алуға болады?

ПЕРИКО: Темір торды сен сындыра алмайсың гой! Егер тормен бірге алып кетсе... Сен бұны да істей алмайсың. Ал, мен саған көмектесіп

көрейін, кәне. Бері қарай жылжышы. (*Тұмсығымен арқанды шешеді*)
Болды. Дайын!

БУРАТИНО: Рахмет! Енді мен оларға көрсетемін. (*Артемонды босатады*) Ал, сіз қайтесіз?

ПЕРИКО: Тезірек қашындар, әйтпесе қарақшылар оянып кетіп жүрер!

БУРАТИНО: Перико, мен саған буратиндік сөзімді беремін, мен сені міндетті түрде босатамын!

ПЕРИКО: Қашындар!

(*Буратино мен Артемон қашып кетеді*).

БАЗИЛИО МЫСЫҚ (*түсінде*): Менен құтыла алмайсың!

СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС

(*Таңертепең. Бірінші Алиса тұлкі оянады*).

АЛИСА ТҮЛКІ: Мәссаған, тұтқындар қашып кеткен бе?! Базилю, енді сенің құйрықсыз қалатының анық. Қадірлі синьор Карабас! Ояныңыз! Тұтқындар қашып кетіпті!

КАРАБАС-БАРАБАС: Құрып қалғыр! Не болды?!

ФЫРДЫБАС: Құрып кеткірлер! Бірінді қалдырмай акула жегір! Не бол қалды?!

АЛИСА ТҮЛКІ: Міне, мұнда қарандар!

ФЫРДЫБАС: Менің таңертенгілік асым қашып кетті ме?! Тұтқындардың қашып кетуіне кім көмектесті?! (*Перико отырган торды шайқайды*). Бұны істеген сенсің фой, сорлы құс. Тұра тұр, бәлем. Дәл қазір уақытым жоқ, бірақ сенен жауап алар күн де келер. Қашқындарды қуындар!

КАРАБАС-БАРАБАС: Қуындар!

ФЫРДЫБАС: Менен қашудың қалай болатынын көрсетемін оларға! Ка-р-рамба! Мен олардан бір сәтте маймыл жасаймын.

АЛИСА ТҮЛКІ: Қадірлі синьор, оларды қазынаны тапқан жағдайда ғана ұстая керек! Егер таба алмаса, іздей берсін! Бәрібір олар бізден қашып құтыла алмайды. Біз – аралдамыз фой.

ТОҒЫЗЫНШЫ КӨРІНІС

(*Жанартауга барада жолда. Теңіз көрінбейді. Төңірек гулдерге толы*).

МАЛЬВИНА: Балалар, бір тәулік жоқ болып кетуге ұялмайсындар ма?! Аландаң біттік қой!..

БУРАТИНО: Бізді қызырып кетті деп ойлайсың ба?

МАЛЬВИНА: Адасып кеттіндер ме?

БУРАТИНО: Олай болса жақсы ғой! Біз – тұтқында болдық!

ПАПА КАРЛО: Қайда?

БУРАТИНО: Ал, кәне, өздерің табындаршы!

ПЬЕРО: Адам жегіштерде ме?

БУРАТИНО: Одан да жаман!

МАЛЬВИНА: Қуыршақ жегіштерде ме?

БУРАТИНО: Жоға да. Нағыз қарақшылардың қолында.

МАЛЬВИНА: Сүмдыш-ай! Сүмдыш-ай!

БУРАТИНО: Кім дейсіздер ме? Бәрі – біздің таныстарымыз: Қарабас-Барабас, Алиса тұлкі және Базилио мысық.

ПАПА КАРЛО: Олар аралда қайдан жүр?

БУРАТИНО: Олардың басшысы кім екенін білесіндер ме? Бұл маңың ең жауыз қарақшысы – Фырдыбас!

ПЬЕРО: Ол қандай өзі?

БУРАТИНО: Бойы биік... мұрты ұзын... Құлағы мен мұрнынан тұтін шығады. Ал, жекіргенде... У-у-у! Біздің Қарабасқа оған ілесу қайда. Ал, қылыши ше, мына жерден ана жерге дейін... Артемон, осыным өтірік болса, сен айтшы!

АРТЕМОН: Солай!

ПАПА КАРЛО: Сендер қалай құтылдындар?

БУРАТИНО: Бірінші шайқаста мен Карабасты ұрып қалып едім, ол зырылдауықтай шыр айналып кетті де: «Ой, ауырып кетті!» – деп айғай салды. Бірақ, мұздай қаруланған жаулар көп еді. Кешке қарай олар женіске жетті. Ал, түнде бізге досымыз Перико тотықұс көмекке келді. Сөйтіп, біз қашып кеттік.

ПАПА КАРЛО: Ал, тотықұс қайда?

БУРАТИНО: Перико тұтқында қалды, бірақ оны міндепті турде босатып аламын.

ПАПА КАРЛО: Біз қазынаны тезірек тауып алуымыз керек, әйтпесе оны Карабастар тауып алады. Он минуттан кейін жолға шығамыз!

(Пьero гүл тереdi).

ПЬЕРО:

Алыс жерде жүрсек те біз,
Айналамыз ашық теңіз.
Қалындығым Мальвинамен,
Мына нәзік гүлдер егіз.
Қалындығым менің, ах, Мальвина, Мальвина,
Шет жерде жүрсек те, өзің үшін жан пида.

МАЛЬВИНА (*гүл шоқтарын көріп*): Қандай керемет!

ПЬЕРО:

Шаттансын деп гүл төрөмін,
Мальвинадай ғашығым.
Гүлді сөзбен көмкөремін,
Қабыл алсын, асылым!

МАЛЬВИНА: Рахмет!

ПЬЕРО:

Осы үшін ақыныңың бетінен,
Шөп еткізші, сұранамын, өтінем!

(Мальвина қарсылығын білдіріп, Пьерога кішкене саусагын шошайтады. Бірақ, гүлді алады).

ПАПА КАРЛО: Уақыт болды, кеттік!

МОНА: Мен жол бастайын. Соңымнан еріндер!

(Бәрі Монаның соңынан кетеді).

ОНЫНШЫ КӨРІНІС

Достар жанарттаудың төбесіне қарай көтеріліп келеді.

ПАПА КАРЛО: Міне, мынау жанарттаудың шұңқыры.

ПЬЕРО: Ана бір жалындаған тастар мен отты сұйық атқылайтын орын осы ма?

ПАПА КАРЛО: Көп жыл бұрын солай болғаны да рас.

ПЬЕРО: Ал, қазір аяқ астынан қайтадан атқылай бастаса ше?..

МОНА: Қазына осында. Шұңқырдың ішінде. Бірақ, оны қалай ала-мыз? Шұңқырға түсү өте қауіпті. Онда қансорғыш құбыжықтар тұрады. Бұнда бүкіл теңіздің тажалы – тісіне дейін қаруланған қарақшы Фырмыр-дүйр-бейдің кіргенін менін бабам көрген. Бірақ, ол содан қайтып шықлаған. Сондай-ақ, кейбір қызыққұмар маймылдар да бұнда мәнгіге қалып қойған.

ПАПА КАРЛО: Сонда не істеуіміз керек? Қаншама қыншылықтар мен қауіп-қатерді басымыздан өткізіп келіп...

БУРАТИНО: Не істеу керек, не істеу керек?.. Не істеуші едік, қазынаны аламыз!.. (Арқаннан ұстап, шұңқырға түсे береді).

ПАПА КАРЛО: Буратино, тоқта!

БӘРІ (bırgе): Буратино! Сен қайда?..

ОН БІРІНШІ КӨРІНІС

(Шұңқырда. Буратино сандықтың үстіне түседі. Оны сыйпалайды).

БУРАТИНО: Қазына осы болар, а? (Жан-жагына қарайды, алтын місті бас сүйекті көреді). Сұмырай қарақшы! Қайғырап емес! Құледі! (Пушканы көреді). Егер қазір атса не болар еді?..

ҚАНСОРҒЫШ: Сен кімсің, мұнда неге келдің?

БУРАТИНО (әрірек жылжып): Жарқанат көрmedі деп ойлайсың ба? (Қансорғышқа). Менің атым – Буратино, мен мұнда... Менің таныс жарқанатымнан саған сәлем ала келдім. Біз – ежелгі достармыз. Ол мені көртышқандар жолымен Ғажайыптар Әлеміне алып келді. Ал, сенің атың кім?

ҚАНСОРҒЫШ: Қансорғыш! Мен бүкіл қансорғыштар тайпасының кесемін.

БУРАТИНО: Сіздер өте көп...

ҚАНСОРҒЫШ: Сәлеміңе рахмет, бірақ сен бұл жерден тірі шықпайсың!..

БУРАТИНО: Неге?

ҚАНСОРҒЫШ: Өйткені, қазір біз сенің етінді тісімізben жұлмалап, қаныңды түк қалдырмай сорып аламыз. Сөйтіп, қан жосыған той болады.

БУРАТИНО: Той болмайды!

ҚАНСОРҒЫШ: Неге болмайды?!.

БУРАТИНО: Тфу, қандай миғұласың! Кәне, тістеші! (Саусагын қансорғыштың аузына тығады. Ол тістеп алады).

ҚАНСОРҒЫШ: Ағаш! Түк қан жоқ қой мынада! Кәне, тез үнгірден табаныңды жалтырат! Бізге ішіп-жеуге жарамайтын ағаштың керегі жоқ! Қокыр-соқыр онсыз да жеткілікті.

БУРАТИНО: Соның біреуін өзіммен бірге ала кетsem бола ма?

ҚАНСОРҒЫШ: Пушканы алып кет! Оны көрсек зығырданымыз қайнайды!

БУРАТИНО: Жоқ, пушка ауырлау, одан да мен мынаны алып кетейін! (Сандықты алып, арқанмен жоғары өрмелей бастайды).

ОН ЕКІНШІ КӨРІНІС

(Жанартаудың басында. Бәрі Буратиноны тартып шығарады).

ПАПА КАРЛО: Тірімісің? (Буратино көзін ашаады). Тірімісің?

БӘРІ (хормен, көңілдене): Tipi! Tipi!

БУРАТИНО: Байқандар! Мен жаралымын, саусағым ауырып барады.

МОНА: Сен құбыжықтарды көрдің бе?

БУРАТИНО: Көрдім, көрдім... Мен, тіпті оның танауына тұмсығымды тығып алды да, қазынаны алып кеттім.

МОНА: Сен – нағыз батырың!

БУРАТИНО: Иә, маған бұл үшін медаль беру керек!

ПАПА КАРЛО: Алтын медаль ма?

БУРАТИНО: Эрине. Егер шоколад медаль болса, тіпті жақсы.

МАЛЬВИНА: Ішінде не бар екенін көрейік те.

ПАПА КАРЛО: Қазір уақыт жоқ! Үйге барған соң көреміз!

ПЬЕРО: Театрмызды сатып алуға бұл қазына жете ме?

ПАПА КАРЛО: Құр сандықтың өзі-ақ жетеді. Ол – таза алтыннан жасалған. Достарым менің! Тезірек үйге оралу керек! Міне, үш тәулік етіп кетті. Асығайық.

БӘРІ (bірге): Кеттік! Үйге!..

ПЬЕРО: Біз театрды сатып аламыз!

БУРАТИНО: Карабас жер сипап қалады!

ПАПА КАРЛО: Қайығымыздың быт-шыты шықты ғой, біз қалай қайтамыз?!

БУРАТИНО: Мен Фырдыбастың үнгіріне жақын манда қантарулы түрған қайық көргем. Егер біз қарақшылардың жатағына жақын барып...

ПАПА КАРЛО: Жо-жоқ! Бұл – өте қауіпті!

БУРАТИНО: Папа Карло...

ПАПА КАРЛО: Жо-жоқ, тағы да жоқ!.. Аралдан жүзіп кететін басқа мүмкіндік тағы жоқ. Жарайды! Бірақ, өз беттеріңмен ештеңе істемендер!

БУРАТИНО: Қандай керемет! Мен Периконы құтқарамын. Тек темір кесетін ара тапсам ғой!

ОН ҮШІНШІ КӨРІНІС

Жағажай. Фырдыбас қалдырып кеткен темір торда тоғықұс отыр. Жағалауда Карабас-Барабастың қайығы түр. Қазынаны алып Папа Карло, Мальвина, Пьеро, Артемон және Мона шығады. Олар қайыққа асбіғып барады. Буратино тордағы тоғықұсқа жүгіріп барады.

ПЕРИКО: Сен келдің бе, Буратино?!

БУРАТИНО: Мен уәде бердім ғой! Тындашы, Перико, бұл жерде сенің темір торыңды кесетін ерекше ара жоқ па?

ПЕРИКО: Бар. Мен оны көптен бері байқап жүрмін, бірақ темірді кесу оңай шаруа емес қой!

БУРАТИНО: Ештеңе етпес, кесеміз! (Араны алып, темір торды кесе бастайды).

ПАПА КАРЛО: Буратино! Буратино, сен қайдасың? Тез, кел мұнда!

БУРАТИНО: Мен мұндамын, Папа Карло!

ПАПА КАРЛО: Тезірек қайыққа мін! Қарақшылар келіп қалуы мүмкін!

(Алиса тұлғиң жүгіріп жетеді).

АЛИСА ТҮЛКІ: Фыр! Фыр! Кар! Кар! Тезірек мұнда келіндер! Олар осында! Олар осында! Ұстандар оларды! Әне олар! Қазына да соларда!..

ПЕРИКО (Буратинога): Қаш!

БУРАТИНО: Ал, сен ше?

ПЕРИКО: Қаш, әйтпесе екеуміз де құримыз!

(*Буратино араны тастай салып, қайыққа секіріп мінеді. Қашқындар жүзін жөнеледі. Фырдыбас, Карабас-Барабас және Базилио мысық көрінеді.*)

ФЫРДЫБАС:

Шап-шақ, шақша бас,
Қылышыммен шабам бас!

(*Қылышын қоқаңдатады*).

ПЬЕРО (қайықта):

Қатыгез қарақшы Фырдыбас,
Енді сенен ешкім де қорықпас.
Шап-шақ, шақша бас,
Қайық біздің тоқтамас!

ФЫРДЫБАС (пистолетін қолына алады): Бір, екі... Қазір шалды жалп еткізем!

БУРАТИНО:

Фырдыбас нашар мерген,
Пистолеті оның көнерген.
Шүріппені шірене басарсың,
Тигізе алмайсың, нашарсың!
Мықты болсан, көздеп атшы!

(*Фырдыбас Буратиноны атады. Ол құлайды, сәлден соң көтеріледі*).

БУРАТИНО: Тиген жоқ! Тиген жоқ!

(*Қайық жүзін барады*).

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Көрсөкүр!

ФЫРДЫБАС: Сен мен туралы айтып тұрсың ба, әнгүдік мышық? Элемдегі ең мықты сұрмерген туралы... Қандай көрсөкүр екенімді мен саған қазір көрсетемін! (*Мысықты көздейді*).

Шап-шақ, шақша бас, атам,
Дәл мандайдан қақшитам!

(*Базилио мысық қашып кетеді*).

Ehe! Қорықтың ба, бәлем?

(Фырдыбас мысықтың соңынан қуа жөнеледі. Мылтықтың атылғаны естіледі. Базилю мысық қашып келіп, Алиса тұлкінің артына тығылады. Оның соңын ала Фырдыбас жетеді).

Қайда ана қансыраған мышық? Қазір мен оның мойнын бұрап, басын жұлып аламын!

АЛИСА ТҰЛКІ: Ура! Ура! Ұлы мерген жасасын! Сіз мысықтың құлағының тап ортасынан қалай дәл көздеп аттыңыз?! Сізден басқа ешкім де дәл осылай істей алмас еді!

ФЫРДЫБАС: Дәл ортасынан ба?! Айтпадым ба, мен сондай...

АЛИСА ТҰЛКІ: Сіз әлемдегі атқаны мүлт кетпес ең мықты мергенсіз! Құлағын тесіп бергеніңіз үшін мысық сізге дән риза. Ал, бір гауһартасты сырғаны оған өзім-ақ сыйлаймын.

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Біреу емес, үшеу... Біз солай келіскеңбіз!

ФЫРДЫБАС: Қайық қайда?

КАРАБАС-БАРАБАС: Жүзіп кетті, енді біз оған жете алмаймыз!

ФЫРДЫБАС: Жете алмаймыз? Менің әкемді Фыр-мыр-дыр-бей – бүкіл теңіздің тажалы деп бекер атамаған шығар! Ол маған бір нәрсені мұра қып қалдырып кетті. Га-га-га, гу-гу-гу! (*Перикога*) Мен сені ұмытқан жокпын, сен әлі тұзды суға тұншығатын боласың!

КАРАБАС-БАРАБАС: Бұл не сонда, қалған мұра осы ма?

АЛИСА ТҰЛКІ: Жоқ. Бұл - тотықұстың құні бітті деген сөз! Ал, мұра – басқа нәрсө.

ОН ТӨРТИНШІ КӨРІНІС

(Қайықта – Папа Карло, қуыршақтар, Мона).

ПАПА КАРЛО: Рахмет, балам. Сен бүгін мені өлімнен құтқардың.

БУРАТИНО: Енді мен сіздің әрқашан құтқарушыңыз боламын.

ПАПА КАРЛО: Қазір желкенді кереміз, кешке үйде боламыз.

(Бәрі Папа Карлога көмектеседі).

Мен өзімді біртүрлі нашар сезініп тұрмын! Кәне, кішкене демалайықшы (қайықта жсантаяды).

БУРАТИНО (*шеттеп*): Неліктен Перико мәңгі бақи торда отырады? Ал, мен оған босатып аламын деп уәде беріп едім ғой! Нагыз достар бұлай істемейді!

ПЬЕРО (*өлең шығарады*):

Ашамыз біз тез, тусін,
Фажап театр достар үшін.
Билетсіз-ақ ерте кел,

Қызық ойын кел де көр!
Қарындасыңды да кішкентай,
Күшік, мысық, тышқантай,
Торай, мейлі, құлыш-тай.
Жалпыға ортақ қуаныш үшін,
Таратамыз тәттінің де тәттісін.
Конфеттен бәрі ауыз тисе,
Мен боламын конферансъе.
Өлең оқырмын от алып,
Көрерменді рахатқа батырып.

БУРАТИНО: Жер! Жер!

БӘРІ (хормен): Ура!

АРТЕМОН: Аф! Фырдыбас?!

(*Фырдыбас пен командасы мінген қарақышылар кораблі көрінеді. Торда – Перико*).

ФЫРДЫБАС: Бізді күтпеген шығарсыңдар?! Сандақты беріңдер, ейтпесе пушкадан оқ жаудырып, күл-талқандарыңды шығарамын!

(*Фырдыбас сандықты тартып алады. Пана Карло жағага жүзіп шыгады*).

КАРАБАС-БАРАБАС: Қымбатты бауырым, мен мырзалық танытып, мына бар байлықтың бесінші бөлегін саған беремін.

ФЫРДЫБАС: Қандай бесінші бөлігін? Біз екеуміз бәрін тең бөлісеміз деп келіспеп пе едік?

КАРАБАС-БАРАБАС: Тең емес, бірдей бөлісеміз! Біз бесеуміз ғой: мен, сен, тұлқі, мысық және Дурамер. Осынымыз дұрыс-ау деймін!.. Бәрі де ар-ұят бойынша...

ФЫРДЫБАС: Мәссаған! Ар-ұятты не қыласың? Мені мазақ қылғыларың келе ме?! Менің қатығез қанішер қарақыш екенімді ұмытып кеттіңдер ме?! Ал, кәне, бәрің де борттан түсіндер! Мындаған акула... (*Карабас-Барабасты борттан итеріп жібереді*).

ПЕРИКО: Акула көрінбейді ғой!

АЛИСА ТҮЛКІ: Әділетті мырза Фырдыбас, мені суға тастар алдында балдағымды алып алуға рұқсат етініз!

ФЫРДЫБАС: Ал да, борттан тұс!

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Менің суға түскім келмейді!

АЛИСА ТҮЛКІ (*трюмнан атып шығып*): Базилио, тәуекелге барған дұрыс!

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Менің тәуекел еткім келмейді!

(*Тұлқі мысықты итеріп жіберіп, өзі де суға секіріп кетеді*).

ФЫРДЫБАС: Қалай екен, ә?!. Мен атышулы қарақышының баласы емеспін бе?!

ОН БЕСІНІШІ КӨРІНІС

Таныс жағалғау. Карабас-Барабас, Базилио мысық және Алиса тұлкі үсті-бастарын қағып-сілкі бастайды. Жарылыс естіледі.

КАРАБАС-БАРАБАС: Ол не?

АЛИСА ТУЛКІ: Корабль жарылды. Оны жарған – мен. Егер қазына бізге бұйырмаса, басқа да жок.

КАРАБАС-БАРАБАС: Сен соның бәрін қалай істедің?

АЛИСА ТУЛКІ: Корабльдің астынғы жағында оқ-дәрілер салынған бөшке мен ұзын білте бар екен. Мен білтені бөшкенің ішіне салдым да, сірінке жақтый. Білте жанып біткенше біз жағаға шығып ұлгердік. Бар болғаны – осы.

КАРАБАС-БАРАБАС: Қазына құрдымға кетті. Бекер әуре болдық-ау!

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Оны айтасыз... Мен, тіпті суға батып кете жаздадым.

АЛИСА ТУЛКІ: Кеттік бұл жерден!

(Карабас-Барабас, Алиса тұлкі және Базилио мысық кетеді).

ОН АЛТЫНІШІ КӨРІНІС

Папа Карло, Мона және қуыршақтар қайықтан түсіп жатады.

ПЬЕРО: Тенізде жарылыс болды ма?

БУРАТИНО: Кереметтей тарс етті ғой!

ПАПА КАРЛО: Каракшылардың кораблі-ау деймін.

ПЬЕРО: Олар қазынаны бөлісе алмай, шекісіп қалған ғой!

МАЛЬВИНА: Қазынаны ойласам, ішім удай ашиды. Тіпті, ашып та көрмедин-ау!

▪ **ПАПА КАРЛО:** Құдайға шүкір, бәріміз есен-аманбыз. Кеттік үйге!

▪ *(Папа Карло, Мона және қуыршақтар кетеді).*

ОН ЖЕТЕІНІШІ КӨРІНІС

Театр сахнасының алдыңғы жағынан Карабас-Барабас және Базилио мысық қабактары қарс түсіп келе жатады. Оларға Алиса тұлкі қарсы жолығады.

АЛИСА ТУЛКІ: Карабас мырза! Куанарлық жаңалық. Біз жүзіп жүрген кезде сот архивтен Круз мырзаның өсінет қағазын тауып алышты.

КАРАБАС-БАРАБАС: Қандай Круздың тағы?..

АЛИСА ТУЛКІ: «Жасын» театрның бұрынғы қожайыны ше! Ал, ол – оны кімге өсиет етіп қалдырганын білесіз бе?

КАРАБАС-БАРАБАС: Өсиетке қалдырган? Кімге?

АЛИСА ТУЛКІ: Сізге! Онда «Аты «К» әріпінен басталатын жаңы жайсан адамға» деп анық жазылған.

КАРАБАС-БАРАБАС: Тезірек, сотқа кеттік!

(*Карабас-Барабас, түлкі және мысық кетеді*).

ОН СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС

Сахнаның алдыңғы жағынан Мальвина, Пьеро, Артемон, Мона және Папа Карло бірінің артынан бірі шұбырын келе жатады. Оларға Буратино қарсы жолығады.

БУРАТИНО: Ура! Ура! Папа Карло! Тамаша жаңалығым бар! Біздің үйде суретші Круз тұрған еken ғой! «Жасын» театрын жертөледе құрған сол еken. Ол оны есімі «К» әріпінен басталатын жақсы адамға өсиет етіп қалдырыпты. Яғни, саған!

ПАПА КАРЛО: Қайдан білдің?

БУРАТИНО: Жұрт шулап жур!

ПАПА КАРЛО: Сотқа баруымыз керек!

БӘРІ (bірге): Сотқа!.. Тезірек! Жүріндер! Міне, жаңалықтың көкесі! (Жүгіре жөнеледі).

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ КӨРІНІС

Сот залы. Ортада – судья. Бір жағында Папа Карло, Мона маймыл мен құыршақтар отыр. Екінши жағында Карабас-Барабас, Алиса түлкі және Базилио мысық отыр. Судья өсиетнаманы оқиды.

СУДЬЯ: «Мен, суретші Круз, өзімнің «Жасын» театримды есімі менікі сияқты «К» әріпінен басталатын адамға өсиет етіп қалдырамын».

КӨРЕРМЕНДЕР: Карло, Карло!

КАРАБАС-БАРАБАС: Менің де атым «К» әріпінен басталады!

СУДЬЯ: Орындарыңа отырындар! (Оқуын жалғастырады). «Егер ол адамның қайырымы мол болса әрі хайуанаттарды жақсы көрсө ғана...»

КАРАБАС-БАРАБАС: Мен! Мен қайырымды адаммын және хайуандарды жақсы көремін. Театрды маған беріндер!

СУДЬЯ: Маған бөгет жасамандар! Мен өсиетнаманы әлі оқып біткен жоқпын. «Оны үш куәгер сотта дәлелдесін». Кәнеки, куәгерлерінді шығарындар!

МАЛЬВИНА: Артемон!

АРТЕМОН: Аф?

МАЛЬВИНА: Папа Карлоның қайырымды да жақсы адам екенін және оның хайуандарды жақсы көретінін сен дәлелдей аласың ба?

АРТЕМОН: Аф! Аф! Аф!

МАЛЬВИНА: Ал сен ше, Мона?

МОНА: Дәлелдей аламын!

СУДЬЯ: Кәне, сіздің үшінші күәгеріңіз қайда? Жоқ па? Сонымен, Карабас мырза, сізде күәгерлер бар ғой деп үміттенемін.

КАРАБАС-БАРАБАС: Иә. Әрине, бар!

АЛИСА ТҮЛКІ: Аса қадірлі судья мырза! Бірінші күәгер – мына қарапайым Базилио мысық. Базилио жұмыста денсаулығын құртса да, өмір бойы табан аудармай еңбек етті. Ол өтірік айтпайды! Ол шындықты ғана айтады. Сен, Базилио, синьор Карабастың хайуандарды жақсы көретінін дәлелдей аласың ба?

БАЗИЛИО МЫСЫҚ (*mіңgірлең*): Қуырылған күйінде...

СУДЬЯ: Не? Не?..

(*Тұлқі мысықты шымшип алады*).

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Ой! Шымшымашы! Ауырып кетті ғой!

АЛИСА ТҮЛКІ: Ол «иә» деп тұр! (*Мысыққа*) Солай ма?

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Мяу!

АЛИСА ТҮЛКІ: Енді көшеге шық та, қандай болмасын, әйтеір бір күәгер тауып кел! Оған ат басындар алтын береміз деп уәде бере бер!

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Карло үшін бе?

АЛИСА ТҮЛКІ: Ақымақ. Карабас үшін! Тезірек! Ал, мен – ұзақ сөйлеуге тырысамын.... Аса қадірлі судья мырза! Сіздің алдыңызда – мұрага иелік етуден үміткер, қаламызға сыйлы, қуыршақтар ғылымының докторы, жогары Тарабар орденінің иегері – синьор Карабас-Барабас. Мен, Алиса тұлқі, оның жақсы адам екеніне және хайуанаттарды жанындаид жақсы көретініне күәгер бола аламын!

ЖИЫРМАСЫНШЫ ҚӨРІНІС

(*Көшеде. Шалышқта шошқа жатыр*).

БАЗИЛИО МЫСЫҚ (*шошқага*): Эй, сен, шошқа! Сотқа жүрші. Онда Карабас туралы бір ауыз қорсылдайсың да, екі алтын теңге аласың!

ҚАБАН: Менің былғаныш іске араласқым келмейді.

БАЗИЛИО МЫСЫҚ: Бірақ, сен былғаныш жерде жатырсың ғой!

ҚАБАН: Бұл – таза балшық, су мен топырақ, бұдан тез тазаруға болады. Ал, өтірік айтсан, ешқашан тазара алмайсың!

ЖИЫРМА БІРІНШІ КӨРІНІС

(*Сот зағында. Базилю мысық қайтып оралып, Алиса тұлкіден алыстау барып тұрады.*).

АЛИСА ТҰЛКІ: Кәне?

(*Базилю мысық алақанын жасады.*).

СУДЬЯ: Сонымен, құрметті үміткерлер, сіздерде үшінші күәгер жок. Ендеше, «Жасын» театры Тарабар короліне берілетін болады. Бір... екі... (*Перико ұшып келеді*).

БУРАТИНО: Перико! Сені көргеніме өте қуаныштымын. Сен қалай босап шықтың?

ПЕРИКО: Оп-онай: корабль жарылды да, темір тор опырылып тұсті. Ал, мен дін аман қалдым. Содан, міне, ұшып келдім!

СУДЬЯ: Тоқтатындар! Ծұрақты сонынан үйлерінде қоясЫндар! Ал, мұнда мен жауап аламын! (*Перикога*) Мен білсем, сіз кешігіп жеткен үшінші күәгерсіз ғой?

ҚҰЫРШАҚТАР: Иә! Иә! Иә!

БУРАТИНО: Перико, айтшы, қалай...

СУДЬЯ: Мен сендерге ескертемін. Енді бір рет сейлесендер, сот зағынан шығарып жіберемін! Сонымен, сіздің есіміңіз кім?

ПЕРИКО: Перико.

СУДЬЯ: Перико мырза, сіздің Карло мырзаға көзқарасыңыз қалай?

ПЕРИКО: Өте жақсы! Себебі ол Буратина сынды үлгілі ұл тәрбиелеп есірді емес пе?!

СУДЬЯ: Олай болса, есietнама қүшіне еніп, «Жасын» театры шарманшы Карлоға беріледі.

БӘРІ (*bırge*): Ура! Ура! Біз жеңіске жеттік!

ЖИЫРМА ЕКІНШІ КӨРІНІС

Папа Карлоның тар бөлмесі. Жеңіске жеткендер шығады.

ПАПА КАРЛО: Міне, біз үйімізге келдік. Балақандар, мен қатты шаршадым, жатып демалайын (*жатады*).

МАЛЬВИНА: Біз шуламаймыз.

ПЕРИКО: Папа Карлода дәрі де жоқ шығар?!

МАЛЬВИНО: Жоқ. Папа Карло олардың өте қымбат екенін айтқан.

ПАПА КАРЛО (*сандаурақтан*): Жоғал, Қарабас, бұл жерден, саған күышактарды бермеймін!

ПЬЕРО: Сандурақтан жатыр! Мен Папа Карлоға көмектесе алатын бір адамды білемін.

МАЛЬВИНА: Кім – ол?

ПЬЕРО: Емдік сұліктерді сатушы – Дуремар.

МАЛЬВИНА: Бірак, ол Карабастың сыйбайласы ғой!

ПЬЕРО: Ол – сұлік салса, Папа Карло міндетті түрде сауығып кетер еді.

БУРАТИНО: Солай ма?! Мен оған барып келейін!

МАЛЬВИНА: Сені Дуремар Карабас-Барабасқа ұстап береді ғой!

БУРАТИНО: Барам дедім, бәрібір барамын! Қалайда бару керек!

ЖИЫРМА ҰШІНШІ КӨРІНІС

Емдік сұлік сататын Дуремардың тұрагы. Кішкене шыны сауыттар мен банкілер тұр. Емдік балдырылар, ау, кептірілген өрмекшілер, шаяндар, кесірткелер, жыландар ілулі тұр. Дуремар қолына сұлік ұстап тұр. Олар ирелең-ирелең етеді. Біреудің ақырын есік қаққаны естіледі.

ДУРЕМАР: Бұл – кім?

БУРАТИНО: Мен – Буратиномын.

ДУРЕМАР: Буратино? (*Есік ашады*). Неге келдін?

БУРАТИНО: Папа Карло қатты ауырып қалды. Оны емдеу керек. Біз сізге, ой-ой-ой, қандай көп төлейміз!..

ДУРЕМАР: Егер сені қазір байлап тастанасам!.. Хи-хи!.. Отқа өртеу үшін Карабасқа берсем!.. Ол маган одан да көп төлейді. Хи-хи!

КВА-КА (*Дуремардың қалтасынан*): Ква, Ква! Синьор Дуремар!

БУРАТИНО: Бұл – кім?

ДУРЕМАР: Бұл - менің кеңесшім, Ква-ка бақа. Ол қалтада өмір сүреді. (*Бақаны қалтасынан шыгарып, алақанында ұстайды*).

КВА-КА: Синьор Дуремар, шарманшы Карло құыршақтар театрын меншігіне алды. Ол – енді директор!

ДУРЕМАР: Болса қайтейін?!

КВА-КА: Меніңше, ондай сыйлы адамдармен достық қарым-қатынас орнату керек!

(Дуремар басын шайқайды да, бақаны қайыра қалтасына салып қояды).

ДУРЕМАР (*Буратинога*): Кеттік! Папанды емдейміз! (*Сұлік салынған банкілерін ала салып, жүріп кетеді*).

ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Папа Карлоның тар бөлмесі.

ПАПА КАРЛО: Емінізге рахмет! Біз сізге театрда қойылым қалай басталады, солай төлейміз. Кешіріңіз, қазір ақшамыз мұлде жоқ.

ДУРЕМАР: Бір минут... (*Сәл шеткерек шығып, қалтасынан бақаны алып, жаймен ақылдасады да, қайтып келеді*). Маған акшаның керегі жоқ. Бірақ, етінішім бар. Сіздердің қойылымдарыңызға көп адам жиналатынын білемін, мен соларды өзімнін сүлік салу өнеріме тартсам деймін. Сіздердің сахналарыңызға шығып, бәрін ез аузыммен айтып берсем...

ПАПА КАРЛО: Сіз жақсы емшісіз, сізге емделуге адамдар көбірек келс...

ДУРЕМАР: Дәл солай! Осыны сахнада тақпақтап айтсам деймін!..

ПЬЕРО:

Орындалмай мақсатыңыз,
Ауырса бас-белініз,
Тұсінізден шошысаныз,
Дуремарға келіңіз!

ДУРЕМАР: Керемет! Сүліктер туралы да бір-екі ауыз бірдене айтсаныз жақсы болар еді.

ПЬЕРО:

Келсеніздер, қыз-келіндер,
Сенімменен, күліп кел!
Сан азаптан құтқарады,
Дуремар мен сүліктер!

ДУРЕМАР: Сіз – ғажап ақынсыз! (*Иілген күйі артымен жылжып, Папа Карлоның бөлмесінен шығып кетеді*.

ЖИЫРМА БЕСІНШІ ҚӨРІНІС

«Жасын» театрының мерекелік қойылымы. Конференсье – Пьero.

ПЬЕРО:

Бар күдік-күмәннен арылып,
Осы құнді көп күттік-ау сарылып.
Сахнада қайта тұрмын,
Жүргім қуаныштан жарылып.
Мейірімді жүзінен нұр төгілген,
Қыындықтан бізді құтқарып келген,
Күшік, мысық, балақандар,
Құрметпен оны қарсы алындар!

(Сахнага Папа Карло шығады).

ПАПА КАРЛО: Қымбатты достар! Біз бүгін женісіміз бен театрмыз – «Жасынның» қайта ашылуын тойлағалы отырмыз. Жауларымыз оны бізден тартып ала алмады.

ПЬЕРО:

Біздің жеткен жетістікті,
Тартып ешкім ала алмас.
Біз қожамыз театрға,
Жарылып кетсін Карабас.

ПАПА КАРЛО: Бұл менің ғана емес, маған қауіп-қатері мол сапарда көмектескен Буратино, Мальвина, Пьеро, Артемон, Мона, Перико сияқты кішкентай адал достарымның сінірген еңбегінің арқасы. Біз сәл болмаса теңізге батып кетер едік, жабайы жыртқыштар жеп қояр еді, жанартауга көтерілдік, қанішер карақшылардың қолынан келмеске кете жаздадық. Бірақ, біз жеңдік, үйімізге аман-есен қайтып келдік. Енді, міне, езіміздің қымбатты көрмендермен қайта қауышып отырмыз, біз бұған ете қуаныштымыз!

ПЬЕРО:

Залда отырған қыздарға,
Қайырымды жандарға,
Арнап бір жаңа мода,
Керсетеді Мальвина.

Мода көрсетіледі.

Ендігі сез сейлеуші,
Басып келер маңдана.
Емдік сүлік үйретуші,
Сез сөйлейді паңдана.

(Сахнага Дуремар шығады).

ДУРЕМАР: Ой, мен тақпағымның бас жағын ұмытып қалдым.

ПЬЕРО: Бастаңыз!

ДУРЕМАР (*қалтасындағы бақага қараты*): Кәне, қалай болды?

КВА-КА (*сыбырлап айтады*):

• Келсеніздер, қыз-келіндер,
Сенімменен, күліп кел.
Сан азаптан құтқарады
Дуремар мен сұліктер.

ДУРЕМАР:

Келсеніздер, қыз-келіндер,
Сенімменен, үріп кел.
Жан азаптап, құртады,
Дуремар мен сұліктер

(Тағы да қалтасына қарайды).

Әрі қарай?..

КВА-КА (*қалтадан*): Достар, әзірше мен сендерді сүлікпен емдеймін, бірақ жақында...

ДҮРЕМАР: Достар, мен сендерді сүлікпен ептеймін...

БУРАТИНО: Мәссаған! Оған сайқымазақ болу керек шығар. Ғажап емес пе?!

КВА-КА(*қалтадан*): Басқаша, басқаша! «Мен сендерді емдеймін...» деп айтыңыз!

ДҮРЕМАР: Басқаша, басқаша емдеймін!

КВА-КА: Сұмдық-ай! Бұлдірді-ау! (*Қалтадан секіріп түсін, қаша жөнеледі*).

МОНА: Мынау да емші ме?

ПЕРИКО: Одан тіпті бақа да қашып кетті ғой!

БУРАТИНО: Ептең қоя ма деп қорыққан ғой!

МАЛЬВИНА: Иә, сиқыршы да ғой! Ол оны қайда тығып жіберді?

(*Дүремар көпшіліктің қошеметтеуімен, тоқмейілси жылжып сахнадан түсін кетеді*).

ПЬЕРО:

Дем беріп, шашбауын көтердік,
Билейді Мона маймыл шетелдік!

(*Мона сахнадағылардың бәрін биге шақыра билейді*).

ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Бәрі билеп шаршайды. Үзіліс. Есік қагылады.

ПАПА КАРЛО: Бұл кім болды екен?

МАЛЬВИНА: Артемон, аш есікті!

(*Тортыл тасбақасы кіреді. Арқасында түйіншегі бар*).

БУРАТИНО: Тортыл тасбақа, тәтешка! Күтпеген жерден! Кіріңіз!

ТОРТИЛ ТАСБАҚА: Тойларыңызға кешіккеніме кешірім сұраймын!

Алыстан ауыр сыйлық арқалап келдім!

ПЬЕРО:

Тортала, дәү апа,
Мейірімі мол апа.
Біздің тойға келді,
Үлкен сый әкелді.
Бір, екі, үш... Тұра қал бәрін де,
Көрейік, не бар екен ішінде?

(*Бәрі түйіншекті жазады*).

БУРАТИНО: Мынау алтын сандық қой!

БӘРІ (*bірге*): Қазына! Қазына! Қазына!

БУРАТИНО: Тәтешка, сіз оны теңіздің түбінен қалай алып шықтыңыз?

ТОРТИЛ ТАСБАҚА: Оны тауып, сіздерге сыйға жіберген - менің туысым, теңіз тасбақасы. Естерінде ме ол?

БӘРІ (*bірге*): Есімізде, есімізде!

БУРАТИНО: Біз оны тордан босатып жібердік қой!

(*Буратино сандықтың азын ашады. Жарық, музыка естіледі.*)

БӘРІ (*bірге*): Ох! Қандай әдемі! Міне, ғажап!

МАЛЬВИНА: Папа Карло, біз бұл байлықты не істейміз? Театрды сатып алмайтын болдық қой!

ПАПА КАРЛО: Ал сенің не істегің келеді?

МАЛЬВИНА (*армандал*): Мен қуыршақтардың, балалар мен хайуанаттардың әдемі бол жүрулері үшін сұлулық салонын ашар едім.

ПЬЕРО: Мен мейірім мен куанышқа бөлейтін өлең кітаптарын шығарар едім.

АРТЕМОН: Аф! Аф! Мен үйсіз-күйсіз жүрген иттердін иелерін табу-ларына жағдай жасар едім!

МОНА: Мен аралымның қорыққа айналғанын қалар едім! Онда хайу-анаттар емін-еркін жүріп-тұрса, аңшылар жіберілмесе ғой!..

ПЕРИКО: Торлар да болмас...

(*Үзіліс. Бәрі Буратинога қарайды.*)


ПАПА КАРЛО: Ал сен ше, Буратино, көп ойланып кеттің ғой!

БУРАТИНО: Папа Карло, сенің ауырмай-сырқамай, ұзақ жасауың үшін ең қымбат, ең күшті дәрілерді сатып аламын!

(*Папа Карло толқын кетеді. Буратиноны құшагына қысады.*)

ПАПА КАРЛО: Рахмет, балам! (*Залға қарап*) Қайырымды іс істейміз ғой? Иә, балалар?!

(*Балалар залдан: «Иә!!! Иә!!!» – деп жасауда береді. Музыка ойналады.*)



МАЗМҰНЫ

КЕРЕЙ – ЖӘНІБЕК (<i>тарихи драма</i>).....	3
ПЕШЕНЕ (<i>трагедия</i>).....	47
БЕЙУАҚ	81
ҚАНАТТАЛДЫ	119
КЕК.....	163
БАЛА ҚАЗЫБЕК (<i>аныз</i>).....	181
ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ.....	192

АУДАРМАЛАР

Ашыққандар	201
Ей, кім бар, ей?!.....	209
Қазына іздеген Буратино (<i>пьеса</i>)	220

ДУМАН РАМАЗАН

ПЕШЕНЕ

Редакторы *Ерік Амантаев*

Компьютерде беттеген *P. Ставер*

Мұқабаның дизайнын жасаған *A. Мақсұтов*

Басуға 10.08.2020 қол қойылды. Қағазы оғсеттік. Оғсеттік басылыс.

Каріп түрі «Times New Roman». Пішімі 60×90¹¹/₁₆.

Баспа табағы 15,5. Шартты баспа табағы 15,5.

Таралымы 3 000 + 30 дана. Тапсырыс №454.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009.

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz.

ISBN 978-601-217-690-2



9 786012 176902